

TANK

Пайдалану нұсқаулығы



Пайдалану нұсқаулығы

TANK 300

TANK

TANK 300 автокөлігін таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Сатып алған автокөлігіңіздің ерекшеліктерімен неғұрлым мұқият таныссаңыз, оны пайдалану да соғұрлым жағымды және жайлы болады. Сондықтан автокөлікті пайдаланар алдында осы Нұсқаулықты зейін қойып, оқып шығуыңызды сұраймыз. Бұл жерде автокөлікті пайдалану туралы маңызды ақпаратпен танысасыз және осының арқасында оның барлық техникалық артықшылығын толық деңгейде қолдана аласыз. Сонымен бірге Сіз жол қозғалысының және автокөлікті жүргізудің қауіпсіздігі, сондай-ақ оған оңтайлы күтім жасау туралы пайдалы мәліметтер аласыз.

Сапарларыңыз жайлы және қауіпсіз болсын!

20.02.2023

Жалпы мәліметтер

Бұл бөлімде осы Нұсқаулықты қалай пайдалану қажеттігі туралы ақпарат, таңбалардың мағыналарының түсіндірмелері және т.б. берілген.

Автокөлік декларациясы

Бұл автокөлік әмбебап модель болып табылады. Қалалық жол талғамайтын көліктің жайлылық қасиеттеріне ие, ал жоғары өткіштікті басқару жүйелерімен және дифференциалды бұғаттау құрылғысымен жабдықталған модельдер ойлы-қырлы жерлердегі кедергілерді еңсеру қабілетімен де ерекшеленеді, бұл әртүрлі сценарийлердегі клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Ойлы-қырлы жермен көлік жүргізу дағдыларын меңгеру үшін сертификатталған мамандандырылған алаңда практикалық сабақтардың бір сериясынан өту қажет. «Жол талғамайтын көлік» режимінде жүргізу жан-жақты дайындықты және үлкен тәжірибені талап етеді немесе автокөлікке қосымша жабдықтау қажет болады. Олай болмаған жағдайда жарақат алу және автокөлікті және жүкті зақымдау қаупі бар, сондықтан өзіңіздің шешіміңіз бойынша әрекет етіңіз. Жолсыз жермен жүрер алдында әрдайым бағдарды және жол жағдайларын мұқият зерделеніз.

Қауіпсіздік қамтамасыз етілген жағдайда жүргізуші автокөліктің барлық функциясын қолдануы тиіс.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін

тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Қосымша жабдық, қосалқы бөлшектер және автокөлікті қайта жабдықтау

Бүгінгі таңда тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді ғана емес, сонымен қатар осы автокөлік моделіне сәйкес келетін әртүрлі түпнұсқа емес қосалқы бөлшектер мен құрамдас бөлшектерді сатып алуға мүмкіндік бар. Түпнұсқа емес қосалқы бөлшектер мен қосымша жабдықтарды қолдану, тіпті олар тиісті ұлттық / аймақтық органдар арқылы сертификатталған болса да, автокөліктің қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін. Haval Motor Kazakhstan компаниясы ауыстыру немесе автокөлікке орнату үшін қолданылып жатқанына қарамастан, түпнұсқа емес қосалқы бөлшектер мен қосымша жабдықтарға қатысты ешқандай жауапкершілік алмайды және ешқандай кепілдіктер бермейді.

Түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерді және жабдықтарды қолдана отырып, автокөлікті қайта жабдықтауға тыйым салынады. Түпнұсқа емес қосалқы бөлшектер мен жабдықтарды қолдана отырып, қайта жабдықтау автокөліктің басқарылуына, қауіпсіздігіне немесе қызмет ету мерзіміне әсер етуі және тіпті заңнамалық нормаларды бұзуы мүмкін. Сонымен бірге сапа кепілдігі түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерді қолданудың нәтижесінде туындаған автокөліктің зақымдануларына және пайдалану сипаттамаларының нашарлауына таралмайды.

Автокөліктің аспасына, тежеу жүйесіне автокөлікті басқару қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін өзгертулер енгізуге тыйым салынады.

Сақтандырғыштар блогына өзгертулер енгізуге тыйым салынады, себебі бұл автокөліктің электр жүйесінің жұмысының бұзылуларына алып келуі мүмкін.

Электронды компоненттерге, олардың бағдарламалық құралына және сымдарына өзгертулер енгізу олардың атқарымдығына, сондай-ақ басқа да тораптардың қалыпты жұмысына, соның ішінде қауіпсіздікпен байланысты жүйелердің қалыпты жұмысына әсер етуі мүмкін, бұл автокөлікті пайдалану қауіпсіздігіне әсер етеді және

апат немесе жарақат алу қаупін жоғарылатады. Сымдарға, электронды компоненттерге және олардың бағдарламалық құралына өзгертулер енгізуге тыйым салынады.

Нұсқаулықтың жарамдылығы

Осы Нұсқаулықта берілген барлық ақпарат шығарылған уақытында жарамды болып табылады. Алайда өнім тұрақты түрде жақсартылып тұратындықтан, осы Нұсқаулықтың мазмұны алдын ала ескертілместен жаңартылатын болады.

Көліктің техникалық сипаттамаларына байланысты суреттерде көрсетілген жабдық Сіздің автокөлігіңіздегі жабдықтан өзгеше болуы мүмкін.

Осы Нұсқаулықтағы дисплейде көрсетілген ақпарат (суреттерді, пиктограммаларды, мәтінді қоса алғанда) көрнекілік мақсатында ғана берілген. Дисплейде көрсетілетін ақпарат автокөліктің жинақтамасына, бағдарламалық құралына, тақырыптарға және баптауларға байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Өз автокөлігіңіздің нақты жинақтамасын басшылыққа алыңыз.

Шартты белгілер

Ескерту

Ерекше назар аударуды қажет ететін ескерту ақпаратын білдіреді.

Оны елемей күрделі жарақаттарға және тіпті өлім-жітімге алып келуі мүмкін. Мұндай ескертулерде өзіңіз және айналаңыздағылар үшін күрделі жарақаттар алу немесе өлім-жітім қаупін азайту үшін Сіздің не істеуіңіз немесе не істемеуіңіз керек екені хабарланады.

Назар аударыңыз!

Бұл таңбамен сақтық шаралары туралы ақпарат белгіленеді.

Бұл сақтық шараларын елемей салдарынан автокөлікке немесе оның жабдықтарына зақым келуі мүмкін. Мұндай хабарламаларда көлік құралының және оның жабдығының зақымдану қаупін болдырмау немесе азайту үшін Сіздің не істеуіңіз немесе не істемеуіңіз керек екені айтылады.

Пайдалы ақпарат

Бұл таңбамен автокөлікті пайдалану барысында пайдалы болуы мүмкін мәліметтер белгіленеді.

Бұл ақпарат көмекші ақпарат болып табылады.

X-бет

Бұл таңбамен қосымша ақпаратты табуға болатын бет нөмірлері белгіленеді.

Сақтық шаралары

Ескерту

Көлікті жүргізген кездегі жалпы сақтық шаралары:


- > Сау күйде жүргізу: алкоголь, есірткілер, дәрілік препараттар немесе анестетиктер жүргізушінің реакциясының уақытын баяулатады, жағдайды бағалау қабілеті мен координациясын нашарлатады, бұл көлік құралын бақылаудан айыруы және күрделі апатқа алып келуі мүмкін.
- > Абайлап жүргізу: автокөлікті жүргізу кезінде ерекше абай болыңыз. Жол қозғалысының өзге қатысушыларының қате іс-қимылдарын бақылап отырып, жол-көлік оқиғаларының алдын алу үшін оларға сай шұғыл әрекет жасау қажет.
- > Зейінді шоғырландырып жүргізу: көлік тізгінінде әрдайым зейініңізді жинақтап отырыңыз. Жүргізушіні алаңдататын кез келген әрекет, мысалы, басқару элементтерін реттеу, мобильді телефонмен сөйлесу немесе хабарламаларды оқу салдары соқтығысу қаупін тудырып, жүргізушіге, жолаушыларға және айналасындағы адамдарға қауіп төндіреді.

Ескерту

Автокөліктен шыққан кезіңізде балаларды, көмекке мұқтаж жандарды немесе үй жануарларын автокөлік ішінде жалғыз қалдыруға тыйым салынады.

- > Балалар, көмекке мұқтаж жандар немесе үй жануарлары автокөліктен өз бетінше шыға және өздеріне көмек көрсете алмайды. Өртүрлі климаттық жағдайларда автокөлік ішіндегі температура өте жоғары немесе өте төмен болуы мүмкін, бұл жолаушылардың немесе үй жануарларының жарақат алуына немесе тіпті өлім-жітіміне алып келуі әбден мүмкін.
- > Егер балаларға немесе үй жануарларына кілттер қолжетімді болса, олар автокөлікті қозғалысқа келтіруі, сондай-ақ өздеріне және жол қозғалысының басқа қатысушыларына қауіп төндіруі, мысалы, қозғалтқышты оталдырып жіберуі, тұрақ тежегішін босатуы, берілістерді ауыстыруы, есіктерді немесе терезелерді ашып жіберуі мүмкін.


Сыртқы түрі



5E11FC495196

- | | |
|------------------------------------|------------------------------------|
| (A) Артқы әйнектазартқыш 50 | (K) Қосалқы дөңгелек 179 |
| (B) Үстіңгі стоп-сигнал | (L) Артқы тұман шамы 43 |
| (C) Артқы құрама шам 42 | (M) Айнала шолу камерасы 102 |
| (D) Алдыңғы әйнектазартқыш 48 | (N) Соқтығысуды ескерту радары 101 |
| (E) Рейлингтер 41 | (O) Алдыңғы сүйреу құлақшасы 90 |
| (F) Төбе люгі 29 | (P) Алдыңғы тұман фарасы 43 |
| (G) Артқы көрініс айнасы 38 | (Q) Алдыңғы құрамдасқан фара 42 |
| (H) Артқы сүйреу құлақшасы 190 | (R) Есік тұтқасы 21 |
| (I) Айнала шолу камерасы 102 | (S) Отын бағы аузының қақпағы 32 |
| (J) Соқтығысуды ескерту радары 101 | |


Салон интерьері



086B09C1A9C6

- (A) Круиз-контроль көмекші жүйесі 111
- (B) Құрамдасқан жарық қосқыш 42
- (C) Аудиовизуалды жүйенің түймелері 147
- (D) Виртуалды аспаптар тақтасы 130
Аспаптар тақтасының индикаторлары 134
- (E) Аспаптар тақтасын реттеу түймелері 131
- (F) Әйнектазартқыштардың құрамдасқан ауыстырып-қосқышы 48
- (G) Аудиовизуалды жүйенің дисплейі 147
- (H) Электронды сағат
- (I) Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің түймесі 45
- (J) Кондиционер дефлекторы 7
- (K) Аспаптар тақтасының жарқындығын реттеу түймесі 46
- (L) Фаралардың жарық шоғының биіктігін реттегіш 45
- (M) Қозғалысты электронды тұрақтандыру жүйесінің ажыратқышы 126
- (N) Көлбеу бетте қозғалуды бақылау ауыстырып-қосқышы 125
- (O) Тежегіш педалі
- (P) Акселератор педалі
- (Q) Оталдыру жүйесінің ажыратқышы 80
- (R) Резервтік қуат көзі 63
- (S) USB ағытпасы 150
- (T) USB-Type-C қуат блогы 63
- (U) Климат-контроль жүйесінің түймелері 51
- (V) Ұсақ-түйек тартпасы 58

Орталық консоль



D9C4D7AC40E6

- (A) Жүру режимінің ауыстырып-қосқышы **91**
- (B) Берілістер селекторы **85**
- (C) Қарлы режим түймесі **91**
- (D) Эксперттік режимнің түймесі **93**
- (E) Электрлі тұрақ тежегіші **83**
- (F) Толық жетек режимінің ауыстырып-қосқышы **92**
- (G) Конфигурациясына байланысты түйме келесілерді басқарады:
 - Соқтығысуды ескерту радары **101**
 - Айнала шолу жүйесі **102**
- (H) Жолсыз жермен жүру көмекші жүйесінің түймесі **120**
- (I) «Танкше артқа бұрылу» функциясын іске қосу түймесі **122**
- (J) Алдыңғы белдіктің дифференциалын электрлі бұғаттау түймесі **96**
- (K) Артқы белдіктің дифференциалын электрлі бұғаттау түймесі **95**

Мазмұны

1. Пайдалану

Кілттерді, есіктерді, терезелерді, орындықтарды және басқа да жабдықтарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар.

2. Автокөлікті басқару

Қозғалтқышты қосу, берілістерді ауыстырып қосу, аспаптардың көрсеткіштері және автокөлікті басқаруға қатысы бар басқа да ақпарат.

3. Аудиовизуалды жүйе

Аудиовизуалды жүйеге қатысты ақпарат: Bluetooth арқылы шақыру, жүйе баптаулары және т.б.

4. Қауіпсіздік

Автокөлікті айдап өкетуге қарсы жүйе, қауіпсіздік белбеулері және басқа да қорғаныс құрылғылары.

5. Төтенше жағдайлар

Ақауларды жою тәсілі: шинаның жарылуы, аккумулятор қуатының таусылуы және т.б.

6. Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

Автокөлікті күнделікті қарап тексеру және жүйелі техникалық қызмет көрсету.

7. Кепілді техникалық қызмет көрсету

Кепілдік міндеттемелері туралы мәліметтер, жоспарлы техникалық қызмет көрсету кестесі және өзге де ақпарат.

8. Техникалық параметрлер

Автокөлік параметрлері, сәйкестендіру нөмірі және өзге ақпарат.

9. Көрсеткіштер

Алфавиттік көрсеткіш.

Пайдалану

Кілттер	18	Қайта баптау	28
Кілттер туралы ақпарат	18	Люк	29
Түймелер	18	Люкті ашу және жабу.....	29
Механикалық кілтті шығару	19	Күнқағар	29
Қуат элементін ауыстыру	19	Қысып қалудан қорғау	30
Есік құлыптары	21	Қызып кетуден қорғау	30
«Интеллектуалды кіру жүйесінің» көмегімен құлыптау және құлыпты ашу	21	Автоматты жабылу функциясы	30
Кілт түймесімен құлыптау және құлыпты ашу.....	21	Қайта баптау	30
Орталық құлып түймесімен құлыптау және құлыпты ашу	21	Капот	31
Ішкі тұтқаммен құлыпты ашу	22	Ашу	31
Механикалық кілтпен құлыптау және құлыпты ашу	22	Жабу.....	31
Апаттық құлыптау	22	Отын құю	32
Жүксалғыш есігі	23	Отын құю тәсілі	32
Бала бекітпесі	25	Отын туралы ақпарат	33
Қозғалтқышты өшірген кезде құлыпты ашу	25	Орындықтар	34
Қозғалыс кезінде есіктерді автоматты құлыптау	26	Бассүйегіштер	34
Құлыптау күйіне автоматты түрде оралу	26	Алдыңғы қатар орындықтарын реттеу.....	34
Соқтығысу кезінде құлыптың автоматты түрде ашылуы	26	Алдыңғы орындықтардың желдеткіші/жылытқышы	35
Қате құлыпталудың алдын алу	26	Артқы қатар орындықтарын реттеу ..	36
Терезелер	27	Артқы қатар орындықтарының жылытқышы	37
Әйнектазартқыштардың ажыратқыштары...27		Артқы орындықтардың шынтақтаянышы	37
Қызып кетуден қорғау	28	Артқы көрініс айналары	38
Қысып қалудан қорғау	28	Қараңғылау функциясы қолмен басқарылатын ішкі артқы көрініс айнасы	38
		Бүйірлік сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу	38
		Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту функциясы	39
		Руль	40

Реттеу тәсілдері	40	Климат-контроль жүйесін басқару	56
Жылыту функциясы	40	Кондиционер жүйесінің дефлекторлары	57
Клаксон	40	Ішкі жабдық	58
Рейлингтер	41	Күнқағар	58
Рейлингтер	41	Косметикалық айна	58
Жарықты басқару	42	Ұсақ-түйек сақтауға арналған құрылғылар	58
Жарық баптаулары	42	Жүк ілгіші	61
Жарықты басқаратын құрамдасқан қосқыш	42	Жазылмалы тамақтану үстелі	62
Күндізгі жүріс жарықтары	45	Қуат көздерінің ағытпалары	63
Фараларды кешіктіріп өшіру функциясы	45	Автокөлікті басқару	
Алдыңғы тұман фараларының қосымша жарықтандыруы	45	Автокөлікті басқару қағидалары	68
Шұғыл тежеу туралы ескерту	45	Жол жүрер алдында	68
Апаттық жарық сигналын беру жүйесі	45	Жүріп бара жатқанда	68
Фаралардың жарық шоғының биіктігін реттеу	45	Жолаушыларға арналған сақтық шаралары	70
Аспаптар тақтасы көмескі жарығының реттегіші	46	Автокөлікті тоқтату және тұраққа қою	71
Салон жарығы	46	Үнемді жүргізу	71
Әйнектазартқыштарды басқару	48	Көлікті қолайсыз жағдайларда жүргізу бойынша ұсыныстар	73
Алдыңғы әйнектазартқыштар	48	Тұманда жүргізу	73
Артқы әйнектазартқыш	50	Жаңбыр жауып тұрғанда жүргізу	73
Алдыңғы әйнектазартқыш бүріккішін жылыту функциясы	50	Автокөлікті жылдың ыстық мезгілінде басқару	74
Алдыңғы әйнектазартқыштардың жұмыс істеу жиілігін автоматты түрде төмендету функциясы	50	Жылдың суық мезгілінде көлік жүргізу	75
Климат-контроль жүйесі	51	Ойлы-қырлы жермен қозғалған кезде	77
Климат-контроль жүйесін басқару панелі	51	Сынап жүргізу кезеңіне қатысты кеңестер	79
Кондиционер баптауларының экраны	53	Шиналар	79
		Тежегіш қыспақтары	79
		Қозғалтқыш	79

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы	80	Алдыңғы белдіктің дифференциалын электрлі бұғаттау.....	96
Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы	80	Интеллектуалды «старт-стоп» жүйесі ...	98
Автокөлікті оталдыру және өшіру	81	Интеллектуалды «старт-стоп» жүйесі	98
Автокөлікті оталдыру	81	Қосу/өшіру	98
Автокөлікті өшіру	81	Қолданылуы	98
Тұрақ тежегіші	83	Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін функциялар	98
Сақтық шаралары	83	Тұраққа қою көмекші жүйесі.....	100
Электрлі тұрақ тежегіші	83	Сақтық шаралары	100
Автоматтық беріліс қорабы	85	Соқтығысуды ескерту радары	101
Берілістер сипаттамасы	85	Айнала шолу жүйесі	102
Берілістерді ауыстырып қосу	85	Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі	106
Берілістерді ауыстырып қосу селекторын апаттық жағдайда бұғаттан шығару	87	Жүйе туралы жалпы мәліметтер.....	106
Баяу қозғалу	88	Бақылау функциясы.....	106
Қозғалыстың басталуы	88	Ескертулер функциясы.....	107
Тоқтау	88	Жүргізу кезіндегі шаршау туралы ескерту жүйесі	108
Руль механизмі күшейткішінің режимі	89	Жүргізу кезіндегі шаршау туралы ескерту жүйесі жайлы	108
Режимдерді ауыстырып қосу	89	Қолданылуы	108
Жол төсемін бақылау жүйесі	90	Жылдамдықты белсенді шектеу функциясы	109
Жол төсемін бақылау жүйесі туралы жалпы мәлімет	90	Жылдамдықты белсенді шектеу функциясы туралы жалпы мәліметтер	109
4WD ауыстырып қосу	90	Қолданылуы	109
Жоғары өткіштік режимдерін ауыстырып қосу	91	Круиз-контроль көмекші жүйесі	111
Эксперттік режим	93	Круиз-контрольді қолдау жүйесі туралы	111
Толық жетекті автокөлікті жүргізу кезіндегі сақтық шаралары	93	Қолданылуы	111
Дифференциалды бұғаттау	95	Қозғалыс жолағының ортасында ұстау көмекші функциясы	114
Дифференциалды бұғаттау туралы	95		
Артқы белдіктің дифференциалын электрлі бұғаттау	95		

Крузи-контрольді қолдау функциясының шектеулері	115	Сақтық шаралары	127
Датчиктер	115	Оттегі датчигі	127
Жүргізуге көмектесетін интеллектуалды жүйе	116	Каталиттік бейтараптандырғыш	127
«Ақылды жүргізу» баптауларының бас терезесі	116	Турбокомпрессор	127
Жолақпен жүру көмекші жүйесі.....	116	Отын буын бақылау құрылғысы	127
Жол белгілерін тану.....	118	Картер газдарын рециркуляциялау құрылғысы	128
Ойлы-қырлы жермен жүруге арналған көмекші крузи-контроль жүйесі	120	Борттық диагностика жүйесі	128
Ойлы-қырлы жермен қозғалған кездегі крузи-контроль	120	Бензиндік күйе сүзгісі	128
Руль күшейткіші	122	Виртуалды аспаптар тақтасы	130
Ылдиға қарай жүру көмекші жүйесі	123	Аспаптар тақтасы туралы жалпы мәліметтер	130
Ылдиға қарай жүру көмекші жүйесі	123	Аспаптар тақтасын басқару	131
Қолданылуы	123	Аспаптар тақтасының индикаторлары	134
Жүргізу көмекші жүйесі	124	Аспаптар тақтасының индикаторлары	134
Сақтық шаралары	124	Қоректендіруді басқару жүйесі	140
Тежегішті блоктау жүйесі	124	Жүйе туралы жалпы мәліметтер	140
Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе	124	Міндетті түрде танысу қажет ақпарат	140
Тежеу көмекші жүйесі	125	Тіркеме сүйреу.....	142
Бос айнарудан сақтау жүйесі	125	Тіркемемен жүру қағидалары	142
Төңкерілуден сақтау жүйесі	125	Жүргізу бойынша нұсқаулар	142
Қайталап соқтығысулардың алдын алу жүйесі	125	Тарту-тіркеу механизмінің ағытпасы	143
Өрде орнынан қозғалуға көмектесетін жүйелер	125	Тіркемеге арналған қуат көзі ағытпасы	144
Руль электркүшейткіші	125	Техникалық параметрлер	145
Электрондық қозғалысты тұрақтандыру жүйесі	125		
Қозғалыс бағытын динамикалық тұрақтандыру көмекші жүйесі	126		
Пайдаланылған газдардың уыттылығын басқару жүйесі	127		
		Аудиовизуалды жүйе	
		Сақтық шаралары.....	148
		Қауіпсіздік	148
		Пайдалану	148
		Радио	148
		USB-жинақтағыштар	148

Bluetooth	148
Панельдің сипаттамасы	149
Рульдегі түймелер	149
Басқару панелі	150
Сыртқы құрылғыларды жалғау	150
Дисплей	151
Дисплейді басқару	151
Дисплей күйінің индикаторлары	151
Интерфейс	153
Басты бет	153
Мәзір	154
Тез реттеу тақтасы	155
Bluetooth арқылы шақыру	156
Жүйе баптаулары	157

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік белбеулері	162
Сақтық шаралары	162
Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағу	163
Алдыңғы орындықтың алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеулері	163
Үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерін пайдалану	164
Қауіпсіздік жастықтары	165
Сақтық шаралары	165
Қауіпсіздік жастықтары	166
Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары	166
Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары	168
Қауіпсіздік қалқалары	168
Бала бекіту жүйесі	170
Бала автоорындықтарының ұсынылатын модельдері	170
ISOFIX бекіту нүктелері	170

Бала автоорындықтарын қолдану мүмкіндігі	170
Бала автоорындығын орнату	172
Бала автоорындығын орнатуға қатысты айрықша нұсқаулар	173
Автокөліктің айдап өкетуге қарсы жүйесі	174
Жүйе туралы жалпы мәліметтер	174
Жүйені қосу	174
Сигнал беру жүйесінің іске қосылу шарттары	174
Сигнал беру жүйесін ажырату тәсілдері	174
Жүйені ажырату	174
Соқтығысу кезінде отынның берілуін тоқтату жүйесі	175
Соқтығысу кезінде отынның берілуін тоқтату жүйесі	175

Апаттық жағдайлар

Жүргізуші құрал-саймандары	178
Жүргізу құрал-саймандарын орналастыру	178
Қосалқы дөңгелек	179
Қосалқы дөңгелектер туралы	179
Шешіп алу және орнату	179
Қосалқы дөңгелекті ауыстыру	181
Шина ақауларының белгілері	181
Қосалқы дөңгелекті ауыстыру алдындағы дайындық	181
Дөңгелекті ауыстыру процедурасы	181
Жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда	184
Жол-көлік оқиғасына ұшыраған жағдайда	184
Автокөлікті сыртқы қуат көзінен оталдыру	185

Аккумулятордың төмен зарядының белгілері	185
Қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясынан оталдыру	185
Қозғалтқыштың қызып кетуі	187
Қозғалтқыштың қызып кетуі	187
Сүйреу	189
Арнайы техникамен сүйреу	189
Сүйреу құлақшасының көмегімен сүйрету	190
Төтенше шақыру жүйесі	193
Төтенше шақыру жүйесі	193

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау қажеттігі	196
Мотор бөлімі	197
Сақтық шаралары	197
Майлар мен сұйықтықтар	198
Мотор майы	199
Қозғалтқышты салқындату сұйықтығы	200
Тежегіш сұйықтығы	200
Әйнекжуғыш сұйықтығы	200
Радиатор, желдеткіш	201
Аккумулятор батареясы	201
Қауіпсіздік жапсырмалары мен белгілері	202
Мотор бөліміндегі ескерту жапсырмалары	202
Радиатор қақпағындағы ескерту жапсырмасы	202
Аккумулятор батареясындағы ескерту жапсырмалары	202
Бөлшектерді ауыстыру	204
Сақтандырғыштар	204

Аспаптар тақтасындағы ұсақ-түйектерге арналған бөлімді шешіп алу	205
Әйнектазартқыш щеткалары	206
Шамдар	207
Техникалық қызмет көрсету	209
Шиналарға күтім жасау	209
Люкке күтім жасау	210
Шанаққа күтім жасау	211
Салон күтімі	212
Коррозияның алдын алу шаралары	214
Автокөліктің тұрақта ұзақ тұрып қалуы	214

Кепілді техникалық қызмет көрсету

Кепілдік міндеттемелері туралы мәліметтер	216
Шанақты қарап тексеру	219
Кепілдік туралы нені білу керек	222
Шиналар	222
Мерзімді техникалық қызмет көрсету	222
Түпнұсқа қосалқы бөлшектер	222
Конструкцияны өзгерту	222
Автокөлік иесінің міндеттері	225
Автокөлікке техникалық қызмет көрсету	226
Жоспарлы техникалық қызмет көрсету кестесі	228
Техникалық сұйықтықтарды тексеру пункттері	230
Ауыр пайдалану жағдайлары	231
Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік	232
Одометрді ауыстыру картасы	236

Көлік иесінің ауысқанын тіркеу картасы	238
Ерекше белгілер	240
Сату алдындағы дайындық	241

Техникалық параметрлер

Автокөлікті сәйкестендіру	244
Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі	244
Қозғалтқыш нөмірі	244
Автокөлік параметрлері	246
Негізгі параметрлер	246
Динамикалық параметрлер	246
Шиналардың техникалық сипаттамалары	246
Дөңгелек параметрлері	246
Тежеу жүйесінің параметрлері	247
Орындықтардың параметрлері	247
Майлар мен сұйықтықтардың параметрлері	247

Көрсеткіш

Алфавиттік көрсеткіш	250
----------------------------	-----

1


Пайдалану

Кілттер	18
Есік құлыптары	21
Терезелер	27
Люк	29
Капот	31
Отын құю.....	32
Орындықтар	34
Артқы көрініс айналары.....	38
Руль	40
Рейлингтер	41
Жарықты басқару	42
Әйнектазартқыштарды басқару	48
Климат-контроль жүйесі	51
Ішкі жабдық	58

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Кілттер туралы ақпарат




- (A) Кілт нөмірі бар бирка
- (B) Смарт-кілт

i Пайдалы ақпарат

- > Кілт нөмірі бар бирканы дұрыс сақтаңыз. Кілт биркасында жаңа кілт алуға арналған код болатындықтан, осы код негізінде ғана сервис орталығынан кілт сұратуға болады.
- > Автокөлікті сатып алған немесе сатқан кезде көрсетілген код көлік иесіне берілуі керек.

Түймелер



24C52319FAAE

- (A) Автокөлік іздеу түймесі
- (B) Құлыптау түймесі
- (C) Жүксалғыш қақпағын басқару түймесі
- (D) Құлыпты ашу түймесі

Құлыпты ашу түймесі

Құлыпты ашу түймесін басыңыз, бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды, барлық есік пен жүксалғыш есігінің құлпы ашылады.

Құлыптау түймесі

Құлыпты ашу түймесін басыңыз, бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды, барлық есік пен жүксалғыш есігі құлыпталады.

i Пайдалы ақпарат

Егер есіктерді құлыптау кезінде бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамаса, барлық есіктің, жүксалғыш есігінің және капоттың толық жабылған не жабылмағанын тексеріңіз.

Автокөлік іздеу түймесі

Барлық есік пен жүксалғыш есігі құлыптанған кезде осы түймені басып, автокөлік іздеу функциясын қосып қойыңыз, бұл автокөлікті тұрақта және басқа жерлерде тез тауып алуға мүмкіндік береді. Іздеу функциясын өшіру үшін автокөлік сигнал берген кезде түймені қайта басыңыз.

i Пайдалы ақпарат

Автокөлікті іздеу режимін мультимедиа дисплейінің көмегімен баптауға болады [Автокөлік баптаулары] → [Жарық баптаулары] → [Режим баптаулары].

Жүксалғыш қақпағын басқару түймесі

Жүксалғыш есігінің құлпын ашу үшін жүксалғыш қақпағын басқару түймесін басып тұрыңыз. Құлпыпты ашқаннан кейін жүксалғыш есігін ашу үшін оның микроаждратқышын 30 секунд басып тұрыңыз.

▲ Назар аударыңыз!

- > Тарату жиілігін өз бетінше өзгертуге және тарату қуатын арттыруға (соның ішінде радиожилікті қуат күшейткішін орнатуға) болмайды. Антеннаны ауыстыруға немесе сыртқы антенналарды жалғауға болмайды.
- > Қолданыстағы сымсыз байланыс қызметтеріне кедергі жасауға болмайды. Кедергі анықталған бойда құрылғыны пайдалануды тоқтатып, кедергілерді жою шараларын қолданыңыз.
- > Құрылғыны пайдалану кезінде оның жұмысына әртүрлі радиожабдықтар әсер етуі мүмкін, ол функцияларды уақытша істен шығаруы мүмкін.

Механикалық кілтті шығару

1. Суретте көрсетілген бағытта кілттің қақпағын басыңыз да, оны шешіп алыңыз.




13514FCD0838

2. Механикалық кілтті ысырып шығарыңыз және шығарып алыңыз.



2D7A9CE72B30

3. Механикалық кілттің тұтқасын бұраңыз.



D9C3DA1393B0

▲ Назар аударыңыз!

Механикалық кілттің тұтқасы тек бір бағытта бұрала алады және оның шамамен 135 градусты құрайтын максималды ашылу бұрышы бар.

Қуат элементін ауыстыру

▲ Ескерту

Таблетка пішінді қуат элементі автокөлік кілтiнiң жиынтығына кiредi.


- > Автокөлік кілттеріне орнатылған қуат элементтері қауіпті және олардың жаңа немесе қолданылған болуына қарамастан, әрдайым балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы тиіс.
- > Жұтып қойған жағдайда қуат элементтері 2 сағаттың ішінде немесе одан қысқа уақытта денсаулыққа және өмірге қауіп төндіруі мүмкін.
- > Қуат элементі жұтылған деген күдік туындаса, медициналық көмекке жүгінізіз.

> Пайдаланылған батареяларды жергілікті заңнамаға сәйкес жойыңыз. Пайдаланылған батареяларды дұрыс кәдеге жаратпау қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Барлық операцияны құрғақ қолдарыңызбен орындаңыз — ылғал қуат элементін коррозияға ұшыратуы мүмкін.
- > Құрылғының басқа бөлшектерін ұстамаңыз немесе жылжытпаңыз.
- > Қуат элементінің полюстерін сақтаңыз.
- > Қуат элементін ауыстырған кезде бөлшектерді жоғалтпау үшін мұқият болыңыз.

1. Механикалық кілтті кезең-кезеңімен шығарып алыңыз. (▷ 19-бет)
2. Жалпақ ұшты бұрауышпен кілттің астынан абайлап іліп алыңыз да, шығарыңыз.



F99C9531C9C9

3. Қуат элементінің полюстерін тексеріңіз және оны шығарып алыңыз. Полюстерін сақтай отырып, жаңа қуат элементін слотқа салыңыз.



3A6B38020E9F

Қуат элементінің түрі: CR2032


4. Кілтті қайта жинаңыз және оның түймелерінің жұмысқа қабілеттілігін тексеріңіз.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

«Интеллектуалды кіру жүйесінің» көмегімен құлыптау және құлыпты ашу

Егер смарт-кілтті өзіңізбен бірге алып жүрсеңіз, есіктерді құлыптау және құлып ашу үшін «интеллектуалды кіру жүйесін» қолдануыңызға болады.



- (A) Құлыптау датчиктері
- (B) Құлыпты ашу датчигі

Құлыпты ашу

Құлыпты ашу датчигін түртіңіз, бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды, барлық есік пен жүксалғыш есігінің құлпы ашылады.

Құлыптау

Құлыпты ашу датчигін түртіңіз, бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды, барлық есік пен жүксалғыш есігі құлыпталады.

Пайдалы ақпарат

Егер есіктерді құлыптау кезінде бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтамаса, барлық есіктің, жүксалғыш есігінің және капоттың толық жабылған не жабылмағанын тексеріңіз.

Пайдалы ақпарат

- > Есіктер смарт-кілтті анықтаған жағдайда ғана оларды басқаруға болады.
- > Құлыптау және құлыпты ашу әрекеттерін бір мезгілде жасауға тыйым салынады.
- > Есіктің тұтқасын қолғаппен ұстасаңыз, есіктің құлыпты ашу немесе құлыптау функциясы жұмыс істемеуі мүмкін.
- > «Интеллектуалды кіру жүйесінде» айтарлықтай әлсіз радиотолқындар қолданылады. Жақын жерде қандай да бір радио жабдығының немесе кедергілердің болуы салдарынан смарт-кілт пен автокөлік арасында байланыс орнатуға кедергі пайда болуы мүмкін, сол себепті жүйе қалыпты жұмыс істей алмайды.
- > Есіктерді әрбір құлыптағаннан немесе құлыптарын ашқаннан кейін «интеллектуалды кіру жүйесі» 3 секундқа жұмысын тоқтатады.

Кілт түймесімен құлыптау және құлыпты ашу

Кілт түймелерінің сипаттамасын қараңыз. (▷ 18-бет)

Орталық құлып түймесімен құлыптау және құлыпты ашу



Орталық құлып түймесі жүргізуші жағындағы есікте орналасқан. Құлыптарды орталық басқару түймесін басу арқылы автокөліктің барлық есігін құлыптауға немесе құлыптарын ашуға болады.

Индикатор есіктердің құлыпталып тұрғанын көрсетіп, жапың тұрады.

Индикатор есіктердің құлыптарының ашық тұрғанын көрсетіп, сөніп тұрады.

Ішкі тұтқамен құлыпты ашу



892712A7D240

Есік құлыптанып тұрған кезде есік құлпын ашу үшін есіктің ішкі тұтқасын тартыңыз. Есікті ашу үшін тұтқаны қайта тартыңыз.


i Пайдалы ақпарат

Автокөліктің артқы бүйір есігін ішкі тұтқасымен ашқан кезде бала бекітпесінің өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Өшірілмеген болса, ол ашылмайды.

Механикалық кілтпен құлыптау және құлыпты ашу

1. Механикалық кілтті есік құлпы қақпағының астындағы саңылауға сұғыңыз, қақпақтың астынан ілу үшін оны көрсеткі бағытында бұраңыз.

Механикалық кілтті алу тәсілдері туралы ақпарат алу үшін «Механикалық кілтті шығару» бөлімін қараңыз. (▷ 19-бет)



E39EE09FFFA0

2. Есікті құлыптау немесе құлпын ашу үшін механикалық кілтті есік құлпының саңылауына салыңыз да, бұраңыз.



3F39B1D77895

i Пайдалы ақпарат

Есіктің құлпын ашу үшін механикалық кілтті қолданған жағдайда айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесі іске қосылуы мүмкін. (▷ 174-бет)

Апаттық құлыптау



5B3A447DEC49

Алдыңғы жолаушы есігі мен артқы есіктер апаттық құлыптау құрылғыларымен жабдықталған.

Механикалық кілтті апаттық құлып саңылауына сұғыңыз, апаттық құлып саңылауындағы көрсеткі бағытымен бұраңыз, содан кейін есікті жабыңыз да, құлыптаңыз.

Механикалық кілтті алу тәсілдері туралы ақпарат алу үшін «Механикалық кілтті шығару» бөлімін қараңыз. (> 19-бет)


i Пайдалы ақпарат

Егер есікті тек осы тәсілмен ғана құлыптауға болатын болса, бұл есіктің электрлі құлыптау жүйесінің ақаулы екенін білдіреді. Тексерту үшін сервис орталығына жүгініңіз.

Жүксалғыш есігі

Қолмен ашылатын/жабылатын жүксалғыш есігі


Ашу



7148FDA83B73

- > Егер смарт-кілт болса, жүксалғыш есігіндегі микроажыратқышты басыңыз және бір мезгілде есікті көтеріңіз.
- > Оталдыру жүйесінің ажыратқышы LOCK («ӨШІРУЛІ») режимінде тұрған кезде кілттегі жүксалғыш қақпағын басқару түймесін басып, ұстап тұрыңыз. 30 секундтың ішінде жүксалғыш есігінің микроажыратқышын басыңыз және бір мезгілде оны көтеріңіз.
- > Жүргізуші жағындағы есік құлпы ашылған күйде тұрған кезде жүксалғыш есігінің микроажыратқышын басыңыз және бір мезгілде есікті тартыңыз.

Жүксалғыш есігін ашылған күйінде ұстап тұру



5BD9CF196500

- (A) Жүксалғыш есігін шектегішті өшіру
- (B) Жүксалғыш есігін шектегішті іске қосу


Жүксалғыш есігін шектегішті жүксалғыш есігі толық ашық тұрған кезде ғана ауыстырып қосуға болады.

Жүксалғыш есігін жапқан кезде міндетті түрде жүксалғыш есігінің шектегішін өшірулі күйге келтіріңіз.

⚠ Назар аударыңыз!

Жүксалғыш есігі ашық тұрған кезде артқы оң жақтағы фаралар мен кері шағылыстырғыш жүксалғыш есігімен және қосалқы дөңгелекпен көлегейленеді. Жол-жәнекей тұраққа қойғанда жүксалғыш есігі ашық тұрса, басқа көлік құралдарына және жүргіншілерге ескерту үшін ескерту үшбұрышын немесе жергілікті жол қозғалысы ережелеріне сәйкес басқа құрылғы қолданыңыз.

Жабу



F2F6718F97C7

(A) Көмекші тұтқа

1. Жүксалғыш есігінің шектегішінің өшірулі тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Жүксалғыш есігінің көмекші тұтқасынан төмен тартып, жүксалғыш есігі толық жабылмай тұрып тұтқаны жіберіп қалыңыз.
3. Толық жабу үшін жүксалғыш есігін үстінен басыңыз.

⚠ Ескерту

- > Жүксалғыш есігін қолмен жапқан кезде толық жабылуы үшін міндетті түрде оны басып жабыңыз. Есікті көмекші тұтқадан ұстап жауып жатып, қолыңызды қысып алып, ауыр жарақат алып қалуыңыз мүмкін.
- > Жүксалғыш есігін ашып қойып жүруге тыйым салынады.
- > Жүксалғышқа жолаушылар отырғызып тасымалдауға тыйым салынады.
- > Егер жүксалғыш есігінің жанында адамдар болса, онда есікті ашар және жабар алдында оларға қауіп төнбейтініне көз жеткізу керек.
- > Жүксалғыш есігін жапқан кезде заттардың, мысалы, сөмкенің немесе галстугіңіздің оған қысылып қалмауын қадағалаңыз.
- > Кездейсоқ жарақат алуға жол бермеу үшін балаларға жүксалғыш есігін басқаруға рұқсат бермеңіз.
- > Күшті жел кезінде жүксалғыш есігін ашқан және жапқан кезде абай болыңыз. Есік күшті жел қарқынының әсерінен кездейсоқ жылжып кетуі мүмкін.

- > Егер жүксалғыш есігінің шектегіші іске қосылмаған болса, есік өздігінен жабылып қалуы мүмкін. Егер автокөлік беткейде орналасса, онда жүксалғыш есігін жабу және ашу үшін көбірек күш салу қажет болуы мүмкін. Сол себепті жүксалғыш есігінің кездейсоқ ашылып немесе жабылып кетуін болдырмау үшін сақтық танытуға кеңес беріледі.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Жүксалғыш есігін ашқанда, оның зақымдануына жол бермеу үшін шамадан тыс күш салмаңыз.
- > Егер жүксалғыш есігіне мұз қатып қалған немесе оның үстін мұз және қар басып тұрса, оны күшпен ашпаңыз. Есікті ашпас бұрын автокөлік ішіндегі температураны жоғарылату үшін алдымен жылыту функциясын қолданыңыз.
Егер жүксалғыш есігін шұғыл қажеттілік жағдайында ашу қажет болса, мұзды жібіту үшін жылы су құйып, мұз ерігеннен кейін есікті ашуға әрекеттенуге болады.
- > Жүксалғыш есігінің шектегішіне ешқандай әшекейлер орнатпаңыз немесе жапсырмаңыз.
- > Шектегішке сүйенбеңіз, оның үстіне тұрмаңыз және жүк орналастырмаңыз, шектегішке көлденең бағытта күш түсірмеңіз.

Апаттық жағдайда құлыпты ашу

1. Автокөліктің ішінде отырып, механикалық кілттің немесе жалпақ ұшты бұрауыштың көмегімен жүксалғыш есігінің ішкі жағында орналасқан апаттық жағдайда ашу қақпағының астынан көтеріңіз. Механикалық кілттің шығарылуы туралы ақпарат алу үшін «Механикалық кілтті шығару» бөлімін қараңыз. (▷ 19-бет)



03B5CFDE8DC9

2. Жүксалғыш есігін ашу үшін тартқыш сымарқанды тартыңыз.



2BAD4F2B7B86

i Пайдалы ақпарат

Жүксалғыш есігін ашудың бұл тәсілін қолданудың қажет болуы автокөліктің ақаулы екенін білдіреді. Қарап тексеру және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін кідірместен сервис орталығына хабарласу қажет.

Бала бекітпесі

Балаларды тасымалдаған кезде оларды артқы қатар орындықтарына орналастыруға кеңес беріледі. Артқы есіктер бала бекітпесімен жабдықталған, бұл олардың кездейсоқ ашылып кетуіне жол бермейді.



22915509DD81

Механикалық кілтті құлыпқа салып, көрсетілген бағытқа бұрап, бала бекітпесін іске қосыңыз. Кілтті кері бағытта бұрау арқылы бала бекітпесін бұғаттан шығаруға болады.

Механикалық кілтті алу тәсілдері туралы ақпарат алу үшін «Механикалық кілтті шығару» бөлімін қараңыз. (▷ 19-бет)

▲ Ескерту

Тек артқы есіктер бала бекітпесімен жабдықталған. Егер бала артқы қатардағы орындықта жалғыз болса, артқы екі есіктің кездейсоқ ашылуына жол бермеу үшін олардың бала бекітпесін бірге қосып қойыңыз.

i Пайдалы ақпарат

Бала бекітпесі іске қосылып тұрған кезде есікті сыртқы есіктің тұтқасынан тартып ашуға болады.

Қозғалтқышты өшірген кезде құлыпты ашу

Бұл функцияны мультимедиа дисплейінің көмегімен баптауға болады [Автокөлік баптаулары] → [Жүргізу баптаулары] → [Қозғалтқышты өшірген кезде құлыпты ашу]. Бұл функцияны қосқан кезде қозғалтқышты өшіргеннен кейін барлық есік пен жүксалғыш есігінің құлпы автоматты түрде ашылады.

Қозғалыс кезінде есіктерді автоматты құлыптау

Бұл функцияны мультимедиа дисплейінің көмегімен қосуға, өшіруге немесе қозғалыс кезінде есіктерді автоматты құлыптау үшін автокөліктің жылдамдығын белгілеуге болады [Автокөлік баптаулары] → [Жүргізу баптаулары] → [Есіктер құлыпталатын жылдамдықты баптау].

Құлыпталу жылдамдығын баптағаннан кейін автокөліктің жылдамдығы берілген мәннен асқан кезде, жүксалғыш есігін қоса алғанда, барлық есік автоматты түрде құлыпталады.

1 Пайдалы ақпарат

Жол жүрер алдында барлық есік пен жүксалғыш есігі толық жабылғанына көз жеткізіңіз.

Құлыптау күйіне автоматты түрде оралу

Барлық есік пен жүксалғыш есігі құлыпталған болса, алайда есік тұтқасындағы құлыпты ашу түймесін түрткеннен немесе есік кілтіндегі құлыпты ашу түймесін басқаннан кейін есіктердің құлыптары ашылатын болса, онда 30 секунд бойы оталдыру жүйесінің ажыратқышының және барлық есіктің күйлері өзгермеген жағдайда барлық есік пен жүксалғыш есігі автоматты түрде құлыпталып қалады.

Соқтығысу кезінде құлыптың ашылуы

Егер оталдыру жүйесінің құлпы ON (ҚОС) күйінде тұрса, ал жүйе соқтығысуды тіркесе, барлық есіктің құлпы автоматты түрде ашылады.

Қате құлыптанудың алдын алу


Жүргізуші жақтағы есік құлыптанған болса, соңғы ашық есік жабылған кезде құлыптанып тұрған барлық есік құлпы автоматты түрде ашылады.

Автокөліктің жабдықтыалуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Әйнеккөтергіштердің ажыратқыштары

Жүргізуші жақтағы әйнеккөтергіштердің ажыратқыштары



E39A35A867C3

- (A) Жүргізуші жақтағы әйнеккөтергіштің түймесі
- (B) Алдыңғы жолаушы жақтағы әйнеккөтергіштің түймесі
- (C) Терезені құлыптау түймесі
- (D) Сол жақ артқы қатардағы әйнеккөтергіштің түймесі
- (E) Оң жақ артқы қатардағы әйнеккөтергіштің түймесі

Қолмен басқару

Терезені ашу немесе жабу үшін тиісті түймені басыңыз немесе тартыңыз. Әйнек қажетті күйге жеткенше ұстап тұрыңыз, содан кейін түймені жіберіңіз.

⚠ Ескерту

Терезені жаппас бұрын жолаушылардың бастары мен қолдарының одан қауіпсіз қашықтықта екеніне көз жеткізіңіз. Олай болмаса, бұл ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.

Бір рет басу арқылы басқару

Жүргізуші жақтағы әйнеккөтергіштің ажыратқышын әдеттегіден қаттырақ басыңыз да, жібере салыңыз, терезе автоматты түрде толық ашылады. Ашылу процесін тоқтату үшін осы ажыратқышты жай ғана жоғары тартыңыз.

Жүргізуші әйнеккөтергішінің ажыратқышын әдеттегіден қаттырақ жоғары тартыңыз да, жібере салыңыз, терезе автоматты түрде толық ашылады. Жабылу процесін тоқтату үшін осы ажыратқышты жай ғана басыңыз.

⚠ Назар аударыңыз!

Төмен температурада әйнек пен жақтаудың арасында мұз пайда болуы мүмкін, бұл әйнектің қозғалысына кедергі келтіреді. Бұл жағдайда көтеру-түсіру механизміне зақым келтірмеу үшін ажыратқыштарды бірнеше рет баспаңыз. Салондағы температура көтерілгенше күтіңіз. Әйнек жібігеннен кейін оны әдеттегідей көтеруге және түсіруге болады.

Терезені құлыптау

Терезені құлыптау түймесін басқаннан кейін артқы қатар есіктерінде орналасқан әйнеккөтергіштердің ажыратқыштарының көмегімен терезелерді басқару мүмкін болмайды. Түймені қайтадан басу артқы есіктердегі әйнеккөтергіштер ажыратқыштарының функцияларын қалпына келтіреді.

Ескерту

Балаларды тасымалдаған кезде оларды артқы қатардың қауіпсіз орындықтарына орналастыруға және терезелерді құлыптау функциясын қосып қоюға кеңес беріледі.

Жолаушылар жағындағы әйнеккөтергіштердің ажыратқыштары

Әйнеккөтергіштердің ажыратқыштары жолаушылар жақтағы есіктердің шынтақтаяныштарында орналасқан және тиісті терезелерді ашуға және жабуға арналған.

Қызып кетуден қорғау

Әйнеккөтергіштердің ажыратқышын ұзақ уақыт бірнеше рет басу көтеру-түсіру механизмінің электржетегін қызып кетуден қорғау функциясын іске қосуы мүмкін. Бұл ретте әйнеккөтергіштің ажыратқышы уақытша өшеді. Жетек салқындағаннан кейін әйнеккөтергіштердің түймесі автоматты түрде жұмыс күйіне оралады.

Қысып қалудан қорғау

Егер терезені автоматты түрде жабу кезінде жақтау мен терезе арасында бөгде бір объектінің тұрғаны анықталса, терезенің жабылуы тоқтайды және автоматты түрде белгілі бір деңгейге дейін төмен түсіріледі.

Пайдалы ақпарат

Бұл функциямен тек жүргізуші жағындағы әйнеккөтергіш қана жабдықталған.

Ескерту

- > Қысып қалудан қорғау функциясын езіңізге тексеріп көруге тыйым салынады.
- > Егер терезенің жабылуының сәл-ақ алдында онда қандай да бір зат тұрып қалса, қысып қалудан қорғау іске қосылмауы мүмкін.

Пайдалы ақпарат

Қолайсыз жағдайларда, мысалы, төмен температурада немесе күшті селкілдеу кезінде әйнекті көтеру барысында қысып қалудан қорғау іске қосылып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда әйнеккөтергіштің ажыратқышын әдеттегіден қаттырақ тартыңыз да, жібере салыңыз, терезе автоматты түрде толығымен жабылады.

Қайта баптау

Бір рет түртіп басқару функциясы бұзылса, келесі әрекеттерді орындау арқылы оны қалпына келтіруге болады:

1. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырыңыз.
2. Әйнек толық жабылуы үшін бір рет басу арқылы басқару функциясымен жабдықталған әйнеккөтергіш ажыратқышын әдеттегіден қаттырақ тартыңыз. Осыдан кейін ажыратқышты және үш секунд бойы ұстап тұрыңыз.
3. Әйнеккөтергіш ажыратқышын қайтадан іске қосыңыз: бір рет басу арқылы әйнекті толығымен түсіріңіз және толығымен көтеріңіз.


Пайдалы ақпарат

Бір рет басып басқару функциясы бұзылған жағдайда бір рет басып басқару функциясы бар барлық терезені қайта баптау қажет. Сонымен бірге аккумулятор батареясынан электр қуатының берілуі әрбір үзіліп қайта берілген кезде де қайта баптауды орындау қажет болады.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Люкті ашу және жабу



- (A) Люкті ашу түймесі (төмен басыңыз)
 (B) Люкті жабу түймесі (төмен басыңыз)

Люкті еңкейту

Қолмен басқару

- > Люкті жабу түймесін басып тұрыңыз, люк еңкею режимінде біртіндеп ашылады.
- > Люкті ашу түймесін басып тұрыңыз, люк жабылады.
- > Люктің ашылу/жабылу процесін тоқтату үшін жай ғана ажыратқышты жіберіңіз.

Автоматты түрде басқару

- > Люкті жабу түймесін басыңыз да, жіберіңіз. Люк көлбеу күйде максималды бұрышқа ашылады да, тоқтайды.
- > Люкті ашу түймесін басыңыз да, жіберіңіз, осыдан кейін люк жабылады.

- > Люктің ашылу/жабылу процесін тоқтату үшін жай ғана түймені тағы бір рет басыңыз.

Люкті жылжыту

Қолмен басқару

- > Люкті ашу түймесін басып тұрыңыз, люк жылжыту режимінде біртіндеп ашылады.
- > Люкті жабу түймесін басып тұрыңыз, люк жабылады.
- > Люктің ашылу/жабылу процесін тоқтату үшін жай ғана ажыратқышты жіберіңіз.

Автоматты түрде басқару

- > Люкті ашу түймесін басыңыз да, жіберіңіз. Люк қолайлы күйге дейін автоматты түрде ашылады. Люкті ашу түймесін тағы бір рет басыңыз да, жіберіңіз, люк автоматты түрде толығымен ашылады.
- > Люкті жабу түймесін басыңыз да, жіберіңіз. Люк автоматты түрде жабылады.
- > Люктің ашылу/жабылу процесін тоқтату үшін жай ғана түймені тағы бір рет басыңыз.

⚠ Ескерту

- > Қозғалыс кезінде люктен қолдарыңызды және басыңызды шығаруға тыйым салынады. Мұндай жағдайда сыртта объектілермен соқтығысу немесе шұғыл тежеу тіпті кісі өліміне дейінгі ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- > Люкті жапқан кезде қолдарды, басты, мойынды қысып қалмауын қадағалаңыз.
- > Балаларға люкті басқаруға рұқсат бермеңіз.

Күнқағар

Люкті жылжыту режимінде ашқан кезде күнқағар автоматты түрде люкпен бірге ашылады.

Люк жабық тұрған кезде тек күнқағарды ғана ашу қажет болса, күнқағарды қолмен артқа қарай тарту қажет.

Күнқағарды жабу үшін оны қолмен алдыға қарай тарту қажет.

⚠ Ескерту

- > Балаларға күнқағарды басқаруға рұқсат бермеңіз.
- > Күнқағарды жапқан кезде қолды, басты немесе мойынды қысып қалмауын қадағалаңыз.
- > Күнқағар құлап түскен жағдайда ауыр жарақат алудан сақтану үшін люк ашық тұрған кезде немесе люк толық жабылғанша күнқағарды жабуға тыйым салынады.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Құлап түсуіне немесе зақымдануына жол бермеу үшін күнқағарды күшпен баспаңыз.
- > Автокөлік ұзақ уақытқа тұраққа қойылған кезде күн сәулелерінің ұзақ уақыт әсер етуін, салондағы температураның жоғарылауын және салонның әрлемесінің бүлінуін болдырмау үшін күнқағарды жауып қоюға кеңес беріледі.

Қысып қалудан қорғау

Егер автоматты түрде жабылу кезінде люк кедергіге ұшыраса, люк тоқтап, біршама қашықтыққа артқа қайтады.

⚠ Ескерту

Қысып қалудан қорғау функциясының жұмысын қолды салып тексеруге тыйым салынады. Егер люктің жабылуының сәл-ақ алдында онда қандай да бір зат тұрып қалса, қысып қалудан қорғау іске қосылмайды.

Қызып кетуден қорғау

Люк түймелерін ұзақ уақыт бойы қайталап басу люк электржетегін қызып кетуден қорғау функциясын іске қосуы мүмкін. Қорғаныш іске қосылған кезде люкті басқару уақытша мүмкін болмай қалады. Люкті қалыпты басқару мүмкіндігі электржетек суығаннан кейін автоматты түрде қалпына келеді.

Автоматты жабылу функциясы

- > Егер оталдыру жүйесінің ажыратқышы LOCK күйінде тұрған кезде жауын мен

жарық датчигі жаңбырға немесе қарға әрекет етсе, люк автоматты түрде жабылады.

ℹ Пайдалы ақпарат

Жаңбыр тым әлсіз болса, люк автоматты түрде жабылмауы мүмкін. Көліктен шықпас бұрын люктің толық жабылғанын тексеріңіз.

- > Автокөліктің қозғалысы кезінде оның жылдамдығы 120 км/сағ-тан асса, люк автоматты түрде жабылады.

Қайта баптау

Жүйе жұмысында ақаулар болған жағдайда оның функцияларын келесі тәсілмен қалпына келтіруге болады:

1. Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрғанда люкті жабу түймесін басыңыз. Люк көлбеу күйде максималды бұрышқа ашылған кезде түймені жіберіңіз.
2. Люкті жабу түймесін және бір рет басып, 5 секундтан ұзақ ұстап тұрыңыз, люк жұлқиды да, шыңылдаған шуыл шығарады (қалыпты құбылыс). Люк максималды ашылған күйге қайтып келген кезде түймені жіберіңіз. Қайта баптау аяқталды.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Ашу

1. Жүргізуші жақтағы аспаптар тақтасының астында орналасқан интіректі екі рет тартыңыз. Капот қақпағы сәл ашылады.



4F32219637CE

2. Пайда болған саңылауға қолыңызды сұғыңыз да, капот қақпағын сәл көтеріңіз. Капот автоматты түрде ашылады.



Пайдалы ақпарат

Төмен температура жағдайында капот кермесі капотты автоматты түрде көтере алмауы мүмкін. Бұл жағдайда оны қолмен көтеруге болады.

Жабу

Капотты құлыптан 20-30 см биіктіктен жібере салыңыз да, оны жабу үшін капотты күшпен басып қалыңыз.

⚠ Ескерту

Жүрмей тұрып, капоттың жабылғанын және мықтап құлыпталғанын тексеріңіз. Әйтпесе ол қозғалыс кезінде кездейсоқ ашылып кетіп, апатқа ұшыратуы мүмкін.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Капотты жаппас бұрын мотор бөлімінде бөгде заттардың қалып қоймағанын тексеріп алыңыз.
- > Капотты жапқан кезде шектен тыс күш салмаңыз. Әйтпесе капот майысып кетуі мүмкін.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Отын құю тәсілі

1. Жүргізуші жақтағы есік құлпы ашық тұрған кезде көліктің артқы бөлігіндегі отын бағының құятын люгінің жиегін басыңыз. Люк сәл ашылады.
2. Отын бағы аузының қақпағын сағат тіліне қарсы бағытта бұрау арқылы ашыңыз, автокөлік шанағының ластануына жол бермеу үшін отын бағының шағын есігіне қақпақтың бауын бекітіңіз.



C777EBE4B9F9

⚠ Ескерту

- > Отын бағының қақпағын бұрап ашқан кезде ауаның шыққан дыбысын естісеңіз, қақпақты бұрауды тоқтатыңыз. Ауаның шыққан дыбысы тоқтағаннан кейін отын бағы аузының қақпағын абайлап ашыңыз.

Ыстық ауа райында бак ішінде шамадан тыс қысым жиналатындықтан, отын бағы аузынан

отын атқылап, салдарынан жарақаттанып қалуыңыз мүмкін.

- > Автокөлікке отын құйған кезде келесі сақтық шараларын сақтау қажет:

Қозғалтқыш өшіп тұруы керек.

Автокөліктің жанында кез келген от көздерінің болуына тыйым салынады.

Қоңырау шалуға және қабылдауға тыйым салынады.

ЖҚС-та белгіленген басқа да сақтық шараларын сақтаңыз.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Бакты отынмен шектен тыс толтырмаңыз. Отын құю пистолеті бірінші ажырағанда шығарып алыңыз. Әйтпесе отын адсорберге түсіп кетіп, оның қызмет ету мерзімін қысқартады.

- > Отынның шанаққа тиюіне жол бермеңіз — бұл лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.

- > Автокөлікке тек көрсетілген отын түрін ғана құйыңыз.

3. Отын құю аяқталғаннан кейін отын бағы аузының қақпағын орнына салыңыз, сағат тілінің бағытымен шыртылдағын дыбыс естілгенде бұрап жабыңыз.

i Пайдалы ақпарат

Отын бағы аузының қақпағы орнына орнатылуы тиіс. Әйтпесе қозғалтқыштың ақау индикаторы жанады.

4. Отын бағы аузының люгін жабыңыз.

⚠ Назар аударыңыз!

Бекіту механизмінің деформациялануына және бұзылуына жол бермеу үшін отын багы аузының қақпағын қатты баспаңыз.

Отын туралы ақпарат

Параметр	Деректер
Отын түрі	Этилденбеген № 91 және одан жоғары бензин (БАӨ, Катар, Қувейт, Оман, Бахрейн, Йемен, Ирак, Сауд Арабиясы, Австралия, Жаңа Зеландия үшін)
	Этилденбеген № 92 және одан жоғары бензин (басқа өңірлер үшін)
Отын багының көлемі [л] (анықтамалық мән)	80±3

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Бассүйегіштер

Бассүйегішті реттеу

Орталық бөлігі құлақтардың үстіңгі бөлігінің деңгейінде тұрған кезде бассүйегіш өзінің қорғаныш функциясын өте жақсы орындайды.

⚠ Ескерту

Көлік қозғалысы кезінде бассүйегішті реттеуге тыйым салынады.



40BAB340E018

- > Бассүйегішті көтеру үшін оны жоғары тартыңыз.
- > Егер бассүйегішті төмен түсіру қажет болса, бассүйегішті реттеу түймесін басып тұрып, бассүйегішті қажетті күйге орнатылғанша басыңыз.

ℹ Пайдалы ақпарат

Бассүйегіштің ең төменгі күйі оның жұмыс күйі емес, сондықтан пайдалану кезінде бассүйегішті бекітілетін позицияға міндетті түрде көтеріңіз.

ℹ Пайдалы ақпарат

Бассүйегішті реттегеннен кейін, мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны басып тексеріңіз.

Бассүйегішті шешіп алу

Бассүйегішті шешіп алу үшін оның реттеу түймесін басып тұрып, оны ойықтарынан суырып шығарыңыз.

Қажет болса, орындықтың арқалығын бассүйегішті шешіп алуға ыңғайлы етіп реттеңіз.

⚠ Назар аударыңыз!

Бассүйегішті орнатқаннан кейін оның бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны жоғары-төмен қозғап көріңіз.

⚠ Ескерту

Автокөлікті бассүйегішін алып тастап жүргізуге тыйым салынады. Өйтпесе көлік соқтығысқан жағдайда мойын омыртқасына қатты зиян тиіп, салдарынан ауыр жарақат келуі немесе кісі өлімі орын алу мүмкін.


Алдыңғы қатар орындықтарын реттеу

⚠ Ескерту

- > Автокөліктің қозғалысы кезінде орындықтардың күйін реттеуге тыйым салынады.
- > Қозғалысты бастамай тұрып орындықты автокөлікті басқаруға ыңғайлы күйге келтіріп, реттеп алыңыз. Орындықтың дұрыс емес күйі басқарудағы қателіктерге, апатқа алып келуі мүмкін, сондай-ақ қауіпсіздік белбеулеріне, жастықтарына және бассүйегіштерге өздерінің қорғаныш функцияларын тиімді орындауға

кедергі жасайды.


- > Соқтығысқан кезде белбеудің бел тармағы сырғып кетпеуі үшін орындықты тым қатты шалқайтпаңыз. Қауіпсіздік белбеуі орындық арқалығына сүйеніп тік отырғанда ғана жүргізуші мен жолаушыларды максималды қорғауды қамтамасыз етеді.



- (A) Орындық көпшігінің еңкіштігін реттеу
- (B) Орындықтың бойлық күйін реттеу
- (C) Орындық биіктігін реттеу
- (D) Орындық арқалығының еңкейту бұрышын реттеу
- (E) Бел тіреуішін реттету
«Алға» немесе «артқа» түймесін басу арқылы бел тіреуішін күшейтіңіз немесе босатыңыз.
- (F) «Жоғары» немесе «төмен» түймесін басу арқылы бел тіреуішін көтеруге немесе түсіруге болады.
- (G) Массаж функциясы
Түймені басу арқылы қарқынды, орташа режимдерді және массажды өшіруді ауыстырып қосу орындалады. Массаж функциясы шамамен 15 минут жұмыс істегеннен кейін автоматты түрде тоқтайды.

Алдыңғы орындықтардың желдеткіші/жылытқышы

Түймелердің көмегімен баптау



41001113CBCD

Оталдыру жүйесінің құлпы ON күйінде тұрғанда жылытқышты баптау үшін орындық жылытқышының түймесін басыңыз. Түймедегі индикатор тиісті орындықтың жылытылу деңгейін көрсетеді.

Дисплейдің көмегімен баптау

- > Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрғанда мультимедиа дисплейінің көмегімен [Автокөлік баптаулары] [Орындықтардың баптаулары] орындықтардың жылытқышының немесе желдеткішінің баптауын орындауға болады.
Тиісті орындықтың жылыту (немесе желдету) функциясын қосу немесе өшіру үшін экранның төменгі бөлігіндегі OFF/ON түймесін түртіңіз.
Тиісті орындықтың жылытылу (немесе желдетілу) деңгейін баптау үшін реттеу аймағын түртіңіз немесе екі жағынан саусағыңызды жүргізіңіз.
- > Кондиционердің баптаулар экранының төменгі бөлігінде орындық пиктограммасын басу арқылы қалқыма терезеде тиісті орындықты жылыту (немесе) желдету функциясын баптауға болады.

i Пайдалы ақпарат

Бір орындықты жылыту және желдету функцияларын бірге қосу мүмкін емес.

⚠ Ескерту

- > Орындықтарды жылыту функциясын пайдаланған кезде жолаушылардың келесі санаттары ерекше абай болуы керек:
 - > сәбилер, балалар, қарттар, ауруы бар немесе мүгедек адамдар;
 - > терісі сезімтал адамдар;
 - > қатты шаршаған адамдар;
 - > алкоголь өнімдерін тұтынғандықтан немесе дәрілік препараттарды қабылдағандықтан, ұйқылы-ояу күйде отырған адамдар.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Орындықтарды және олардың электр жүйесін қайта жабдықтауға тыйым салынады. Бұл орындықтардың жылытқыштарының атқарымдығына және қызмет ету мерзіміне әсер етуі мүмкін.
- > Орындықтарды жылытқан кезде қатты қызып кетуіне жол бермеу үшін оларды жамылғылармен, жастықтармен және басқа да жылу оқшаулайтын әсері бар заттармен жаппаңыз.
- > Аккумулятор қуатының таусылуына жол бермеу үшін қозғалтқышты іске қоспай, орындықты жылыту функциясын ұзақ уақыт бойы пайдаланбаңыз.
- > Келесі жағдайлар қыздыру элементтерінің зақымдануына алып келуі мүмкін. Жылыту функциясын төмендегі мән-жайлардың жоқ екеніне көз жеткізгеннен кейін ғана қолданыңыз:
 - орындыққа көп су төгілген болса;
 - орындықты үшкір зат (түйреуіш, пышақ және т.б.) сызған болса;
 - орындықтан әдеттен тыс иіс шығып тұрса.

Артқы қатар орындықтарын реттеу

Арқалықтың еңкіштігін реттеу



- (A) Құлыпты ашу түймесі
- (B) Арқалықтың бұғатталу индикаторы
Арқалық бұғатталып тұрса, индикатор жасырылады (суретте көрсетілгендей); арқалық бұғаттан шығарылған кезде индикатор жоғары көтеріледі.

Арқалықтың 2 түрлі көлбеу бұрышы бар. Арқалықты қажетті көлбеу бұрышына реттеу үшін орындық арқалығының үстіңгі бөлігіндегі бұғаттан шығару түймесін жоғары қарай тартыңыз. Орындық арқалығының бекітілгенін (арқалықтың бұғатталу индикаторы жасырылған) алға-артқа жұлқып тексеріңіз.

⚠ Назар аударыңыз!

Орындық арқалығын орындық көпшігіне тегіс етіп жатқызбаған жөн. Қатты күш қолданбаңыз, бұл орындықты зақымдауы мүмкін.

Артқы қатар орындықтарының жылытқышы



3EB7B4B169F1

Оталдыру жүйесінің құлпы ON күйінде тұрғанда жылытқышты баптау үшін орындық жылытқышының түймесін басыңыз. Түймедегі индикатор тиісті орындықтың жылытылу деңгейін көрсетеді.

⚠ Ескерту

Жылыту функциясын пайдаланған кезде жолаушылардың келесі санаттары ерекше абай болуы керек:

- > сәбилер, балалар, қарттар, ауруы бар немесе мүгедек адамдар;
- > терісі сезімтал адамдар;
- > қатты шаршаған адамдар;
- > алкоголь өнімдерін тұтынғандықтан немесе дәрілік препараттарды қабылдағандықтан, ұйқылы-ояу күйде отырған адамдар.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Орындықтарды және олардың электр жүйесін қайта жабдықтауға тыйым салынады. Бұл орындықтардың жылытқыштарының атқарымдығына және қызмет ету мерзіміне әсер етуі мүмкін.
- > Орындықтарды жылытқан кезде қатты қызып кетуіне жол бермеу үшін оларды жамылғылармен, жастықтармен және басқа да жылу оқшаулайтын әсері бар заттармен жаппаңыз.
- > Аккумулятор қуатының таусылуына жол бермеу үшін қозғалтқышты іске қоспай, орындықты жылыту

функциясын ұзақ уақыт бойы пайдаланбаңыз.

- > Келесі жағдайлар қыздыру элементтерінің зақымдануына алып келуі мүмкін. Жылыту функциясын төмендегі мән-жайлардың жоқ екеніне көз жеткізгеннен кейін ғана қолданыңыз:

орындыққа көп су төгілген;

орындықты үшкір зат (түйреуіш, пышақ және т.б.) сызған;

орындықтан әдеттен тыс иіс шығып тұруы.

Артқы орындықтардың шынтақтаянышы



0EDA20B59E89


Ілмегінен тартып, артқы орындықтың шынтақтаянышын түсіруге болады, бұл артқы орындықтардың жолаушыларына қолдарын жайлы орналастыратын ыңғайлы тіреуді қамтамасыз етеді.

Артқы көрініс айналары

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.


Қараңғылау функциясын қолмен басқаратын ішкі артқы көрініс айнасы



- (A) Қалыпты күй
- (B) Қараңғылау функциясы бар күй

Қараңғылау режимін қосу үшін иінтіректі автокөліктің артқы бөлігіне қарай жылжытыңыз. Бұл күйде артта келе жатқан автокөліктердің фараларының жарығы қараңғыланады.

Бүйірлік сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу



- (A) Сыртқы сол жақ артқы көрініс айнасын таңдау түймесі
- (B) Сыртқы оң жақ артқы көрініс айнасын таңдау түймесі
- (C) Айнаны реттеу түймесі

Айналарды реттеу

1. Сыртқы артқы көрініс айнасын таңдау үшін сол немесе оң жақ сыртқы айнаны таңдау түймесін басыңыз. Белсенді күйге ауысқанын көрсетіп, түйменің индикаторы жанады.
2. Айнаны реттеу түймесінің «алға», «артқа», «солға» және «оңға» күйлерін баса отырып, сол жақ немесе оң жақ артқы көрініс айнасының бұрышын реттеуге болады.
3. Реттеу аяқталғаннан кейін сыртқы артқы көрініс айнасын таңдау түймесін және бір рет басыңыз, белсенді күйден шыққанын білдіріп, түйменің индикаторы сөнеді.

⚠ Ескерту

Жүріс кезінде артқы көрініс айналарын реттеуге тыйым салынады. Әйтпесе көлікті басқара алмай қалып, салдарынан апат орын алуы мүмкін.

Айналарды электржетек көмегімен жию

Сол жақ және оң жақ сыртқы айнаны таңдау түймелерін бірге басыңыз, олар автоматты түрде жиналады. Және бір рет бірге басыңыз, сонда сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жайылады.

Есіктерді құлыптаған кезде айналардың автоматты жиылуы

Сыртқы артқы көрініс айнасының жиылу режимін мультимедиа дисплейінің көмегімен баптауға болады [Автокөлік баптаулары] → [Жайлылық баптаулары] → [Сыртқы артқы көрініс айналарын жинау].

Автоматты режимде сыртқы айналардың жиналуы мен жазылуы есіктердің құлыпталуымен және құлыптардың ашылуымен біріктіріледі.

Ескерту

- > Қозғалысты бастамас бұрын артқы көрініс айналарын ашып, дұрыс реттеп алу керек.
- > Артқы көрініс айнасы жиылған немесе ашылған кезде саусақтарыңызды қысып алмаңыз.

Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту функциясы

Егер бүйірлік айналар қатып қалған немесе буланып тұрған болса, кондиционерді басқару панелінде орналасқан артқы әйнек жылытқышының пернесін басыңыз. Тиісті индикатор жанады және функция іске қосылады. Жылытуды өшіру үшін пернені қайта басыңыз.

Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту функциясы біраз уақыттан кейін автоматты түрде өшеді.

Ескерту

Жылыту функциясын қосқаннан кейін күйік шалудан сақтану үшін айналардан ұстауға тыйым салынады.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Реттеу тәсілдері



F2A08DFDC785

1. Руль астындағы реттеу тұтқасын жіберіңіз.
2. Рульді кеуде деңгейінде болатындай етіп реттеңіз. Аспаптар тақтасындағы барлық аспапты және индикаторды көре алатыныңызға көз жеткізіңіз.
3. Реттеуді аяқтағаннан кейін рульді бекіту үшін реттеу тұтқасын кері қайтарыңыз.

⚠ Ескерту

- > Қозғалыс кезінде рульдің күйін реттеуге тыйым салынады. Әйтпесе көлікті басқара алмай қалып, салдарынан апат орын алуы мүмкін.
- > Реттегеннен кейін рульдің мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Бекітілмеген рульдің кездейсоқ жылжып кетуі апатқа, ауыр жарақаттарға және тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Жылыту функциясы

Мультимедиа дисплейінің көмегімен [Автокөлік баптаулары] → [Жайлылық баптаулары] рульді жылыту функциясын қосуға немесе өшіруге болады.

⚠ Назар аударыңыз!

Қозғалтқыш өшіп тұрған кезде батареяның қуаты таусылып қалмас үшін рульді жылыту функциясын ұзақ уақытқа қоспаңыз, бұл қозғалтқыштың оталмай қалуына алып келеді.

Клаксон

Дыбыс сигналын беру үшін рульдегі клаксон белгісін немесе оның айналасындағы аймақты басыңыз.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Рейлингтер

Егер рейлингтерге жүк торын орнату қажет болса, орнату туралы ілеспе нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз.

i Пайдалы ақпарат

Жүксалғыш торды орнатқанда немесе жүкті тасымалдау үшін жүксалғыш торын қолданғанда жергілікті жол қозғалысы ережелерінің тиісті талаптарын сақтау қажет.

Рейлингтердің жүккөтергіштігі

Максималды жүккөтергіштік 50 кг-ды құрайды. Жылдамдық күрт төмендетілген жағдайда максималды жүккөтергіштік 35 кг-ды құрайды.


i Пайдалы ақпарат

Рейлингтердің жүккөтергіштігі көлденең арқалықтардың салмағын қамтиды.

▲ Ескерту

- > Апаттың алдын алу үшін жүк торына жүк сенімді бекітілуі керек.
- > Жүк торына жүк орналастырған жағдайда автокөліктің ауырлық ортасы көтеріледі. Жоғары жылдамдықпен жүргізуден, қозғалысты шұғыл бастаудан, кілт бұрылу әрекеттерінен, шұғыл тежеуден немесе шұғыл маневрлерден сақтаныңыз. Әйтпесе бұл басқаруды жоғалтуға немесе көлік құралының аударылуына алып келуі мүмкін.

- > Ауыр немесе ірі заттарды жүксалғыш торына салып тасымалдау кезінде ауырлық орталығының ығысуы мен қалқу мүмкіндігінің артуына байланысты автокөліктің жүру сапасы өзгереді, бұл апатқа ұшыратуы мүмкін. Сондықтан өз жүргізу стиліңіз бен жылдамдықты қазіргі сәттегі нақты жағдайларға сәйкес реттеу керек.
- > Бүйірден жел соғып тұрған жағдайда шағын жылдамдықпен жүріңіз. Қоршауларының ерекшеліктеріне және жоғары ауырлық ортасына байланысты автокөлік бүйірден соққан желге анағұрлым сезімтал. Жылдамдықты төмендету көлік құралын басқаруды жеңілдетеді.
- > Жолсыз немесе ойлы-қырлы жермен жүрген кезде жылдамдықты шектен асырмаңыз, селкілдеуге, кілт бұрылу әрекеттеріне, кедергілермен соқтығысуға жол бермеңіз. Бұл басқарудан айырылуға немесе автокөліктің аударылуына алып келуі мүмкін, мұның нәтижесінде жарақаттар немесе тіпті кісі өлімі орын алуы, сондай-ақ автокөліктің аспасы мен шассиіне күрделі зақым келуі мүмкін.
- > Тік беткейлерден қиғаш кесіп өтпеңіз, тікелей жоғары немесе төмен жүрген дұрыс. Тура жүрумен салыстырғанда автокөлік жеңіл аударылып кетуі мүмкін.
- > Жүк торын люк жабық тұрған кезде ғана пайдаланыңыз. Әйтпесе жүк торы немесе жүк жолаушыларға жарақат келтіруі мүмкін.

- > Таяу жарық  фараларын, габарит жарықтарын және нөмір белгісінің көмескі жарығын қосу үшін жарық ауыстырып-қосқышын таяу жарық режиміне бұраңыз.
- > Бас жарық ауыстырып-қосқышын AUTO режиміне ауыстырыңыз, осы кезде сыртқы жарықтандыруға байланысты габарит жарықтары мен таяу жарық автоматты түрде қосылады және өшеді.

Назар аударыңыз!



Күндіз тұманның әсерінен кейде жарық автоматты түрде қосылмауы мүмкін. Бұл жағдайда оны қолмен қосу қажет.

- > Жарықты автоматты басқару көлік жүргізуде тек көмекші құрал релін атқарады. Кез келген жағдайларда автокөліктің тиісті жарықтандырылуына жүргізуші жауап береді.
- > Автокөліктің барлық жарық аспабын өшіру үшін бас жарық ауыстырып-қосқышын OFF күйіне ауыстырыңыз.


Тұман фараларының ауыстырып-қосқышы



D9AA17A1B508

- > (Габарит жарықтар, нөмір белгісінің көмескі жарығы) қосұлы тұрған кезде тұман фараларының ауыстырып-қосқышын  алдыңғы тұман шамы күйіне ауыстырыңыз.
- > Таяу жарық немесе алдыңғы тұман шамы қосұлы тұрған кезде тұман фараларының ауыстырып-қосқышын  артқы тұман шамы күйіне ауыстырыңыз. Тұтқаны жібергенде ауыстырып-қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне қайтады.

Бұрылу және қозғалыс жолағын ауыстыру сигналдары




B6DD20687049

- (A) Қозғалыс жолағын ауыстыру сигналдары
- (B) Бұрылыс сигналдары
- > Қозғалыс жолағын ауыстыру сигналы: жарықты басқару құрамдасқан ауыстырып-қосқышын жоғары немесе төмен жеңіл жылжытыңыз. Тұтқаны жіберіңіз, құрамдасқан ауыстырып-қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне қайтып оралады, ал бұрылыс көрсеткішінің сәйкес сигналы 3 рет жыпылықтайды.
- > Бұрылыс көрсеткішінің сигналы: жарықты басқару құрамдасқан ауыстырып-қосқышын жоғары немесе төмен жылжытыңыз. Тұтқаны жіберіңіз, құрамдасқан ауыстырып-қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне қайтып оралады, ал бұрылыс көрсеткішінің сәйкес сигналы жыпылықтауын жалғастырады. Бұрылу аяқталғаннан кейін бұрылыс көрсеткіші автоматты түрде бастапқы күйіне қайтып оралады.

Жарықты басқару құрамдасқан ауыстырып-қосқышын жоғары немесе төмен бұру арқылы бұрылыс көрсеткіштерін қолмен өшіруге болады.

Шалғай және таяу жарықты қолмен ауыстырып қосу



565CC4E49B7F

- (A) Шалғай жарық қосулы
- (B) Шалғай жарықты жыпылықтату



- > Таяу жарық қосулы тұрған кезде шалғай жарықты қосу немесе өшіру үшін жарықты басқару құрамдасқан ауыстырып-қосқышын рульге және рульден сыртқа қарай басыңыз. Тұтқаны жіберсеңіз, құрамдасқан ауыстырып-қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне қайтады.
- > Жарықты басқару құрамдасқан ауыстырып-қосқышын рульдің бойымен жоғары қарай тартыңыз, осыдан кейін шалғай жарық жанады. Тұтқаны жіберсеңіз, құрамдасқан ауыстырып-қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне қайтады да, шалғай жарық сөнеді. Шалғай жарықты жыпылықтату үшін осы әрекетті бірнеше рет қайталаңыз.

Шалғай және таяу жарықты автоматты түрде ауыстырып қосу



07B558A834B1

Бұл функция автокөліктің жүріп келе жатқан жылдамдығына және даланың жарықтығына байланысты шалғай жарық пен таяу жарықты автоматты түрде ауыстырып қосуды қамтамасыз етеді.

Фаралар жарығын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясын қосу немесе өшіру үшін таяу жарық жанып, ал шалғай жарық қосылмай тұрған кезде шалғай және таяу жарықты автоматты түрде ауыстырып қосу түймесін  басыңыз. Оны іске қосқаннан кейін аспаптар тақтасында орналасқан шалғай және таяу жарықты автоматты түрде ауыстырып қосу функциясының индикаторы  жасыл түспен жанады.

⚠ Ескерту

Фаралар жарығын автоматты түрде ауыстырып қосу функциясы көмекші құрал болып табылады. Жүргізуші жолдағы жағдайға және ауа райына байланысты жарық пен көрініске сүйене отырып, шалғай фара жарығын таяу жарыққа және керісінше қолмен ауыстыра алады. Жарықты қолмен ауыстыру келесі жағдайларда қажет:

- > Ауа райының қолайсыз, мысалы: тұман, жаңбыр немесе қар сияқты жағдайлары.
- > Шұғыл бұрылыс немесе өрде жүру.
- > Қиылыста немесе қарсы жолақтар толық көрінбеген кезде, мысалы, жол қоршауының арғы бетіндегі қарсы келе жатқан автокөліктердің фаралары көрінбейтін кезде жүргенде немесе жоғары жылдамдықты жолмен жүргенде.
- > Құрылысы тығыз аймақтарда нашар жарықтандырылған кезде жүру.
- > Жолдың жанында жаяу жүргіншілер немесе аз қозғалатын көлік құралдары сияқты нашар жарықтандырылған жол қозғалысы қатысушыларының болуы.
- > Жолдың жанында жол белгілері сияқты жарықты қатты шағылыстыратын нысандардың болуы.
- > Алдыңғы әйнекте жаңбыр және жарық датчигінің жанында балшық, қырау немесе оның жұмысына кедергі келтіретін басқа да объектілердің бар.

Күндізгі жүріс жарықтары

Жол қозғалысының басқа қатысушылары көлігіңізді анық байқай алуы үшін қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін күндізгі жүріс жарығы автоматты түрде жанады. Мынадай жағдайлар орын алған кезде күндізгі жүріс жарықтары өшеді:

- > алдыңғы фаралар қосулы тұрғанда;
- > сол немесе оң жақтағы бұрылыс көрсеткіштерін қосқан кезде тиісті көрсеткіш жақтағы күндізгі жүріс жарықтары өшеді.

⚠ Ескерту

Күндізгі жүріс жарықтары түнде жүргізуге арналмаған.

Фараларды кешіктіріп өшіру функциясы

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы LOCK күйінде тұрып, негізгі жарық ауыстырып-қосқышы автоматты жарықтандыру күйінде болғанда дала жарығы таяу жарықты қосуды талап етсе, онда автокөлік есіктерін сыртынан құлыптағаннан кейін (есіктер механикалық кілтпен құлыптанбаған кезде), габарит жарығы мен таяу жарық біраз уақыт автоматты түрде жанып тұрады, осылайша, Сіз қараңғы кезде автокөліктен ұзай аласыз.

Алдыңғы тұман фараларының қосымша жарықтандыруы

Бұл функция тиісті бағытқа бұрылған кезде алдыңғы тұман шамын автоматты түрде қосады. Дұрысырақ жарықтандыру үшін барлық алдыңғы тұман шамы артқа жүргенде автоматты түрде қосылады.


Алдыңғы тұман фараларының қосымша жарықтандыруын қосу үшін келесі шарттарды бірге орындау қажет:

- > автокөлік 35 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен қозғалып келеді;
- > таяу жарық қосылып тұр;
- > бұрылыс көрсеткіші қосулы немесе рульдің бұрылу бұрышы 60°-тан асады.
- > алдыңғы тұман шамдары өшірілуі.

Шұғыл тежеу туралы ескерту

Егер автокөлік жылдамдығы 50 км/сағ шамасынан асса, шұғыл тежеу кезінде бұрылыс көрсеткіштері жыпылықтай бастайды.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі



73943FBEA4AF

Автокөлік бұзылған немесе жол-көлік оқиғасы болған жағдайда жол қозғалысының басқа қатысушыларына ескерту үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу қажет.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу немесе өшіру үшін ажыратқышты басыңыз.

Фаралардың жарық шоғының биіктігін реттеу



C0D59DDC1D62

Жолаушылар саны мен автокөліктің салмағына байланысты фаралардың жарық шоғының биіктігін реттеңіз.

- > Ауыстырып-қосқышты жоғары айналдырыңыз: алдыңғы фаралардың жарық шоғының биіктігі жоғарылайды.

- > Ауыстырып-қосқышты төмен айналдырыңыз: алдыңғы фаралардың жарық шоғының биіктігі төмендейді.

Аспаптар тақтасы көмескі жарығының реттегіші



25BF5E177FEB

- > Түйменің жоғарғы жағын басыңыз: аспаптар тақтасы мен автокөлік салонының көмескі жарығының деңгейі артады.
- > Түйменің төменгі жағын басыңыз: аспаптар тақтасы мен автокөлік салонының көмескі жарығының деңгейі азаяды.

Салон жарығы



Кітап оқуға арналған шам

⚠ Назар аударыңыз!

Қозғалтқыш оталмай тұрғанда автокөліктің ішкі жарығын ұзақ уақыт қосулы күйінде қалдырмаңыз. Әйтпесе бұл аккумулятор батареясы қуатының таусылуына әкелуі мүмкін.





D4DD4C59DCC3

- > Кітап оқуға арналған шамды қосу немесе өшіру үшін ажыратқышты  басыңыз.
- > Есік ашық тұрғанда салонды жарықтандыру функциясын қосу немесе өшіру үшін жарықтандыру ажыратқышын  басыңыз. Салонды жарықтандыру функциясы іске қосылғаннан кейін есіктер ашылғанда кітап оқуға арналған шам есіктің күйіне байланысты автоматты түрде жаңады немесе өшеді.

Төбе плафоны



A38991EAA621

- > Есік ашық тұрғанда салонды жарықтандыру функциясын қосу немесе өшіру үшін жарықтандыру ажыратқышын  басыңыз. Есік ашық тұрғанда салонды жарықтандыру функциясы қосылғаннан кейін төбе плафондары есіктің күйіне байланысты автоматты түрде қосылады немесе өшеді.
- > Төбе плафонын қосу немесе өшіру үшін ажыратқышты  басыңыз.

Жүксалғыштың көмескі жарығы

Жүксалғыш есігін ашқан немесе жапқан кезде жүксалғыштың көмескі жарығы автоматты түрде қосылады немесе өшеді.


Әйнектазартқыштарды басқару

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Алдыңғы әйнектазартқыштар

Алдыңғы әйнектазартқыштардың жұмыс режимдері



275CCCA3323B

(A) Үзік режим (MIST)

Әйнектазартқыштарды басқаратын құрамдасқан қосқышты MIST күйіне жоғары жылжытып, жібере салыңыз. Ауыстырып-қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне оралады, ал алдыңғы әйнектазартқыштар 1 рет сүртеді.

(B) Алдыңғы әйнек тазартқыштарды өшіру (OFF)

(C) Автоматты режим (AUTO)

(D) Төмен жылдамдық (LO)

(E) Жоғары жылдамдық (HI)

⚠ Назар аударыңыз!

- > Егер алдыңғы әйнек ластанған немесе оған бөгде объектілер (қар, сағыз және т.с.с.) жабысқан болса, әйнекті ластанулардан тазалап алу қажет. Әйтпесе бұл әйнектазартқыштардың щеткаларының немесе механизмінің зақымдануына алып келуі мүмкін.
- > Жылдың суық мезгілінде әйнектазартқыштарды іске қоспас бұрын олардың алдыңғы әйнекке жабысып, қатып қалмағанына көз жеткізіңіз. Жабысып қатып қалған болса, оларды ерігеннен кейін ғана қолдануға болады. Әйтпесе әйнектазартқыштар және олардың электржетегі зақымдалуы мүмкін.
- > Әйнекке қардың жиналуына немесе қандай да бір басқа себепке байланысты әйнектазартқыштардың жұмысы бұзылған жағдайда оларды өшіріңіз, автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және әйнектазартқыштардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін әйнекті қардан және бөгде заттардан тазалаңыз.

Әйнектазартқыштардың жұмыс істеу жиілігін автоматты режимде реттеу



4C411A8EFC4D

Реттеу түймесін бұрау арқылы жаңбыр және жарық датчигінің жаңбыр қарқындылығына сезімталдығын өзгертуге болады. Осылайша, алдыңғы әйнектазартқыштардың жұмыс істеу жиілігі автоматты режимде өзгереді.

⚠ Ескерту

- > Жаңбыр және жарық датчигі жауын-шашынға барлық кезде бірдей әрекет ете бермейді, сондықтан кейде әйнектазартқыштар автоматты түрде іске қосылмауы мүмкін. Егер алдыңғы әйнектегі жаңбыр түріндегі жауын-шашын көру мүмкіндігіне кедергі жасаса, әйнектазартқыштардың жұмыс режимін қолмен реттеу қажет.
- > Егер алдыңғы әйнектазартқыштар AUTO режимінде тұрған кезде алдыңғы әйнектің ішкі артқы көрініс айнасының тұсынан сыртынан түртсеңіз немесе алдыңғы әйнек дірілдейтін болса, алдыңғы әйнектазартқыштар күтпеген жерден іске қосылып кетуі мүмкін. Әйнектазартқыш щеткалары саусақтарыңызды қысып қалмауы үшін сақ болуыңыз қажет.
- > Көлікті жуу кезінде немесе алдыңғы әйнектазартқыштарды пайдалану қажет болмаған кезде алдыңғы әйнектазартқыштарды AUTO күйіне қоймаңыз. Әйтпесе олар күтпеген жерден іске қосылып кетуі мүмкін.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Егер алдыңғы әйнектің ішкі артқы көрініс айнасына жақын жердегі беті ластанған немесе оған бөгде объектілер (қар, сағыз және т.с.с) жабысқан болса, әйнекті ластанулардан тазалап алу қажет. Әйтпесе бұл әйнектазартқыштардың автоматты режимдегі қалыпты жұмысына кері әсер етуі мүмкін.
- > Қар түйіршіктерінің пішіні әртүрлі болатындықтан, қар түйіршіктері датчикке тиіп тұрса да, жауын және жарық датчигі кейде жауын-шашынды дұрыс анықтай алмай қалуы мүмкін. Сондықтан алдыңғы әйнектазартқыштар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Қар түйіршіктері ерігеннен кейін алдыңғы әйнектазартқыштар автоматты түрде қосылуы мүмкін.

Жуғыш функциясы



930465496923

Алдыңғы әйнектазартқыштардың құрамдасқан ауыстырып-қосқышын рульге қарай тартыңыз және осы күйде ұстап тұрыңыз. Алдыңғы әйнектазартқыштар жуу сұйықтығын қолдана отырып, алдыңғы әйнекті тазалайды. Тұтқаны жіберіңіз, құрамдасқан ауыстырып-қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне қайтады.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Жуғышты ұзақ уақыт пайдаланбаңыз. Әйтпесе жуғыштың жетегі істен шығуы мүмкін.

Электржетекті қорғау үшін жуғыш біршама уақыт жұмыс істегеннен кейін автоматты түрде өшуі мүмкін.

- > Жуғыш сұйықтығы жеткіліксіз болса, уақтылы толтырып құйыңыз. Жылдың суық мезгілінде мұз болып қатпайтын сұйықтық қолдану қажет. Әйтпесе мұз қату салдарынан тек жуу функциясы ғана жойылмай, сонымен қатар құрылғының бөлшектері де зақымдалуы мүмкін.
- > Алдыңғы әйнекке гальваникалық жабын түзуі мүмкін өнімдер (мысалы, металл кристалдары немесе үлдірлі жабын, әйнек пішінді үлдір түзетін және т.с.с.) қолданбаңыз, әйтпесе бұл әйнектазартқыштардың әдеттен тыс қозғалысы мен дыбысына алып келуі мүмкін.
- > Алдыңғы әйнектазартқыштың щеткаларын майлы негіздегі тазартқыш құралдардың әсеріне ұшыратпаңыз, себебі бұл химиялық реакция тудыруы және щетка

қырғыштарының күрделі деформациясына алып келуі мүмкін.

Қысқы режим

Жылдың суық мезгілінде төмендегі жағдайлар бірге орындалған жағдайда әйнектазартқыштар қысқы режимге ауысады:

- > қоршаған орта температурасы 0°C-тан төмен болғанда;
- > автокөлік жылдамдығы 5 км/сағ-тан кем болғанда.

Қысқы режимге ауысқаннан кейін тіпті құрылғы контроллері әйнектазартқыштардың автоматты түрде қосылуына рұқсат берсе де, әйнектазартқыштар жұмыс істемейді. Қоршаған ортаның температурасы 0°C-тан асса немесе автокөлік жылдамдығы 5 км/сағ-тан көбейсе, әйнектазартқыштар қысқы режимнен шығады.


i Пайдалы ақпарат

Бір рет қуат беру циклінің шеңберінде қысқы режим бір рет қана іске қосылады.

Артқы әйнектазартқыш



2603A334FC6A

- > Артқы әйнектазартқышты қосу үшін артқы әйнектазартқышты басқару ауыстырып-қосқышын ON күйіне бұраңыз.
- > Артқы әйнектазартқышты басқару тұтқасын артқы әйнекті тазарту күйіне  бұраңыз және осы күйде ұстап тұрыңыз; артқы әйнектазартқыш әйнекті жуу сұйықтығын қолдана отырып

тазалайды. Тұтқаны жіберіңіз, ауыстырып-қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне қайтады.

Артқы көрініс камерасын тазалау функциясымен жабдықталған автокөліктер үшін бұл функция артқы әйнектің жуғышымен бірге қосылатын немесе өшірілетін болады.

- > Артқы әйнектазартқышты өшіру үшін артқы әйнектазартқышты басқару ауыстырып-қосқышын OFF күйіне бұраңыз.

Алдыңғы әйнектазартқыш бүріккішін жылыту функциясы

Алдыңғы әйнектазартқыш бүріккішін жылыту функциясымен жабдықталған автокөліктер үшін бұл функция кондиционер жүйесінің алдыңғы әйнекті жылыту функциясымен бірге қосылады немесе өшеді. Бұл функцияны қосу алдыңғы әйнек жуғыш бүріккіштерінің қатып және бітеліп қалуын біртіндеп жоюға мүмкіндік береді.


Алдыңғы әйнектазартқыштардың жұмыс істеу жиілігін автоматты түрде төмендету функциясы

Автокөліктің жылдамдығы 12 км/сағ-тан асып тұрған кезде алдыңғы әйнектазартқыштар төмен немесе жоғары жылдамдық режимінде жұмыс істеп тұрса, содан кейін жылдамдық 4 км/сағ-қа дейін төмендегенде алдыңғы әйнектазартқыштар автоматты түрде жұмыс істеу жиілігін төмендетеді. Автокөліктің жылдамдығы 12 км/сағ-тан асқан кезде алдыңғы әйнектазартқыштар автоматты түрде ағымдағы жұмыс істеу жиілігіне қайтып оралады.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Климат-контроль жүйесін басқару панелі



F774D87395FB

i Пайдалы ақпарат

Автокөлік конфигурациясында айырмашылықтардың болуына байланысты алдыңғы және артқы әйнекті жылыту түймелерінің орналасуы суреттегі кескінмен сәйкес келмеуі мүмкін. Автокөліктің нақты конфигурациясына қараңыз.

- > Климат-контроль жүйесін OFF түймесін басу арқылы қосуға немесе өшіруге болады. Кондиционердің қосылғанын көрсетіп, сәйкес индикатор жанады.
- > Салқындату режимін қосу немесе өшіру үшін A/C түймесін басыңыз. Осы кезде қосылған салқындату режимі туралы белгі беретін сәйкес индикатор қосылады. Осыдан кейін автокөлік салонындағы температураны және ылғалдылықты төмендетуге болады.

- > Ауа үрлеу қарқындылығын ауа ағынының күшін азайту түймесін басу арқылы төмендетуге болады.

Ауа үрлеу қарқындылығын ауа ағынының күшін көбейту түймесін басу арқылы жоғарылатуға болады.

- > Ауа үрлеу режимін ауыстырып қосу MODE түймесін басу арқылы жүргізіледі.
- > Температураны төмендету түймесін басу арқылы температураны азайтуға болады.

Температураны жоғарылату түймесін басу арқылы температураны көбейтуге болады.



- > Ауаның ішкі циркуляциясы режимін қосу немесе өшіру ауаның ішкі циркуляциясы түймесін басу арқылы орындалады. Егер тиісті индикатор жанса, бұл ішкі ауа айналымы режимінің қосылғанын білдіреді. Егер тиісті индикатор сөнсе, бұл сыртқы ауа айналымы режимі қосылғанын білдіреді.

i Пайдалы ақпарат

- > Қалыпты жағдайларда сыртқы циркуляция режимін қолдануға кеңес береміз. Атап айтқанда, бұл режимді компрессор өшірулі тұрған кезде қолдануға кеңес беріледі, себебі ішкі циркуляция режимі мұндай жағдайларда терезелердің булануына алып келеді.
- > Тоннельдің ішінде немесе автокөлік кептелісінде, ластанған көше ауасы жағдайларында жүріп бара жатқанда, сондай-ақ автокөлік салонындағы температураны тез төмендету немесе жоғарылату қажет болған кезде ішкі циркуляция режимін қолдану қажет.
- > Автоматты режимді AUTO түймесін басу арқылы өшіруге болады. Бұл кезде автоматты режим қосулы екенін көрсететін сәйкес жарық индикаторы жанады. Кондиционер жүйесі белгіленген температураға жету үшін үрлеу режимін және оның қарқынын автоматты түрде реттеп тұрады.

i Пайдалы ақпарат

Егер кондиционер жүйесінде автоматты түрде реттелген үрлеу режимі мен қарқындылық қалауыңызға сәйкес келмесе, оларды қолмен реттеуге болады. Мұндай кезде автоматты режим өшіріледі, ал жарық индикаторы сөнеді.

- > Алдыңғы әйнекті жылыту функциясын қосу немесе өшіру үшін алдыңғы әйнекті жылыту түймесін  басыңыз. Егер сәйкес индикатор жанып тұрса, бұл алдыңғы әйнекті жылыту функциясының қосулы екенін білдіреді. Бұл әйнек пен есік әйнектерінің қатуын немесе булануын біртіндеп жояды.
- > Артқы әйнекті жылыту функциясын қосу немесе өшіру үшін артқы әйнекті жылыту түймесін  басыңыз. Егер тиісті индикатор жанып тұрса, бұл артқы әйнекті жылыту функциясының қосылып тұрғанын білдіреді. Бұл артқы әйнектің қатуын біртіндеп жоюға мүмкіндік береді.

⚠ Ескерту

Артқы әйнекті жылыту функциясы қосылғаннан кейін әйнек қатты қызады. Ұстамаңыз! Күйіктен сақтаныңыз!

⚠ Назар аударыңыз!

Аккумулятор қуатының таусылуына жол бермеу үшін бұл функцияны қозғалтқыш өшіп тұрғанда ұзақ уақыт бойы қолданбаған жөн.

Кондиционер баптауларының экраны



- > Ауаны кондициялау жүйесін өшіру үшін OFF түймесін түртіңіз.
- > Автоматты режимді қосу үшін AUTO түймесін түртіңіз. Ауаны кондициялау жүйесі белгіленген температураға жету үшін үрлеу режимін және оның қарқынын автоматты түрде реттейді.


i Пайдалы ақпарат

Егер кондиционер жүйесінде автоматты түрде реттелген үрлеу режимі мен қарқындылық қалауыңызға сәйкес келмесе, оларды қолмен реттеуге болады. Мұндай кезде автоматты режим өшіріледі, ал жарық индикаторы сөнеді.

- > A/C сенсорлық түймесін түрту арқылы салқындату режимін қосуға немесе өшіруге болады. Салқындату режимі қосылғаннан кейін салондағы температура мен ылғалдылықты төмендетуге болады.
- > Аймақтарды басқару режимін қосу немесе өшіру үшін DUAL түймесін түртіңіз. Аймақтарды басқару режимін қосқаннан кейін жүргізуші жағы мен жолаушы жағындағы температураны бөлек реттеуге болады.
Аймақтарды басқару режимін өшіргеннен кейін жолаушы жағындағы температура жүргізуші жағындағы температураның реттеуімен бірге өзгереді.

i Пайдалы ақпарат


Жолаушы жағындағы температураны реттеген кезде кондиционер жүйесі автоматты түрде аймақтарды басқару режимін қосады.

- > Ауаны кондициялау жүйесінің ішкі және сыртқы циркуляция режимдерін ауыстырып қосу үшін циркуляция режимінің түймесін  түртіңіз.
Егер тиісті индикатор жанса, бұл ішкі ауа айналымы режимінің қосылғанын білдіреді.
Егер тиісті индикатор сөнсе, бұл сыртқы ауа айналымы режимі қосылғанын білдіреді. Бұл жағдайда автокөлікке ауа сырттан кіреді.

i Пайдалы ақпарат

- > Қалыпты жағдайларда сыртқы циркуляция режимін қолдануға кеңес береміз. Атап айтқанда, бұл режимді компрессор өшірулі тұрған кезде қолдануға кеңес беріледі, себебі ішкі циркуляция режимі мұндай жағдайларда терезелердің булануына алып келеді.

> Тоннельдің ішінде немесе автокөлік кептелісінде, ластанған көше ауасы жағдайларында жүріп бара жатқанда, сондай-ақ автокөлік салонындағы температураны тез төмендету немесе жоғарылату қажет болған кезде ішкі циркуляция режимін қолдану қажет.


> Қозғалтқышты іске қосқаннан кейін, сыртқы ауа температурасы +5 °С төмен болғанда алдыңғы әйнекті жылыту функциясын қосу немесе өшіру үшін  жылыту түймесін түрткізіңіз. Жанып тұрған индикатор алдыңғы әйнек жылытқышының қосулы тұрғанын білдіреді. Бұл функция алдыңғы әйнекті қатқан мұз бен қардан тез тазалауға мүмкіндік береді.


Функцияны іске қосқаннан немесе қозғалтқыш тоқтағаннан кейін біршама уақыт өткенде алдыңғы әйнекті жылыту автоматты түрде өшеді, ал тиісті жарық индикаторы сөнеді.

Алдыңғы әйнектазартқыш бүріккішін жылыту функциясымен жабдықталған автокөліктер үшін бұл функция кондиционер жүйесінің алдыңғы әйнекті жылыту функциясымен бірге қосылады немесе өшеді. Бұл функцияны қосу алдыңғы әйнек жуғыш бүріккіштерінің қатып және бітеліп қалуын біртіндеп жоюға мүмкіндік береді.

Ескерту

Алдыңғы әйнекті жылыту функциясы қосылғаннан кейін алдыңғы әйнек пен алдыңғы әйнектазартқыштың бүріккіштері қатты қыздырылады. Оларды ұстауға болмайды. Күйіктен сақтаныңыз!

> Алдыңғы әйнекті жылыту функциясын қосу немесе өшіру үшін алдыңғы әйнекті жылыту түймесін  түрткізіңіз. Егер сәйкес индикатор жанып тұрса, бұл алдыңғы әйнекті жылыту функциясының қосулы екенін білдіреді. Бұл әйнек пен есік әйнектерінің қатуын немесе булануын біртіндеп жояды.

> Артқы әйнекті жылыту функциясын қосу немесе өшіру үшін артқы әйнекті жылыту түймесін  түрткізіңіз. Егер тиісті индикатор жанып тұрса, бұл артқы әйнекті жылыту функциясының қосылып тұрғанын білдіреді. Бұл артқы әйнектің қатуын біртіндеп жоюға мүмкіндік береді.

Артқы әйнекті жылыту функциясы қосылғаннан кейін, ол біраз уақыттан соң автоматты түрде ажырайды және сәйкес индикатор сөнеді.


Ескерту

Артқы әйнекті жылыту функциясы қосылғаннан кейін әйнек қатты қызады.

Ұстамаңыз! Күйіктен сақтаныңыз!

Назар аударыңыз!













Аккумулятор қуатының таусылуына жол бермеу үшін бұл функцияны қозғалтқыш өшіп тұрғанда ұзақ уақыт бойы қолданбаған жөн.

> Кондиционер режимінің баптаулары терезесін шақыру үшін  баптаулар түймесін түрткізіңіз. AUTO режимінде климат-контроль жүйесінің жайлылық режимін баптау:

Орташа: стандартты режиммен салыстырғанда анағұрлым жұмсағырақ салқындату немесе жылыту режимін, сондай-ақ ауа үрлеудің төмен қарқындылығын қамтамасыз етеді.

Стандартты: климат-контроль жүйесі температура мен ауа үрлеу қарқындылығын пайдаланушының белгілеген температурасына байланысты автоматты түрде реттейді.

Күшті: стандартты режиммен салыстырғанда анағұрлым күштірек салқындату немесе жылыту режимін, сондай-ақ ауа үрлеудің жоғары қарқындылығын қамтамасыз етеді.

-
- > Температураны реттеу үшін температураны төмендету  немесе температураны жоғарылату  түймесін түртіңіз.
Сондай-ақ температураны төмендету түймесі  мен температураны жоғарылату түймесінің  арасындағы реттеу аймағын түрту немесе саусағыңызбен жүргізу арқылы да температураны реттеуге болады.
 - > Ауаны бетке үрлеу , бетке/аяққа үрлеу , аяққа үрлеу  немесе аяққа/өйнекке үрлеу  режимін таңдау түймелерін түртіп, тиісті үрлеу режимін таңдауға болады.
 - > Ауаның берілу қарқынын ауаның берілуін азайту  немесе көбейту  сенсорлық түймелерін түрту арқылы реттеуге болады.
 - > Ауа үрледі реттеу үшін ауа үрлеу қарқындылығын азайту түймесі  мен ауа үрлеу қарқындылығын көбейту түймесінің  арасындағы реттеу аймағын түртіңіз немесе саусағыңызды жүргізіңіз.

Климат-контроль жүйесін басқару

Салқындату / жылыту

Қозғалтқышты қосқаннан кейін:

1. AUTO режимін таңдаңыз, бұл кезде тиісті индикатор жанады. Бұл кезде компрессор қоршаған орта температурасына байланысты автоматты түрде қосылады немесе өшеді.
2. Қажетті температураны белгілеңіз, сонда климат-контроль жүйесі орнатылған температураға жету үшін үрлеу режимін және оның қарқынын автоматты түрде реттейді.
3. Ішкі циркуляция режимінде ауаны салқындату және жылыту тезірек орындалады, бұл үнемдеуге және жайлылыққа ықпал етеді.

Алдығы әйнекті жылыту / булануын жою

Қозғалтқышты қосқаннан кейін:

1. Алдыңғы әйнекті жылыту режимін таңдаңыз, сәйкес индикатор жанады.
2. Қалаған үрлеу қарқынын, температураны реттеуге, компрессорды қосуға немесе өшіруге, сондай-ақ ішкі және сыртқы циркуляция режимдері арасында ауыстырып қосуға болады.

i Пайдалы ақпарат

Салондағы ауа лас болса немесе әйнектер буланып кетсе, сыртқы ауа айналымын қосу керек.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Кондиционердің радиаторы мен конденсаторын жүйелі түрде тексеріңіз. Олардың бетінде жиналған жапырақтарды, жәндіктерді және кірді кетіру үшін қысымы төмен су пистолетін немесе жұмсақ щетканы пайдаланыңыз. Әйтпесе балшық ауаның келіп отыруына кедергі жасауы және салқындату тиімділігін төмендетуі мүмкін.
- > Кондиционерді жүйелі түрде қосу компрессордың және тығыздауыштардың қажетті майлану

деңгейін ұстап отыруға және олардың ағып кетуін болдырмауға мүмкіндік береді. Тіпті кондиционерді қолдану қажет болмайтын жылдың суық мезгілінде де оны кемінде аптасына бір рет кемінде 10 минутқа қосып отырыңыз.

- > Егер кондиционер жүйесі ауаны айтарлықтай тиімді салқындатпаса, оны тексерту және жөндету үшін сервис орталығына жүгініңіз.
- > Хладагентті тікелей атмосфераға төгу қоршаған ортаға зиян келтіреді. Хладагентті оқыған және сертификаты бар мамандар тиісті контейнерлерді пайдалана отырып жинауы тиіс.

i Пайдалы ақпарат

Кондиционерден шығатын бөтен иіс

- > Иіс көзі

Кондициялау ішкі және сыртқы ауаның алмасуынан тұрады. Ұзақ пайдаланғаннан кейін кондиционерде кір жиналады, бұл зеңнің және көгерген иістің пайда болуына әкеп соғады.

Кондиционер сүзгілерін ұзақ уақыт бойы қолданған жағдайда, оларда судың булары және шаң-тозаң жиналуы мүмкін, бұл да бөтен иістің пайда болуына алып келеді.

- > Ұсынылатын шаралар


Егер автокөлік сыртындағы ауа айтарлықтай таза болса, салондағы ауа тұрақты түрде жаңарып отыруы үшін сыртқы циркуляция режимін қосыңыз.

Алдымен кондиционер компрессорын (A/C) өшіру керек, айдауыш 3-5 минут бойы ауа беріп тұрады. Содан кейін оны кептіру және өңездің пайда болуына жол бермеу үшін кондиционер жүйесін өшіріңіз.

Күшті иіс шықса, тексеру үшін сервис орталығына хабарласу керек. Қажет болса, кондиционер сүзгісін тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.

Кондиционер жүйесінің дефлекторлары

Алдыңғы қатардағы дефлекторлар





Дефлекторды ашу немесе жабу үшін дефлектордың ортаңғы бөлігіндегі реттегішті бұраңыз.

Ауа ағынының бағытын реттеу үшін дефлектордың ортаңғы бөлігіндегі реттегішті жылжытыңыз.

Артық қатардағы дефлектор



Ауа ағынының бағытын реттеу үшін дефлектордың ортаңғы бөлігіндегі реттегішті жылжытыңыз.

Реттегішті  не  көрсеткісімен көрсетілген бағытқа ауыстыра отырып, дефлекторды соңғы күйіне жабуға болады.

Ұсақ-түйекке арналған бөлімнің дефлекторы



Ұсақ-түйекке арналған бөлімнің желдету қақпағын ашу үшін оны басыңыз, жабу үшін жоғары тартыңыз.

Қақпақты ашқаннан кейін кондиционер жүйесі бетке ауа үрлеу режимінде немесе бетке/аяққа ауа үрлеу режимінде тұрса, кондиционер жүйесінің ауа ағынын бөлім ішіне бағыттауға болады.

Пайдалы ақпарат

Ұсақ-түйекке арналған бөлімге ауа үрлеу температурасына кондиционер жүйесінің жұмыстық күйі әсер етеді.


- > Кондиционер жүйесі бетке ауа үрлеу режимінде немесе бетке/аяққа ауа үрлеу режимінде тұрса ғана, кондиционер жүйесінің ауа ағынын бөлім ішіне бағыттауға болады. Өдетте ұсақ-түйекке арналған бөлімнің ішіне салқын ауа кіреді.
- > Кондиционер жүйесін жылыту үшін қолданған жағдайда, бетке ауа үрлеу режиміне немесе бетке/аяққа ауа үрлеу режиміне қолмен ауыстырып қоссаңыз, ұсақ-түйекке арналған бөлімге ыстық ауа беріледі.

Ішкі жабдық

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Күнқағар



920E62AAC549


Егер күн сәулесі көзге түссе, күнқағарды түсіріңіз.



1971B9BA3A27

Бүйірден түсетін күннен қорғану үшін күнқағарды түсіріп, ілгектен ағытып, күнқағарды бүйірге қайырып қойыңыз.

Косметикалық айна



2D879B3636C3

Күнқағардың ішкі жағында косметикалық айна орналасқан. Пайдалану үшін айнаның қақпағын ашыңыз.

Егер косметикалық айна қолданылмаса, қақпақты жауып қойыңыз.

Ұсақ-түйек сақтауға арналған құрылғылар

Ұсақ-түйек тартпасы



CD20AAF3F1B5

Ұсақ-түйек тартпасының түймесін басыңыз. Тартпа автоматты түрде ашылады.

Ұсақ-түйек тартпасын жабу үшін қақпақты жоғары итеріңіз.

⚠ Ескерту

Ұсақ-түйек тартпасы қозғалыс кезінде жабық болуы керек. Әйтпесе апат немесе шұғыл тежеу кезінде ұсақ-түйек тартпасындағы заттар ұшып, жарақат келтіруі мүмкін.

Көзілдірікке арналған футляр



02E02E3D9CF9

Көзілдірікке арналған футляр қақпағын басу арқылы ашылады.

Көзілдірікті салған кезде екі құлағын жинау қажет. Көзілдірік линзалары алға және құлақтары жоғары қаратылып салынады. Олай болмаса, футлярды ашқан кезде көзілдірік құлап түсуі мүмкін.

Ескерту

Қозғалыс кезінде көзілдірікке арналған футляр жабық болуы тиіс.

Пайдалы ақпарат

- > Үлкен өлшемді көзілдірік футлярға сыймауы мүмкін.
- > Конфигурациясындағы айырмашылықтарына байланысты кейбір автокөлік модельдері көзілдірікке арналған футлярмен жабдықталмаған болуы мүмкін. Автокөліктің нақты жинақтамасына сүйеніңіз.

Ұсақ-түйекке арналған бөлімдер

Алдыңғы қатардың алдыңғы шынтақтаянышының алдында



1351F01BD194

Ұсақ-түйекке арналған бөлімді біршама қашықтыққа алға/артқа жылжытуға болады. Артқа жылжытсаңыз, стақанқойғыштарды көруге болады.

Алдыңғы қатар орындықтарының арасында



523E2F3F0CE4

Қолдану үшін жай ғана алдыңғы орындықтың шынтақтаянышын жоғары көтеріңіз. Ұсақ-түйекке арналған бөлімнің кеңістігі кондиционермен байланыстырылған және желдетіле алады. (▷ 57-бет)

Рульдің жанында



A809B5F1BCF7

Қолдану мақсатында ашу үшін жай ғана бөлімді басыңыз және жіберіңіз. Бұл бөлім төмен және банк карталары, ұсақ ақша, кілттер және т.с.с. ұсақ заттар үшін қолданылады. Басқа ірі заттарды салуға жарамайды.

Бөлім қолданылмайтын кезде орнына қайтару үшін қақпағын басыңыз.

⚠ Назар аударыңыз!

Бөлімді күлсауыт ретінде қолданбаңыз. Ұсақ-түйекке арналған бөлім пластиктен жасалған, күлдің жоғары температурасы оны зақымдауы, тіпті өрттің шығуына алып келуі мүмкін.

Сол жақта аспаптар тақтасының астында



44362F676D68

Қолдану үшін түймесін басыңыз, бөлім автоматты түрде ашылады.

Бұл бөлім жүргізуші куәлігі және т.с.с. заттар үшін қолданылады. Басқа ірі заттар салуға жарамайды.

Бөлім қолданылмайтын кезде орнына қайтару үшін қақпағын жоғары қарай көтеріңіз.

⚠ Назар аударыңыз!

Бөлімнің ішіне су немесе басқа сұйықтықтар құймаңыз. Сақтандырғыштар блогы бөлімнің артқы бөлігінде орналасқандықтан, ылғалдың кіруі сақтандырғыштарды зақымдауы мүмкін.

Алдыңғы қатардағы стақанқойғыштар

Алдыңғы қатардағы стақанқойғыштарды ашу үшін ұсақ-түйекке арналған бөлімді артқа жылжытыңыз.




EE1D2D7767C8

⚠ Назар аударыңыз!

- > Тым шағын немесе айтарлықтай тұрақты емес сусын қалбырларын стақанқойғыштарға салмаңыз, әйтпесе олар аударылып кетуі мүмкін.
- > Сұйықтық төгілмеуі үшін сусыны бар қалбырдың қақпағының жабық тұрғанын тексеріңіз.

Алдыңғы қатардағы стақанқойғыштарды шешіп алу



D899CF2EA7B9

Бөлімнің қабырғасынан ажырату үшін стақанқойғыштардың бекіткішін артқа жылжытыңыз, содан кейін стақанқойғыштарды шығарып алыңыз. Стақанқойғыштарды ұсақ-түйекке арналған бөлімнің қабырғасының бойына салыңыз және стақанқойғыштарды бекіту үшін бекіткішті алға жылжытыңыз.

Артқы қатардағы стақанқойғыштар




4F3CB3866BC8

Артқы қатар орындықтарының шынтақтаянышын шеткі төменгі күйге түсіріңіз.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Тым шағын немесе айтарлықтай тұрақты емес сусын қалбырларын стақанқойғыштарға салмаңыз, әйтпесе олар аударылып кетуі мүмкін.
- > Сұйықтық төгілмеуі үшін сусыны бар қалбырдың қақпағының жабық тұрғанын тексеріңіз.

Бөтелкеге арналған қуыс



5E46FE510ACB

Әрбір есіктің ішкі жағында бөтелкеге арналған қуыс бар, оған тек тығыз жабылған бөтелкелерді ғана орналастыруға болады.

⚠ Ескерту

Бөтелкеге арнаған қуысқа басқа заттарды салмаңыз. Әйтпесе жол апаты орын алғанда немесе шұғыл тежеген кезде бөгде заттар қуыстан құлап түсіп, жарақат келтіруі мүмкін.

⚠ Назар аударыңыз!

Сұйықтық төгілмеуі үшін бөтелке қақпағының жабық тұрғанын тексеріп алыңыз.

Жүк ілгіші

Орталық консольдің оң жағында



18F0098E8BC9

Қолдану үшін жүк ілгішінің үстіңгі жағын басыңыз және жіберіңіз, жүк ілгіші сәл ашылады. Содан кейін жүк ілгішін төмен қайырыңыз.

Ілгіш қолданылмайтын кезде орнына қайтару үшін оны жоғары қайырыңыз және оның үстіңгі жағын басыңыз. Жүк ілгішіне тек жеңіл заттарды ғана ілуге болады. Максималды жүктеме жүк ілгішінде көрсетілген салмақтан аспауы тиіс. Сапарға шығар алдында барлық заттың мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Жүксалғыштың оң жақ бүйірлік панелі



3DD64C217BF5


Жүк ілгішіне тек жеңіл заттарды ілуге болады. Максималды жүктеме жүк ілгішінде көрсетілген салмақтан аспауы тиіс. Сапарға шығар алдында барлық заттың мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Осыған ұқсас жүк ілгіштері жүксалғыш есігінің ішкі панелінде де бар.

Жазылмалы тамақтану үстелі

Орнату тәсілі

1. Жүксалғыш қақпағын жүксалғыштан суырып алыңыз.
2. Жиналмалы үстелдің аяқтарын жүксалғыш қақпағының астындағы түпқоймадан шығарып алыңыз және оларды бұрандалы бекіткіштерін жоғары қаратып бұрыңыз.



7CA3EFECE8E6

3. Рет-ретімен аяқтардың бұрандалы бекіткіштерін үстел қақпағының астындағы сырт етіп бекітілетін механизмге кигізіңіз.



BC6C62AB6AE9

4. Құрастырылған үстел суретте көрсетілген.



QA4DFEE2F38D

⚠ Назар аударыңыз!

Үстелдің максималды жүктемесі 60 кг-ды құрайды. Үстелге отырмаңыз! Ауыр заттар қоймаңыз! Әйтпесе бұл үстелдің зақымдануына немесе жарақат алуға алып келуі мүмкін.

Шешіп алу тәсілі

1. Жазылмалы үстелдің аяқтарының бұрандалы бекіткіштерін қақпақтың астындағы сырт етіп ілінетін механизмнен шығарып алыңыз, аяқтарды жинаңыз және оларды қайтадан жүксалғыштың түпқоймасына салыңыз.
2. Жүксалғыш қақпағын орнына салыңыз.

Қуат көздерінің ағытпалары

Type-C USB ағытпасы



Орталық консольдің алдыңғы бетінде орналасқан.

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрған кезде қолдануға болады.

Мобильді телефондар мен планшеттер сияқты электр құрылғыларын қуаттауға арналған.

Type-A USB ағытпасы



Артқы қатардың кондиционер дефлекторының жанында орналасқан.

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрған кезде ағытпаны қолдану үшін қақпағын ашыңыз.

Мобильді телефондар мен планшеттер сияқты электр құрылғыларын қуаттауға арналған.

Резервтік қуат көзі

Орталық консольдің алдыңғы бөлігінде орналасқан



Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON режимінде тұрған кезде ағытпаны қолдану үшін қақпағын ашыңыз.

Номиналды қуаты 120 Вт (10 А) аспайтын құрылғыларға 12 В тұрақты ток қуатын қамтамасыз етеді.

Жүксалғыш бөлімінің оң жақ панелінде орналасқан.



Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON режимінде тұрған кезде ағытпаны қолдану үшін қақпағын ашыңыз.

Номиналды қуаты 120 Вт-тан (10 А) аспайтын құрылғыларға 12 В тұрақты ток қуатын қамтамасыз етеді.

220 В розетка




58192C773B8E

Жүксалғыш бөлімнің оң жақ панелінде орналасқан.

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON режимінде тұрған кезде ағытпаны қолдану үшін қақпағын ашыңыз.

Номиналды қуаты 120 Вт-тан аспайтын құрылғыларға 220 В айнымалы ток қуатын қамтамасыз етеді.

Бейнежазғыштың қуат көзі



C842CC4D235B

Бейнежазғыштың қуат көзі суретте көрсетілгендей, ішкі артқы көрініс айнасының жанында орналасқан.


Бұл қуат көзі ON күйінде тұрған кезде оны қолдануға болады.

Ол номиналды қуаты 10 Вт-тан аспайтын бейнежазғышқа арналған 5 В тұрақты ток кернеуін қамтамасыз етеді.

⚠ Ескерту

Қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында бейнежазғышты орнату кезінде сымдарының көріністі жауып тұрмауын қадағалаңыз.

12 вольтті сыртқы қуат көзі



1B4FBE3EF9E9

Ауа сүзгісі корпусының жанында орналасқан, номиналды қуаты 300 Вт-тан аспайтын 12 В тұрақты ток қуатын қамтамасыз етеді. Сервистік жарықтандыру жабдықтарын, кемпингті және т.с.с. жалғау үшін қолданылады. Қолдану үшін сыртқы қосылыстың қалыпты күйде екендігіне көз жеткізіңіз, қозғалтқышты оталдырыңыз және сыртқы қуат көзінің түймесін басыңыз.



E2FB56D0853A

Сыртқы қуат көзі ажыратқышының түймесі кітап оқуға арналған шамның панелінде орналасқан.

⚠ Ескерту

Өртену қаупі бар болғандықтан, қуаты шекті жүктемеден асып кететін сыртқы қуат көзін жалғауға тыйым салынады.

Жол қозғалысы ережелеріне сәйкес емес прожекторларды орнатуға, сондай-ақ басқа да заңсыз әрекеттерді жасауға тыйым салынады.

⚠ Ескерту

Тез тұтанғыш газдар мен жылыту құрылғыларын қуат көздерінен алшақ жерде сақтаңыз.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Сұйықтықтар мен бөгде заттардың розеткаларға кіруіне жол бермеңіз — бұл қысқа тұйықталуға және басқа ақаулықтарға алып келуі мүмкін. Егер қуат ағытпасының қорғау қақпағы болса, ағытпаны пайдаланбайтын кезде қақпағын жауып қойыңыз.
- > Номиналды қуаты көрсетілген мәннен асатын құрылғыларды қолданудан автокөліктің сақтандырғыштары күйіп кетуі мүмкін.
- > Дәлдігі жоғары жабдықты, индукциясы күшті жабдықты немесе басқа күрделі құрылғыларды қуат көздеріне қосушы болмаңыз.
- > Қуат көздерін ылғал немесе жоғары температуралы ортада қолданбаңыз.
- > Басқа кез келген қуат көздерімен параллель немесе тізбекпен пайдалануға тыйым салынады.
- > Пайдалану кезінде қандай да бір ауытқулар (аномальды жоғары температура, түтін, бөгде иіс) анықталса, пайдалануды дереу тоқтатып, тексеру үшін сервис орталығына хабарласыңыз.
- > Бұл қуат жүйелерін өз бетіңізше өзгертуге немесе жөндеуге тыйым салынады.
- > Сыртқы сымдардың су өткізбеуінің және герметикалық бүтіндігінің қамтамасыз етілуін қадағалаңыз.

2

Автокөлікті басқару

Автокөлікті басқару қағидалары	68	Круз-контроль көмекші жүйесі	111
Көлікті қолайсыз жағдайларда жүргізу бойынша ұсыныстар	73	Жүргізуге көмектесетін интеллектуалды жүйе	116
Сынап жүргізу кезеңіне қатысты кеңестер	79	Ойлы-қырлы жермен жүруге арналған көмекші круз-контроль жүйесі	120
Оталдыру жүйесінің ажыратқышы	80	Ылдиға қарай жүру көмекші жүйесі	123
Автокөлікті оталдыру және өшіру	81	Жүргізу көмекші жүйесі	124
Тұрақ тежегіші	83	Пайдаланылған газдардың уыттылығын басқару жүйесі ..	127
Автоматтық беріліс қорабы	85	Виртуалды аспаптар тақтасы	130
Руль механизмі күшейткішінің режимі	89	Аспаптар тақтасының индикаторлары	134
Жол төсемін бақылау жүйесі	90	Қоректендіруді басқару жүйесі ...	140
Дифференциалды бұғаттау	95	Тіркеме сүйреу	142
Интеллектуалды «старт-стоп» жүйесі	98		
Тұраққа қою көмекші жүйесі	100		
Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі	106		
Жүргізу кезіндегі шаршау туралы ескерту жүйесі	108		
Жылдамдықты белсенді шектеу функциясы	109		

Автокөлікті басқару қағидалары

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Жол жүрер алдында

Тазалау

Сапар алдында автокөлік шанағынан қар мен түскен жапырақтарды толығымен алып тастаңыз.

Автокөліктің күйін тексеріңіз

Автокөлікті қауіпсіз басқара алатыныңызға көз жеткізу үшін, жол жүрер алдында шиналарды, майлар мен сұйықтықтардың деңгейін, фараларды және шанақтың сыртқы түрін тексеріп алыңыз.

Егер автокөлікті жөндеу қажет деп санасаңыз, сервис орталығына уақытылы хабарласыңыз.

Есіктер мен капоттың күйін тексеріңіз

Жүрмей тұрып, барлық есіктің жабылғанын тексеріңіз. Егер есік дұрыс жабылмаса, ол қозғалыс кезінде кенеттен ашылып кетіп, салдарынан жол апаты орын алуы мүмкін.

Егер капотты ашқан болсаңыз, сапар алдында оның жабылғанын тексеріп алу керек. Егер капот жабылмаған болса, қозғалыс кезінде кенеттен ашылып кетіп, салдарынан жол апаты орын алуы мүмкін.

Салонға заттарды орналастыру

Аспаптар тақтасына

Аспаптар тақтасына заттар қоюға тыйым салынады. Бұл жүргізушінің көру мүмкіндігіне кедергі келтіріп қана қоймай, апат қаупін тудырып, қозғалыстың басталуына және оның қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін.

Жүргізушінің аяқтарының жанында

Жүргізушінің аяқтарының жанына заттар қоюға тыйым салынады. Олар педальдардың астына тұрып қалуы мүмкін, бұл автокөлікті бақылаудан айырылып қалуға және апатқа алып келуі мүмкін.

Кілемшелер қолданғыңыз келсе, олардың осы автокөлікке сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Кілемшелердің сәйкес келмейтін пішіні, дұрыс орналаспауы немесе бір-бірінің үстіне аяқастырылып қойылуы педальдің басылуына кедергі келтіруі мүмкін, бұл қозғалтқышты оталдыруды мүмкін емес етеді, берілістерді ауыстырып қосуды қиындатады немесе мүмкін емес етеді, сондай-ақ апатқа алып келуі мүмкін.

Орындық астына

Орындықтардың астына заттар қоюға тыйым салынады. Орындықтың астына қойылған заттар орындықтың күйін реттеуге әсер етуі немесе орындықтың бекітілуіне бөгет болуы мүмкін, бұл жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін.

Орындық арқалығы

Орындық арқалығы мен арқаңыздың арасына жастықтарды немесе өзге заттарды орналастырмаңыз. Әйтпесе бұл жүргізу кезіндегі дұрыс қалпыңызға ғана әсер етіп қоймай, көлік құралымен соқтығысқан жағдайда қауіпсіздік белбеулері мен басуығіштер өз функцияларын толық орындай алмайды, бұл өмірге қауіпті жарақаттар келтіруі мүмкін.

Терезе әйнектерінде

Терезе әйнегіне жабықшытар мен өзге де әшекейлерді бекітуге тыйым салынады.

Жабықшыс линза сияқты әрекет етіп, автокөлікті өртеп жіберуі мүмкін.

Жүріп бара жатқанда

Жылдамдықты шектен асырмаңыз

Автокөлік қозғалысының жылдамдығы жылдамдықты шектеу белгілерінде көрсетілген жылдамдықтан аспауы тиіс.

Автокөлікке шектен тыс жүк артпаңыз

Жүктемесі шекті рұқсат етілген шамадан артқан автокөлікті жүргізу қауіпті.

Қозғалатын автокөлікке түсетін салмақты жолаушылар мен жүкті ескере отырып, белгіленген мәннен асыруға болмайды. Адамдарды жүксалғышқа отырғызып тасымалдауға рұқсат етілмейді.

Қатты шаршағаныңызды сезіп тұрсаңыз, автокөлікті басқарудан бас тартыңыз.

Шаршаған күйде автокөлікті басқару өте қауіпті. Шаршаған жүргізушінің шешім қабылдау жылдамдығы, көру қабілеті және зейін қоюы айтарлықтай төмендейді, мұның салдары ауыр жол апатына әкеп соғуы ықтимал.

Қозғалыс кезінде қозғалтқышты өшірмеңіз

Қозғалтқыш сөніп тұрғанда тежеу жүйесі мен руль күшейткіштері жұмыс істемейді, бұл тежеу тиімділігін төмендетіп, жол апатына әкеп соғуы ықтимал.

Рульді шекті күйінде ұзақ ұстамаңыз

Рульді шекті күйінде ұзақ ұстау гидрокүшейткіші бар руль жүйесінің тиімділігін төмендетеді, ал кейбір жағдайларда жүйенің бұзылуына әкеп соғуы ықтимал.

Ұзақ уақыт бойы тежеуге тыйым салынады.

Қозғалыс кезінде тежегіш педальін ұзақ басып тұруға немесе іске қосылған тұрақ тежегішмен қозғалуға тыйым салынады. Өйткені бұның салдарынан тежегіш қыспақтары мерзімінен бұрын тозады немесе тежегіштер қызып кетеді, бұл тежеу тиімділігіне кері әсер етіп, апатқа әкеп соғуы ықтимал.

Тежеу жүйесінің тозғаны туралы ескертетін дыбыс

Егер тежегіш қыспақтары тозып кетсе және оларды ауыстыру қажет болса, дискілі тежеу механизмі тән дыбыстар шығарады.

Егер тежеген кезде сықырлаған дыбыс естілсе, көлікті тоқтатыңыз. Өйтпесе тежегіш дискілер қатты тозып, тежеу жүйесінің элементтері зақымдалуы мүмкін, бұл тежеу тиімділігін төмендетеді және апатқа алып келуі мүмкін.

Шинаның жарылуы

Зақымдалған шинамен жүрісті жалғастыруға тыйым салынады. Бұл жағдайда жүру өте қауіпті және апатқа алып келуі мүмкін. Оған қоса, бұның салдарынан дөңгелекке, аспаға немесе шанаққа зақым келуі мүмкін. Мұндай жағдайда дөңгелекті дереу ауыстыру қажет.

Егер келесі жағдайлар орын алса, шиналарда жыртылған жерлердің немесе жарықтардың болуын тексеріңіз.

- > Руль дірілдеген кезде.
- > Бөлшектердің немесе автокөлік шанағының ерекше дірілі болған жағдайда.
- > Автокөлік әдеттен тыс қисайған жағдайда.

Егер қозғалыс барысында шиналар зақымдалған болса, рульді мықтап ұстап, жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педальін ақырын басыңыз. Шұғыл тежеу немесе рульді бұрып қалу салдарынан автокөлікті басқара алмай қалу қаупі туындайды.

Шанақтың астыңғы бөлігі, шиналар, дөңгелектер қатты соғылған кезде

Егер шанақтың төменгі бөлігі, шиналар мен дөңгелектер қатты соққыға ұшыраса, дереу қауіпсіз жерге тоқтап, оларды тексеріңіз. Тежегіш сұйықтығы мен отынның ағып жатпағанын, аспа бөліктері, шиналар, дөңгелектер, жетек жүйесінің тораптары пішінін өзгертпегенін немесе зақымдалмағанын тексеріңіз. Егер жылыстау немесе зақым пайда болса, жүрісті жалғастыру апатқа әкелуі мүмкін.

Еңістен түскен кезде

Қозғалтқышпен қосымша тежеуді қолданыңыз

Ылдиға қарай түскен кезде тежегіш педальін ұзақ уақыт бойы басып отыру тежегіш механизмінің қызып кетуіне және тежеу тиімділігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін, бұл апат қаупін тудырады.

Бейтарап беріліс қосылып тұрғанда қозғалтқышты өшіруге немесе өркін жүріспен жүргізуге тыйым салынады

Егер ылдиға қарай қозғалу кезінде қозғалтқыш өшірулі болса, тежеу жүйесі мен

руль күшейткіштері жұмыс істемейді, бұл тежеу тиімділігін төмендетеді және рульге салынатын күшті ұлғайтады. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.

Биіктіктері ауытқып отыратын жер телімінде

Жиекте немесе биіктіктері ауытқып отыратын жер бетінде тұраққа қойған жағдайда шиналардың жиекпен немесе басқа кедергілермен деформацияланбағанына көз жеткізіңіз. Егер жиектен, жылдамдық бәсеңдеткіштен немесе осыған ұқсас кедергіден басып өту қажет болса, кедергінің тік бұрышы бойынша қозғалысты барынша баяулату қажет. Әйтпесе шина (әсіресе оның қапталы) зақымдалуы мүмкін.

Келесі жағдайларда бамперді зақымдап алмау үшін жылдамдықты төмендету және сақ болу қажет:

- > тұрақ орындарына кіру және шығу сияқты сатылы жерлерде;
- > еңсі тік жерлерде, мысалы, көп сатылы тұрақтардың шұғыл бұрылыстарында;
- > тегіс емес және жол табаны бар жерлерде;
- > шұңқырлары бар жерлерде;
- > тегіс жерден көлбеу жерге немесе көлбеу жерден тегіс жерге жүріп шыққан кезде;
- > жылдамдық бәсеңдеткіштері бар жолда немесе жиектің бойында тоқтаған кезде.

Автокөлікті тайғақ (дымқыл, қар, мұз басқан) жолдармен жүргізу

Тайғақ жолмен жүрген кезде шұғыл тежеу, жылдамдықты күрт үдету, рульді бұрып қалу салдары автокөліктің сырғып кетуіне және оны басқара алмай қалып, жол апатына ұшырау қаупіне әкеп соғуы ықтимал.

Жоғары және төмен беріліске ауыстырып қосқан кезде қозғалтқыш айналымдары айтарлықтай өзгереді, бұдан автокөлік сырғып кетіп, апат орын алуы мүмкін.

Суық ауы райында мұз қатуға бейім көпірлер мен көлеңкелі жерлерде автокөлік жылдамдығын төмендету керек.

Автокөлікті су басқан жолдармен жүргізу

Су басқан жолда жүрген кезде абай болыңыз.

Мұндай жағдайларда қозғалтқыштың жұмысы бұзылуы және зақымдалуы, сондай-ақ электрлі компоненттер қысқа тұйықталуы мүмкін. Бұл күрделі апатқа алып келуі ықтимал.

Автокөлікпен су жолда жүрген кезде тежегіш қыспақтары суланып, тежеу тиімділігі төмендеп, салдарынан жол апаты орын алуы мүмкін. Қалыпты күйіне қайтып оралғанына және дұрыс жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізбейінше тежегіштің сұйықтығын айдау үшін тежегіш педалін бірнеше рет басыңыз.

Жолаушыларға арналған сақтық шаралары

Автокөлік салонының ішінде жүруге тыйым салынады.

Автокөлік жүріп келе жатқанда орындықтан тұруға немесе салон ішінде жүруге тыйым салынады. Әйтпесе көлікті күрт тежеген кезде жарақат алуыңыз ықтимал.

Терезелерден және люктен басыңызды немесе қолдарыңызды шығармаңыз.

Әйтпесе шұғыл тежеу немесе терезені жабу кезінде терезе жақтауына соғылуыңыз мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.

Балаларды тізеге алып отыруға тыйым салынады

Өзіңіз қауіпсіздік белбеуін тағып отырсаңыз да, автокөліктің қозғалысы кезінде баланы қолға ұстап отыруға тыйым салынады. Сондай-ақ қауіпсіздік белбеуінің бір бөлігімен баланы орауға тыйым салынады, себебі соқтығысу немесе шұғыл тежеу жағдайында бүл баланың ауыр немесе тіпті өміріне қауіпті жарақаттар алуына алып келуі мүмкін.

Балаларға есіктерді, терезелерді және люктерді басқаруға рұқсат етпеңіз.

Балалар есіктерді, терезелерді немесе люктерді ашып-жаба отырып, қолдарын, басын, мойнын қысып алып, ауыр жарақат алуы мүмкін.

Егер қозғалыс барысында есік ашылып кетсе, бала көліктен ұшып кетуі мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкеп соғады.

Балалардың іс-әрекеттерінен туындайтын жазатайым жағдайларды болдырмау үшін бала бекітпесін және терезелерді бұғаттау түймесін қолданыңыз.

Автокөлікті тоқтату және тұраққа қою

Көлікті тез тұтанатын материалдардың жанына қоймаңыз

Шөбі және жеңіл тұтанатын материалдары көп жерлерден аулақ болуға тырысыңыз, автокөлікті олардың үстіне қоймаңыз. Қызып тұрған түтін шығару құбыры жеңіл тұтанғыш материалдардың жануына алып келуі мүмкін.

Егер автокөліктің артқы жағында ағаш немесе фанера болса, тұтанып кетпеуі үшін автокөлік олардан жеткілікті қашықтықта тұруы керек.

Қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған автокөлікті ұзақ уақытқа қалдырмаңыз

Желдетілуі нашар гараж ішінде және басқа үй-жайларда қозғалтқыштың ұзақ уақыт жұмыс істеуінің салдарынан пайдаланылған газдар жиналады, бұл иіс газынан улануға алып келуі мүмкін. Бұл денсаулыққа күрделі зиян келтіруі және тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Автокөліктің қозғалысынсыз қозғалтқыштың ұзақ жұмыс істеп тұруы қозғалтқыштың немесе түтін шығару құбырының қызып кетуіне және өртенуге алып келуі мүмкін.

Үнемді жүргізу

Қисынды жүргізу

Қажетсіз жылдамдықты үдетуден және тежелуден сақтану үшін алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін жеткілікті

қашықтықты сақтаңыз. Біркелкі жылдамдық отын шығынын азайтады.

Сәйкес берілісті таңдаңыз

Көлікті төмен жылдамдықта жоғары беріліспен немесе жоғары жылдамдықта төмен беріліспен жүргізбеңіз. Қозғалтқыштың төмен айналымдарда жұмыс істеуі отын шығыны мен тозуды азайтады.

Бос жүріс режимінде аз жұмыс істетіңіз

Отынды қажетсіз шығындамау үшін бағдаршамдарда, теміржол өткелдерінде немесе автокөлік кептелістерінде ұзақ аялдаған кезде қозғалтқышты өшіріп қойыңыз.

Артық жүк тиеуден сақтаныңыз

Автокөлікке көп немесе шектен тыс жүк арту отын шығынын арттырады. Сапарға шығар алдында көліктегі қажетсіз заттарды алып тастаңыз.

Шиналардағы қысымды үнемі тексеріп тұрыңыз

Шиналардағы жеткіліксіз қысым тербелуге кедергіні арттырады, бұл отын шығынын ұлғайтады және шиналардың тозуын тездетеді.

Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету

Автокөлікке жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету автокөлігіңіздің ұзақ қызмет ету мерзіміне және максималды отын үнемділігіне кепілдік береді.

Уақытша пайдаланылмайтын электр құрылғыларын өшіріп қойыңыз

Кондиционерді, жылыту жүйелерін және басқа электр құрылғыларын пайдалану үшін көп мөлшерде энергия мен отын қажет, сондықтан оларды пайдаланбайтын жағдайда өшіріп қойыңыз.

Терезелер мен люктерді жабыңыз

Терезелерді немесе люкті ашып қою ауа кедергісін арттырады, сәйкесінше отын шығынын да көбейтеді. Қажет болмаса, оларды ашпаңыз.

Автокөлікті еркін қозғалыспен
жүргізген кезде инерцияны
пайдаланыңыз

Автокөлікті еркін қозғалыспен жүргізген кезде инерцияны пайдалану үшін бағдаршамға жақындағанда немесе тік еңістерде газ педалін жіберу керек.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Тұманда жүргізу

Тұман шамдарын қосыңыз

Тұманда көлік жүргізген кезде тұман шамдарын қосу қажет.

Басқа жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге ескерту үшін дыбыс сигналын қолданыңыз.

Басқа көлік құралының дыбыс сигналын естігенде өз автокөлігіңіздің тұрған жерін көрсету үшін дыбыс сигналын беру арқылы дереу жауап қайтару керек.

Баяу жылдамдықпен жүріңіз, қауіпсіздікті қадағалаңыз

Тұман жағдайында минималды жылдамдықпен қозғалу және алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін жеткілікті арақашықтықты ұстап отыру қажет.

Буланған әйнектерді қозғалыс кезінде сүртпеңіз

Кабинаның ішіндегі және сыртындағы температураның айырмашылығы үлкен болғандықтан, алдыңғы әйнектің ішкі беті көбінесе жүргізушінің көру мүмкіндігіне кедергі келтіретін жұқа ылғал қабатымен жабылады. Әйнекті жылыту функциясын қолданыңыз немесе ішкі және сыртқы ауа температурасын теңестіру үшін терезені сәл ашыңыз, бұл алдыңғы әйнектің ішкі бетінің булануына жол бермейді.

Егер Сіз әйнектен ылғалды сүрткіңіз келсе, көлігіңізді тоқтатқан соң ғана сүрткіңіз. Буланған әйнекті қозғалыс кезінде сүртпеңіз.

Жаңбыр жауып тұрғанда жүргізу

Сырғанақ жолмен жүру кезінде абай болыңыз

Жаңбыр жауып тұрғанда көрініс нашарлауы, алдыңғы әйнек буланып кетуі, дөңгелектер бос айналуы мүмкін. Барынша абай болыңыз.

Ылғал жолмен жүрген кезде шұғыл тежеу, жылдамдықты күрт үдету, рульді бұрып қалу салдары автокөліктің сырғып кетуіне және оны басқара алмай қалып, жол апатына ұшырау қаупіне әкеп соғуы ықтимал. Жылдамдықты төмендету қажет, себебі жаңбыр жауып тұрғанда дөңгелектер мен жол бетінің арасында су үлдірі түзіледі, бұл жол жабынымен ілінісудің жойылуына алып келеді.

▲ Ескерту

Нәсер жауын кезінде мүмкіндігінше автокөлік жүргізбеңіз.

Су басқан жерден кешіп өту

Су басқан жердің кешіп өтуге болатын максималды тереңдігі 700 мм-ді құрайды. Ағын сумен жүрген кезде судан кешіп өту тереңдігі одан да аз болуы тиіс. Суды кешіп өткен кезде алда және қарсы жүріп келе жатқан көлік құралдарынан туындаған толқындарға назар аударыңыз. Бұл кешіп өтетін судың максималды тереңдігінен асып кетуі мүмкін. Кешіп өтетін су кедергісінің тереңдігі 50-100 мм болған жағдайда автокөлік жылдамдығын 45 км/сағ-тан асырмай ұстау қажет.

Кешіп өтетін су кедергісінің тереңдігі 100-350 мм болған жағдайда автокөлік жылдамдығын 20 км/сағ-тан асырмай ұстау қажет.

Кешіп өтетін судың тереңдігі 350 мм-ден асатын болса, автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ-тан аспауы тиіс. Судан кешіп өткен кезде тоқтамаңыз және берілістерді ауыстырмаңыз.

Су басқан жерден кешіп өткен кездегі сақтық шаралары

- > Сулы аймақтан өтпес бұрын тереңдігін тексеріңіз. Егер ол тым терең болса немесе оны анықтау мүмкін болмаса, ол жерді айналып өткен жөн. Мұндай жағдайда бұл жердің суынан кешіп өтуге болмайды.
- > Жолды бақылап көріңіз. Таныс емес теліммен жүруден бас тартыңыз, себебі судың астында кедергілер: орлар, тексеру құдықтары және т.с.с. жасырын жатуы мүмкін.
- > Егер судан өткен кезде қозғалтқыш белгісіз себептермен өшіп қалса, оны қайтадан іске қосуға тырыспаңыз. Бұл ауыр зақым келтіруі мүмкін.

Су басқан жерден кешіп өткеннен кейінгі қарап тексеру және қызмет көрсету

Су басқан аймақтан кешіп өткеннен кейін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- > Дыбыс сигналын тексеріңіз.
- > Барлық жарықтандыру құрылғысын тексеріңіз.
- > Тежегіш педалін бірнеше рет басып, тежеу жүйесінің дұрыс істейтініне көз жеткізіңіз.
- > Айдауыш және жетек тартпалары секілді компоненттердің коррозияға ұшырауын болдырмау үшін бірден тоқтап қалмаңыз, 5-10 минут бойы жүруді жалғастырыңыз. Бөтен шуылдардың (металдың үйкелу дыбысының) бар-жоғын тексеру үшін қозғалыс кезінде шағын газ режимінде жылдамдықты үдетуге болады.
- > Мүмкіндігінше тезірек тексеру үшін жақын жердегі сервис орталығына хабарласыңыз. Су басқан жерден кешіп өткен кезде трансмиссия жүйесінің тораптарына су тисе, ол маймен араласып, жүйенің жұмысында ақаулар тудыруы мүмкін.

Назар аударыңыз!

- > Су кешіп өтуді әдеттегі көлік жүргізу жағдайы ретінде қарастыруға болмайды.
- > Сумен жүрген кезде ерекше абай

болыңыз.

Мүмкіндігінше су кешіп өтетін жерден айналып өтуге тырысыңыз. Сулы жерді қауіпсіз әрі сенімді тәсілмен және қажет болған жағдайда ғана кешіп өтіңіз.

- > Су басқан жерді кешіп өту қозғалтқыш пен электр компоненттеріне зақым келтіруі мүмкін.

Автокөлікті жылдың ыстық мезгілінде басқару

Ыстық ауа райы мен жоғары ауа температурасы автокөліктің қалыпты жұмысына көмектеспейді және жүргізушінің денсаулығына теріс әсер етеді. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесі сақтық шараларын орынданыз:

Қозғалтқыштың қызып кетуіне жол бермеңіз

Ыстық ауа райында қозғалтқыштың қызып кету ықтималдығы артады. Сондықтан ауа райы ыстық болған кезде салқындату жүйесін тексертуге және техникалық қызмет көрсетуге ерекше назар аудару керек, радиатор тілімдерінің арасына түсетін бөгде заттарды дер кезінде алып тастау керек.

Шиналардағы ауа қысымын бақылаңыз

Шина ішіндегі ауа қысымы жоғары температураға байланысты жоғарылайды, ал ыстық маусымда жоғары температурада шиналар жарылып кетуі мүмкін.

Егер қозғалыс барысында шиналар зақымдалған болса, рульді мықтап ұстап, жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін ақырын басыңыз. Шұғыл тежеу мүмкіндігін қолданбаңыз, рульді күрт бұрмаңыз. Әйтпесе автокөлікті басқара алмай қалу қаупі туындайды.

Ыстық өтуден сақ болыңыз

Жылдың ыстық мезгілінде күн белсенділігі мен жоғары температура себебінен ыстық өтуі мүмкін. Салонды жақсылап желдетіңіз және шаршаған күйде автокөлікті жүргізбеңіз.

⚠ Ескерту

Балаларды жабық көлікте қараусыз қалдырмаңыз.

Көлік ішінде жалғыз қалған балаға ыстық өтуі немесе денесі сусызданып кетуі мүмкін, бұл денсаулыққа зиян және тіпті өлімге жетелеуі ықтимал.

Автокөлікте қараусыз қалған бала сіріңкемен, оттықпен және сол сияқты заттармен ойнап отырып, өрт тудыруы мүмкін.

⚠ Назар аударыңыз!

Автокөлікте оттықтарды, аэрозоль баллондарын, газдалған сусындары бар құтыларды, көзілдіріктерді қалдырмаңыз.

> Жоғары температура жағдайында оттықтан немесе аэрозольді баллоннан газдың ағып кетуі немесе бүріккіштің жарылуы өртке әкеп соғады.

> Егер газдалған сусыны бар құты жарылып кетсе, сұйықтық электр компоненттерге тиіп кетіп, қысқа тұйықталу орын алуы мүмкін.

> Салондағы ауаның температурасының жоғары болуы салдарынан көзілдіріктің полимер линзаларының пішіні өзгеруі және линзалар жарылуы мүмкін.

Жылдың суық мезгілінде көлік жүргізу

Қысқы шиналар

Жылдың суық мезгілінде төмен температурада стандартты шиналардың кейбір ерекшеліктеріне байланысты (ені, каучук құрамы, протектор үлгісі) олардың икемділігі, тежеу және тарту күштері төмендейді, шу деңгейі де артады. Кейбір жағдайларда жарықтар, қалыптан тыс тозу және басқа да қалпына келмейтін зақым пайда болуы мүмкін. Сондықтан 7 °C-тан төмен температурада қысқы шиналарды қолданған жөн. Олар автокөліктің жолдағы тұрақтылығын айтарлықтай арттырады, тежеу қасиеттерін жақсартады және тежеу жолын қысқартады.

i Пайдалы ақпарат

M+S деп белгіленген бүкіл маусымдық шиналар жылдың суық мезгілінде өте тиімді, бірақ әдетте сипаттамалары қысқы шиналардан төмен болады. Қарлы және мұз қатқан жолдармен жүрген кезде қысқы шиналарды пайдалану өте маңызды.

⚠ Ескерту

Қысқы шиналарды пайдалану жылдың суық мезгілінде көліктің жұмысын жақсартатынына қарамастан, автокөлік жүргізген кезде абай болу керек.

> Жылдамдық пен жүру режимін көру мүмкіндігіне, ауа райы жағдайларына, жолдың және көліктің ахуалына қарай таңдау керек.

> Сіздің қысқы шиналарыңыз үшін көрсетілген максималды рұқсат етілген жылдамдық пен жүктемені шамадан асырмаңыз.

⚠ Назар аударыңыз!

Қысқы шиналар протекторының қатты тозуы жылдың суық мезгілде шиналардың жарамдылығын айтарлықтай төмендетеді. Ескі қысқы шиналардың, тіпті протекторының тозу белгілері болмаса да, қолдануға жарамдылығы төмен. Қысқы шиналарды ауыстыру көрсеткіштерімен танысу үшін өз дилеріңізге хабарласыңыз.

Қысқы шиналарды пайдалану қағидалары

> Еліңізде қабылданған заңнаманың тиісті талаптарын орындаңыз.

> Қысқы шиналар барлық дөңгелекке орнатылуы керек.

> Пайдаланылатын қысқы шиналардың өлшемі жазғы шиналардың өлшемімен бірдей болуы шарт.

> Барлық қолданылатын қысқы шинаның түрі, өлшемі (айналу шеңбері), протекторының үлгісі сәйкес болуы керек.

> Қысқы шиналарды тек суық мезгілде қолдануға болады.

> Қысқы шиналар үшін ұйғарылған барлық шектеуді сақтаңыз (максималды жылдамдық, жүктеме және т.б.). Оларды

сақтамау салдарынан шиналар зақымдалуы және апат орын алуы ықтимал.

- > Айналу бағыты белгіленген шиналарды айналу бағытына қарсы орнатуға рұқсат етілмейді.

Сырғытпайтын шынжырлар

Сырғытпайтын шынжырларды пайдалану еліңіздің заңнамасында реттеледі. Пайдаланылатын шынжырлар жергілікті стандарттарға сәйкес келуі керек.

Сырғытпайтын шынжырлар тек жетекші дөңгелектерге орнатылады. Орнатқан кезде сырғытпайтын шынжырлардың өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз және шынжырларды мықтап бекітіңіз.

▲ Назар аударыңыз!

Сырғытпайтын шынжырларды орнатқан кезде келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- > Шынжырлардың дұрыс емес өлшемі немесе оларды дұрыс орнатпау тежеу жүйесін, аспаны, шанақты және шиналарды зақымдауы мүмкін. Сәйкес келетін сырғытпайтын шынжырларды қолданыңыз және оларды орнату қағидаларын сақтаңыз.
- > Сырғытпайтын шынжырларды орнату үшін автокөлікті көлік қозғалысынан қашық, тегіс жерге тоқтатыңыз, апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз және көліктің артына апаттық аялдау белгісін қойыңыз.
- > Орнатар алдында қозғалтқышты өшіріңіз және тұрақ тежегішін қосыңыз.
- > Толық өлшемді емес қосалқы дөңгелектерге шынжыр орнатпаңыз.
- > Шиналардағы ауа қысымы жеткіліксіз болған жағдайда шынжырларды орнатпаңыз.
- > Сырғытпайтын шынжырларды қолданған кезде дөңгелек дискілеріне зақым келтірмеу үшін абай болыңыз.

▲ Назар аударыңыз!

Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған автокөлікті жүргізген кезде келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- > Сырғытпайтын шынжырларды орнатқаннан кейін, қозғалыс жылдамдығы қайсысының азырақ болуына қарай, 40 км/сағ-тан немесе шынжырларды өндіруші ұсынған ең жоғары жылдамдықтан аспауы тиіс.
- > Шынжырларды орнатқаннан кейін, 0,5-1 км жол жүріп өткеннен соң шынжырларды қарап шығыңыз және олардың орнатылуының дұрыстығын тексеріңіз. Егер шынжырлар босаған болса, оларды тартқызу немесе қайтадан орнату қажет.
- > Сырғытпайтын шынжырларды орнату автокөліктің жүрісін нашарлатуы мүмкін. Мүмкіндігінше күрт үдеу, рульді тез бұру және шұғыл тежеу әрекеттерінен аулақ болыңыз, себебі бұл апатқа ұшыратуы мүмкін.
- > Егер сырғытпайтын шынжырлардың шанаққа немесе шанақ астына тиген дыбысын естісеңіз, дереу тоқтап, шынжырларды тексеріп, қайта тартыңыз. Егер дыбыс тыйылмаса, жылдамдығыңызды дыбыс тоқтағанға дейін төмендетіңіз.
- > Кедір-бұдыр жолдармен жүрмеуге тырысыңыз.
- > Автокөлікті басқара алмай қалмау үшін бұрылыстарда жылдамдықты барынша азайтыңыз.
- > Жолда қар болмаған жағдайда мүмкіндігінше тездетіп шынжырларды шешіп алыңыз. Әйтпесе автокөліктің жүріс сипаттамалары нашарлауы және шиналарға күрделі зақым келуі мүмкін.
- > Электронды тұрақтандыру жүйесін өшіріп қойыңыз, себебі ол қажетсіз тежеу әрекетін тудыруы немесе ақаулықтар сигналдарының пайда

Ескерту

Қарлы жолда тоқтаған кезде қозғалтқышты өшіріңіз.

- > Қозғалтқыш қосылып тұрған жағдайда автокөліктің айналасында омбы қардың

болуы салон ішіне пайдаланылған газдардың кіруіне және иіс газынан улануға алып келуі мүмкін. Бұл денсаулыққа күрделі зиян келтіруі және тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

> Егер пайдаланылған газдардың салонға кіріп жатқанын сезсеңіз, келесі шараларды қолданыңыз:

Автокөлікті желдетілетін жерге жылжытыңыз және барлық терезені ашыңыз.

Кондиционерді сыртқы ауа айналымы режиміне ауыстырыңыз, таза ауа сырттан салонға енуі үшін ауаны максималды үрлеу күшін орнатыңыз.

Ойлы-қырлы жермен қозғалған кезде

- > Ойлы-қырлы жермен көлік жүргізу жүргізушіге ләззат сыйлайды, алайда бұған жеңіл-желпі қарамауды талап етеді. Жүргізуші көлік жүргізу кезінде туындайтын күрделі немесе проблемалы жағдайларды әрдайым шынайы қабылдауы және қауіпті жерлерде тәуекелге бармауы тиіс. Қателік қауіпті болуы мүмкін.
- > Ойлы-қырлы жерлермен көлік жүргізген кезде қауіпсіздік әрдайым басты басымдық болып табылады. Қозғалысты бастамас бұрын барлық жолаушының қауіпсіздік белбеулерін таққанына, барлық заттың сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- > Ойлы-қырлы жерлермен жүрген кезде рульдің шабақтарынан ұстамаңыз, себебі кенеттен болған соққы рульді бұрып жіберуі және қолыңызды жарақаттауы мүмкін.
- > Су кедергілерінен кешіп өткен кезде алдымен судың тереңдігін және түбінің қаттылығын тексеріңіз, жайымен жүріп өтіңіз және терең сулардан өтпеңіз. Қажет болса, қозғалтқыштың немесе басқа тораптардың судан зақымданбауы үшін қажетті шаралар қолданыңыз.
- > Шөптің, батпақтың, қиыршық тастың, құмның немесе жылғаның үстімен жүріп өткеннен кейін шанақтың түбіне жабысқан шөптердің, бұталардың, қиыршық тастың, құмның бар-жоғын тексеріңіз. Қоқысты

алып тастаңыз, себебі ол ақаулық тудыруы немесе тұтанып кетуі мүмкін.

- > Құмның, батпақтың, судың немесе қардың үстімен жүріп өткеннен кейін тежегіштің жұмысын тексеріңіз. Тежегіш дискілеріне жабысқан балшық және құм тежеу жүйесінің жұмысына әсер етуі мүмкін.
 - > Шаң-тозаңды немесе құмды жол жағдайларында жүрген кезде ауа сүзгісіне күрделі зақым келуі мүмкін, сондықтан өзіңізбен бірге кемінде бір қосалқы сүзгі алып жүріңіз. Шаң-тозаңды жолдармен жүрген кезде сүзгіні күнделікті тексеріп отыру қажет. Құмды жермен жүріп өткеннен кейін дереу тексеру жүргізіңіз. Егер тексеру нәтижесінде ақаулар анықталса, тез арада сүзгіні тазалаңыз немесе ауыстырыңыз, әйтпесе қозғалтқышқа зақым келуі мүмкін.
 - > Автокөліктің биік клиренсі жүргізушіге жолды жақсырақ көруге, проблемаларды байқауға және жер бедерінің әртүрлі жағдайларына байланысты жүргізу стилін бейімдеп отыруға мүмкіндік береді.
 - > Ойлы-қырлы жермен жүріп өткеннен кейін тасжолға қайтып шығар алдында шиналарды балшық пен ұсақ тастардан тазалап алу қажет. Әйтпесе тасжолмен жоғары жылдамдықпен жүрген кезде шиналардағы балшық пен тастар алдыңғы әйнектің және басқа да компоненттердің күрделі зақымдарына алып келуі мүмкін. Сонымен бірге шиналардың күйінің жақсы екеніне көз жеткізіңіз, шиналардың протекторлары мен қаптал беттерінде зақымданған жерлерінің бар-жоғын тексеріңіз, шиналарда жоғары жылдамдықпен жүру кезіндегі соққылардан пайда болған зақымданған жерлерінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Фаралардың, терезелердің, алдыңғы әйнектің және нөмірлік белгілердің балшығы мен шаңын тазалаңыз.
- ▲ Ескерту**
- > Автокөліктің клиренсі биік және ауырлық ортасы жоғары орналасқан. Басқарудан айырылып қалуға немесе дұрыс басқармаудан аударылуға алып келуі мүмкін жоғары жылдамдықтардан, кілт орыннан қозғалудан, шұғыл бұрылулардан, шұғыл тежелуден

немесе шұғыл маневрлерден сақтаныңыз. Рейлингтерге орнатылған жүкпен жүрген кезде ерекше сақтық таныту қажет, себебі автокөліктің ауырлық ортасы бұрынғыдан да жоғары көтеріледі.

- > Бүйірден жел соғып тұрған жағдайда жылдамдықты азайту қажет. Биіктетілген клиренсі мен ауырлық ортасы автокөліктің бүйірден соққан желге қарсы осалдығын көбейтеді, ал азайтылған жылдамдық оны жақсырақ басқаруға мүмкіндік береді.
- > Тегіс емес жермен жоғары жылдамдықпен жүрмеңіз, секіріп жүруден және кедергілерге соғылудан сақтаныңыз, себебі бұл басқарудан айырылып қалуға немесе автокөліктің аударылуына алып келуі мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін, сондай-ақ аспаға және жүріс бөлігіне күрделі зақым келтіруі мүмкін.
- > Беткейде жүрген жағдайда бүйірлеп емес, тікелей жоғары немесе тікелей төмен бағытта жүру қажет. Тік беткейде бүйірлеп жүрген жағдайда биік орналасқан ауырлық нүктесі автокөліктің аударылуына алып келуі мүмкін.

және басқа да қоқыстарды уақытылы алып тастаңыз.

- > Дифференциалға, трансмиссияға және үлестіру қорабына судың немесе балшықтың кіруін тексеріңіз.
- > Ауа сүзгісі мен өткізгіш құбырларға судың кіруін тексеріңіз.
- > Ауа сүзгісіне кірген құмның бар-жоғын тексеріңіз, сүзгіні уақытылы тазалаңыз.
- > Радиаторда, конденсаторда, май радиаторында, аралық салқындатқышта және желдеткіште жабысып қалған балшықтың немесе қоқыстың бар-жоғын тексеріңіз және оларды уақытылы тазалаңыз.
- > Генераторға судың немесе балшықтың тигенін не тимегенін тексеріңіз.
- > Шиналардағы қысымның қалыпты екеніне және шиналардың протекторларында немесе қаптал беттерінде сызаттардың немесе жарықтардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- > Тежегіш педалін бірнеше рет басып, тежеу жүйесінің дұрыс істейтініне көз жеткізіңіз.

Қарап тексеру және техникалық қызмет көрсету бойынша ұсыныстар

Ойлы-қырлы жермен жүріп өткеннен кейін: құмды жермен (шаң-тозаңы көп), батпақты, су, сортаң және т.с.с. жерлермен жүріп өткеннен кейін төмендегі тораптарды уақытылы тексеріңіз, сондай-ақ қажеттілігіне қарай оларға техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын жүргізіңіз:

- > Дыбыс сигналын тексеріңіз.
- > Барлық жарықтандыру құрылғысын тексеріңіз.
- > Шанақ түбінде майлардың және сұйықтықтардың ағып тұрған жерлерінің бар-жоғын тексеріңіз.
- > Шанақ түбіндегі тораптардың дұрыс күйін тексеріңіз, ықтимал бұзылу немесе өртену қаупін болдырмау үшін шөптерді

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Шиналар

Жаңа шиналармен алғашқы 500 км жол жүрген кезде ерекше сақ болу қажет.

Алғаш пайдаланылғанда жаңа шиналар оңтайлы іліністі қамтамасыз етпейді, сондықтан оларды сынап жүргізу қажет.

Тежегіш қыспақтары

Алғашқы 400 км жол жүрген кезде жаңа тежегіш қыспақтары ең үздік тежеу әсерін көрсетпейді.

Оңтайлы үйкеліс күшіне қол жеткізу үшін алдымен жаңа тежегіш қыспақтары «үйкелісуі» керек. Егер тежеу күшінің жеткіліксіз екенін сезсеңіз, оны күшейту үшін тежегіш педальді қаттырақ басыңыз.

Сынап жүргізу барысында тежеу жүйесіне үлкен жүктеме түсірмеген жөн, мысалы, шұғыл тежеуді, әсіресе автокөлік өте жоғары жылдамдықпен немесе еңісте келе жатқанда қолданбау керек.

⚠ Назар аударыңыз!

> Тежегіш дискілері мен тежегіш қыспақтары пайдалану жағдайларына байланысты әртүрлі қарқынмен тозуы мүмкін.

> Автокөліктің жылдамдығына, тежеу күшіне және қоршаған орта жағдайларына байланысты (мысалы, температура мен ылғалдылық) тежеу барысында шу пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

Қозғалтқыш

Жаңа қозғалтқыштың немесе күрделі жөндеуден өткен қозғалтқыштың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін жүктемені біртіндеп арттыра отырып, оны сынап жүргізу керек. Келесі сақтық шараларын орындау керек:

Алғашқы 300 км үшін:

Шұғыл тежеуден сақ болу керек.

Алғашқы 1000 километр үшін:

- > Жоғары жылдамдықпен жүргізбеу керек.
- > Қозғалтқыш жоғары айналымдармен жұмыс істемеуі үшін газ педальді соңына дейін баспаңыз.
- > Ұзақ уақыт бойы тұрақты жылдамдықпен жүрмеңіз, жылдамдық пен берілісті жиі ауыстырып отыру керек.
- > Төмен жылдамдықпен жүру үшін жоғары берілісті немесе жоғары жылдамдықпен жүру үшін төмен берілісті пайдаланбаңыз. Қозғалыс талаптарына сәйкес берілістерді уақытылы ауыстырып отырыңыз.
- > Тіркемелерді немесе басқа көлік құралдарын сүйремеңіз.

1000 км-ден 1500 км-ге дейін:

Қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, автокөлік жылдамдығын біртіндеп арттыруға рұқсат етіледі.

⚠ Назар аударыңыз!

Сынап жүргізу кезеңінде қозғалтқыштың әртүрлі жүйелерінің жұмыс жағдайларына назар аудару керек. Егер ақаулар анықталса, оларды алдымен жою керек, содан кейін ғана сынап жүргізуді жалғастырыңыз.

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Оталдыру жүйесінің түймелі ажыратқышы

Режимдерді ауыстыру

Смарт-кілтті өзіңізбен бірге алып жүрсеңіз, режимдерді ауыстыру үшін оталдыру жүйесінің ажыратқышын басыңыз.



08C19E66B97A

№	Күй	Әрекет
1	LOCK	Электр компоненттері жұмыс істемейді.
2	ON	Барлық электр жабдығы қолдануға қолжетімді.

Пайдалы ақпарат

Егер смарт-кілтті өзіңізбен бірге алып жүрсеңіз, тежегіш педалін басыңыз, беріліс селекторы Р күйінде. Оталдыру жүйесінің ажыратқышы қай күйде

тұрғанына қарамастан, автокөлікті оталдыру үшін оталдыру жүйесінің ажыратқышын басыңыз.

⚠ Ескерту

Қозғалыс кезінде оталдыру жүйесі құлпының күйлерін ауыстыруға рұқсат етілмейді.


⚠ Назар аударыңыз!

Смарт-кілтті аспаптар тақтасына, еденге, құрама аспаптар тақтасына, ұсақ-түйек тартпасына немесе жүксалғышқа салуға болмайды. Әйтпесе режимдерді ауыстырып қосқан кезде қиындықтар туындауы мүмкін.

Қозғалтқыш жұмыс істемесе, батарея заряды таусылмас үшін оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйінде ұзақ уақытқа қалдыруға болмайды.

Автокөліктен шыққан кезде оталдыру жүйесінің ажыратқышын LOCK күйіне ауыстырып, кілтті өзіңізбен бірге алыңыз.

Егер рульді бұғаттан шығара алмасаңыз



C76883D1FB9A

Егер режимдерді ауыстырған немесе қозғалтқышты оталдырған кезде ақпараттық дисплейде руль бағанын бұғаттан шығарудың сәтсіздігі туралы ақпарат көрсетіліп тұрса, бұғаттан шығару үшін бір мезгілде оталдыру жүйесінің ажыратқышын басып тұрып, рульді жеңіл оңға, содан кейін солға бұру қажет.

Автокөлікті оталдыру және өшіру

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Автокөлікті оталдыру

Стандартты режимде оталдыру

1. Смарт-кілт автокөліктің салонында болуы керек.
2. Орындықтың күйін реттеңіз, дұрыс жайғасыңыз.
3. Тежегіштің қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
4. Берілістер селекторының Р күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.
5. Тежегіш педалін басыңыз.
6. Қозғалтқышты іске қосу үшін оталдыру жүйесінің ажыратқышын басыңыз.

Төтенше оталдыру



3F16A302F793

«Кілт салонда тұр ма?» деген сұрау пайда болса (мысалы: смарт-кілттің заряды таусылған, есік қалқаны немесе артқы бампер күрделі зақымданған),

көлік құралын әдеттегі оталдыруды орындау үшін смарт-кілтті стақанқойғыштағы белгіге

орналастырыңыз. Қозғалтқышты әдеттегі оталдыру әрекетін орындаңыз. Егер қозғалтқыш бұрынғыша оталмаса, кідірместен сервис орталығына хабарласыңыз.

⚠ Ескерту

- > Жүргізуші жүргізушінің орындығында отырған кезде ғана қозғалтқышты оталдыруға болады. Бұл қағиданы сақтамау ауыр жарақаттарға және тіпті кісі өліміне алып келе алатын апатқа ұшыратуы мүмкін.
- > Қозғалтқышты оталдырған кезде газ педалін басуға қатаң тыйым салынады.
- > Автокөлікті шамалы қашықтыққа жылжыту қажет болған жағдайда да қозғалтқышты оталдыру керек. Әйтпесе апат орын алуы мүмкін.

Пайдалы ақпарат

- > Қыздырылмаған қозғалтқыштың жоғары айналымдармен немесе жоғары жүктемемен жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- > Мүмкіндігінше қозғалтқышты бос жүріспен ұзақ уақыт істетіп қоймаңыз.
- > Егер қозғалтқыш қиналып оталса немесе жиі өшіп қалса, мүмкіндігінше тезірек сервис орталығына хабарласыңыз.

Автокөлікті өшіру

Әдеттегі режимде өшіру

1. Автокөлік толық тоқтағаннан кейін беріліс селекторын Р күйіне ауыстырыңыз.
2. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын басыңыз және автокөлікті өшіру үшін LOCK күйіне ауыстырыңыз.

Шұғыл өшіру

Егер көлік жүргізу барысында (жылдамдық 5 км/сағ-тан асатын жағдайда) апаттық жағдай туындаса (мысалы, автокөлікті әдеттегі жолмен тоқтату мүмкін емес кезде), қозғалтқышты өшіру үшін төмендегі операциялардың бірін орындауға болады:

-
- > Оталдыру жүйесінің ажыратқышын 2 секундтан ұзақ басып тұрыңыз.
 - > Оталдыру жүйесінің ажыратқышын 2 секунд ішінде қатарынан 3 рет басыңыз.

Ескерту

> Қозғалыс кезінде қозғалтқышты өшіру соқтығысуларға және жарақаттарға алып келуі мүмкін.

> Қозғалтқышты мәжбүрлі тоқтату әрекетін қозғалыс кезінде төтенше жағдай туындаған кезде ғана орындаңыз.

Қозғалтқышты мәжбүрлеп өшіргеннен кейін тежеу жүйесі мен рульдің күшейткіштері жұмыс істемей қалады, сонда тежеу және рульді бұрау үшін көбірек күш жұмсау қажет болады. Сондықтан қозғалтқышты өшірер алдында жылдамдықты барынша азайтып алыңыз.

Ескерту

Қозғалтқыш тоқтағаннан кейін қозғалтқыш, пайдаланылған газдарды шығару құбыры, радиатор сияқты қызып тұрған тораптарға қол тигізбеңіз, себебі күйіп қалуыңыз мүмкін.

Пайдалы ақпарат

Қозғалтқыш ұзақ уақыт бойы жоғары айналымдармен немесе жоғары жүктемемен жұмыс істегеннен кейін оны біршама уақыт бос жүріспен жұмыс істетіп қою немесе шағын айналымдармен белгілі бір қашықтықты жүріп өту, содан кейін қозғалтқышты өшіру қажет.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Сақтық шаралары

⚠ Ескерту

- > Автокөлікті қатты еңіс жолда тоқтату салдары апатқа ұшыратуы мүмкін. Абайлаңыз және мұндай жерлерде автокөлікті тоқтатпаңыз.
- > Егер тұрақ тежеу жүйесі тым қатты еңістік салдарынан өз функциясын атқара алмаса, көліктің сырғып кетуіне жол бермеу үшін тежегіш педалін басыңыз.

Электр тұрақ тежегіші

Тұрақ тежегішін қосыңыз



BF6CD6E571E2

- > Автокөлік қозғалыссыз тұрған кезде және оталдыру жүйесінің ажыратқышы LOCK күйіне ауыстырылғаннан кейін электр тұрақ тежегіші (EPB) автоматты түрде қосылады. Осы кезде аспаптар тақтасында тұрақ тежегішінің индикаторы (P) жанады.
- > Тұрақ тежегішін іске қосу қажет болса, EPB ауыстырып-қосқышын басыңыз және бір мезгілде оталдыру жүйесінің ажыратқышын LOCK режиміне ауыстырыңыз.
- > Автокөлік тоқтағаннан кейін тұрақ тежегішін қосу үшін EPB ауыстырып-қосқышын тартыңыз. Осы кезде аспаптар тақтасында тұрақ тежегішінің индикаторы (P) жанады.

Шұғыл тежеу

Төтенше жағдайда тежеу үшін EPB жүйесін қолдану мақсатында EPB ауыстырып-қосқышын тартып, ұстап тұрыңыз. EPB ауыстырып-қосқышын жіберу немесе газ педалін басу арқылы шұғыл тежеудің күшін жоюға болады.

⚠ Ескерту

Күрт тежеу функциясын тек төтенше жағдайда (мысалы, тежегіш педалі блокталып қалған кезде) қолдануға болады.

Автокөлікті тұрақ тежегішінен шығарыңыз



AEFEB18C1AB7

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрғанда тежегіш педалін басып, тұрақ тежегішін босату үшін EPB ауыстырып-қосқышын басыңыз. Осы кезде аспаптар тақтасында тұрақ тежегішінің индикаторы (P) сөнеді.

i Пайдалы ақпарат

Егер автокөлікті қоректендіру үзіліп, қайта қосылса, аспаптар тақтасында тұрақ тежегіші ақауының индикаторы (P) жанады. Мұндай жағдайда жүйе қайта баптауды қажет етеді. Алдымен EPB ауыстырып-қосқышын жоғары тартыңыз, содан кейін EPB қалыпты режимде өшіру үшін тежегіш педалін басыңыз және EPB ауыстырып-қосқышын басыңыз.

Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясы



76914DAA227F

Ылдиға қарай жүргенде, бағдаршам алдында тоқтағанда немесе кептелісте қозғалғанда автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясы (AVH) жүргізушіні автокөлікті тежегіш педалінің көмегімен бір орында ұстап тұру және тұрақ тежегішін жиі қолдану қажеттігінен босатады. Бұл аса ыңғайлы жүргізуді қамтамасыз етеді және автокөліктің сырғып кету қаупін азайтады.

Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясын қосу немесе өшіру үшін жүргізуші жақтағы есікті жабыңыз, жүргізушінің қауіпсіздік белбеуін тағыңыз, қозғалтқышты оталдырып, AVH қосқышын басыңыз.

Қолдану

1. Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясын қосыңыз. Автоматты түрде ұстап тұру функциясы дайындық күйіне көшеді, ал аспаптар тақтасындағы индикаторы (P) сары түспен жанады.
2. Тежегіш педалін басқаннан кейін және автокөлік толық тоқтағаннан кейін жүйе тұрақ тежегішін автоматты түрде іске қосады. Автоматты түрде ұстап тұру

функциясы жұмыс күйіне көшеді, ал аспаптар тақтасындағы индикаторы (P) жасыл түспен жанады.

3. Берілістерді ауыстырып қосу селекторы D, M не R күйінде тұрған кезде газ педалін басыңыз, содан кейін тұрақ тежегіші автоматты түрде өшеді.

Ұзақ уақыт бойы акселератор педалі басылмаған жағдайда автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясы өшеді. Электрмеханикалық тұрақ тежегіші белсенді күйінде қалады.

Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясы келесі жағдайларда өшеді:

- > Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі ағытылған.
- > Жүргізуші жағының есігі ашық.
- > Оталдыру жүйесінің ажыратқышы LOCK күйіне ауыстырылған.
- > Автоматты түрде ұстап тұру функциясы 3 минуттан артық жұмыс істегеннен кейін.

▲ Назар аударыңыз!

Автоматты түрде жуу немесе сүйреу кезінде автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясын өшіріп қойыңыз.

Тұрақ тежегішін автоматты түрде өшіру функциясы

Тұрақ тежегіші қосылып тұрған кезде жүргізуші қауіпсіздік белбеуін тағып, газ педалін басқанда жүйе жүргізушінің автокөлікті жүргізу ниетін анықтап, тұрақ тежегіші автоматты түрде ажырайды

Ылдида жүрген кезде сырғып кетпеу үшін үлкен тарту күші қажет.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Берілістер сипаттамасы

Тұрақта берілісті бұғаттау (P)

P берілісі автокөлікті тұраққа қоюға арналған. P берілісі қосылып тұрған кезде беріліс қорабы механикалық түрде бекітілген, бұл автокөліктің еркін жылжып кетуіне жол бермейді.

Артқы жүріс (R)

R трансмиссиясы автокөлікті артқа жүргізуге арналған.

Бейтарап беріліс (N)

N берілісі қосылған кезде айналдыру моменті қозғалтқыштан деңгелектерге берілмейді.

⚠ Ескерту

- > N берілісінде уақытша тоқтатқан кезде тұрақ тежегішін қолданыңыз немесе тежегіш педалін басып тұрыңыз. Әйтпесе автокөлік жүріп кетіп, апат орын алуы мүмкін.
- > Апаттық жағдайларды болдырмау үшін бейтарап берілісте еркін жүріспен қозғалуға тыйым салынады.

Автоматты режим (D)

Қалыпты жүргізу жағдайында D берілісін пайдаланған жөн.

D берілісі қосылған кезде беріліс қорабы оңтайлы үнемдеу режиміне жету үшін автокөліктің жылдамдығына және қажетті үдеуге байланысты автоматты түрде тиісті беріліске ауыса алады.

Қолмен реттеу режимі (M)

Басып озған кезде немесе еңіс жермен жоғары және төмен қозғалған кезде M берілісін пайдаланған жөн.

Тегіс емес жерлерде және құламаларда M төменгі берілісін пайдаланған жөн.

Берілістерді ауыстырып қосу


Қозғалтқышты қосқаннан кейін берілістерді қалыпты режимде ауыстырып қосуға болады. Қозғалысты бастамас бұрын тежегіш педалін басу керек. Әйтпесе берілістерді ауыстыру тұтқасы қозғалыс күйіне келген кезде автокөлік өздігінен қозғала бастайды.

⚠ Ескерту

Автокөліктің бұзылуына немесе жол апатының орын алуына жол бермеу үшін берілісті көлік толық тоқтағаннан кейін ауыстыру керек.

Пайдалы ақпарат

Беріліс ауысқаннан кейін дұрыс берілістің қосылғанын тексеріңіз.



B2699E3CC212

- (A) Құлыпты ашу түймесі
- (B) Тұраққа қою режимінің түймесі

Р берілісіне ауыстыру

Автокөлік қозғалыссыз тұрған кезде тұраққа қою режимінің түймесін басыңыз.

i Пайдалы ақпарат

Келесі жағдайларда Р берілісі автоматты түрде қосылады:

- > Автокөлік тоқтатылған және оталдыру жүйесінің ажыратқышы LOCK күйінде тұр.
- > Автокөлік тоқтатылған, жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылмаған, акселератор немесе тежегіш педалі басылмаған, жүргізушінің есігі ашық.

D, R, N, M берілістеріне ауыстыру.



065830D08348

Берілістер селекторын тез қажетті күйге орнатыңыз; тұтқаны босатқан кезде ол автоматты түрде орталық күйге оралады.

Р режимінен шығу немесе R режиміне ауыстыру үшін тежегіш педалін және бұғаттан шығару түймесін басыңыз. D берілісін қосу үшін тежегіш педалін басу қажет.

D берілісіне ауыстырып қосқаннан кейін M берілісіне ауыстырып қосу үшін берілістерді ауыстыру тұтқасын артқа жылжытыңыз; D берілісіне ауыстырып қосу үшін тұтқаны тағы артқа жылжытыңыз.

Қосылып тұрған беріліс берілістерді ауыстыру тұтқасында және ақпарат орталығының дисплейінде көрсетіледі.


⚠ Ескерту

Аспаптар тақтасында беріліс қорабының ақауы туралы хабарлама пайда болған кезде беріліс қорабы апаттық жұмыс режиміне өтуі мүмкін. Бұл жағдайда тек белгілі бір беріліске ауыстырып қосуға болады немесе берілістер мүлдем ауыса алмайды, ал қозғалтқыш сөніп қалуы мүмкін. Мүмкіндігінше тезірек қауіпсіз жерге тоқтап, сервис орталығына хабарласыңыз.

Берілістерді қолмен ауыстырып қосу

i Пайдалы ақпарат

Қолмен ауыстырып қосу режимінде, қозғалтқыштың жылдамдығы тым жоғары немесе тым төмен болса, беріліс қорабы қозғалтқышты қорғау үшін автоматты түрде тиісті беріліске ауысады.



6CC1101BCF1F

(A) Берілістерді төменгі беріліске ауыстыру құлақшасы

(B) Берілістерді жоғарғы беріліске ауыстыру құлақшасы

Берілістерді ауыстыру құлақшасы қолдарыңызды рульден алмастан, берілістерді ауыстыруға мүмкіндік береді.

Қолмен ауыстырып қосу режимінде берілістерді төмендету және жоғарылату берілістерді ауыстыру құлақшасының көмегімен жүзеге асырылады.

Автоматты режимде берілістерді ауыстыру құлақшасын басу қолмен ауыстырып қосу режимін уақытша іске қосады. Бұл жағдайда берілісті құлақшалы ауыстырып-қосқыштардың көмегімен қолмен жоғарылатуға немесе төмендетуге де болады.

Құлақшалы ауыстырып-қосқышты ұзақ басып тұру қолмен ауыстыру режимінен автоматты режимге ауысуға мүмкіндік береді.

Берілістерді ауыстырып қосу селекторын апаттық жағдайда бұғаттан шығару

Егер Р режимінен ауыстырып қосуға әрекет жасаған кезде БАҚ сыналанып қалса, селекторды апаттық жағдайда бұғаттан шығару әрекетін орындауға болады.

⚠ Назар аударыңыз!

Мұндай ақаулық жағдайында бұғаттан шығаруды мамандарға орындату үшін сервис орталығына жүгінуге кеңес береміз. Өз бетіңізше жасалған әрекеттер автокөліктің сәйкес тораптарының зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Селекторды апаттық жағдайда бұғаттан шығару қажеттігінің туындауы ақаулықтың бар екенін білдіреді. Автокөлікті қарап тексеру үшін сервис орталығына хабарласу қажет.

1. Қозғалтқышты өшіріңіз, тұрақ тежегішін қосыңыз.
2. Ұсақ-түйекке арналған бөлімді ашыңыз және бөлімнің түбінен ішпекті шығарып алыңыз.




523E2F3F0CE4

3. Басына шүберек оралған жалпақ ұшты бұрауышты квадрат пішінді пластинаның саңылауына сұғыңыз, БАҚ селекторының Р күйін бұғаттан шығару сымарқанын табу үшін пластинаның астынан көтеріңіз.



E44EC93EAF0E

4. БАҚ селекторының Р күйін бұғаттан шығару сымарқанының тұтқасын тұтқа бағыттауыш ойыққа кіретіндей етіп, сағат тіліне қарсы бағытта шамамен 60 градусқа бұраңыз.



580F80777454

- (A) БАҚ селекторының Р күйін бұғаттан шығару сымарқанының тұтқасы
- (B) Сымарқан

5. Сымарқанды көтеріңіз, тұтқаны үстіңгі күйге көтеріңіз, БАҚ селекторының Р күйін бұғаттан шығару сымарқанының тұтқасын әлсіз шығатын дыбыс естілгенше сағат тілінің бағытымен шамамен 60 градусқа бұраңыз. Бұл тұтқаның бекітілгенін, ал берілістерді ауыстырып қосу селекторының Р күйінің бұғаттан шығарылғанын білдіреді. Осы кезде дыбыс сигналы беріледі, ал аспаптар тақтасының дисплейінде «БАҚ селекторы Р күйіне ауыса алмай тұр» хабарламасы пайда болады. Берілістерді ауыстыру қорабы осы кезде N күйінде тұрады.

6. Автокөлікті жылжытқаннан кейін бұғаттан шығару сымарқанын бастапқы күйіне қайтарып, жоғарыда сипатталған әрекеттерді кері тәртіппен орындау қажет. Берілістерді ауыстыру қорабын ұзақ уақыт мәжбүрлеп бұғаттан шығарудан сақтаныңыз.

Баяу қозғалу

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін берілістерді ауыстыру тұтқасын жүру берілісіне ауыстырыңыз, тұрақ тежегішін ажыратып, тежегіш педалін жіберіңіз. Газ педалін басу қажет емес, бұл кезде автокөлік баяу қозғала бастайды.

Жүрістің басталуы

1. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз, тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанын тексеріңіз.
2. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
3. Қозғалтқыштың айналымдары тұрақтанғанша күтіңіз де, D берілісін қосыңыз (жоғары айналдыру моменті қажет болғанда, мысалы, өрде орыннан қозғалғанда, M берілісін қосу керек).
4. Тежегіш педалін жіберіңіз, содан кейін тез жүру үшін газ педалін жайлап басыңыз.

Пайдалы ақпарат

Қозғалыс басталған кезде тұрақ тежегішінің автоматты ажыратылу функциясы тұрақ тежегішін жібереді.

Автокөлікті тоқтату

1. Газ педалін жіберіп, тежегіш педалін басыңыз.
2. Жүріп келе жатқан автокөлік толығымен тоқтағаннан кейін тұтқаны Р беріліс күйіне ауыстырыңыз.
3. Жағдайға байланысты тұрақ тежегішін қосыңыз немесе жай ғана қозғалтқышты өшіріңіз.

Пайдалы ақпарат

Қозғалтқышты өшіргеннен кейін тұрақ тежегіші автоматты түрде қосылады.

4. Тежегіш педалін жіберіңіз.

▲ Назар аударыңыз!

- > Еңісте уақытша аялдаған кезде тежегіш педалін басу немесе тұрақ тежегішін іске қосу керек. Автокөлік сырғып кетпеуі үшін газ педалін және баяу қозғалу функциясын қолдануға тыйым салынады. Бұл беріліс қорабына зақым келтіруі мүмкін.
- > Еңісте тежеу үшін тек Р берілісін пайдалануға тыйым салынады, бұл беріліс қорабына зақым келтіруі мүмкін.
- > Қажет болса, беткейде тоқтаған жағдайда, автокөліктің жылжып кетуінің алдын алу үшін дөңгелектерді тіреуішпен тіреп қойыңыз.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Режимдерді ауыстыру

Жеке ауыстырып қосу: оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрған кезде мультимедиа дисплейінің көмегімен [Автокөлік баптаулары] → [Жүргізу баптаулары] → [Мультурежимдік руль] руль механизмі күшейткішінің «жеңіл», «жайлы» және «спорттық» режимдерін ауыстырып қосуға болады.

Аралас ауыстырып қосу: жол төсемін бақылау жүйесі ауыстырып қосылған кезде руль режимі де ауыстырылады:

Қозғалыс режимі	Руль механизмі күшейткішінің режимі
2H Стандартты	Жайлы
4H Стандартты	Жайлы
4H Қар	Спорттық
4L Стандартты, Саз, Тастар, Таулы жол, Теріс емес жол	Жайлы

Пайдалы ақпарат

Руль режимдерін ауыстырып қосу үшін мынадай талаптар сақталуы тиіс:

- > Рульдің электрлік күшейткіші жүйесінің қалыпты жұмысы.
- > Автокөлік жылдамдығы 120 км/сағ-тан төмен.
- > Рульмен ешқандай айқын операциялар жасалмайды.

Жеңіл

Руль күшін арттырады, руль біршама еркін басқарылады, қарқынмен жүру жағдайында, мысалы, қалаларда жүргізу үшін қолайлы.

Жайлы

Әдеттегі жүргізу дағдылары бар жүргізушілер үшін қолайлы.

Спорттық

Руль күшін азайтады және рульдің кері жауабын арттырады. Оны жоғары жылдамдықта, жаңбырда, қарда және т.с.с. пайдалану ұсынылады.

Жол төсемін бақылау жүйесі

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Жол төсемін бақылау жүйесі туралы жалпы мәлімет

Күрделі жол жағдайларында жол төсемін бақылау жүйесі ағымдағы жағдайларға сәйкес болуы үшін таңдалған жүріс режиміне сәйкес автокөлікті басқаратын барлық жүйені автоматты түрде оңтайландырады және автокөліктің өту қабілеті мен тұрақтылығын айтарлықтай арттырады.

4WD ауыстырып қосу



D2848AF6DBC

2H, 4H және 4L режимдерін ауыстырып қосу үшін толық жетек режимінің ауыстырып-қосқышын бұраңыз. Режим таңдалған кезде сәйкес индикатор жыпылықтап тұрады. Ауыстырып қосу аяқталғаннан кейін индикатор тұрақты жанып тұрады.

2H және 4H режимдерін ауыстырып қосу: оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырғаннан немесе қозғалтқышты оталдырғаннан кейін автокөлік қозғалыссыз тұрған немесе 80 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен тұзу жолмен жүріп келе жатқан кезде толық жетек режимінің ауыстырып-қосқышын бұраңыз.

4L режиміне кіру немесе одан шығу: қозғалтқышты оталдырғаннан кейін берілісті ауыстыру селекторын N күйіне ауыстырыңыз және толық жетек режимінің ауыстырып-қосқышын бұраңыз.

Пайдалы ақпарат

- > Егер режимдерді ауыстыру кезінде ақаулықтар туындаса немесе аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда болса, ескерту сигналына сәйкес әрекет етіңіз. Ауыстырып қосу шарттарының орындалғанына көз жеткізіңіз және әрекетті қайталаңыз.
- > Режимді ауыстырған кезде соққы дыбысы естілуі және автокөлік аздап жұлқы мүмкін. Бұл - қалыпты жағдай.
- > 4H және 4L режимдерінде интеллектуалды «старт-стоп» жүйесі бұғатталады, ал автокөлікті электрондық тұрақтандыру жүйесі әдепкі қалып бойынша өшіріліп тұрады.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Кәдімгі немесе жоғары жылдамдықты жолдармен жүру үшін 4H және 4L режимдерін қолдануға тыйым салынады. Әйтпесе әдеттен тыс шуылдар, шиналардың қатты тозуы, отынның жоғары шығыны, трансмиссияның зақымдалуы секілді проблемалар туындауы мүмкін.
- > Артқы дөңгелектер қарда немесе мұзда бос айналған жағдайда жетек режимін ауыстырып қосуға болмайды.
- > 4H режимінде жүрген жағдайда автокөліктің жылдамдығы 80 км/сағ-тан аспауы тиіс. Әйтпесе ескерту іске қосылады, автокөліктің тораптары зақымдалуы мүмкін.
- > 4L режимінде жүрген жағдайда

жылдамдық 40 км/сағ-тан аспауы тиіс. Кілт бұрылу әрекеттерінен сақтануға тырысыңыз. Әйтпесе ескерту іске қосылады, автокөліктің тораптары зақымдалуы мүмкін.

- > 2H және 4H (немесе 4L) режимдерін ауыстырып қосқан кезде толық жетектің ауыстырылуы іркілуі мүмкін (толық жетектің ауыстырып-қосқышындағы индикатор тұрақты жыпылықтап тұрады, ал аспаптар тақтасы жүріп бара жатқан автокөлікті көрсетеді). Мұндай жағдайда ауыстырып қосуды аяқтау үшін шағын жылдамдықпен (5 км/сағ-тан кем) аз қашықтықты түзу жүріп өтіп көріңіз.
- > 4L режиміне кіргенде немесе одан шыққанда толық жетектің іркілуі туралы хабарлама пайда болмаса, режимдерді ауыстыру аяқталғанша автокөлік қозғалыссыз тұруы, берілістер селекторы N күйінде тұруы тиіс. Әйтпесе үлестіру қорабы зақымдалуы мүмкін.
- > 4L режимінде жүрген кезде берілістер селекторы қолмен істеу режимінде ауыстырылған болса, ылдифа қарай қозғалу көмекші жүйесі автоматты түрде қосылады. Қауіпсіздік мақсатында ылдифа қарай түсу көмекші жүйесін өшірмеңіз.

Режимдер сипаттамасы

2H режимі қатты жабыны бар жолдарға немесе ілінісуі жақсы топырақты жолдарға жарайды.

4H режимі ілінісуі нашар топырақты жолдарға жарайды (мысалы, қар басқан немесе құмды беттерде).

4L тік беткейлерге көтерілу және төтенше көмек секілді жол жағдайларына жарайды.

⚠ Назар аударыңыз!

Қозғалтқышты «шыңғырту» (қозғалтқыштың айналымдары максималды рұқсат етілген мәндерден қауіпті деңгейге дейін кенеттен арттырылатын құбылыс) секілді штаттан тыс жұмыс режимдерінің ұзақ уақыт бойы істеуіне жол бермеңіз, себебі бұл сәйкес тораптарға зақым келтіруі және автокөліктің қызмет ету мерзіміне әсер етуі мүмкін.


Жоғары өткіштік режимдерін ауыстырып қосу

⚠ Назар аударыңыз!

- > Жүру режимін дұрыс таңдамау салдарынан жүйе жол жағдайларын дұрыс анықтамауы мүмкін, бұл өз кезегінде аспалар мен беріліс жүйесінің қызмет ету мерзімін қысқартады.
- > Автокөлік жол бедері күрделі сапарға шығар алдында жүргізуші аймақты алдын ала бағалап, автокөлікті басқара алмай қалмас үшін тиісті режимді қосып қоюы тиіс.

Қозғалыс режимдерін таңдау жүйесі толық жетек режиміне сүйенеді. Алдымен толық жетек режимін ауыстырып қосыңыз, содан кейін сәйкес жоғары өткіштік режимдерін ауыстырып қосыңыз.




2H режимі

2H режимі әдепкі қалып бойынша. 2H Стандартты болып табылады , басқа режимдерге ауыстырылмайды.

4H режимдерін ауыстырып қосу



9D18288F46FB

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде, ал автокөлік 4H режимінде тұрған кезде 4H «Қар»  және 4H «Стандартты»  режимдерін ауыстырып қосу үшін «Қар»  түймесін басыңыз.






i Пайдалы ақпарат

Егер «Қар» түймесі 4Н режимінен басқа режимде басылған болса, индикатор алдымен 4Н режиміне кіру қажеттігін көрсетеді. 4Н режиміне кірген кезде аспаптар тақтасының дисплейінде режимнің пиктограммасы мен 4Н пиктограммасы көрсетіледі.

4L режимдерін ауыстырып қосу



D24B467D3EF3

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде, ал толық жетек режимі 4L режимінде тұрған кезде 4L Стандартты , 4L Саз , 4L Тастар , 4L Таулы жол , 4L Теріс емес жол  режимдерін ауыстырып қосу үшін ауыстырып-қосқышты бұраңыз. Қандай да бір режимді таңдаған кезде сәйкес индикатор жанады.

i Пайдалы ақпарат

> Егер ауыстырып-қосқышты 4L режимінен басқа режимде бұрайтын болсаңыз, аспаптар тақтасы алдымен 4L режиміне ауыстыруды ұсынады. 4L режиміне кірген кезде аспаптар тақтасының дисплейінде режимнің пиктограммасы мен 4L пиктограммасы көрсетіледі.

> 4L режимдерін ауыстырып қосу кезінде автоматты түрде сәйкес көмекші функциялар, мысалы, алдыңғы және артқы белдіктің дифференциалын бұғаттау функциясы қосылады немесе өшіріледі. Түймелердегі, аспаптар тақтасындағы сәйкес индикаторларды немесе сәйкес сөзкөмектерді тексеріңіз.

Режимдер сипаттамасы


- > 2Н Стандартты : тасжолдарға, қатты жабыны, асфальт және бетон жабыны бар жолдарға немесе азын-аулақ қармен және мұзбен жабылған қатты беттерге арналған. Жабыны жақсы жолдарда оңтайлы және тұрақты жүргізуді қамтамасыз етеді.
- > 4Н Стандартты : шөлдер, тропикалық ормандар және терең емес батпақ секілді борпылдақ және сырғанақ жолдарға арналған. Ең үздік жауап әрекеті және айналдыру моменті үшін акселератордың оңтайлы бақылауы. Толық жетек қатты жабыны бар жолдармен жүруге жарамайды.
- > 4Н Қар : терең емес қар, мұз, шөп және қиыршық тас секілді сырғанақ беттермен жүруге арналған. Автокөлік орнынан екінші берілісте қозғалады, толық жетектің қуат алуы жатық, жақсы басқарылу және тұрақтылық көрсеткіштері.
- > 4L Стандартты : тік беткейлерге көтерілу және төтенше көмек секілді жол жағдайларына жарайды. Беріліс санын бір сатыға көбейту арқылы автокөлік максималды тарту күшін ала алады, бұл тік беткейлерге көтерілгенде және төтенше көмек көрсету жағдайларында күшті қамтамасыз етеді.
- > 4L Саз : батпақты сорап, омбы қар және құм топырақ секілді сырғанақ және тұтқыр беттерге арналған. Анағұрлым төменірек беріліс көбірек қуат береді. Автокөлік максималды тарту күшіне және жолсыз жермен өткіштік қасиетіне ие болуы үшін әрбір дөңгелектің ілінісуін толық көлемде қолдану қажет.
- > 4L Тастар : кертпештер немесе жартасты топырақ секілді жол жағдайларына арналған, оңтайлы жауап әрекеті және айналдыру моменті үшін, автокөліктің өрлерді бағындыру қабілетін жоғарылату үшін автоматты түрде дифференциалды бұғаттайды.
- > 4L Таулы жол : таулы, оқапты және сырғанақ тасты-топырақты беттерге арналған, автокөліктің динамикасы мен тұрақтылығын жақсартады.
- > 4L Теріс емес жол : ойықтары және оқаптары бар жол беттеріне арналған. Төмен беріліс көбірек қуат береді.

Электронды тайғанау шектегіші тайғанамай тұрған дөңгелектерге күшті айналдыру моментін алуға мүмкіндік береді және автокөліктің өткіштігін жақсартады.

Эксперттік режим

Сізге өз жүргізу қажеттіліктеріңізге сәйкес автокөліктің жетегінің, руль режимінің ESC ауыстырып-қосқышының пайдаланушылық режимін баптауыңызға болады.




Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде, ал автокөлік 2H Стандартты немесе 4H Стандартты режимінде тұрған кезде эксперттік режим түймесін  басыңыз. Дисплейде қалқымалы терезе пайда болады. Эксперттік режим экранына ауысу үшін OK түймесін түртіңіз.

Өз жүргізу қажеттіліктеріңізге сәйкес 1, 2 немесе 3 пайдаланушылық режимдерін таңдауыңызға болады.

1, 2 және 3 пайдаланушылық режимдері үшін жетек режимін, руль режимін және ESC баптауларын белгілеуіңізге болады. Өдепкі қалып бойынша жүйелік баптауларға қайтып оралу үшін [Нөлдеу] түймесін түртіңіз.

Эксперттік режимнен шығу үшін [Шығу] түймесін түртіңіз.

Эксперттік режим терезесі жасырылып тұрған кезде бұл терезені қайтадан шақыру үшін эксперттік режим түймесін  басыңыз.

> Жетек режимдері: стандартты, спорттық және үнемді режимдерін таңдауға болады.

Үнемді: отын шығынының үнемділігін арттырады. Қалалық, асфальт және тегіс қатты төсемі бар басқа жолдар үшін қолайлы.

Стандартты: динамика мен үнемділікті біріктіреді, әртүрлі жолдарға жарамды.

Спорттық: автокөліктің динамикасын жақсартады, жылдамдық пен жүргізуден әсерлерді анағұрлым жоғары деңгейін береді. Жол қозғалысы қатысушыларының саны аз тегіс және кең жолдар үшін қолайлы.

> Руль режимдері: жайлы, спорттық және жеңіл режимдерін таңдауға болады. «Режимдер сипаттамасы» бөлімін қараңыз. (▷ 89-бет)

> ESC баптауларынан ALL-ON, TCS және VDC-OFF, ALL-OFF таңдауға болады.

ALL-ON: электрондық тұрақтандыру жүйесі (ESC) қосулы.

TCS және VDC-OFF: тарту күшін бақылау жүйесі (TCS), динамикалық тұрақтылық бақылауы (VDC) өшірулі. ALL-OFF: ESC өшірулі.

Толық жетекті автокөлікті жүргізу кезіндегі сақтық шаралары

> 4H және 4L режимінде (соның ішінде алдыңғы дөңгелектер айналмай тұрған, ал артқы дөңгелектер сорапта немесе мұздың/қардың үстінде бос тайғанап тұрған кезде) жетек күшкерінен ұстауға тыйым салынады.

> Шиналардың тербелу радиусының бірдей екеніне көз жеткізіңіз:

Шиналарды ауыстырған жағдайда барлық 4 шина бірге ауыстырылуы тиіс, осы орайда барлық шинаның маркасы мен моделі бірдей болуы тиіс;

Егер шиналардағы қысым сигнал беру жүйесі іске қосылса, оларды тексеру және уақытылы қосымша ауа үрлеу арқылы қажетті қысымды қамтамасыз ету, сигнал беру жүйесін нөлдеу қажет; егер шиналардың бірдей болуын қамтамасыз ету уақытша мүмкін болмаса (шағын қосалқы дөңгелекті ауыстыруды қоса алғанда), 2H режимінде жүру қажет болады және шинаны өлшемі мен түрі дәл сондай шинаға мүмкіндігінше тезірек ауыстырып алу қажет (қашықтық 50 км-ден аспауы тиіс).

> Бүйірге қарай сырғып кетуге жол бермеңіз.

-
- > Ілінісуі жақсы жерлерде (тасжол, бетон жабын) 4Н және 4L режимдерін қолдануға рұқсат етілмейді.
 - > Автокөлікті 4Н және 4L режимінде домкратпен көтерген жағдайда қозғалтқышты оталдыруға немесе дөңгелектерді айналдыруға тыйым салынады.

Әйтпесе автокөлік домкраттан тайып кетуі және алға қарай жүріп кетуі мүмкін, бұл өте қауіпті.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Дифференциалды бұғаттау туралы

Қандай да бір жетекші дөңгелек бос айналып тұрған кезде автокөлік кедергіні еңсере алуы үшін дифференциалды бұғаттау келесі жақтағы жетекші дөңгелекке жеткілікті айналдыру моментінің берілуін қамтамасыз етеді.

⚠ Ескерту

- > Дифференциалды бұғаттау құрылғысын зақымдап алмау үшін күштік агрегатты және трансмиссияны қайта жабдықтауға тыйым салынады.
- > Жабыны қатты жолдарда дифференциалды бұғаттауды қолдануға тыйым салынады.
- > Дифференциалды бұғаттау батып қалған автокөлікті шығарып алу үшін ғана қолданылады. Содан кейін оны өшіріп қою қажет.
- > Дифференциалды бұғаттағаннан кейін автокөлікті басқару кезінде сақтық таныту қажет. Рульді тез бұрамаған жөн, бұл автокөліктің тұрақтылығын бұзуы мүмкін, бұл апат қаупін арттырады.

Артқы белдіктің дифференциалын электрлі бұғаттау





1EA441206897

Қолмен бұғаттау

Пайдалы ақпарат

Бұғаттау келесі шарттар сақталған жағдайда ғана мүмкін болады:



- > Автокөліктің жылдамдығы 5 км/сағ-тан төмен.
- > Сол жақ және оң жақ дөңгелектердің айналу жылдамдығының айырмашылығы 50 айн/мин-тан кем.
- > Руль күшейткіші функциясы іске қосылмаған.

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін  түймесін басыңыз. Егер түйме жанса, ал аспаптар тақтасындағы индикатор  жасыл түске айналса, бұл артқы белдік дифференциалының сәтті бұғатталғанын білдіреді.

⚠ Ескерту

Дифференциалды бұғаттағаннан кейін үлкен бұрыштармен бұрылудан сақтаныңыз, әйтпесе автокөліктің тораптарын зақымдап алуыңыз мүмкін.

Пайдалы ақпарат

Артқы белдіктің дифференциалын бұғаттау бұғаттан шығарылған күйде тұрған кезде  түймесін басыңыз. Түймедегі индикатор бірнеше секунд бойы жыпылықтап тұрады, содан кейін сөнеді. Аспаптар тақтасындағы индикатор  бірнеше секунд бойы (сары түспен) жыпылықтап тұрады, содан кейін сөнеді. Бұл артқы белдіктің дифференциалын бұғаттаудың орындалмағанын білдіреді. Барлық шарт сақталғаннан кейін әрекетті қайталап көріңіз.



Қолмен бұғаттан шығару

Артқы белдік дифференциалын бұғаттағаннан кейін  түймесін қайтадан басыңыз. Түймедегі индикатор  мен аспаптар тақтасындағы индикатор сөнеді, бұл артқы белдіктің дифференциалының сәтті бұғаттан шығарылғанын білдіреді.



Пайдалы ақпарат

Бұғаттан шығарумен байланысты қиындықтар туындаған жағдайда рульді жеңіл солға және оңға бұрай отырып, бұғаттан шығаруға болады.

Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту

Артқы белдіктің дифференциалын бұғаттағаннан кейін 30-40 км/сағ жылдамдыққа жеткен кезде жүргізушіге жылдамдықты түсіру қажеттігін ескерте отырып, түйме индикаторы  жыпылықтай бастайды, ал аспаптар тақтасындағы индикатор  жасыл түспен жыпылықтайды.

Жылдамдықты асырған жағдайда автоматты түрде бұғаттан шығару

Артқы белдіктің дифференциалын бұғаттағаннан кейін жылдамдық 40 км/сағ-тан асқан жағдайда ол автоматты түрде бұғаттан шығарылады. Түйме индикаторы  мен аспаптар тақтасындағы индикатор  сөнеді.

Бірлескен бұғаттау

Жол төсемін бақылау жүйесін ауыстырып қосқан кезде де артқы белдіктің дифференциалын бұғаттау орындалуы мүмкін. Егер қозғалыс режимін «Тастар» режиміне ауыстыру жүргізілсе, бұғаттау шарттары сақталған жағдайда артқы белдіктің дифференциалын автоматты түрде бұғаттау орын алады.

Егер жол төсемін бақылау жүйесі басқа режимдерге ауыстырып қосылса, артқы дифференциалдың автоматты түрде бұғаттан шығарылуы орын алады.

Пайдалы ақпарат

Бірлескен бұғаттауды жүзеге асырғаннан кейін жылдамдық асырылған жағдайда дифференциал автоматты түрде бұғаттан шығарылмайды.

Алдыңғы белдіктің дифференциалын электрлі бұғаттау





C691E8A2AAA4

Қолмен бұғаттау

Пайдалы ақпарат

Бұғаттау келесі шарттар сақталған жағдайда ғана мүмкін болады:



- > Автокөлік жылдамдығы 5 км/сағ-тан төмен;
- > Артқы белдіктің дифференциалы бұғатталған.
- > Автокөлік 4L режимінде тұр.
- > Сол жақ және оң жақ дөңгелектердің айналу жылдамдығының айырмашылығы 50 айн/мин-тан кем.

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін  түймесін басыңыз. Түйме жанған, ал аспаптар тақтасындағы индикатор  жасыл түске айналған кезде, бұл артқы белдік дифференциалының сәтті бұғатталғанын білдіреді.

⚠ Ескерту



Дифференциалды бұғаттағаннан кейін үлкен бұрыштармен бұрылудан сақтаныңыз, әйтпесе автокөліктің тораптарын зақымдап алуыңыз мүмкін.



Пайдалы ақпарат

Артқы белдіктің дифференциалын бұғаттау бұғаттан шығарылған күйде тұрған кезде,  түймесін басыңыз. Түймедегі индикатор бірнеше секунд бойы жыпылықтап тұрады, содан кейін сөнеді. Аспаптар тақтасындағы индикатор  бірнеше секунд бойы (сары түспен) жыпылықтап тұрады, содан кейін сөнеді.

Бұл артқы белдіктің дифференциалын бұғаттаудың орындалмағанын білдіреді. Барлық шарт сақталғаннан кейін әрекетті қайталап көріңіз.

Қолмен бұғаттан шығару



Алдыңғы белдіктің дифференциалын бұғаттағаннан кейін оны төменде тізіп берілген тәсілдермен бұғаттан шығаруға болады. Бұғаттан шығарғаннан кейін түйме индикаторы  мен аспаптар тақтасындағы индикатор  сөнеді.

- > Алдыңғы белдіктің дифференциалын бұғаттан шығару үшін  түймесін басыңыз.
- >  түймесін басу артқы белдік дифференциалын бұғаттан шығарады, бұл ретте алдыңғы белдіктің дифференциалы да бұғаттан шығарылады.
- > Алдыңғы белдіктің дифференциалы 4L жетек режимінен шыққан кезде бұғаттан шығарыла алады.



Пайдалы ақпарат

Бұғаттан шығарумен байланысты қиындықтар туындаған жағдайда рульді жеңіл солға және оңға бұрай отырып, бұғаттан шығаруға болады.

Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту

Артқы белдіктің дифференциалын бұғаттағаннан кейін 30-40 км/сағ жылдамдыққа жеткен кезде жүргізушіге жылдамдықты түсіру қажеттігін ескерте отырып, түйме индикаторы  жыпылықтай бастайды, ал аспаптар тақтасындағы индикатор  жасыл түспен жыпылықтайды.

Жылдамдықты асырған жағдайда автоматты түрде бұғаттан шығару

Алдыңғы белдіктің дифференциалын бұғаттағаннан кейін жылдамдық 40 км/сағ-тан асқан жағдайда ол автоматты түрде бұғаттан шығарылады. Түйме индикаторы  мен аспаптар тақтасындағы индикатор  сөнеді.

Интеллектуалды «старт-стоп» жүйесі

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Интеллектуалды «старт-стоп» жүйесі

Интеллектуалды «старт-стоп» жүйесі отынды үнемді жұмсауға және көмірқышқыл газының шығарылу көлемін қысқартуға көмектеседі.

Жүйе автокөлік қозғалыссыз тұрған кезде (мысалы, бағдаршамның қызыл түсті сигналының алдында) автоматты түрде қозғалтқышты өшіреді. Өрмен қарай қозғалу қажет болғанда қозғалтқышты автоматты түрде тез оталдыру орын алады.

Қосу / өшіру

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрған кезде интеллектуалды «старт-стоп» жүйесін мультимедиа дисплейі арқылы қосуға немесе өшіруге болады [Автокөлік баптаулары] → [Жүргізу баптаулары] → [Интеллектуалды «старт-стоп» жүйесі].

⚠ Назар аударыңыз!

Су басқан жерлерден кешіп өтер кезде интеллектуалды «старт-стоп» жүйесін өшіріп қойыңыз.

Қолдану

Пайдалы ақпарат

Интеллектуалды «старт-стоп» жүйесінің қалыпты жұмысы төмендегі шарттар сақталған жағдайда ғана мүмкін болады:

- > Автокөліктің капоты жабық.
- > Жүргізуші есігі жабық.
- > Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- > Автокөліктің жылдамдығы әрбір тоқтағаннан және қозғалысты бастағаннан кейін 10 км/сағ-тан асады.

Автоматты БАҚ-пен жабдықталған автокөліктер үшін

- > D режимінде жүрген жағдайда автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз. Тежегіш педалін жібермеңіз, сонда қозғалтқыш автоматты түрде өшеді.
- > Қозғалтқыш өшірулі тұрған кезде тежегіш педалін жіберіңіз, сонда ол автоматты түрде оталады.

Пайдалы ақпарат

- > Егер қозғалтқыш өшірулі болса және осы кезде тұрақ тежегіші немесе автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясы қосылып тұрса, онда тежегіш педалін жіберген кезде қозғалтқыш автоматты түрде оталмайды.
- > Қозғалтқыш өшірулі тұрған кезде акселератор педалін басыңыз немесе N және P режимдерінен өзге кез келген режимді қосыңыз, сонда қозғалтқыш автоматты түрде оталады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін функциялар

Қозғалтқыш келесі жағдайларда автоматты түрде өшірілмейді:

- > Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы интеллектуалды «старт-стоп» жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі үшін жеткілікті температураға жеткен жоқ.
- > Кондиционер жүйесінің жұмысы қозғалтқышқа автоматты түрде өтуге мүмкіндік бермейді.

- > Аккумулятор батареясының заряды немесе кернеуі минималды рұқсат етілген мәннен төмен.
- > Аккумулятор батареясының температурасы рұқсат етілген мәндерден жоғары немесе төмен.
- > Қозғалтқыштың автоматты түрде өшуі автоматтық беріліс қорабының жұмысына байланысты мүмкін емес.
- > Тежегіш педалін ұзақ уақыт бойы басу тежеу жүйесіндегі вакуумның жеткіліксіздігіне алып келді.
- > Рульді бұру бұрышы тым үлкен.
- > Теңіз деңгейінен үлкен биіктік.
- > Қоршаған орта температурасы рұқсат етілген мәндерден жоғары немесе төмен.
- > Жолдың көлбеу бұрышы үлкен.
- > «Старт-стоп» жүйесінің жұмысына жол берілмейтін қозғалыс режимінде.
- > Старт/стопқа жол бермейтін кейбір жүйелер қосылған жағдайда. Мысалы, ылдифа қарай жүру көмекші жүйесі.

Қозғалтқыш келесі жағдайларда автоматты түрде оталмайды:

- > Жүргізуші жағының есігі ашық.
- > Капот ашық.
- > Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі ағытылған.

Бұл жағдайларда қозғалтқышты оталдыру жүйесінің түймесін басу арқылы ғана оталдыруға болады.

Қозғалтқыш келесі жағдайларда автоматты түрде оталады:

- > Интеллектуалды «старт-стоп» жүйесі қолмен өшірілген.
- > Автокөлік 3 км/сағ-тан жоғары беткейден түсіп келеді.
- > Аккумулятор батареясының заряды немесе кернеуі минималды рұқсат етілген мәннен төмен.
- > Аккумулятор батареясының температурасы рұқсат етілген мәндерден жоғары немесе төмен.
- > Тежегіш педалін ұзақ уақыт бойы басу тежеу жүйесіндегі вакуумның жеткіліксіздігіне алып келді.

- > Кондиционер жүйесінің жұмысы қозғалтқыштың автоматты түрде оталуын талап етеді.
- > Рульді бұрған кезде.
- > «Старт-стоп» жүйесінің жұмысына жол берілмейтін қозғалыс режиміне ауыстырылған кезде.

⚠ Назар аударыңыз!

Аккумулятор батареясы туралы

- > Аккумулятор батареясын өз бетіңізше ауыстыруға немесе шешіп алуға тыйым салынады.
- Аккумулятор батареясын ауыстыру қажет болған жағдайда сервис орталығына хабарласыңыз. Әйтпесе аккумулятор заряды деңгейінің датчигін зақымдап алуыңыз мүмкін, нәтижесінде жүйе қалыпты жұмыс істей алмайды.
- > Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы тұрақта тұрған, аккумулятор зарядының деңгейі жеткіліксіз және қозғалтқыш оталмайтын болса, оны сыртқы аккумулятор батареясынан оталдыруға болады. Егер Сізде сыртқы аккумулятор батареясын қолдану мүмкіндігі жоқ болса, интеллектуалды «старт-стоп» жүйесінің жұмыс істемей қалуын болдырмау үшін аккумуляторды зарядтауға электр генераторын қолдануға кеңес беріледі.

Тұраққа қою көмекші жүйесі

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Сақтық шаралары

⚠ Ескерту

- > Тұраққа қою көмекші жүйесі көмекші құрал болып табылады. Ол жүргізуші үшін қоршаған ортаны бағалай алмайды. Кез келген жағдайда жүргізуші автокөліктің қауіпсіздігі үшін жауапты болады. Тұраққа қойған кезде және басқа да осындай жағдайларда жүргізуші жол жағдайын үнемі бақылап отыруы керек.
- > Тұраққа қою көмекші жүйесінде көзден таса аймақтар бар, сондықтан ол кейбір жерлерде кедергілерді байқамай қалуы мүмкін. Тұраққа қою және басқа да осындай маневрлер жасаған кезде көліктің жанында балалар мен жануарлардың тұрмағанына көз жеткізіңіз.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Артқа жүрген кезде жүксалғыштың есігі толық жабылғанына көз жеткізіңіз.
- > Камера мен датчиктерге соққы тигізбеңіз.
- > Көлікті жуған кезде камералар мен датчиктерге жоғары қысымды су ағынын бағыттамаңыз. Бұл жүйелердің ақаулығына немесе өртке әкелуі мүмкін.
- > Камералар мен датчиктерді тазалаған кезде абразивті материалдар мен өткір

заттарды пайдаланбаңыз. Ол үшін жұмсақ шүберек немесе суды (төмен қысыммен) қолданыңыз.

Пайдалы ақпарат

Тұраққа қою көмекші жүйесі ультрадыбыс толқындарына сезімтал болады. Ол келесі жағдайларда кедергілерді анықтай алмауы немесе мұны қиын орындауы мүмкін. Алайда бұл жүйедегі ақаулардың белгісі болып табылмайды.


- > Металл торлар, қоршаулар, аласа бағандар, сымарқандар және басқа да жіңішке заттар түріндегі кедергілер.
- > Беті радар сигналын шағылыстырмайтын заттар түріндегі кедергілер, сондай-ақ осындай материалдардан жасалған киім киген адамдар.
- > Қардан, матадан немесе дыбыс толқындарын сіңіретін заттардан болатын кедергілер.
- > Өткір бұрыштары бар кедергілер немесе конус тәрізді заттар.
- > Шөппен немесе тегіс емес жолмен жүрген кезде.
- > Еңісте артқа жүрген кезде.
- > Дәл сондай жиіліктегі ультрадыбысты кедергілер болған жағдайда, мысалы, металл дыбыстары, қысыммен шығарылатын газ дыбыстары, датчикке өте жақын орналасқан автокөліктің дыбыс сигналдары.
- > Артқы нөмір белгісі қисайып немесе бүгіліп қалған кезде, сондай-ақ оған айтарлықтай үлкен сәндік жақтауды орнатқан кезде.
- > Датчиктердің бетінде бөгде заттар болған кезде.
Жүйе тұрақты жұмыс істеуі үшін датчиктерді таза ұстау, олардың үстіне қардың, мұздың және т.б. жиналуына жол бермеу қажет.

Соқтығысуды ескерту радары

Жүйе туралы жалпы мәлімет

Соқтығысуды ескерту радары – радиолокациялық анықтау құрылғысы қызметін атқарады. Тұраққа қойған кезде датчиктер автокөліктің алдындағы және артындағы кедергілерді анықтап, оларға дейінгі қашықтықты бағалайды. Жүргізуші дыбыс ескертуін алады. Бұл тұраққа қою процесін қауіпсіз және жайлы етеді.

Қолдану



A53C99CB1502

- > Қозғалтқыш қосылуы тұрғанда немесе оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON режимінде тұрған кезде соқтығысулардың алдын алу жүйесінің радиолокаторын қолмен қосу немесе өшіру үшін түймені басыңыз.
- > R берілісіне ауыстырған кезде автоматты түрде соқтығысулардың алдын алу жүйесінің радиолокаторы қосылады.
- > P берілісіне ауыстырған кезде соқтығысулардың алдын алу жүйесінің радиолокаторы автоматты түрде өшеді.
- > Алдыға жүру жылдамдығы 15 км/сағ-тан асқан жағдайда соқтығысулардың алдын алу жүйесінің радиолокаторы автоматты түрде өшеді.

Анықтау аймақтары және ескерту әдісі

Радар датчигінің орналасуы	Анықтау аймағы, м
Алдыңғы жақта екі қапталда	0,6
Алдыңғы ортасында	1,0
Артқы жақта екі қапталда	0,6
Артқы ортасында	1,5

Егер соқтығысуды ескерту радарын қосқаннан кейін датчик анықтау аймағында кедергіні анықтаса, ескерту сигналы беріледі.


Автокөлік пен кедергі арасындағы қашықтық азайған сайын сигнал жиілігі біртіндеп артады. Кедергіге дейінгі қашықтық шамамен 0,4 м болғанда ұзақ дыбыс сигналы естіледі. Бұл жағдайда қозғалысты жалғастыруға тыйым салынады.

Алдыңғы радардың автоматты түрде қосылуы

Алдыңғы радардың автоматты түрде қосылу функциясын мультимедиа дисплейінің көмегімен қосуға немесе өшіруге болады [Автокөлік баптаулары] → [Тұраққа қою баптаулары] → [Радар баптаулары]. Осы функцияны қосқаннан кейін кедергі анықталған кезде автокөлік 10 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен алға жүретін болса, алдыңғы радарлар мен бақылау камералары жүйесі автоматты түрде іске қосылады. Егер бірнеше секунд ішінде осы кедергілерге дейінгі қашықтық өзгермесе, кедергілер жойыла бастайды немесе тұрақ тежегіші қосылады, іске қосылған жүйе автоматты түрде сөнеді.

Баяу жылдамдықта шұғыл тежеу функциясы

Баяу жылдамдықта шұғыл тежеу функциясын мультимедиа дисплейінің көмегімен қосуға немесе өшіруге болады [Автокөлік баптаулары] → [Тұраққа қою баптаулары] → [Радар баптаулары].

Баяу жылдамдықта шұғыл тежеу функциясын қосқаннан кейін оның индикаторы  автокөлікпен баяу жылдамдықта қозғалғанда бейнебақылау камераларының интерфейсінде жасыл түспен жанады, бұл функцияның сәтті іске қосылғанын көрсетеді. Егер бұл режимде кедергі анықталса және жүйе соқтығысу қаупі бар екенін анықтаса, ол қауіпті азайту үшін автоматты түрде шұғыл тежейді. Бұл кезде индикатор қызыл түспен жанады.

Назар аударыңыз!

- > Функция – көмекші құрал және ол кез келген жағдайда барлық ықтимал кедергіні анықтайтынына кепілдік бермейді.
- > Қиын жол жағдайларында (мысалы, ойлы-қырлы жерлермен немесе тар жолдармен жүрген кезде) төмен жылдамдықта шұғыл тежеу функциясын ажырату керек. Әйтпесе жүйе қажетсіз кезде тежеуі мүмкін.
- > Баяу жылдамдықта шұғыл тежеу функциясын тарту-тіркеу құрылғысы бар автокөліктерде немесе басқа көлік құралдарын сүйреткен кезде ажыратып қою керек. Әйтпесе жүйе қажетсіз кезде тежеуі мүмкін.

Айнала шолу жүйесі

Жүйе туралы жалпы мәлімет

Төрт камераның көмегімен айнала шолу жүйесі автокөліктің айналасындағы кеңістікті түсіріп, тиісті бейнені дисплейге жібереді, бұл соқтығысудың алдын алуға көмектеседі және автокөлікті қарапайым әрі қауіпсіз басқаруға мүмкіндік береді.

Қолдану



A53C99CB1502

- > Сталдыру жүйесінің ажыратқышы «ON» күйінде болғанда немесе қозғалтқыш қосылып тұрғанда түймені басу арқылы айнала шолу жүйесін қосуға немесе өшіруге болады.
- > R берілісіне ауыстырған кезде айнала шолу жүйесі автоматты түрде қосылады
- > P берілісі қосылған кезде айнала шолу жүйесі автоматты түрде сөнеді.
- > Егер алға жүрген кезде автокөліктің жылдамдығы белгіленген шектен асып кетсе, айнала шолу жүйесі автоматты түрде сөнеді.
- > Айнала шолу жүйесінен шығуға арналған жылдамдықты мультимедиа дисплейінің көмегімен баптауға болады [Автокөлік баптаулары] → [Тұраққа қою баптаулары] → [Айнала шолу жүйесінің баптаулары].
- > Руль жүйесі арқылы ақылды қосу функциясын мультимедиа дисплейінің көмегімен қосуға немесе өшіруге болады [Автокөлік баптаулары] [Тұраққа қою баптаулары] [Айнала шолу жүйесінің баптаулары].

Бұл функцияны қосқаннан кейін D берілісін қосып жүргенде бұрылыс көрсеткішін қосыңыз немесе рульді белгілі бір бұрышқа бұрыңыз. Осы кезде айнала шолу жүйесі автоматты түрде қосылады. Рульді бастапқы күйіне қайтарғаннан кейін және бұрылыс көрсеткіші сөндірілгеннен кейін немесе автокөлік жылдамдығы белгілі бір мәнінен асып кеткенде айнала шолу жүйесі автоматты түрде сөнеді.

Интерфейс элементтерінің орындары



- (A) Функцияларды баптау аймағы
- (B) Үстінен шолу аймағы
- (C) Баяу жылдамдықта шұғыл тежеу функциясының индикациясы

Жасыл түс: баяу жылдамдықта шұғыл тежеу функциясы сәтті іске қосылғанын көрсетеді. Қызыл түс: кедергі анықталғанын және автоматты түрде шұғыл тежеудің жүзеге асырылғанын көрсетеді.

Сары түс: функцияның бұзылғанын көрсетеді.

- (D) Қарау белгісі
- 2D қарау режимінде көрсетіліп тұрған көріністің бағытын көрсетеді.
- (E) Көрсетілетін аймақ

Шолу бұрышын ауыстыру

Шолу бұрышын автоматты түрде ауыстыру

D берілісі қосылған кезде алдыңғы бейнеге автоматты түрде ауысады. R берілісі қосылған кезде арттағы бейнеге автоматты түрде ауысады. D берілісіне ауыстырған және сол жақ бұрылыс көрсеткішін қосқан кезде автоматты түрде автокөліктің сол жағындағы аймақ көрсетіледі. Оң жақ бұрылыс көрсеткішін қосқан кезде автоматты түрде автокөліктің оң жағындағы аймақ көрсетіледі.

Шолу бұрышын қолмен ауыстыру

Автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ-тан төмен болған кезде жоғарыдағы шолу аймағын түртіңіз. Онда бағдарлау түймесі пайда болады. Басқа бағдарды таңдау үшін осы түймені түртіңіз. Көрсетіліп тұрған аймақ осы түйменің көмегімен таңдалған шолу бұрышына сәйкес болады.



- (A) «Мөлдір салон» шолу түймесі

3D көру режимі: егер «Мөлдір салон» шолу түймесін түртсе, бейнебақылау камераларының интерфейсінде біртіндеп, автокөлік жүрісіне қарай автокөлік шанағының астындағы жолдың көрінісі пайда болады.

Функциялардың баптаулары

<: «Артқа» түймесі

«Артқа» түймесін түрту алдыңғы деңгейдің мәзіріне қайтарады. Басты мәзірдің «Артқа» түймесін түрту бейнебақылау камераларының интерфейсінен шығуға мүмкіндік береді.

☰: режимдерді ауыстырып қосу түймесі. Түймені түрту арқылы 2D қарау мен 3D қарау режимдері арасында ауысуға болады.

Q: қарап көруді ауыстырып қосу түймесі Q (қалыпты режим), (дөңгелек режимі), (кесіп өту режимі) арасында ауыстырып қосу үшін түймені түртіңіз.

☰: автокөлік суретінің көмекші сызықтарының баптауларының түймесі.

Көрсетілетін көрінісін ауыстыру үшін көмекші сызықтарды баптау түймесін түртіңіз. Орнату аяқталғаннан кейін автокөлік енін көрсететін бағыттаушы сызықтар көрсетіледі, бұл жүргізушіге тұраққа қойған кезде көмектеседі.

Пайдалы ақпарат

Автокөлік жинақтамасына байланысты кейбір автокөлік модельдерінде бұл түйме жүйені баптау мәзірінің астында орналасқан.

MOD: Қозғалатын нысандарды анықтау. Қозғалатын нысандарды анықтау функциясын қосуға немесе өшіруге болады. Функция қосылғаннан кейін қозғалатын адам анықталған кезде бейнебақылау камераларының интерфейсінде ескерту хабары пайда болады.

i Пайдалы ақпарат

Автокөлік жинақтамасына байланысты кейбір автокөлік модельдерінде бұл түйме жүйені баптау мәзірінің астында орналасқан.

көлік жуу режимі

Түймені түртіп, көлік жуу режимін қосуға немесе сөндіруге болады. Көлік жуу режимін қосқаннан кейін экранда автокөлік дөңгелектерінің қозғалыс траекториясы көрсетіледі, ал сызықтардың ені автокөлік шиналарының еніне тең болады.

жүйелік баптаулар

Түймені түрту жүйе параметрлерінің интерфейсіне кіруге мүмкіндік береді, онда келесі параметрлерді баптауға болады.

> Шолу бұрышын интеллектуалды түрде ауыстырып қосу

Шолу бұрышын интеллектуалды түрде ауыстырып қосу функциясын қосуға немесе сөндіруге болады. Функция қосылғаннан кейін:

Егер D берілісін қосып жүргенде алдыңғы радар кедергіден автокөлік шанағына дейінгі қашықтық 1 метрден аз екенін анықтаса, камера автоматты түрде автокөліктің алдындағы кеңістігін үстіңгі көрінісіне ауыстырып қосады.

Егер R берілісін қосып жүргенде артқы радар кедергіден автокөлік шанағына дейінгі қашықтық 1 метрден аз екенін анықтаса, камера автоматты түрде автокөліктің артындағы кеңістігін үстіңгі көрініске ауыстырып қосады. Кедергі жойылғаннан кейін камера автоматты түрде алдыңғы көру режиміне ауысады.

> Автокөлік бейнесінің түсі

Автокөлік бейнесінің түсін таңдауға мүмкіндік береді.

> Автокөлік бейнесінің мөлдірлігі

3D қарау режимінде осы түймені басып, автокөлік бейнесінің мөлдірлік дәрежесін баптауға болады.

100%-ға тең мөлдірлік дәрежесін таңдаған кезде «мөлдір салон» функциясы іске қосылады.

Бұл функцияны іске қосқаннан кейін бейнебақылау камераларының

интерфейсінде біртіндеп, автокөлік жүрісіне қарай автокөлік шанағының астындағы жолдың көрінісі пайда болады.

i Пайдалы ақпарат

«Мөлдір салон» функциясы нақты уақыт режимінде жұмыс істемейді, камера интерфейсі автокөлік астындағы көріністі толық көрсетпейді. Жүргізуші ахуалды өз бетінше бағалауы тиіс және бұл функцияға толық иек артып қала алмайды.

> Радарларды көрсету

Осы түймені бірнеше рет түртіп, радарлардың көрінісін реттеуге болады. Көріністі баптағаннан кейін оның орналасқан жерінде кедергі анықталса, радар белгішесі пайда болады.

> Радардың ескертуші дыбыс сигналы

Радар сигналының дыбыс деңгейін белгілеу үшін сырғытпаны жылжытыңыз. Сигналдың дыбыс күшін әдепкі деңгейге қайта келтіру үшін [Әдепкі қалып бойынша] түймесін түртіңіз.

Шолу жүйесін калибрлеу функциясы

Шолу жүйесін калибрлеуді мультимедиа дисплейі арқылы жаңартуға болады [Автокөлік баптаулары] → [Тұраққа қою баптаулары] → [Айнала шолу жүйесінің баптаулары].

Автокөліктің пайдаланылуына қарай жүктемелерге, селкілдеуге, компоненттердің ескіруіне және жүйенің басқа факторларына байланысты жүйе жұмысында қателер пайда болуы мүмкін: әртүрлі камералардан алынған кескіндердің дұрыс емес құрастырылуы, олардың бұрмалануы немесе бұлдырап көрінуі. Бұл жағдайда калибрлеу бейне сапасын жақсартуға көмектеседі.

Калибрлеу туралы нұсқаулар мультимедиа жүйесінің дисплейіндегі хабарламаларда беріледі.

Зауыттық баптауларды қалпына келтіру

Зауыттық баптауларды мультимедиа дисплейі арқылы қалпына келтіруге болады [Автокөлік баптаулары] → [Тұраққа қою баптаулары] → [Айнала шолу жүйесінің баптаулары]. Қайталап калибрлеуді орындағаннан кейін зауыттық баптауларды қалпына келтіру түймесін басу арқылы зауыттық калибрлеуді қалпына келтіруге болады.

Артқы камераны тазалау функциясы

Артқы көрініс камерасын тазалау функциясымен жабдықталған автокөліктер үшін бұл функция артқы әйнектің жуғышымен бірге қосылатын немесе өшірілетін болады.

Шиналардағы қысымды бақылау жүйесі

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Жүйе туралы жалпы мәлімет

Шина қысымын бақылау жүйесі (TPMS) нақты уақыт режимінде шинаның қысымы мен температурасын бақылап отырады. Қалыпты параметрлерден ауытқыған кезде ол жүргізушіге шаралар қолдану қажет екені туралы сигнал беріп, апаттың алдын алуға көмектеседі.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Шиналарды жөндеуге арналған сұйықтықты (сервис орталығы ұсынатын сұйықтықты қоспағанда), карбюратор тазартқышын, шиналардың толтырғыштарын қолдану шиналардағы қысым датчигін зақымдауы және TPMS дұрыс емес жұмыс істеуіне алып келуі мүмкін.
- > Егер ауыстырылатын шиналар түпнұсқа қосалқы бөлшектер болып табылмаса, TPMS дұрыс жұмыс істеуі мүмкін.
- > Шинадағы қысым датчигі шинаның ішіндегі ауа шұрасының жанына орнатылған. Қысым датчигінің зақымдануына жол бермеу үшін (бұл TPMS жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне алып келуі мүмкін) шинаны жөндеу немесе ауыстыру үшін сервис орталығына жүгініңіз.
- > Сырғытпайтын шынжырларды немесе дөңгелек қақпақтарын орнатқан кезде жүйе дұрыс істемеуі мүмкін.
- > Жүйенің жұмысы радиокөдергілер салдарынан бұзылуы ықтимал.

Пайдалы ақпарат

- > TPMS жүйесі шиналарға жүйелі түрде күтім жасау қажеттілігін талап етеді. Тіпті ол ескерту сигналдарын бермесе де, шиналар мен олардағы қысымды үнемі тексеріп тұру керек.
- > Жүру кезіндегі қызу, қоршаған орта жағдайлары және сапар ұзақтығы шиналардағы ауа қысымына әсер етеді. Ол әдетте 30 КПа деңгейінде өзгеріп отырады, бұл - қалыпты құбылыс.
- > TPMS жүйесі қосалқы шинадағы қысымды бақылай алмайды.







Өздігінен үйрену функциясы

Деректердің жаңартылуы өздігінен үйрену функциясының көмегімен шиналарды ауыстырғаннан немесе орындарын ауыстырып салғаннан кейін автоматты түрде орындала алады.

Автокөлікті 16 минуттан ұзақ уақытқа тоқтатып қойғаннан және оны 30 км/сағ-тан жоғары жылдамдықпен қайта қосқаннан кейін, шамамен 9 минуттың ішінде жүйе қайта баптауды автоматты түрде аяқтайды.

Егер өздігінен үйрену орындалмаса, TPMS баптауларын жаңарту үшін мүмкіндігінше тездетіп сервис орталығына жүгініңіз.


Бақылау функциясы

Көп функциялы қосымша қалталар панелін шақыру үшін рульдегі мәзір түймесін  басыңыз, содан кейін аспаптар тақтасының ақпараттық орталығын қозғалыс туралы деректер мәзіріне  ауыстырып қосу үшін  солға немесе  оңға түймесін басыңыз. Қозғалыс деректері туралы мәзірде шиналардағы қысымды бақылау терезесін шақыру үшін  жоғары немесе  төмен түймесін басыңыз, онда нақты уақыт режимінде шиналардағы қысым және температура туралы ақпаратты қарап көруге болады.

Қысым тым аз немесе температура тым жоғары болған кезде шина қысымын бақылау интерфейсіндегі ақау анықталған дөңгелек белгішесі қызыл түске боялып, жыпылықтай бастайды.

Ескерту функциясы

Шинаның қысымы тым аз немесе олардағы температура тым жоғары болғанда аспаптар тақтасында келесі ескертулер пайда болады:

- > Ақпарат орталығының экранында ескерту терезесі пайда болады, онда температурасы/қысымы ауытқыған шина қызыл түспен көрсетіледі, сондай-ақ ескертуші дыбыс сигналы естіледі.
- > Аспаптар тақтасында шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің ескертуші жарық сигналы  жанады.

Егер қозғалыс барысында TPMS жүйесі туралы ескерту болса, шұғыл бұрылыстар мен күрт тежеу әрекеттерін орындамаңыз. Жылдамдықты түсіріңіз, қауіпсіз аймаққа кіріңіз, мүмкіндігінше тездетіп автокөлікті тоқтатыңыз және ақаулықты жою үшін сервис орталығына жүгініңіз.

Жүргізу кезіндегі шаршау туралы ескерту жүйесі

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Жүргізу кезіндегі шаршау туралы ескерту жүйесі туралы

Жүргізушінің шаршағанын бақылау жүйесі жүргізушінің көлік жүргізу әрекеттерін үнемі қадағалап отырады және осылайша жүргізушінің шаршау дәрежесін анықтайды. Егер жүйе жүргізушінің шаршағанын анықтаса, дыбыс сигналы естіледі және дисплейде жүргізушіге абай болу керек деген ескерту пайда болады.

⚠ Ескерту

- > Қатты шаршағаныңызды сезіп тұрсаңыз, автокөлікті басқарудан бас тартыңыз. Ұзақ сапарға шыққан кезде, демалу мақсатымен үзіліс жасауды жоспарлаңыз.
- > Жүргізуші өзінің жай-күйі көлікті қалыпты жүргізуге кедергі келтірмеуіне толық жауапты болады.
- > Шаршау туралы еске салу – көмекші функция. Жүйе әрдайым жүргізушінің шаршау дәрежесін дұрыс анықтай алмайды. Кейбір жағдайларда ол қалыпты әрекеттерді шаршау белгілері ретінде қабылдауы мүмкін.

Қолдану

Бұл функцияны мультимедиа дисплейінің көмегімен баптауға болады [Автокөлік баптаулары] → [Жүргізу баптаулары] → [Шаршау туралы ескерту].

Шаршау туралы ескерту

Жүйе келесі мән-жайларды анықтаған жағдайда аспаптар тақтасының дисплейінде дыбыс сигналымен бірге «Сізге демалу керек сияқты» деген терезе пайда болады.

- > Жүргізуші жағындағы қауіпсіздік белбеуі тағылған, жылдамдық 65 км/сағ-тан асады. Жүйе жүргізушінің автокөлікті шаршаған күйде басқарып отырғанын анықтайды.
- > 4 сағат бойы үздіксіз жүргізу (қозғалтқыштың жұмысы).

⚠ Ескерту

- > Егер жылдамдық 65 км/сағ-тан аспаса, тіпті жүргізушіден шаршау белгілері байқалса да, жүйе ескерту бермейді.
- > Кейбір жағдайларда жүргізушінің шаршағанына қарамастан, бұл оның автокөлікті басқару қабілетіне әсер етпейді. Мұндай жағдайда ешқандай ескерту пайда болмауы мүмкін. Осы себепке байланысты жүргізушінің жағдайын мониторингілеу жүйесінің бұл туралы ескерту бергеніне не бермегеніне қарамастан, жүргізушіде шаршау белгілері пайда болған кезде уақытылы тоқтау және тынығып алу өте маңызды.
- > Бұл функцияны жүргізуге шектеулерді кеңейту үшін қолдануға болмайды. Ұзақ сапарға шыққан кезде демалу мақсатымен жүйелі үзілістер жасауды жоспарлаңыз.

Жылдамдықты белсенді шектеу функциясы

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Жылдамдықты белсенді шектеу функциясы туралы жалпы мәлімет

Жылдамдықты белсенді шектеу функциясы автокөлік жылдамдық шектеуі бар жол телімінде жүріп бара жатқан кездегі жағдайларға арналған. Егер максималды жылдамдық шектеуі белгіленген болса, жүйе жүріп бара жатқан автокөліктің жылдамдығын шектейді және жылдамдықты асырғанға байланысты айыппұлдардан сақтану үшін оны белгіленген максималды жылдамдықтан төмен етіп ұстайды.


⚠ Ескерту

- > Жылдамдықты белсенді шектеу функциясы көмекші құрал ғана болып табылады және кез келген жағдайда жүргізуші автокөліктің қауіпсіздігі үшін өзі жауапты әрі әрдайым қауіпсіз жүргізуге зейін қойған болуы тиіс.
- > Егер жылдамдықты белсенді шектеу функциясы қолданылмаса, кездейсоқ қосылып кетуін болдырмау үшін оны өшіріп қойыңыз.

📘 Пайдалы ақпарат

Ылдиға қарай қозғалған кезде автокөліктің жылдамдығы ұлғаяуы және жылдамдықтың жоғарғы шегінен асып кетуі мүмкін, сондықтан қажет болса, жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педальін басыңыз.

Қолдану



- (A) Жүйені қосу/өшіру (LIM)
- (B) Берілген жылдамдықты қалпына келтіру/ берілген жылдамдықты ұлғайту (RES+)
- (C) Белгіленген жылдамдықты нөлдеу (OFF)
- (D) Жылдамдықты белгілеу/берілген жылдамдықты төмендету (RES-)

Жүйені қосу

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрған кезде [LIM] түймесін басыңыз, дисплейде жылдамдықты белсенді шектеу функциясының қосуы екенін көрсетіп, жылдамдықты белсенді шектеу функциясының индикаторы жанады.

📘 Пайдалы ақпарат

Жылдамдықты белсенді шектеу функциясы және круиз-контрольді қолдау жүйесі бірге қосыла алмайды. Бір функцияны қосқан кезде екіншісі (егер ол қосулы болса) автоматты түрде өшеді.

Автокөліктің жүру жылдамдығын белгілеу

Жылдамдықты белсенді шектеу функциясын қосқаннан кейін басқару интірегін төмен қарай [SET-] күйіне ауыстырыңыз, интіректі жіберіңіз, ол автоматты түрде бастапқы орнына қайтып оралады. Ағымдағы жылдамдық жылдамдықтың жоғарғы шегі ретінде белгіленеді. Жылдамдықтың берілген шегі жылдамдықты белсенді шектеу функциясының іске қосуы екенін көрсетіп, аспаптар тақтасында көрсетіліп тұрады.

i Пайдалы ақпарат

Жылдамдықты белсенді шектеу функциясының минималды белгіленген жылдамдығы 30 км/сағ-ты құрайды.

- > Автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ-тан төмен болған кезде жүйе әдепкі қалып бойынша 30 км/сағ-ты бастапқы жылдамдық шегі ретінде қабылдайды.
- > Автокөліктің жылдамдығы 30 км/сағ-тан асқан кезде жүйе автокөліктің ағымдағы жылдамдығын бастапқы жылдамдық шегі ретінде қабылдайды.

Берілген жылдамдықты реттеу

Берілген жылдамдық шегін реттеу тәсілдері:


- > Жылдамдық шегін 1 км/сағ-қа ұлғайту немесе кеміту үшін иінтіректі [RES+] немесе [SET-] күйіне ауыстырыңыз және оны жіберіңіз.
- > Жылдамдық шегін 10 км/сағ-қа үздіксіз ұлғайту немесе кеміту үшін иінтіректі [RES+] немесе [SET-] күйіне ауыстырыңыз және ұстап тұрыңыз. Қажетті жылдамдық белгіленген кезде жай ғана иінтіректі жіберіңіз.

Белгіленген жылдамдықтан уақытша асыру

Егер берілген жылдамдық шегінен уақытша асырғыңыз келсе, газ педалін қатты басыңыз. Жылдамдық берілген шектен асқан кезде аспаптар тақтасында көрсетіліп тұрған шек мәні жыпылықтай бастайды және біршама уақыт бойы оған ілесіп дыбыс сигналы беріледі. Жылдамдық қайтадан берілген шектен төмен түсірілген кезде ескерту өшеді және жылдамдықты шектеу функциясы қалпына келеді.

Белгіленген жылдамдықтың күшін уақытша жою


Иінтіректі рульден [OFF] күйіне қарай жылжыту арқылы жылдамдықтың берілген жоғарғы шегінің күшін уақытша жоюға болады.

Белгіленген жылдамдықтың күшін уақытша жойғаннан кейін жүйе өшпейді. Аспаптар тақтасында жылдамдықты белсенді шектеу функциясының индикаторы  жанып тұра береді.

Берілген жылдамдықты қалпына келтіру

Берілген жылдамдықтың күшін уақытша жойғаннан кейін жылдамдықты белсенді шектеу функциясы өшпейді. Берілген жылдамдықты автоматты түрде қалпына келтіру үшін иінтіректі [RES +] күйіне жылжытыңыз және жіберіңіз.

Жүйені ажырату

[LIM] түймесін басу жүйені өшіреді және бұған дейін берілген жылдамдық шектеуінің күшін жояды, жылдамдықты белсенді шектеу функциясының индикаторы  сөнеді.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Круз-контрольді қолдау жүйесі туралы

Қозғалыс қарқыны төмен түзу күрежолда круз-контрольді қолдау жүйесі газ педалін баспай-ақ, автокөлікке белгілі бір жылдамдықпен жүруге мүмкіндік береді. Жүйе алда келе жатқан көлік құралының жылдамдығы белгіленген круз-контроль жылдамдығынан төмен екенін анықтаса, онда автокөлік басқа көліктің артынан белгіленген қауіпсіз қашықтықта жүре бастайды.


⚠ Ескерту

- > Круз-контрольді қолдау жүйесі жай көмекші құрал ғана болып табылады. Ол жүргізушінің орнына жолдың күйі мен жол жағдайларын бағалай алмайды, оған қоса жүргізушінің орнына автокөлік жүргізе алмайды. Кез келген жағдайда жүргізуші автокөліктің қауіпсіздігі үшін жауапты болады, сол себепті жолдан көз алмай, автокөлікті абайлап басқару керек.
- > Егер круз-контрольді қолдау жүйесі қолданылмаса, басқару қателеріне жол бермеу үшін оны өшіріп қойыңыз.
- > Круз-контрольді қолдау жүйесін дұрыс пайдаланбау апатқа алып келуі мүмкін.
- > Круз-контрольді қолдау жүйесін тек жақсы ауа райы жағдайында және бос тасжолмен жүрген кезде пайдалануға болады.
- > Круз-контрольді қолдау жүйесін

қалада, ирелең, тар, тайғақ жолдарда, жаңбыр кезінде және басқа да қолайсыз ауа райы жағдайларында пайдаланбаған жөн.

- > Беткейде жоғары және төмен қозғалған кезде жүйе берілген жылдамдықты ұстап отыра алмайтындықтан, круз-контрольді қолдау жүйесін беткейлерде жүру кезінде қолдануға кеңес берілмейді.
- > Алда жүріп бара жатқан автокөлік төбенің шыңынан немесе етегінен өтіп кеткеннен кейін круз-контрольді қолдау жүйесі алда жүріп бара жатқан автокөлікті анықтай алмай қалуы мүмкін, бұл жылдамдықтың күрт үдеуіне немесе кеш тежеуге алып келеді.


Қолдану



83256DE733C5

- (A) Берілген жылдамдықты қалпына келтіру/ жылдамдықты ұлғайту (RES+)
- (B) Белгіленген жылдамдықтың күшін жою/жүйені өшіру (OFF)
- (C) Автокөліктер арасындағы арақашықтықтар санатын реттеу (DISTANCE)
- (D) Жылдамдықты белгілеу/жылдамдықты төмендету (SET-)
- (E) Жүйені қосу (CRUISE)

Аспаптар тақтасындағы индикация




- (A) Қозғалыс жылдамдығын белгілеу
- (B) Алда жүріп бара жатқан/артта еріп келе жатқан көлік құралына дейінгі арақашықтық
Жүйе алдыда жүріп бара жатқан көлік құралының бар екенін анықтаған кезде ол жылдамдыққа қарамастан, қауіптілік дәрежесін анықтайды және әртүрлі түсті индикациясы бар осы ақпаратты көрсетеді.
- (C) Автокөліктер арасындағы қашықтық санаты
Автокөліктер арасындағы қашықтық санаты бекітілген қашықтық болып табылмайды — бұл алда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі қашықтық. Бір қашықтық санатында жылдамдыққа байланысты арақашықтық өзгеруі мүмкін.
- (D) Қозғалыс жолағының шекараларын белгілеу



i Пайдалы ақпарат

Автокөліктердің жинақтамасының немесе мультимедиа тақырыптарының стильдерінің арасында айырмашылық болатындықтан, аспаптар тақтасында көрсетілетін кескіндер анықтамалық мақсатқа ғана арналған. Автокөліктің нақты моделінің деректеріне сүйеніңіз.

Жүйені қосу

Қозғалтқышты қосқаннан кейін рульдегі иінтіректі өзіңізге қарай [CRUISE] күйіне жылжытыңыз. Аспаптар тақтасында бейімделетін круиз-контроль жүйесінің индикаторы  (ақ түсті) жанады, бұл бейімделетін круиз-контрольдің қосуды тұрғанын көрсетеді.



Круиз-контрольді қолдау функциясымен жабдықталған автокөліктерде жүйені иінтіректі өзіңізге қарай [CRUISE] күйіне көп рет жылжыту арқылы жүйені қосқан кезде бейімделетін круиз-контроль режимін және интеллектуалды круиз-контроль режимін таңдауға болады.

- > Аспаптар тақтасында бейімделетін круиз-контрольдің индикаторы  (ақ түсті) жанады, бұл бейімделетін круиз-контрольдің қосуды тұрғанын көрсетеді.
- > Аспаптар тақтасында интеллектуалды круиз-контрольдің индикаторы  (ақ түсті) жанады, бұл интеллектуалды круиз-контрольдің қосуды тұрғанын көрсетеді.

i Пайдалы ақпарат

Круиз-контрольді қолдау жүйесі мен жылдамдықты белсенді шектеу функциясы бірге қосыла алмайды. Бір функцияны қосқан кезде екіншісі (егер ол қосуды болса) автоматты түрде өшеді.

Круиз-контроль жылдамдығын орнату

Иінтіректі төмен қарай [SET-] күйіне жылжытыңыз да, автоматты түрде бастапқы күйіне оралуы үшін жіберіңіз. Автокөліктің ағымдағы жылдамдығы круиз-контрольдің жылдамдығы ретінде белгіленеді. Осы кезде аспаптар тақтасында бейімделетін круиз-контрольдің индикаторы  немесе интеллектуалды круиз-контрольдің индикаторы  ақ түстен жасыл түске өзгереді.

Круиз-контрольді қолдау жүйесінің минималды белгіленген жылдамдығы 30 км/сағ-ты құрайды.

i Пайдалы ақпарат

Бейімделетін круиз-контроль режимі қосуды тұрған кезде круиз-контрольдің жылдамдығын белгілемес бұрын келесі негізгі шарттарды орындап алу қажет:

- > Автокөліктің барлық есігі толық жабылған.
- > Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- > Қозғалтқыш іске қосылды, D берілісі қосылды.

- > ESC қосылған.
- > Тұрақ тежегіші іске қосылмаған.
- > Автокөліктің жылдамдығы 150 км/сағ-тан төмен.
- > Жүргізу режимі — 2H Стандартты.

Интеллектуалды круиз-контроль режимін қосқан кезде круиз-контрольдің жылдамдығы келесі шарттар орындалғаннан кейін ғана белгілене алады:

- > Автокөліктің барлық есігі толық жабылған.
- > Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- > Қозғалтқыш іске қосылды, D берілісі қосылды.
- > ESC қосылған.
- > Тұрақ тежегіші іске қосылмаған.
- > Автокөліктің жылдамдығы 150 км/сағ-тан төмен.
- > Жүйе қозғалыс жолағының шекарасын анықтайды.
- > Егер автокөлік жылдамдығы 60 км/сағ-тан төмен болса, қозғалып бара жатқан нысандарды анықтау қажет.
- > Жүргізу режимі — 2H Стандартты.

Круиз-контроль жылдамдығын реттеу

Круиз-контрольдің жылдамдығын кішкене мәнге ұлғайту немесе кеміту үшін иінтіректі [RES+] немесе [SET-] күйіне ауыстырыңыз және оны жіберіңіз.

Круиз-контрольдің жылдамдығын үздіксіз ұлғайту немесе кеміту үшін иінтіректі [RES+] немесе [SET-] күйіне ауыстырыңыз және ұстап тұрыңыз. Қажетті жылдамдыққа жеткен кезде жай ғана иінтіректі жіберіңіз.

Қажетті жылдамдыққа жеткізу үшін газ немесе тежегіш педалін басыңыз. Жаңа жылдамдықты белгілеу үшін иінтіректі [SET-] күйіне жылжытыңыз.

i Пайдалы ақпарат

Автокөлік алдағы жол бос болған жағдайда ғана белгіленген жылдамдықты үдетеді. Әйтпесе автокөлік алда жүріп бара жатқан көліктің артынан белгіленген қашықтықпен ілесіп жүреді.

Уақытша үдету

Егер уақытша үдету қажет болса, газ педалін басыңыз. Үдетіп болғаннан кейін газ педалін жіберіңіз, сонда жүйе бұрын белгіленген жылдамдыққа оралады.

Автокөліктер арасындағы қашықтық санатын баптау

[DISTANCE] реттеу иінтірегін ауыстырып қосу арқылы алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықты реттеуге болады.

⚠ Ескерту

Тым төмен белгіленген қашықтық санаты апаттық жағдайлар туындаған кезде уақтылы әрекет ете алмауға алып келуі мүмкін. Қисынды қашықтық санатының орнатылу Сіз толық жауаптысыз.



i Пайдалы ақпарат

- > Бұл қашықтық бекітілген қашықтық болып табылмайды, алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі нақты қашықтық автокөліктің жүру жылдамдығының өзгеруіне байланысты өзгереді.
- > Ылғал әрі тайғақ жолмен жүргенде, құрғақ тасжолмен жүргенге қарағанда, көбірек қашықтықты таңдау керек.

Белгіленген жылдамдықты нөлдеу

Белгіленген жылдамдықты екі тәсілмен нөлдеуге болады:

- > Тежегіш педалін басыңыз.
- > Басқару иінтірегін руль дөңгелегінен сыртқа қарай [OFF] күйіне ауыстырыңыз.



Белгіленген жылдамдықтың күшін жойғаннан кейін жүйе өшпейді. Аспаптар тақтасында бейімделетін круиз-контрольдің индикаторы  немесе интеллектуалды круиз-контроль индикаторы  жасыл түстен ақ түске өзгереді.

i Пайдалы ақпарат

Белгіленген жылдамдық келесі жағдайларда автоматты түрде нөлденеді.

- > Газ педалін 15 минуттан артық басып тұру арқылы жылдамдық жинау.
- > N, R немесе P берілісіне ауыстыру.
- > Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі ағытылған.
- > Жүргізуші жағының есігі ашық.
- > Автокөлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз.
- > Тежегішті блоктау жүйесі іске қосылған.
- > Ылдиға қарай түсу көмекші жүйесі іске қосылған.
- > Электронды тұрақтандыру жүйесі іске қосылған/өшірілген.
- > Автокөлік артқа жылжиды.
- > Тежегіш дискілері қызып кеткен.
- > Қозғалтқыш өшіп тұр.
- > 2H Стандартты режимінен өзге режимде жүргізу.

Белгіленген жылдамдықты қалпына келтіру

Белгіленген жылдамдықты қалпына келтіргеннен кейін жүйе өшпейді. Берілген жылдамдықты автоматты түрде қалпына келтіру үшін басқару иінтірегін [RES +] күйіне жылжытыңыз және жіберіңіз. Осы кезде аспаптар тақтасында бейімделетін круиз-контрольдің индикаторы  немесе интеллектуалды круиз-контрольдің индикаторы  ақ түстен жасыл түске өзгереді.

Жүйені ажырату

Рульден сыртқа қарай басқару иінтірегін екі рет [OFF] күйіне жылжытыңыз. Жүйе өшеді, ал бұған дейін белгіленген жылдамдықтың күші жойылады. Аспаптар тақтасындағы индикатор сөнеді.

Егер жүйе белгіленген жылдамдықтың күшін жойып қойған болса, басқару иінтірегін 1 рет [OFF] күйіне жылжытыңыз. Жүйе өшеді, ал аспаптар тақтасындағы индикатор сөнеді.

Қозғалыс жолағының ортасында ұстау көмекші функциясы

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі ғана бұл функциямен жабдықталған. Жүйе жұмыс істеп тұрған, ал датчиктер қозғалыс жолағының шекарасын немесе алда жүріп бара жатқан көлік құралдарын анықтап тұрған кезде бұл функция жүргізушіге автокөлікті таңдалған қозғалыс жолағының ортасында ұстап отыруға көмектеседі.

i Пайдалы ақпарат

- > Бейімделетін круиз-контроль режимінде бұл функция жоқ.
- > Белгіленген жылдамдықты нөлдеген кезде бұл функция өшеді.

▲ Назар аударыңыз!

Кейбір жағдайларда қозғалыс жолағының ортасында ұстау көмекші функциясы іске қосылмай қалуы немесе дұрыс істемеуі мүмкін. Бұл келесі жағдайларда орын алуы ықтимал:

- > Егер 60 км/сағ-тан жоғары (60 км/сағ-ты қоса алғанда) жылдамдықпен қозғалып келе жатқанда жол сызығы жоқ болса немесе екі жақтағы белгілеу сызықтары ажыратылмайтын болса, немесе қозғалыс жолақтарын шектеу сызығы стандартқа сәйкес келмейтін болса, немесе жолақтарды шектеу сызығының үсті жабылған болса.
- > Егер 60 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен қозғалып келе жатқанда жол сызығы жоқ болса немесе екі жақтағы белгілеу сызықтары ажыратылмайтын болса, немесе қозғалыс жолақтарын шектеу сызығы стандартқа сәйкес келмейтін болса, немесе жолақтарды шектеу сызығының үсті жабылған болса және тура алдыда жүріп бара жатқан автокөлік болмаса.
- > Жол төсемінде белгілерді тануға кедергі келтіретін нысандар болғанда (мысалы, шалшықтар, жарықтар, жолтабандар, мәтіндік белгілер, дөңес жерлер мен ойпаттар).

- > Көру мүмкіндігі нашар болғанда (жаңбырлы немесе қарлы ауа райы, тұман, тәуліктің қараңғы мезгілі).
- > Бүйірден күшті жел соғып тұрғанда.
- > Жол қатарлары біріккен немесе бөлінген кезде.
- > Камераға айқын жарық түсіп тұрған кезде немесе жарықтандыру күші кенеттен өзгергенде.
- > Камераның айналасындағы алдыңғы әйнек ластанған, мұзданған, зақымдалған немесе бір нәрсемен жабылған кезде.
- > Кілт бұрылыспен немесе тар жолмен жүрген кезде.
- > Алда жүріп бара жатқан автокөлікке тым қатты жақындағанда және соның салдарынан камераны анықтау аймағына кедергі келтіргенде.

Круз-контрольді қолдау функциясының шектеулері

Круз-контроль жүйесі келесі жағдайларда тежеу шарасын қолданбауы мүмкін:

- > Алда күтпеген жерден автокөлік қыстырылысса.
- > 60 км/сағ-тан жоғары жылдамдықпен жүрген кезде алда баяу қозғалатын автокөлік жүріп барады.
- > Дәл сол қозғалыс жолағымен қарсы бағытта автокөлік келе жатқанда.
- > Қозғалыс жолағын кесіп өтіп жатқан көлік құралдары немесе нысандар болса.
- > Жаяу жүргіншілер, жануарлар немесе шағын көлік құралдары (мысалы, велосипед, мотоцикл) болса.
- > Алда жүріп бара жатқан автокөлік өз жылдамдығын күрт төмендетсе.
- > Автокөліктің айналасындағы шашыраған су немесе бораған қар немесе шаң-тозаң датчиктердің дұрыс жұмыс істеуіне кедергі болса.
- > Автокөліктің алдыңғы бөлігі жүксалғышқа асыра тиелген жүк салдарынан немесе басқа себептерге байланысты көтеріліп тұрса.
- > Бұрылған кезде немесе жол тарылған кезде.

- > Алда жүріп бара жатқан автокөліктің артқы жағының габариттері шағын болса немесе клиренсі үлкен болса.
- > Руль жұмысында тұрақсыздық пайда болса немесе жол қатарындағы автокөліктің күйі тұрақтанбаған болса.

Датчиктер

Круз-контроль жүйесі қозғалыс жолағының шекарасын және нысананы анықтау үшін алдыңғы әйнектің үстіңгі бөлігіне орнатылған камераны қолданады.

i Пайдалы ақпарат

Аспаптар тақтасы жүйе датчиктерінің жұмысы қиындағанын көрсетсе, камераны және оның айналасындағы кір мен кедергі келтіретін заттардың бар не жоғын тексеру керек. Бұл жүйенің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет.

Жүргізуге көмектесетін интеллектуалды жүйе

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

«Ақылды жүргізу» баптауларының бас терезесі

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін «ақылды жүргізу» функциясын мультимедиа дисплейі арқылы баптауға болады [Автокөлік баптаулары] → [«Ақылды жүргізу» баптаулары].

⚠ Ескерту

- > Жүргізуге көмектесетін интеллектуалды жүйе – көмекші құрал ғана. Ол жүргізушінің орнына жолды және жол жағдайларын бағалай алмайды, оған қоса жүргізушінің орнына автокөлік жүргізе алмайды.
- > Кез келген жағдайда жүргізуші автокөліктің қауіпсіздігі үшін жауапты болады, сол себепті жолдан көз алмай, автокөлікті абайлап басқару керек.
- > Жүргізуші рульді әрдайым екі қолмен ұстап, кез келген уақытта қажетті маневр жасауға дайын болуы керек.

Датчиктер

Жүргізуге көмектесетін интеллектуалды жүйе қозғалыс жолағының шекарасын және нысананы анықтау үшін алдыңғы әйнектің үстіңгі бөлігіне орнатылған камераны қолданады.

i Пайдалы ақпарат

Аспаптар тақтасы жүйе датчиктерінің жұмысы қиындағанын көрсетсе, камераны және оның айналасындағы кір мен кедергі келтіретін заттардың бар не жоғын тексеру керек. Бұл жүйенің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет.

Жол қатарымен жүруге көмектесетін жүйе

Жол қатарымен жүруге көмектесетін жүйе жылдамдық тасжолдарымен және жабыны жақсы өзге тасжолдармен жүру үшін әзірленген. Алдыңғы әйнектегі камераның көмегімен ол жол төсеміндегі бөлу жолағын анықтайды және автокөлік жол қатарынан ауытқып кеткен кезде бағдарды түзету үшін жүргізушіге хабар беруі мүмкін. Жүйенің кейбір функциялары жүргізушіге апаттың салдарын азайту үшін қозғалыс траекториясын өзгертуге көмектеседі.

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін жол қатарымен жүруге көмектесетін функцияны мультимедиа дисплейі арқылы баптауға болады [Автокөлік баптаулары] → [«Ақылды жүргізу» баптаулары] → [Жол қатарымен жүруге көмектесетін жүйе].

⚠ Назар аударыңыз!

Жол қатарымен жүруге көмектесетін жүйе тек нақты жол белгілері болғанда ғана дұрыс жұмыс істей алады. Кейбір жағдайларда бұл функция іске қосылмай қалуы немесе дұрыс істемеуі мүмкін. Бұл келесі жағдайларда орын алуы ықтимал:

- > Жол белгілері анық емес, стандартты емес болғанда немесе бір нәрсемен жасырылғанда.
- > Жолдың бетінде жолдың сызық белгілерін анықтауға кедергі келтіретін факторлар (судың жиналуы, жарықтар, сорап, мәтіндік белгілер, жаяу жүргіншілер өткелдері, дөңестер мен ойлар) бар.
- > Көру мүмкіндігі нашар болғанда (жаңбырлы немесе қарлы ауа райы, тұман, тәуліктің қараңғы мезгілі).
- > Бүйірден күшті жел соғып тұрғанда.
- > Жол қатарлары біріккен немесе

бөлінген кезде.

- > Камераға айқын жарық түсіп тұрған кезде немесе жарықтандыру күші кенеттен өзгергенде.
- > Камераның айналасындағы алдыңғы әйнек ластанған, мұзданған, зақымдалған немесе бір нәрсемен жабылған кезде.
- > Күрт бұрылыстарда, тар жолдармен және бір жағы еңіс жолдармен жүргенде.
- > Алда жүріп бара жатқан автокөлікке тым қатты жақындағанда және соның салдарынан камераны анықтау аймағына кедергі келтіргенде.

i Пайдалы ақпарат

- > Егер жол қатарын бөлетін сызықтарды кесіп өтер алдында жүргізуші бұрылыс көрсеткішін қосып, рульді бұрып, газ немесе тежегіш педалін басса, жүйе басқару процесіне араласпайды. Мұндай жағдайларда жүйе автокөлікті белсенді түрде басқарып отырсыз деп есептейді.
- > Егер жүргізуші рульді мықтап ұстамаса, жүйе оның бар екенін анықтай алмай, аспаптар тақтасында тиісті ескерту пайда болады.

Жол қатарымен жүруге көмектесетін функция

Жол қатарымен жүруге көмектесетін функцияны іске қосқаннан кейін көмек түрін таңдауға болады.

- > Ескерту режимі: автокөлік жол қатарынан өздігінен ауытқып кеткен кезде жүйе жүргізушіге дабыл сигналын бере отырып, қауіпсіз қозғалыс ережелерін сақтау керектігін еске салады.
- > Қолдау режимі: автокөлік жол қатарынан өздігінен ауытқып бара жатқан кезде жол қатарын сақтау үшін жүргізушіге рульді түзетуге көмектеседі. Егер түзету орындалмаса, жүргізушіге қауіпсіз қозғалыс ережелерін сақтау қажеттілігі туралы ескертетін дабыл сигналы беріледі.

- > Центрлеу режимі: жүргізушіге рульдің күйін түзетуге және автокөлікті таңдалған жол қатарының ортасымен жүретіндей етіп басқаруға көмектеседі. Егер түзету сәтсіз болып, автокөлік таңдалған жол қатарынан ауытқып кетсе, жүргізушіге қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтау қажеттілігін ескерту үшін дабыл сигналы беріледі.

i Пайдалы ақпарат

Жол қатарымен жүруге көмектесетін функция автокөліктің жылдамдығы 60-150 км/сағ аралығында болған кезде ғана жұмыс істей алады.

Жол қатарымен жүруге көмектесетін функцияны іске қосқаннан кейін аспаптар тақтасының дисплейінде қозғалыс жолағының шекараларының кескіні пайда болады.

- > Сұр түс: жүйенің қозғалыс жолағының шекарасын анықтай алмағанын білдіреді.
- > Ақ түс: жүйенің қозғалыс жолағының шекарасын анықтағанын білдіреді.
- > Жасыл түс: жүйенің рульді калибрлеуді орындағанын білдіреді.
- > Қызыл түс және жыпылықтау: жүйенің апаттық сигнал беріп жатқанын білдіреді — жүргізуші қозғалыс бағытын дереу түзетіп, өз жол қатарына оралуы керек.

i Пайдалы ақпарат

Ортаға дәлдеу функциясы сол және оң жақтағы қозғалыс жолағының сызықтарын жүйе анықтаған кезде ғана жұмыс істей алады.

«Ақылды бұлтару» функциясы

«Ақылды бұлтару» функциясы іске қосылғаннан кейін, автокөлікті қозғалыс жолағының ортасында ұстау функциясы немесе «ақылды» круиз-контроль функциясы іске қосылып, жұмыс істеп тұрған кезде жүйе Сіздің автокөлігіңіздің жылдамдығы көршілес жолақтағы үлкен габаритті көлік құралының (фуралар, жүк көліктері, автобустар) жылдамдығынан жоғары екенін анықтайды және сол көлік құралынан бұлтару мақсатында автокөлікті

басқарады. Ірі габаритті көлік құралын басып озғаннан кейін функция автокөлікті тандалған жол қатарының ортасына қайтарады.

i Пайдалы ақпарат

«Ақылды бұлтару» функциясы автокөлік жылдамдығы 60-140 км/сағ болған кезде ғана істейді.

⚠ Назар аударыңыз!

Келесі жағдайлар «ақылды бұлтару» функциясының жұмыс істемеуіне алып келуі мүмкін:

- > Жүйе бір жағынан ірі габаритті көлік құралының бар екенін, екінші жағынан да көлік құралы немесе жол жиегі бар екенін анықтағанда.
- > Қараңғы уақытта, қалың тұман, жаңбыр, қар және басқа да қолайсыз ауа райы жағдайларында.
- > Автокөлік ирелең жолмен жүргенде.

Ескерту тәсілдері

Үш түрлі ескерту тәсілі бар: дыбыс, дiрiл және дыбыс + дiрiл.

Ескерту сезiмталдығы

Сезiмталдық 3 деңгейге бөлiнедi: төмен, стандартты және жоғары.

Жол белгiлерiн тану жүйесi

Жол белгiлерiн тану функциясы жол белгiлерiн алдыңғы әйнекке орнатылған камера арқылы таниды және жүргiзушiге автокөлік жүргiзуге көмектесе отырып, белгiлердi аспаптар тақтасына шығарады. Қозғалтқышты қосқаннан кейiн жол белгiлерiн тануымен байланысты функцияларды мультимедиа дисплейiнiң көмегiмен баптауға болады [Автокөлік баптаулары] → [«Ақылды жүргiзу» баптаулары] → [Жол белгiлерiн тану].

Жол белгiлерiн тану жүйесi

Алдыңғы әйнекке орнатылған камера жол белгiлерiн таниды және жүргiзушiге сөзкөмектер бере отырып, оларды аспаптар тақтасында көрсетедi.

Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту

Жылдамдық шектеуi туралы белгiнi танығаннан кейiн жүйе жылдамдықты шектен асырған жүргiзушiге ескерту сигналын бередi және жылдамдықты талап етилген диапазонға қайтарғанша мүмкiндiгiнше тез арада төмендету қажеттiлiгi туралы хабардар етедi.

Жүйенiң жылдамдықты шектен асыруға сезiмталдығы

Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту сигналын беру уақытын жүргiзушiнiң қалауына сәйкес орнатуға болады.

- > 0 мәнiн белгiлеген жағдайда: автокөлік белгiленген жылдамдық шегiне жеткенде жүйе дабыл сигналын бередi.
- > 0-ден үлкен мән белгiлеген жағдайда: жүйе автокөлік белгiленген жылдамдықты шектен асырған кезде ғана дабыл сигналын бередi.
- > 0-ден кiшi мән белгiлеген жағдайда: жүйе автокөлік белгiленген жылдамдық шегiне жеткенге дейiн дабыл сигналын алдын ала бередi.

Круиз-контроль жылдамдығын шектеу

Жол белгiлерiн тану функциясын iске қосқаннан кейiн круиз-контроль жылдамдығын шектеу функциясын да қосуға болады.

Егер белгiленген круиз-контроль жылдамдығымен жүрген кезде жүйе ≥ 30 км/сағ диапазонындағы жылдамдық шектеуiнiң белгiсiн анықтаса, ал автокөлігiңiздiң жылдамдығы берiлген мәннен асып кетсе, жүйе жүргiзушiге жылдамдықты максималды рұқсат етилген мәнге дейiн төмендетуге көмектеседi.

▲ Ескерту

Жол белгілерін тану функциясы жүргізушіге жол белгілеріне назар аудару керектігін еске салады. Ол кез келген жағдайда қолданыла алмайды және жолдағы жылдамдық шектеулері туралы ақпаратты жүргізуші үшін бағалай алмайды. Жүргізуші кез келген жағдайда автокөліктің қауіпсіздігіне жауапты болады, оны мұқият басқарып, тиісті заңдар мен жол қозғалысы ережелерін сақтауы керек.

▲ Назар аударыңыз!

Жол белгілерін тану функциясы жылдамдық шектеуі белгілері анық көрініп тұрған жағдайда ғана қалыпты жұмыс істей алады. Кейбір жағдайларда бұл функция іске қосылмай қалуы немесе дұрыс істемеуі мүмкін. Бұл келесі жағдайларда орын алуы мүмкін:

- > Егер жол белгісінің түсі оңып кетсе.
- > Егер жол белгісі бұрылыста орнатылған болса.
- > Егер жол белгісі дұрыс емес бұрышпен орналасқан болса.
- > Егер жол белгісі тербеліп тұрса немесе зақымданса.
- > Егер жол белгісі толығымен немесе ішінара жасырылып тұрса.
- > Егер жол белгісін толығымен немесе ішінара мұз, қар, қырау, шаң басса.
- > Егер жол белгісі тым алыс орналасса немесе автокөлік тым жоғары жылдамдықпен жүрсе.
- > Егер жол белгісі немесе жылдамдық шектеуі туралы ескерту жол бетінде орналасқан болса.
- > Көру мүмкіндігі нашар болғанда (жаңбырлы немесе қарлы ауа райы, тұман, тәуліктің қараңғы мезгілі).
- > Камераға айқын жарық түсіп тұрған кезде немесе жарықтандыру күші кенеттен өзгергенде.
- > Камераның аймағындағы алдыңғы әйнек ластанған, зақымдалған немесе бір нәрсемен жабылған болса.

- > Алда жүріп бара жатқан автокөлікке тым қатты жақындағанда және соның салдарынан камераны анықтау аймағына кедергі келтіргенде.
- > Автокөліктің тым төмен қозғалыс жылдамдығында.

i Пайдалы ақпарат

- > Жүйе танитын жылдамдықты шектеу белгілері үшін әдепкі қалпы бойынша жылдамдық өлшем бірлігі км/сағ болады.
- > Егер бір белгіде бірнеше жылдамдық шектеуі мәндері көрсетіліп тұрса, жүйе ең үлкен мәнді көрсетеді.
- > Егер жылдамдықты шектеу белгілері бірнешеу болса, жүйе максималды мәні бар белгіні қолдануға болады деп санауы мүмкін, сондықтан қозғалыс кезінде осы жол қатары үшін белгіленген нақты шектеуге сүйену керек.
- > Бұрылған кезде жүйе жылдамдық шектеуінің белгісін танымай қалуы мүмкін.

Ойлы-қырлы жермен жүруге арналған көмекші круиз-контроль жүйесі

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Ойлы-қырлы жермен қозғалған кездегі круиз-контроль

Функцияның қысқаша сипаттамасы

Круиз-контроль функциясы ойлы-қырлы жермен қозғалған кезде акселератор және тежегіш педальдарын баспастан, автокөліктің берілген жылдамдықпен қозғалуын қамтамасыз етеді. Функцияны автокөлік 4L қозғалыс режимінде тұрғанда, D немесе M берілісі қосылып тұрғанда, ойлы-қырлы жермен, шұқырлы жолмен төмен жылдамдықпен жүргенде немесе батып қалған автокөлікті шығарып алу үшін қолдануға жол беріледі.

i Пайдалы ақпарат


Ойлы-қырлы жермен қозғалған кездегі круиз-контроль автокөліктің жолсыз жермен жүруіне арналғандықтан, жылдамдық 4-12 км/сағ диапазонында белгіленеді.

▲ Ескерту

> Ойлы-қырлы жермен қозғалған кездегі круиз-контроль көмекші құрал болып табылады. Ол жүргізушінің орнына қозғалыс жағдайларын бағалай алмайды, оған қоса оның орнына автокөлікті жүргізе алмайды. Кез келген жағдайда жүргізуші автокөліктің қауіпсіздігі үшін жауапты болады, сол себепті жолдан көз алмай, автокөлікті абайлап басқаруы керек.

> Ойлы-қырлы жерлермен жүруге

арналған круиз-контрольді дұрыс қолданбау соқтығысуға алып келуі мүмкін.

Ойлы-қырлы жерлермен жүруге арналған круиз-контрольді ұзақ уақыт бойы қолдану жүйе компоненттерінің қызып кетуіне алып келуі мүмкін. Бұл жағдайда ақпараттық дисплейде ескерту хабарламасы пайда болады, ал круиз-контрольдің индикаторы  сөнеді.

Бұл жағдайда жүйе компоненттерін суыту үшін автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатып, қозғалтқышты өшіріңіз.

> Егер ойлы-қырлы жермен жүруге арналған круиз-контрольдің жұмысы кезінде бір жақтағы дөңгелектер бос айналып қалса, дереу артқы және алдыңғы белдіктердің дифференциалдарын бұғаттаңыз.

▲ Ескерту

Кейбір жағдайларда круиз-контроль берілген төмен жылдамдықты ұстап отыра алмайды, бұл апатқа алып келуі ықтимал. Бұл келесі жағдайларда орын алуы мүмкін:

> Өте тік беткейде қозғалу.

> Өтуі қиын жол жабынының үстімен қозғалу.

> Қар басқан, мұз қатқан немесе сырғанақ жолмен қозғалу.


▲ Назар аударыңыз!

Ойлы-қырлы жермен жүруге арналған круиз-контроль жүйесі автокөлік жоғары жылдамдықпен жүріп келе жатқан кезде қолжетімсіз.

Жүйені қосу/өшіру




01D2D1832E66



Круз-контроль функциясын қосу немесе өшіру үшін орталық консольдегі  түймесін басыңыз.

i Пайдалы ақпарат

Ойлы-қырлы жермен жүруге арналған круз-контрольді қосқан кезде келесі шарттар орындалуы тиіс:

- > Жүргізуші жағының есігі толық жабылған.
- > Қозғалтқыш қосылған, N берілісі қосылған.
- > Автокөлік 4L режимінде тұр.
- > Тұрақ тежегіші жіберілген.


Ойлы-қырлы жермен жүруге арналған круз-контрольді қосқаннан кейін аспаптар тақтасында функция индикаторы  жанады.

- >  Индикатордың ақ түсі: функцияның қосулы және круз-контрольдің дайындық күйінде тұрғанын көрсетеді.
- >  Индикатордың жасыл түсі: функцияның белсенді екенін білдіреді. Функцияны қосқаннан кейін D/M берілісін қосыңыз, функция іске қосылады, автоматты түрде круз-контроль күйіне ауыстырып қосуға мүмкіндік береді.

Круз-контроль жұмысы кезіндегі жылдамдық баптауы

Круз-контроль жұмысы кезіндегі жылдамдықтың 9 деңгейі бар. Жылдамдық деңгейлерін төмендегі тәсілдермен белгілеуге болады (мультимедиа дисплейінде көрсетіледі).

- > Иіңтіректі жоғары немесе төмен жылжытыңыз.



409AEA9E4E29

- (A) Жылдамдықты ұлғайту
- (B) Жылдамдықты азайту

- > Газ немесе тежегіш педалін басу арқылы қажетті жылдамдық деңгейін баптаңыз да, педальді жіберіңіз.

i Пайдалы ақпарат

Крейсерлік жылдамдық 20 км/сағ-тан асқан кезде ойлы-қырлы жермен жүруге арналған круз-контроль күту режиміне ауысады. Крейсерлік жылдамдық 35 км/сағ-тан асқан кезде круз-контроль автоматты түрде өшеді.


Төменде кейбір әдетте кездесетін жол жағдайлары мен ойлы-қырлы жерде жүруге арналған ұсынылатын жылдамдық келтірілген:

Жылдамдық деңгейлері (анықтамалық мәндер)	Жол жағдайлары
1-2	Тасты және шұқырлы жолдар, тегіс емес жолдар (ылдиға қарай түсу)
3-4	Тегіс емес жолдар (өрге қарай көтерілу), жарықшақталған тасты жабыны бар жолдар (ылдиға қарай түсу)
5-6	Қар басқан және батпақты жолдар, жарықшақталған тасты жабыны бар жолдар (тегіс жол немесе өрге қарай көтерілу)
7-9	Құм, шөп, батпақты жолдар, күрделі ойлы-қырлы жер

«Танкше артқа бұрылу» функциясы


Берілген жылдамдықты ұстап отырған жағдайда автокөліктің өткіштігін жақсарту және бұрылу радиусын тиімді азайту және сол арқылы маневрлілікті арттыру үшін бұл функцияны ойлы-қырлы жермен жүруге арналған круиз-контроль жұмыс істеп тұрған кезде іске қосуға болады.



Қолдану

Ойлы-қырлы жермен жүруге арналған круиз-контрольді қосқаннан кейін күшейтілген руль функциясын қосу немесе өшіру үшін  түймесін басыңыз.



F594FB8C17E5

«Танкше артқа бұрылу» функциясын қосқаннан кейін аспаптар тақтасында руль күшейткішінің индикаторы  жанады.

- >  Индикатордың ақ түсі: функцияның қосулы және күту режимінде тұрғанын көрсетеді.
- >  Индикатордың жасыл түсі: функцияның белсенді және күшейткіштің круиз-контроль режимінде жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді.

⚠ Назар аударыңыз!

«Танкше артқа бұрылу» функциясын іске қосу келесі шарттар сақталған жағдайда ғана мүмкін болады:

- > Ойлы-қырлы жермен жүруге арналған круиз-контроль жүйесі белсенді.
- > Артқы белдіктің дифференциалы бұғатталмаған.
- > Руль тірелгенше бұралған (руль дөңгелегін сағат тіліне қарсы немесе сағат тілінің бағытымен толық бұраңыз).
- > Газ немесе тежегіш педалі қатты басылмаған.

i Пайдалы ақпарат

«Танкше артқа бұрылу» функциясы ойлы-қырлы жермен ең төмен жылдамдықтармен жүрген кезде барынша қолдануға оңтайлы.

Ойлы-қырлы жермен жүру жылдамдығы 10 км/сағ-тан асқан кезде руль күшейткіші күту режиміне ауысады. Ойлы-қырлы жермен жүру жылдамдығы 30 км/сағ-тан асқан кезде функция автоматты түрде өшеді.

⚠ Назар аударыңыз!

«Танкше артқа бұрылу» функциясын қатты жабыны бар жолдарда немесе қала көшелерінде (көдімгі жолдар, бетон жолдар) қолданбаңыз, себебі бұл шиналардың қатты тозуына алып келеді.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Ылдиға қарай жүру көмекші жүйесі

Өрден түсуге көмектесетін жүйе (HDC) қауіпсіз және біркелкі қозғалысты қамтамасыз ете отырып, өрден төмен түскен кезде тежейді.




⚠ Ескерту

- > HDC жүйесі көмекші жүйе болып табылады. Кез келген жағдайда жүргізуші автокөліктің қауіпсіздігі үшін жауапты болады және жолдағы жағдайды үнемі бақылап отыруы керек.
- > Егер ылди тым тік болса, HDC жүйесі өрден бірқалыпты түсуге көмектесе алмауы мүмкін. Бұл жағдайда қозғалысты тежегіш педальмен бақылауда ұстаңыз.

Қолдану



Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрған кезде немесе қозғалтқыш қосулы тұрғанда HDC жүйесін қосу және сөндіру түймесін басыңыз.

- > HDC жүйесін қосқаннан кейін аспаптар тақтасында ылдиға қарай түсу көмекші жүйесінің индикаторы  жанады.
- > HDC жүйесін өшіргеннен кейін аспаптар тақтасында ылдиға қарай түсу көмекші жүйесінің индикаторы  сөнеді.
- > HDC жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде аспаптар тақтасында ылдиға қарай түсу көмекші жүйесінің индикаторы  жыпылықтап тұрады.

i Пайдалы ақпарат

- > Төмен берілісте жүрген кезде HDC жүйесін пайдалануға кеңес береміз.
- > Егер автокөлік жылдамдығы 60 км/сағ шегінен асып кетсе, HDC жүйесі автоматты түрде өшеді.
- > HDC жүйесін қосқаннан кейін жылдамдықты газ немесе тежегіш педальдерін басу арқылы реттеуге болады.

Жүргізу көмекші жүйесі

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Сақтық шаралары

Жүргізу қауіпсіздігі туралы

Автокөлік жүргізуге көмектесетін жүйемен жабдықталғанына байланысты қауіпсіздік қағидаларын елемеуге болмайды. Жүргізуші көріну шарттарына, ауа райына, жол төсемінің ахуалына және жол жағдайына сәйкес сапар бойы жүргізу жылдамдығы мен режимін бақылап отыруы тиіс.

Қайта жабдықтау туралы

Аспаны қайта жабдықтау және белгіленгеннен өзгеше шиналарды немесе дөңгелектерді қолдану жүргізуге көмектесетін жүйенің жұмысына әсер етіп, жүйе ақауларына алып келуі мүмкін.

Шуылдар және діріл туралы

- > Кейбір көмекші жүйелердің жұмысы кезінде (мысалы, тежегішті блоктау жүйесі) діріл пайда болады және электрлік жабдықтың жұмысының дыбысы естілуі мүмкін. Бұл ақаулықтардың белгісі болып табылмайды.
- > Автокөліктің аккумулятор батареясының қуаты таусылғандықтан, қозғалтқышты басқа аккумулятор батареясынан іске қосқаннан кейін қозғалтқыш тұрақсыз жұмыс істеуі мүмкін және тежегішті блоктау жүйесінің немесе электрондық тұрақтандыру жүйесінің индикаторлары жанып қалады. Бұл аккумулятор батареясының төмен кернеуіне

байланысты және бұл осы жүйелердің ақауын білдірмейді.

Тежегішті блоктау жүйесі

Күрт тежеген кезде немесе сулы жол бетінде тежеген кезде тежегішті блоктау жүйесі (ABS) дөңгелектердің блокталуына жол бермейді.

▲ Назар аударыңыз!

Күрт тежеген кезде тежегіш педальін бірнеше рет және қатты басқан жөн. Әйтпесе тежеу жолы ұзарып кетеді. ABS жүйесі тежеу жолын азайтуға арналып әзірленбеген. Төменде аталған жағдайларда автокөлігіңіздің тежеу жолы ABS жүйесі жоқ автокөліктермен салыстырғанда ұзынырақ болуы мүмкін. Алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін жеткілікті қашықтықты сақтаңыз:

- > Батпақта, құмда немесе қарда қозғалған кезде.
- > Сырғытпайтын шынжырлармен жүрген кезде.
- > Оқапты жолмен жүргенде.
- > Шұңқырлары бар жолда немесе тегіс емес жолда жүргенде.

Келесі жағдайларда ABS жүйесі тиімсіз жұмыс істеуі мүмкін:

- > Шиналар нашар ілінісетін кезде (мысалы, қар басқан жолда шамадан тыс тозған шиналарды қолданған кезде).
- > Дымқыл жолда жоғары жылдамдықпен жүрген кезде.

Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе

Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе (EBD) алдыңғы және артқы дөңгелектер арасындағы тежеу күшін автоматты түрде үлестіріп, тежеу тиімділігін арттырады, сондай-ақ тежеген кезде ABS жүйесіне автокөліктің тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Тежеуге көмектесетін жүйе

Тежегіш педалін күрт басу шұғыл тежеуге көмектесетін жүйені қосуы мүмкін, ол оның тиімділігін арттырып, тежеу жолын қысқартады.

Бос айналуудан сақтау жүйесі

Ылғал жол төсемінде жүре немесе үдете бастаған кезде бос айналуудан сақтау жүйесі (TCS) жетек күшін сақтауға көмектеседі және жетек дөңгелектерінің бос айналып кетуіне жол бермейді.

Төңкерілууден сақтау жүйесі

Бұрылыс кезінде төңкерілууден сақтау жүйесі (RMI) қозғалыс мониторингін жүзеге асырады және автокөліктің төңкерілу қаупін бағалайды. Егер ол болса, жүйе төңкерілууден сақтау үшін бір немесе бірнеше дөңгелекті тежеңкірейді.

Қайталап соқтығысулардың алдын алу жүйесі

Соқтығысқан жағдайда (қауіпсіздік жастықтары ашылғанда) қайталап соқтығысулардың алдын алу жүйесі (SCM) автокөліктің жылдамдығын азайту немесе оны тоқтату үшін автоматты түрде тежеуді жүзеге асырады. Бұл қайталап соқтығысудың алдын алуға мүмкіндік береді және жарақат алу ықтималдығын төмендетеді.

Өрде орнынан қозғалуға көмектесетін жүйелер

Өрде тежегіш педалін жіберіп, орыннан қозғалған кезде өрде орнынан қозғалуға көмектесетін жүйе (HHC) тежеу жүйесіндегі қысымды тағы 2 секунд ұстап, автокөліктің артқа сырғып кетуіне жол бермейді.

⚠ Ескерту

Егер өрдің тіктігі 30°-тан асса, көлік орнынан қозғалған кезде артқа қарай сырғып кетуі мүмкін. Сондықтан бұл жүйеге онша сенбеу керек. Қозғалыс қауіпсіздігін сақтаңыз.

Рульдің электр күшейткіші

Бұл жүйе қозғалыс жылдамдығын бақылайды және нақты уақыт режимінде рульдің күшею дәрежесін реттеп, рульдің қолайлы әрі тұрақты бұрылуына кепілдік беріп, қозғалыс қауіпсіздігін арттырады.

Электрондық қозғалысты тұрақтандыру жүйесі

Электрондық қозғалысты тұрақтандыру жүйесі (ESC) сырғу қаупін азайтады және кейбір жағдайларда қозғалыс тұрақтылығын арттырып, кейбір дөңгелектерді тежейді. ESC жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде аспаптар тақтасында электрондық қозғалысты тұрақтандыру жүйесінің индикаторы жыпылықтап тұрады. Бұл уақытта ерекше сақтық таныту қажет.

ℹ Пайдалы ақпарат



Қалыпты жағдайда ESC жүйесі әрдайым қосулы болуы керек. Оны мынадай ерекше жағдайларда сөндіруге болады:

- > Сырғытпайтын шынжырлармен жүрген кезде.
- > Борпылдақ топырақта немесе омбы қарда жүрген кезде.
- > Автокөлік батып, оны шығарып алу қажет болған кезде.

Басқа жағдайлардың бәрінде ESC жүйесін дереу қосу керек.

Сөндіру және қосу



Қозғалтқышты қосқаннан кейін электрондық қозғалысты тұрақтандыру жүйесін  өшіру түймесін басыңыз. Аспаптар тақтасында электрондық қозғалысты тұрақтандыру жүйесінің өшу индикаторы  жанады және жүйенің өшірілгенін көрсетеді. ESC жүйесін қайтадан қосу үшін және бір рет басыңыз.

i Пайдалы ақпарат

Келесі жағдайларда ESC жүйесі автоматты түрде қосылады:

- > Қозғалтқышты іске қосқан сайын.
- > Егер автокөлік жылдамдығы 85 км/сағ-тан асатын болса.

Қозғалыс бағытын динамикалық тұрақтандыру көмекші жүйесі

Сол жақ және оң жақ дөңгелектердің ілінісу коэффициенттерінің айырмашылығы жоғары болған жағдайда (мысалы, мұздың, қардың үстімен, сырғанақ жолмен жүрген кезде), шұғыл тежеген немесе жылдамдықты үдеткен жағдайда қозғалыс бағытын динамикалық тұрақтандыру жүйесі (DST) автокөліктің қозғалу бағытын түзеу үшін бір осьтегі дөңгелектердің жылдамдықтарының айырмашылығы негізінде автоматты түрде рульдің бұрылу бұрышын реттейді.

DST мультимедиа дисплейінің көмегімен баптауға болады [Автокөлік баптаулары] → [Жүргізу баптаулары] → [Қозғалыс бағытын динамикалық тұрақтандыру жүйесі].

i Пайдалы ақпарат

DST функциясын электрондық тұрақтандыру жүйесін қосқаннан кейін ғана қолдануға болады.

▲ Ескерту

- > Қозғалыс бағытын динамикалық тұрақтандыру көмекші жүйесі көмекші құрал ғана болып табылады. Ол жүргізушінің орнына жолдағы жағдайды бағалай алмайды, оған қоса оның орнына автокөлікті жүргізе алмайды. Кез келген жағдайда жүргізуші автокөліктің қауіпсіздігі үшін жауапты болады, сол себепті жолдан көз алмай, автокөлікті абайлап басқару керек.
- > Қозғалыс бағытын динамикалық тұрақтандыру көмекші жүйесі рульдің бұрылу бұрышын шектеулі диапазонда автоматты түрде реттей алады. Қажетті қозғалыс бағытын қамтамасыз ету үшін жүргізуші рульді нақты жағдайға сәйкес белсенді басқарып отыруы тиіс.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Сақтық шаралары

Пайдаланылған газдарды бақылау жүйелерінің қозғалтқыш моделіне байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Автокөліктің жинақтамасына назар аударыңыз. Қозғалтқышты және пайдаланылған газдарды бақылау жүйесінің қандай да бір бөлшектерін қайта жабдықтауға тыйым салынады.

Оттегі датчигі

Оттегі датчигі пайдаланылған газдардағы оттегінің концентрациясын өлшеп, сол ақпаратты қозғалтқыштың электрондық басқару блогына жібереді де, ауа/отын қатынасын реттеуге көмектеседі. Осылайша, отынның максималды жану тиімділігіне қол жеткізіледі, пайдаланылған газдардағы иісті газ, көмірсутектер мен азот тотықтары азаяды.

Каталиттік бейтараптандырғыш

Каталиттік бейтараптандырғыш – газ шығару жүйесінде орнатылған ең маңызды сыртқы тазарту құрылғысы. Оның ішінде тотықтыру және қалпына келтіру арқылы зиянды иісті газды, көмірсутектер мен азот тотықтарын бейтарап газдарға айналдыруға қабілетті асыл металл катализаторы бар.

Дұрыс қолданылған жағдайда каталиттік бейтараптандырғыш қызмет көрсетуді қажет етпейді, сондықтан оны шешіп алу және бөлшектеу қажет емес. Ауыстыру кезінде міндетті түрде қозғалтқыш моделіне

сәйкес келетін бейтараптандырғышты таңдаңыз.

▲ Назар аударыңыз!

Каталиттік бейтараптандырғышқа зақым келтірмеу үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- > Этилденген бензинді және марганец пен күкірттің шектен тыс концентрациясы бар бензинді қолданбаңыз.
- > Отынның аса төмен деңгейінде автокөлікті басқарудан сақтаныңыз. Бұл жағдайларда қозғалтқыш қиналып істейтін болады (ол тұрақсыз жұмыс істейді немесе толық қуатта жұмыс істемейді), бұл бейтараптандырғыштың зақымдалуына әкеледі.
- > Қозғалтқышты жоғары айналымда (5 минут және одан астам) ұзақ жұмыс істетуге тыйым салынады.
- > Қозғалтқыштың ақау белгілері болған кезде (мысалы, бірқалыпты істемегенде немесе қозғалтқыш қуаты төмендегенде) жүрісті тоқтатыңыз.
- > Оталдыру білтелеріңізді қозғалтқышты оталдырмаңыз.
- > Автокөлікті итеру немесе сүйреу арқылы қозғалтқышты оталдыруға тыйым салынады.
- > Мотор майын асыра құюға болмайды.
- > Бейтараптандырғышқа соққы тигізбеңіз.

Турбокомпрессор

Турбокомпрессор отын шығынын азайтады, қозғалтқыштың қуаты мен айналу моментін арттырады, пайдаланылған газдардағы күйе мен оксинитридтер сияқты зиянды заттардың мөлшерін азайтады.

Отын буын бақылау құрылғысы

Автокөлік жүйелері қалыпты жұмыс істегенде отынның булануын бақылау құрылғысы отын буын қозғалтқышқа жандыруға жібере алады, бұл олардың атмосфераға шығарылуына жол бермейді.

Картер газдарын рециркуляциялау құрылғысы

Картер газдарын рециркуляциялау құрылғысы картердегі газдарды (жанбаған отын буы, су буы, пайдаланылған газдар) келтеқұбыр арқылы кіріс коллекторға бағыттайды, сөйтіп, олар қозғалтқыш цилиндрлерінде жанады. Осылайша, пайдаланылған газдардың мөлшері азаяды және қозғалтқыштың үнемділігі артады.

Борттық диагностика жүйесі

Қозғалтқыштың ақау индикаторы – борттық диагностика жүйесінің бөлігі. Борттық диагностика жүйесі орнатылған қозғалтқышты электрондық басқару блогы барлық ақау туралы ақпаратты (бірінші кезекте пайдаланылған газдардың шығарылуына байланысты қателер туралы) жазады. Сымды аккумулятор батареясынан ажыратқанда осы деректер жойылады, сондықтан жылдам диагностика мүмкін болмайды. Сондықтан қозғалтқыш ақауының индикаторының іске қосылу себебін іздеген кезде сымды аккумулятор батареясынан ажыратпаңыз.

Бензиндік күйе сүзгісі

Функциялардың сипаттамасы

Бензиндік күйе сүзгісі (GPF) автокөліктің пайдаланылған газдарды шығаруын төмендету жүйесінің бөлігі болып табылады. Ол ауаның ластануын азайта отырып, бөлшектерді атмосфераға бөлініп шыққанша аулап алуға мүмкіндік береді.

⚠ Ескерту

Регенерация үдерісі кезінде жоғары температура түзіледі. Түтін шығаратын құбырға, бензиндік күйе сүзгісіне немесе жылудан қорғайтын экранға жеңіл тұтанатын материалдарды орнатуға тыйым салынады. Әйтпесе бұл өртке алып келуі мүмкін.

Регенерация

Күйе сүзгісінің жұмыс істеуі үшін талап етілген шарттар сақталған жағдайда автокөліктің қозғалысы кезінде автоматты түрде оны регенерациялау үдерісі іске қосылады. Аспаптар тақтасында [Сүзгі регенерацияланып жатыр] хабарламасы пайда болады. Регенерациялау рәсімі бөлшектерді толықтай жағып жібереді және GPF сүзгісінің өнімділігін қалпына келтіреді.

Регенерациялау барысында ескерту өшпейінше және регенерация аяқталмайынша автокөлікті басқарудың төменде көрсетілген жүргізу шарттарын сақтауға кеңес беріледі (қарап көру қолайлы болуы үшін ескерту хабарламасын жаппаңыз);

- > Үшінші немесе одан жоғары берілісті таңдап, жақсы жабыны бар жолмен тұрақты жылдамдықпен жүріңіз. Автокөлік жылдамдығы 80 км/сағ-тан аспауы тиіс.
- > Қозғалтқыштың бос жүріспен жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- > Мүмкіндігінше автокөлікті тоқтатпаңыз және қозғалтқышты өшірмеңіз.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Егер қозғалыс шарттары сақталмаса, автокөлік регенерациялау рәсімін автоматты түрде іске қосуға қабілетті болмайды. Аспаптар тақтасында [Сүзгі регенерацияуды қажет етеді] хабарламасы пайда болады. Мұндай жағдайда қозғалтқышты оталдырғаннан кейін (су температурасының көрсеткішіндегі индикатор ортаңғы немесе жоғарғы күйде тұр) регенерациялау рәсімін іске қосу үшін автокөлікті регенерациялау кезіндегі қозғалыс шарттарына сәйкес жүргізіңіз. Жоғарыда көрсетілген операцияларды орындамау қозғалтқыштың және күйе сүзгісінің жұмысына әсер етуі, сондай-ақ автокөлік тораптарының зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- > Мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін отынды ғана құйыңыз. Отынға қосылатын қоспаларды қолданбаңыз. Сапасыз отынның қолданылуына байланысты күйе сүзгісінің бітеліп қалуына және каталиттік бейтараптандырғыштың улануына жол

бермеңіз.

- > Мотор майын жүйелі түрде ауыстырып отырыңыз. Көрсетілген маркалардың майын қолданыңыз.

Ескерту

Автоматты регенерациялау рәсімін орындау кезінде жол қозғалысы ережелерін сақтаңыз.

Пайдалы ақпарат

Күнделікті көлік жүргізу кезінде келесі ұсыныстарды орындаңыз:


- > Қозғалтқыштың төмен айналымдармен және қатты басылған газ педалімен ұзақ немесе жиі жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- > Қозғалтқыштың бос жүріспен ұзақ немесе үздіксіз жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- > Автокөлікті қатарынан бірнеше рет тоқтатпаңыз және қозғалтқышты өшірмеңіз.
- > Үнемі қысқа қашықтықтарға жол жүрмеуге тырысыңыз.

Виртуалды аспаптар тақтасы

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Аспаптар тақтасы туралы жалпы мәлімет



- | | |
|--|-----------------------------------|
| (A) Цифрлық сағат | (H) Отын деңгейінің көрсеткіші |
| (B) Сол жақтағы ақпараттық дисплей | (I) Ортаңғы ақпараттық дисплей |
| (C) Автокөліктің жалпы жүрген жолы | (J) Сыртқы температура |
| (D) Тахометр | (K) Оң жақтағы ақпараттық дисплей |
| (E) Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші | (L) Спидометр |
| (F) Қосылып тұрған беріліс туралы ақпарат | (M) Жүргізу режимдері |
| (G) Берілісті ауыстыру қажеттігі туралы хабарлама | |

Салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының болжамды температурасын көрсетеді.


⚠ Назар аударыңыз!

Егер температура көрсеткіші қызыл аймаққа жақындаса, қауіпсіздікке көз жеткізіп алып, жылдамдықты дереу төмендетіп, жол жиегіне шығып кетіп, тексеру үшін тоқтау керек. Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының температурасы қалыпқа келгеннен кейін ғана қайта іске қосуға болады.

Отын деңгейінің көрсеткіші

Отын бағындағы отынның болжамды мөлшерін көрсетеді.

i Пайдалы ақпарат

- > Автокөлік еңісте ұзақ жүргенде немесе көп бұрылғанда бак ішіндегі отын қозғалады, сондықтан көрсеткіштер тұрақсыз болуы мүмкін.
- > Егер аспаптар тақтасында  индикаторы жанса, демек, автокөлік әлі де біршама қашықтықты еңсере алады, бірақ отын құюды қажет етеді.

Тахометр

Қозғалтқыштың істеп тұрған айналымдарын көрсетеді.

Спидометр

Жүріп келе жатқан қозғалыс жылдамдығын көрсетеді.

Ақпараттық дисплей

Сол жақ, ортаңғы және оң жақ ақпараттық дисплейлердің мазмұнын бөлек-бөлек баптауға болады (жүргізу туралы деректер, мультимедиа және т.с.с.).

i Пайдалы ақпарат

Жолақпен жүру көмекші функциясы немесе круиз-контрольді қолдау функциясы қосулы тұрған кезде ортаңғы ақпараттық дисплейді баптай алмайсыз.

Берілісті ауыстыру қажеттігі туралы хабарлама

Егер автокөліктің ағымдағы жылдамдығы таңдалған беріліске сәйкес болмаса, аспапта сәйкес берілісті таңдау қажеттігі туралы ескерту көрсетіледі.

- > ▲ «Жоғары қарап тұрған үшбұрыш белгісі»: берілісті жоғарылату туралы хабарлама.
- > ▲ «Төмен қарап тұрған үшбұрыш белгісі»: берілісті төмендету туралы хабарлама.

Аспаптар тақтасын басқару

Басқару түймелері



3A907F4AF551

- (A) Таңдау түймесі
- (B) «OK» түймесі
- (C) Кері қайту түймесі
- (D) Мәзір түймесі

i Пайдалы ақпарат

Жұмыс кезінде, егер ақпараттық дисплейде ескерту бар болса, оны алдымен жасырып алу қажет.

Ескертулерді қалай жасыру қажет






Ағымдағы көрсетіліп тұрған ескертуді жасыру үшін ОК түймесін басыңыз.








Барлық ескертуді жасыру үшін ОК түймесін басып тұрыңыз.

Ықшам режимге кіру және одан шығу

Ықшам режимге кіру немесе одан шығу үшін  мәзір түймесін басып тұрыңыз.

Аспаптар тақтасын дербестендіру

1. Кез келген аспаптар тақтасын басқару түймесін басыңыз, қазіргі сәтте таңдалып тұрған ақпараттық дисплей көмескі жарықпен белгіленеді.
2. Бапталатын ақпараттық дисплейге ауысу үшін  солға немесе  оңға таңдау түймесін басыңыз.
3. Көп функциялы ішкі қалталар панелін шақыру үшін  мәзір түймесін басыңыз.
4. Ақпараттық дисплейде көрсетілуі тиіс белгішені таңдау үшін  солға немесе  оңға таңдау түймесін басыңыз.

Белгішелер	Дисплейдің күйі
	Келесі ақпараттың көрсетілуін баптауға болады: сапар туралы деректер (сапардың уақыты/жиынтық жүрілген жол/орташа жылдамдық), отын шығыны туралы деректер, қалдық жүріс, шиналардағы қысымды бақылау.
	Қазіргі сәтте ойнатылып жатқан медиафайл туралы мәліметтерді көрсетеді.
	AppleCarPlay-мен сәтті байланыс орнатылған жағдайда экранда навигациялық ақпарат көрсетіле алады.
	Қазіргі сәтте жасырылып тұрған маңызды ескертулерді және автоматты түрде жасырылған екінші дәрежелі хабарламаларды қарап көруге мүмкіндік береді.
	Аспаптар тақтасының келесі баптауларын орындауға болады: > Жылдамдықты шектен асыру туралы ескертудің баптаулары: [OK] түймесін басу арқылы жылдамдықты шектен асыру туралы ескертуді қосуға немесе сөндіруге болады. Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту функциясын қосқаннан кейін ескерту іске қосылатын жылдамдықты белгілеу үшін  жоғары немесе  төмен түймесін басыңыз. Белгіленген жылдамдық мәніне жеткенде немесе одан асып кеткенде аспаптар тақтасының дисплейінде жылдамдықтың асырылғандығы және автокөлікті басқару кезінде абай болу керектігі туралы хабарлама пайда болады. > Сапар туралы деректердің баптаулары: сапар туралы деректердің бір бөлігін жасыруға немесе көрсетуге мүмкіндік береді. > Өлшем бірліктерін баптау: дисплейде көрсетілетін отын шығынының, температураның және қысымның параметрлеріне сәйкес келетін өлшем бірліктерін баптауға мүмкіндік береді. > Техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жүрілетін жол: автокөлігіңізге келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін қанша уақыт қалғанын тексеруге мүмкіндік береді (бұл ақпарат автокөлікке техникалық қызмет көрсету алып тастау қажет екені туралы ескерту үшін ғана қолданылады) > Сапар туралы барлық деректі нөлдеу және зауыттық баптауларды қалпына келтіру.

-
5. Ақпараттық дисплейде бірнеше беттердің немесе опциялардың мазмұны көрсетіліп тұрған кезде беттерді айналдыру немесе ағымдағы опцияны ауыстырып қосу үшін ▲ жоғары немесе ▼ төмен түймесін басыңыз.
 6. Қосалқы мәзірге кіру үшін ОК түймесін басыңыз немесе күшіне енгізу үшін ағымдағы баптауды растаңыз.

A/B деректер экрандарын ауыстырып қосу

Сапар туралы деректер мен отын шығыны туралы ақпарат А және В деректер экрандарында қолжетімді. Ақпараттық дисплейде сапар туралы деректер немесе отын шығыны туралы ақпарат көрсетіліп тұрған кезде А және В деректер экрандарын ауыстырып қосу үшін ОК түймесін басыңыз.

- > А деректер экранында ағымдағы оталдыру циклының барысында алынған сапар туралы мәліметтер көрсетіледі, оталдыру жүйесінің ажыратқышын LOCK күйіне ауыстырғаннан кейін 4 сағат өткен кезде олар автоматты түрде нөлденеді.
- > В деректер экранында соңғы рет қолмен өшірілген сәтінен бастап сапар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Сапар туралы деректерді нөлдеу

Ақпараттық дисплейде сапар туралы немесе отын шығыны туралы деректер көрсетіліп тұрған кезде сәйкес деректерді қолмен нөлдеу үшін рульдегі ОК түймесін басып тұрыңыз.

Алдыңғы терезеге қайтып оралу

Алдыңғы терезеге қайтып оралу үшін кері қайту түймесін ↩ басыңыз.

Аспаптар тақтасындағы индикаторлар

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Аспаптар тақтасындағы индикаторлар

Пайдалы ақпарат

- > Оталдыру жүйесінің құлпы ON күйіне ауысқанда кейбір көрсеткіштер немесе апаттық индикаторлар біраз уақыт жануы мүмкін. Бұл жүйелер өзін-өзі диагностикалауының және ақаулы емес екенін білдіреді.
- > Автокөліктің конфигурациясына байланысты аспаптар тақтасында орналасатын көрсеткіштер де жануы мүмкін.



Маңызды ескерту хабарламаларының индикаторы

Жанып тұрған индикатор маңызды ескерту хабарламаларының келіп түскенін және олардың кемінде біреуі қолмен жасырылғанын білдіреді

Ескерту

Ескерту хабарламалары мен сөзкөмектерді елеусіз қалдырмаңыз. Әйтпесе бұл автокөлікке ауыр зақымдар келтіруі немесе апатқа алып келуі мүмкін.

Пайдалы ақпарат

Барлық келіп түскен хабарламаны аспаптар

тақтасындағы хабарламалар терезесінен қарап көруге болады.



Екінші дәрежелі хабарламалар индикаторы

Егер осы индикатор жанып тұрса, бұл қазіргі сәтте екінші дәрежелі хабарламаның бар екенін білдіреді.

Ескерту

Ескерту хабарламалары мен сөзкөмектерді елеусіз қалдырмаңыз. Әйтпесе бұл автокөлікке ауыр зақымдар келтіруі немесе апатқа алып келуі мүмкін.

Пайдалы ақпарат

- > Екінші дәрежелі хабарламалар ақпараттық орталықтың дисплейінде көрсетілгеннен кейін бірнеше секундтың ішінде автоматты түрде жасырылады.
- > Барлық келіп түскен хабарламаны аспаптар тақтасындағы хабарламалар терезесінен қарап көруге болады.



Бұрылыс көрсеткіштерінің индикаторлары

Сол жақ бұрылыс көрсеткіші жұмыс істеген кезде сол жақ бұрылыс индикаторы жанады. Оң жақ бұрылыс көрсеткіші жұмыс істеген кезде оң жақ бұрылыс индикаторы жанады. Апаттық сигнал беру жүйесі қосылған кезде бұрылыс көрсеткіштері мен олардың индикаторлары бірге жанып сенеді.

Назар аударыңыз!

Егер бұрылыс көрсеткішінің индикаторы тез жыпылықтап тұрса, бұл бұрылыс көрсеткішінің ақаулығын және оның шамын ауыстыру қажеттігін білдіреді. Бұны мүмкіндігінше тездетіп орында

қажет, әйтпесе басқа жүргізушілер Сіздің беріп жатқан сигналыңызды көрмей қалады.



Жарықты қосу индикаторы

Қосылып тұрған құрамдасқан жарық қосқышының индикациясы.



Габарит шамдарының индикаторы

Габарит жарықтарының және нөмір белгісінің көмескі жарығының қосылу индикациясы.



Шалғай жарық индикаторы

Шалғай жарықтың қосылып тұрғанын көрсетеді.



Таяу және шалғай жарықтың автоматты түрде ауыстырылуының индикаторы

Бұл индикатор жасыл түспен жанып тұрған кезде бұл шалғай және таяу жарықты автоматты түрде ауыстырып қосу функциясының қосылып тұрғанын білдіреді.

Бұл индикатор сары түспен жанып тұрған кезде бұл шалғай және таяу жарықты автоматты түрде ауыстырып қосу функциясының ақаулы екенін көрсетеді. Бұл жағдайда қажеттігіне қарай шалғай немесе таяу жарықты қолмен қосыңыз әрі тексерту және жөндету үшін мүмкіндігінше тездетіп сервис орталығына хабарласыңыз.



Алдыңғы тұман шамдарының индикаторы

Жанып тұрған индикатор алдыңғы тұман шамдарының қосылып тұрғанын көрсетеді.



Артқы тұман шамдарының индикаторы

Жанып тұрған индикатор артқы тұман шамдарының қосылып тұрғанын көрсетеді.



Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы

Жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы қауіпсіздік белбеуінің тағылмағанын көрсетеді.



Жабылмаған есік индикаторы

Жанып тұрған индикатор есіктердің ашық тұрғанын немесе толық жабылмағанын білдіреді.



Қауіпсіздік жастығы ақауының индикаторы

Жанып тұрған индикатор қауіпсіздік жастықтары жүйесінің ақаулығын білдіреді. Бұл жағдайда тексеру және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек сервис орталығына хабарласыңыз.



Шина қысымын бақылау жүйесінің индикаторы

Дыбыс сигналымен бірге жанып тұрған индикатор шинаның қысымы тым төмен немесе температура тым жоғары екенін көрсетеді. Бұл жағдайда тексеру үшін автокөлікті тоқтатыңыз және сервис орталығына хабарласыңыз.

Бұл индикатордың біршама уақыт бойы жыпылықтауы және дыбыс сигналы ілесе шығып, әрмен қарай жанып тұруы шиналардағы ауаның қысымын мониторингілеу жүйесінің ақаулығын білдіреді.

▲ Ескерту

Бұл индикатор қосылған кезде кілт бұрылу және шұғыл тежеу әрекеттерінен сақтану, мүмкіндігінше тездетіп автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтату және оны қарап шығу қажет.

Автокөлікті шиналардағы тым төмен қысыммен немесе олардағы тым жоғары температурамен жүргізу шиналардың зақымдану ықтималдығын жоғарылатады және автокөлікке күрделі зақымдар келтіру немесе апатқа алып келуі мүмкін.



Тұрақ тежегішінің индикаторы

Тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанын білдіреді.

Индикатордың жыпылықтауы тежегіш дискілердің қызып кеткенін немесе жол төсемінің шамадан тыс еңістігін білдіреді.

Бұл жағдайда, егер жылжып кету қаупі бар болса, тежегіш педалін басып, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек тегіс жерге қойыңыз.



Тұрақ тежегіші ақауының индикаторы

Жанып тұрған индикатор тұрақ тежегіші жүйесінің ақауын білдіреді.



Автокөлікті бір орында ұстап тұру индикаторы

Индикатордың сары түсі автокөлікті бір орында ұстап тұру жүйесі дайын режимде екенін көрсетеді.

Жасыл түсті индикатор автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясының қосулы күйін көрсетеді.



Тежегішті блоктау жүйесі ақауының индикаторы

Тежегішті блоктау жүйесінің ақауы пайда болған кезде жанады. Бұл жағдайда сервис орталығына жүгінізіз.

Бұл индикатор жанып тұрған кезде тежеу жүйесі тежегішті блоктау функциясынсыз істейді.



Тежеу жүйесі ақауының индикаторы

Жанып тұрған индикатор тежегіш сұйықтығының төмен деңгейін немесе тежеу күшін тарату жүйесінде ақау бар екенін білдіреді.

Автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтатып, сервис орталығына хабарласыңыз. Әйтпесе ауыр апат орын алуы мүмкін.



Электрондық тұрақтандыру жүйесінің индикаторы

Жыпылықтайтын индикатор электрондық тұрақтандыру жүйесінің қосулы күйін көрсетеді.

Жанып тұрған индикатор электрондық қозғалысты тұрақтандыру жүйесінің ақаулығын көрсетеді.



Электрондық тұрақтандыру жүйесінің өшірілу индикаторы

Жанып тұрған индикатор электрондық тұрақтандыру жүйесінің өшіріліп тұрғанын білдіреді.



Өрден түсуге көмектесетін жүйенің индикаторы

Егер осы индикатор жанып тұрса, бұл ылдифа қарай түсу көмекші жүйесінің қосылып тұрғанын және дайындық күйде екенін білдіреді.

Егер осы индикатор жыпылықтап тұрса, бұл тік ылдифа қарай түсу көмекші жүйесінің жұмыс күйінде екенін білдіреді.



2H режимінің индикаторы

Егер осы индикатор жанып тұрса, бұл автокөліктің қазіргі сәтте алдыңғы немесе артқы дөңгелектердің жетегі режимінде тұрғанын білдіреді.



4H режимінің индикаторы

Егер осы индикатор жанып тұрса, бұл автокөліктің қазіргі сәтте толық жетек режимінде тұрғанын білдіреді.



4L режимінің индикаторы

Егер осы индикатор жанып тұрса, бұл автокөліктің қазіргі сәтте төмен жылдамдықты толық жетек режимінде тұрғанын білдіреді.



Алдыңғы белдіктің дифференциалының бұғатталу индикаторы

Индикатордың жасыл түсі алдыңғы белдік дифференциалының сәтті бұғатталғанын білдіреді.

Индикатордың сары түсі алдыңғы белдік дифференциалын бұғаттаудың ақаулығының бар екенін білдіреді. Бұл жағдайда сервис орталығына жүгінізіз.



Артқы белдіктің дифференциалының бұғатталу индикаторы

Егер осы индикатор жасыл түспен жанып тұрса, бұл артқы белдік дифференциалын бұғаттаудың

орындалғанын білдіреді.

Егер осы индикатор сары түспен жанып тұрса, бұл артқы белдік дифференциалын бұғаттаудың ақаулығын білдіреді. Тексерту және жөндету үшін сервис орталығына уақтылы хабарласыңыз.



«Танкше артқа бұрылу» функциясының индикаторы

Егер осы индикатор ақ түспен жанып тұрса, бұл функцияның қосулы тұрғанын және дайындық күйде екенін білдіреді.

Егер осы индикатор жасыл түспен жанып тұрса, бұл функцияның жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.

Егер осы индикатор қызыл түспен жанып тұрса, бұл функцияның өшірулі екенін білдіреді.



Руль күшейткіші ақауының индикаторы

Егер осы индикатор сары түспен жанып тұрса, бұл руль механизмі күшейткішінің тиімділігінің төмендегенін білдіреді, ал рульді бұру үшін көбірек күш жұмсау қажет болады. Егер осы индикатор қозғалтқышты қайта оталдырғаннан немесе шағын қашықтықты жүріп өткеннен кейін әлі жанып тұрса, тексерту және жөндету үшін мүмкіндігінше тездетіп сервис орталығына хабарласыңыз.

Егер осы индикатор қызыл түспен жанып тұрса, бұл руль күшейткіші жүйесінің ақаулы екенін және руль күшейткішінің әсерінің жоқ екенін білдіреді. Автокөлікті қауіпсіз жерге тұраққа қою және қозғалтқышты өшіріп қойғаннан кейін бірнеше минут өткен соң оны қайтадан қосу қажет. Егер осы индикатор бұрынғыша жанып тұрса, тексерту және жөндету үшін мүмкіндігінше тезірек сервис орталығына хабарласыңыз.

▲ Ескерту

Қызыл түспен жанып тұрған индикатор руль күшейткіші жүйесінің істен шыққанын көрсетеді. Бұл жағдайда рульді бұру үшін көп күш қажет болады. Автокөлікті тексерту үшін дереу сервис орталығына хабарласыңыз.



Салқындату сұйықтығының қызып кету индикаторы

Қызыл түспен жанып тұрған индикатор салқындату сұйықтығының қызып кеткенін көрсетеді. Ол жанып тұрса, автокөлікті тоқтатыңыз. Әйтпесе қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін.



Төмен отын деңгейінің индикаторы

Сары түспен жанып тұрған индикатор отын деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Егер ылдида жүргенде немесе ұзақ бұрылу кезінде бак ішіндегі отын ығысатын болса, бұл индикатор жанауы мүмкін.

▲ Назар аударыңыз!

Минималды отын мөлшерімен жүруге тыйым салынады. Әйтпесе отынның таусылуына байланысты отын жүйесі, зиянды шығарындыларды бақылау жүйесі және қозғалтқыш істен шығуы мүмкін.



Қозғалтқыш ақауының индикаторы

Егер қозғалтқышты оталдырғаннан кейін индикатор жанса, бұл қозғалтқыштың пайдаланылған газдардың сапасына әсер ететін ақауының бар екенін көрсетеді. Бұл жағдайда сервис орталығына жүгінізіңіз.

I Пайдалы ақпарат

Орнына салынбағын отын бағының қақпағы осы индикатордың жануына алып келуі мүмкін.



Қозғалтқышқа техникалық қызмет көрсету қажеттілігінің индикаторы

Жанып тұрған индикатор қозғалтқыштың пайдаланылған газды шығару жүйесімен байланысты емес ақауын білдіреді. Бұл жағдайда сервис орталығына жүгініңіз.



Май қысымының индикаторы

Жанып тұрған индикатор мотор майының жетіспейтінін көрсетеді. Бұл жағдайда автокөлікті мүмкіндігінше тезірек қауіпсіз жерге тоқтатып, қозғалтқышты өшіріңіз. Кері жағдайда қозғалтқыш бөлшектеріне үлкен зақым келуі мүмкін. Қозғалтқыш тоқтағаннан кейін бірнеше минуттан соң май деңгейін тексеріп, қажет болған жағдайда оны құйыңыз. Егер май жеткілікті болып, индикатор бұрынғысынша жанып тұрса, сервис орталығына жүгініңіз.



Аккумулятор батареясы зарядының индикаторы

Егер қозғалтқышты оталдырғаннан кейін индикатор жанса, бұл аккумулятор батареясының зарядтау жүйесінің ақауын білдіреді. Бұл жағдайда тексеру және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек сервис орталығына хабарласыңыз.



Автоматтық беріліс қорабының қызып кету индикаторы

Автоматтық беріліс қорабындағы трансмиссиялық майдың қызып кеткенін білдіреді. Бұл жағдайда автокөлікті мүмкіндігінше тездетіп қауіпсіз жерге тоқтату және қорапты суыту үшін қозғалтқышты өшіру қажет.

Егер осы операцияларды орындағаннан кейін индикатор

сөнбесе, сервис орталығына хабарласыңыз.



Интеллектуалды «старт-стоп» жүйесінің индикаторы

Жүйенің қосылып тұрғанын және оның жұмысына қажетті барлық талаптың сақталғанын білдіреді.



Интеллектуалды «старт-стоп» жүйесінің ақаулығының индикаторы

Егер осы жарық индикаторы жанып тұрса, бұл «старт-стоп» жүйесінің ақаулығын көрсетеді.



Жылдамдықты белсенді шектеу индикаторы

Егер осы жарық индикаторы жанып тұрса, бұл жылдамдықты белсенді шектеу функциясының қосулы тұрғанын көрсетеді.



Бейімделетін круиз-контроль жүйесінің индикаторы

Егер осы жарық индикаторы ақ түспен жанып тұрса, бұл бейімделетін круиз-контроль функциясының қосулы тұрғанын және дайындық күйде екенін білдіреді.

Егер осы жарық индикаторы жасыл түспен жанып тұрса, бұл бейімделетін круиз-контроль функциясының қосулы тұрғанын және крейсерлік жылдамдықтың сәтті белгіленгенін білдіреді.



Бейімделетін круиз-контроль жүйесі ақаулығының индикаторы

Егер осы жарық индикаторы жанып тұрса, бұл бейімделетін круиз-контроль жүйесінің ақаулығын көрсетеді. Бұл жағдайда бейімделетін круиз-контроль функциясын қолданбаңыз әрі тексеру және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек сервис орталығына хабарласыңыз.



Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің индикаторы

Ақ түспен жанып тұрған индикатор интеллектуалды круиз-контроль

жүйесінің қосылып тұрғанын және дайындық күйінде екенін білдіреді. Жасыл түспен жанып тұрған индикатор интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің қосылып тұрғанын және круиз-контроль жылдамдығының сәтті белгіленгенін білдіреді.

Қызыл түспен жанып тұрған индикатор интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің ақаулығын білдіреді. Бұл жағдайда интеллектуалды круиз-контроль функциясын қолданудан бас тарту әрі тексерту және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек сервис орталығына жүгіну қажет.



Ойлы-қырлы жермен жүруге арналған көмекші круиз-контрольдің индикаторы

Егер осы индикатор ақ түспен жанып тұрса, бұл ойлы-қырлы жермен жүруге арналған круиз-контроль функциясының қосулы тұрғанын және дайындық күйде екенін білдіреді.

Егер осы индикатор жасыл түспен жанып тұрса, бұл ойлы-қырлы жермен жүруге арналған круиз-контроль функциясының қосулы екенін және жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.

Егер осы индикатор қызыл түспен жанып тұрса, бұл ойлы-қырлы жермен жүруге арналған круиз-контроль функциясының ақаулығын білдіреді. Бұл жағдайда круиз-контроль функциясын қолданбаңыз әрі тексерту және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек сервис орталығына хабарласыңыз.



Жолақпен жүру көмекші жүйесінің индикаторы

Жолақпен жүру көмекші жүйесінің іске қосылғанын көрсетіп индикатор жанады және автокөлік логотипі ақ түспен көрсетіледі.

Жолақпен жүру көмекші жүйесінің датчигінің бұғатталғанын көрсетіп индикатор жанады және автокөлік

логотипі сары түспен көрсетіледі. Бұл жағдайда екі жақтан қандай да бір жабысқан кедергінің бар-жоғын тексеріңіз, бар болса, оны кетіріңіз.

Жолақпен жүру көмекші жүйесінің ақаулығын көрсетіп индикатор жанады және автокөлік логотипі қызыл түспен көрсетіледі. Бұл жағдайда осы функцияны қолданбаңыз және тексерту және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек сервис орталығына хабарласыңыз.

Қозғалыс жолағының шегінен шығып кету туралы ескерту функциясының қосылғанын және жүйенің қозғалыс жолағының шектеу сызығын анықтағанын көрсетіп индикатор жанады және шектеу сызығы ақ түспен көрсетіледі.

Жүйенің қозғалыс қателігін анықтағанын көрсетіп индикатор жанады және шектеу сызығы қызыл түспен көрсетіледі.

Осы кезде жүргізушіге бағытты уақтылы түзеу және қозғалыс жолағына қайтып оралу қажет.

Жүйенің шектеу сызығын анықтай алмағанын көрсетіп индикатор жанады және шектеу сызығы сұр түспен көрсетіледі.

Жолақпен жүру көмекші функциясының қозғалыс бағытын баптауға көмектесіп тұрғанын көрсетіп индикатор жанады және шектеу сызығы жасыл түспен көрсетіледі.

Қоректендіруді басқару жүйесі

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Жүйе туралы жалпы мәлімет

Қоректендіруді басқару жүйесі автокөлікті оталдыру сипаттамаларын жақсарту және аккумулятор батареясының қызмет ету мерзімін ұзарту үшін автокөліктің әртүрлі электр жабдықтарының энергия тұтынуын қадағалауға және оны оңтайлы үлестіруге қабілетті.

Қоректендіруді басқару жүйесі негізінен келесі функцияларды қамтиды:

> Аккумулятор батареясының күйін бақылау

Датчиктердің көмегімен аккумулятор батареясының кернеуін, тогін және температурасын тұрақты бақылау. Осының негізінде батареяның ағымдағы қалдық заряды мен күйі есептелеп шығарылады.

> Ұйқы режимінде электрмен қоректендіруді басқару

Автокөлік тұрақта тұрған кезде әртүрлі электр жабдықтарының энергия тұтынуын тұрақты бақылау. Аккумулятор зарядының көп жұмсалуды болдырмау және автокөлікті оталдырудың тиісті сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін аккумулятор батареясының мониторингі жүйесінің ақпаратына сәйкес рет-ретімен қажетсіз электр жабдығы өшіріледі.

> Қозғалыссыз тұрған автокөлікті қоректендіруді басқару

Автокөлік тұрақта тұрған кезде әртүрлі электр жабдықтарының энергия тұтынуын тұрақты бақылау. Аккумулятор зарядының көп жұмсалуды болдырмау

және автокөлікті оталдырудың тиісті сипаттамаларын қамтамасыз ету үшін аккумулятор батареясының мониторингі жүйесінің ақпаратына сәйкес рет-ретімен қажетсіз электр жабдығы өшіріледі.

> Қозғалыс кезінде электрмен қоректендіруді басқару

Жүргізу кезінде әртүрлі электр жабдықтарының энергия тұтынуын тұрақты бақылау. Генераторда жасалып шығатын электр энергиясы қажеттілігіне қарай әртүрлі электр жабдықтарының арасында үлестіріледі. Генераторда жасалып шығатын электр энергиясы электр жабдықтарының қажеттіліктерінен асатын кезде қоректендіруді динамикалық режимде басқару арқылы қоректендіру реттеледі және зарядтау үшін аккумулятор батареясына беріледі.

i Пайдалы ақпарат

Қоректендіруді басқару жүйесі физикалық заңдардың шегінен асып кете алмайды. Аккумулятор батареясының қуаты мен қызмет ету мерзімінің шектеулі екенін ескеріңіз.

Міндетті түрде танысу қажет ақпарат

Қоректендіруді басқару жүйесі автокөлікті оталдырудың тиісті сипаттамаларын қамтамасыз етуге басымдық береді. Қысқа қашықтықтарға жол жүрген, қала ішінде жүргізген, төмен температуралар жағдайында жүргізген кезде электр энергиясын тұтыну ұлғаяды, ал генераторлар салыстырмалы түрде аз электр энергиясын жасап шығарады. Қозғалтқыш қосылмай тұрған кезде генератордың қосымша қуатты қамтамасыз ете алмауына байланысты бұл кезде электр жабдықтары тікелей аккумулятор батареясының қуатын тұтынады.

Бұл жағдайда Сіз қуаттың үлестірілуін бақылау үшін қоректендіруді басқару жүйесінің жұмыс істеп тұрғанын байқайсыз.

Автокөлік ұзақ уақыт тұраққа қойылған жағдайда

Егер Сіз автокөлікті бірнеше күн немесе апта бойы жүргізбейтін болсаңыз, қоректендіруді басқару жүйесі біртіндеп электр жабдықтарын өшіреді немесе мұндай электр жабдықтарының тұтынатын энергиясын азайтады. Автокөлік ұзақ уақыт тұрақта тұрғаннан кейін кейбір қолайлы функциялар (мысалы, қашықтан есік құлыптарын ашу) қолжетімсіз болуы мүмкін. Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бұл функциялар қалпына келтіріледі.

Қозғалтқыш өшіп тұрғанда

Егер қозғалтқыш өшірулі тұрған кезде радио тыңдасаңыз немесе аудиовизуалды жүйелердің функцияларын пайдалансаңыз, бұл аккумулятор батареясының зарядын тауысады.

Егер аккумулятордан энергия тұтыну қозғалтқышты оталдыруға әсер ететін болса, мультимедиа дисплейінде немесе аспаптар тақтасында сәйкес хабарлама пайда болады. Бұл жағдайда осы функцияларды қолдануды жалғастырғыңыз келсе, қозғалтқышты оталдыру қажет.

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда

Қозғалыс кезінде, тіпті генератор электр энергиясын жасап шығаруға қабілетті болса да, аккумулятордың заряды таусылуы мүмкін. Бұл энергия тұтыну мөлшері тым жоғары, ал генератор аз қуат беріп тұрған жағдайда, әсіресе аккумулятор батареясының өзіндегі заряд аз болған кезде орын алады. Энергиямен жабдықтауды қалпына келтіру үшін жүйе белгілі бір энергия сыйымдылығы жоғары жабдықты уақытша өшіреді немесе мұндай жабдықтың тұтынатын энергиясының мөлшерін азайтады. Мысалы, жылыту жүйесі өте көп қуатты тұтынады. Егер орындықты жылыту функциясының жұмыс істемей тұрғанын немесе желдету қарқындылығының шектеулі екенін байқасаңыз, бұл жүйенің оларды уақытша өшіріп қойғанын немесе азырақ қуатпен жұмыс істеуге баптағанын білдіреді. Электр энергиясының жеткілікті дәрежеде берілуі қалпына келтірілген кезде бұл функцияларды қайтадан қалыпты режимде қолдануға болады.

Қоректендіруді басқару жүйесі

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Тіркеменен жүру қағидалары

Тіркеме сүйреу туралы шешім қабылдамас бұрын өзіңізде тиісті жүргізуші біліктілігінің бар-жоғын қаперге алыңыз.

Тіркеме сүйреу туралы шешім қабылдаған кезде алдымен өз аймағыңыздағы механикалық көлік құралдарын қолдану қағидаларымен танысып алу, содан кейін сүйреу тәсілін анықтап алу қажет.

Тіркеме сүйреу және сүйреу құрылғыларын пайдалану бойынша әрбір аймақта әртүрлі қағидалар қолданылатындықтан, сүйремес бұрын сервис орталығымен кеңесіп алу қажет.

Назар аударыңыз!

- > Тіркеме сүйреу кезінде сәйкес жергілікті заңдар мен нормативтік актілерді сақтаңыз. Өз бетіңізше өзгертулер енгізуге қатаң тыйым салынады.
- > Жаңа автокөлікті төселтіп жүргізу кезінде тіркеме сүйреуге рұқсат етілмейді.
- > Тіркемені қолданбайтын кезіңізде тарту-тіркеу құрылғысын шешіп қойыңыз.
- > Тіркеменен жүрген кезде артқы көрініс айналары тіркеменен қозғалу қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс. Егер автокөлігіңіздің айналары бұл талаптарға сай болмаса, сәйкес айналар орнатыңыз.

Жүргізу бойынша нұсқаулар

Тіркеме сүйреу автокөлігіңіздің басқарылуына, тежелу тиімділігіне, отын шығынына және т.с.с. әсер етеді. Өз қауіпсіздігіңіз үшін, сондай-ақ жолаушылардың қауіпсіздігі және тіркемені қауіпсіз сүйреуді қамтамасыз ету үшін төменде келтірілген жүргізу бойынша кеңестерді орындаңыз.

Жүрістің басталуы

Қозғалысты бастамас бұрын тартқыш көліктің және тіркеменің шиналарындағы қысымның, жарықтандыру аспаптарының және ілінісу құрылғысының дұрыс қалыпта екеніне көз жеткізіңіз.

Сүйрелетін жүктің қауіпсіз тиелуін жүзеге асырыңыз. Жүктің тіркемеге сенімді бекітілгеніне және тіркеменің теңгерілгеніне көз жеткізіңіз. Олай болмаса, көлікті жүргізуден бас тартыңыз.

Қозғалысты жаймен бастаңыз, жылдамдықты күрт үдетуден және шұғыл тежеуден сақтаныңыз (әсіресе сырғанақ жолмен жүрген кезде), себебі бұл тайғанаудың әсерінен автокөлікті басқарудан айырылып қалуға алып келуі мүмкін.

Бүйірден соққан жел және тегіс емес жол автокөліктің теңселуіне алып келуі және басқарылуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Кез келген жағдайда автокөліктің теңселе бастағанының жеңіл белгілерін сезген сәтте рульден екі қолыңызбен мықтап ұстаңыз және тез арада жылдамдықты жаймен түсіріңіз. Автокөлік жылдамдығын арттыру арқылы теңселуді тоқтатуға тырыспаңыз.

Іші бос тартқыш көлікпен, алайда жүк тиелген тіркеменен тасымалдаудан аулақ болыңыз. Егер бұл мәжбүрлі жағдай болса, жүктеменің дұрыс үлестірілмеуіне байланысты төмен жылдамдықпен қозғалыңыз.

Тежеу

Тіркеме сүйреу кезінде автокөліктің тежеу жолы ұзарады. Сондықтан алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін әдеттегіден көбірек арақашықтықты ұстап отыру қажет.

▲ Ескерту

> Егер тіркемеңіз тежеу жүйесімен жабдықталған болса, оны орнату және қолдану кезінде заңнама талаптарын сақтаңыз.

> Тіркеменің гидравликалық тежеу жүйесін тікелей тартқыш көліктің тежеу жүйесіне жалғауға қатаң тыйым салынады.

Басып озу

Тіркеме сүйреу кезінде автокөлік шанағының ұзындығы артады. Сондықтан басып озу кезінде бастапқы қозғалыс жолағына қайтып оралу үшін ұзынырақ арақашықтық қажет.

Артқы жүріспен жүру

Тіркеме сүйреу кезінде артқы жүріспен жүру әдеттегі артқы жүріспен жүрумен салыстырғанда анағұрлым қиын болып табылады. Абай болыңыз және бұл дағдыны қалыптастырыңыз.

Артқы жүріспен жүру кезінде бір қолыңызбен рульдің астыңғы жиегінен ұстаңыз және тіркемені солға бұру үшін қолыңызды солға қарай бұрыңыз, тіркемені оңға бұру үшін рульді оңға қарай бұрыңыз. Тіркемемен артқы жүріспен жүру міндетті түрде төмен жылдамдықпен жүзеге асырылуы тиіс. Автокөліктің қозғалысын сырттан бағыттап тұру үшін басқа адамның көмегіне жүгінуге болады.

Бұрылыстар

Тіркеме сүйреу кезінде бұрылыстар жатық орындалуы тиіс, сілкі, жүлкі әрекеттеріне немесе шалт қозғалыстарға жол бермеуге тырысыңыз, бұрылыс көрсеткіштерін алдын ала қосыңыз. Бұрылған кезде оның радиусы тіркемесіз жүрген кездегіден үлкенірек болуы тиіс. Бұл тіркеменің жиекке, жол белгілеріне, ағаштарға немесе басқа нысандарға соғылуының алдын алады.

Ылдиға қарай жүру

Тіркемені тік немесе ұзын ылдиға қарай сүйреген кезде жылдамдықты алдын ала азайтып алу және төмендетілген беріліске ауыстырып қосу қажет. Қозғалтқыштың және беріліс қорабының қызып кету ықтималдығын азайту үшін қозғалыс

жылдамдығы тіркеменің массасына және беткейдің тіктігіне байланысты белгіленеді.

Беткейлерде тоқтамауға тырысыңыз, ал егер бұл мүмкін емес болса, тартқыш пен тіркеменің шиналарының астына тіреуіш қойыңыз және тұрақ тежегішін қосыңыз.

▲ Ескерту

Өрде тіркеме сүйреген кезде қозғалтқыштың қызып кетпегеніне көз жеткізу үшін қозғалтқыш радиаторындағы су температурасының көрсеткішіне ерекше назар аудару қажет.

Егер қозғалтқыш радиаторындағы судың температурасы тым жоғары болса, қауіпсіздік мақсатында дереу тоқтаңыз және суығанша қозғалтқышты бос жүріспен жұмыс істетіп қойыңыз.

Тарту-тіркеу механизмінің ағытпасы



5E864C26B778

Тарту-тіркеу механизмінің ағытпасы раманың артқы көлденең арқалығының ортасында орналасқан. Оны артқы бампердің ортасындағы қақпақты ашу арқылы көруге болады.

▲ Назар аударыңыз!

Бамперді зақымдап алмау үшін бампердегі қаптаманы шешіп алуға ұшына шүберек оралған жалпақ ұшты бұрауышты қолдануға кеңес беріледі.

Артқы жүріс радарының қалыпты жұмыс істеуіне кедергі жасамау үшін ұзындығы 25 см-ден кем сүйреу құрылғысын қолдануға кеңес беріледі.

i Пайдалы ақпарат

> Тарту-тіркеу құрылғысы бөлек сатып алынады. Орнатқан кезде өндірушінің тарту-тіркеу құрылғысын пайдалану бойынша нұсқаулығын сақтау қажет. Орнатуды сервис орталығында жасатуға кеңес беріледі.


> Тарту-тіркеу құрылғысын орнатқан кезде артқы жүріс радарының жалған іске қосылуын болдырмау үшін артқы жүріс радарының жүйесі автоматты түрде өздігінен үйрену үдерісін бастайды, ол ағымдағы қозғалыс жылдамдығы 15 км/сағ-қа жеткеннен кейін шамамен 8 секундқа созылады.

Нарықта ұсынылған тарту-тіркеу құрылғыларының ассортименті ауқымды болғандықтан, мұндай құрылғылардың барлық түрінің жоғарыда сипатталған өздігінен үйрену үдерісінің сәтті аяқталуы үшін орнатыла алатынына кепілдік беру мүмкін емес. Егер өздігінен үйренудің бірнеше сеансынан кейін артқы жүріс радарының жалған іске қосылуы әлі де сақталып қалса, бұл тарту-тіркеу құрылғысын қайта баптау мүмкін емес деген сөз және оны ауыстыруға кеңес беріледі.

> Сүйреу құрылғысын орнатқаннан кейін артқа жүру кезінде автокөліктің кездейсоқ тежелуін болдырмау үшін баяу жылдамдықта шұғыл тежеу функциясын, тұраққа қою көмекші жүйесін өшіріп қоюға кеңес беріледі.

Тіркемеге арналған қуат көзі ағытпасы

Ағытпаның орналасуы



Тіркемені қоректендіру ағытпасы (жалғағыш муфта) автокөліктің сол жағында артқы тіркемені тіркеу құрылғысының жанында орналасқан. Қолдану үшін ағытпаның қақпағын ашыңыз.

Бұл ағытпаға арналған стандарт: GB/T 20718-2006 немесе ISO 11446:2004.

Ағытпаның контактілі шықпалары

Контактілердің нөмірлері ағытпа қақпағының ішкі бетіне басылған, ал сәйкес контактілердің мәндері келесідей:

Контактілі шықпаның нөмірі	Арналған мақсаты
1	Сол жақ бұрылыс көрсеткішінің шамы
2	Артқы тұман фарасы
3	Жермен қосқыш
4	Оң жақ бұрылыс көрсеткішінің шамы
5	Габарит жарығының оң жақ шамы
6	Стоп-сигнал шамдары
7	Габарит жарығының сол жақ шамы
8	Артқы жүріс шамдары
9	Аккумулятор батареясы
10	Оталдыру жүйесінің ажыратқышы


Контактілі шықпаның нөмірі	Арналған мақсаты
11	Жермен қосқыш
12	—
13	Жермен қосқыш

Техникалық параметрлер

Автокөліктің тарту қабілеті оның параметрлеріне, жүктемеге жол жабынының күйіне және тіркеме түріне байланысты. Қауіпсіздік мақсатында төмендегі кестеде көрсетілген жылдамдықты және жүктемені шектен асырмаңыз.


Параметр	Деректер
Қозғалтқыш түрі	E20CB
Беріліс қорабының түрі	8АТ
Жетек түрі	4WD
Максималды жалпы масса (кг)	3302 (тежегіші жоқ тіркеме)
5052 (тежегіші бар тіркеме)	
Алдыңғы/артқы оське түсіруге рұқсат етілген максималды жүктеме, кг	1250/1461
Тіркеме массасы (тежегішсіз) (кг)	750
Тіркеме массасы (тежегішімен) (кг)	2500
Тарту-тіркеу құрылғысының артқы құламасы (ұсынылады) (мм)	1193
Тіркеу нүктесіне түсетін статикалық тік жүктеме (кг)	100
Тартқыш көліктің артқы шиналарындағы қысым (кПа)	Шиналардағы стандартты қысым +20
Сүйреу кезіндегі максималды жылдамдық (км/сағ)	100

Рұқсат етілген максималды масса




Рұқсат етілген максималды масса деп тартқыш көліктің (жолаушылары мен жүгін қоса алғанда), тарту-тіркеу құрылғысының және тіркеменің (тіркемені және жүкті қоса алғанда) рұқсат етілген максималды жалпы массасы түсініледі.

Алдыңғы және артқы осьтерге түсіруге рұқсат етілген максималды жүктеме



Алдыңғы және артқы осьтерге түсіруге рұқсат етілген максималды жүктеме деп тартқыш көліктің алдыңғы және артқы осьтеріне түсіруге рұқсат етілген максималды жүктеме түсініледі.


Тіркеме массасы



BFFCB1D4CF27

Тіркеме массасы деп тіркеме мен жүктің салмақтарының қосындысын қоса алғанда, тіркеменің рұқсат етілген жалпы салмағы түсініледі.


Тіркеу нүктесіндегі статикалық тік жүктеме



8592AA18FB55

Тіркеу нүктесіндегі статикалық тік жүктеме деп көлік құралы тыныштық күйінде тұрған кезде тіркеме мен тарту-тіркеу құрылғысының тіркесу орнының көтеруге қабілетті максималды тік жүктемесі түсініледі.

Тарту-тіркеу құрылғысының артқы құламасы



51EC772859F7

Тарту-тіркеу құрылғысының артқы құламасы деп тарту-тіркеу құрылғысының ілінісу нүктесінің ортасы мен тартқыш көліктің артқы осі сызығының арасындағы рұқсат етілген көлденең қашықтық түсініледі.

3

Аудиовизуалды жүйе

Сақтық шаралары	148
Тақта сипаттамасы	149
Дисплей	151
Интерфейс.....	153

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Қауіпсіздік

- > Жүйені пайдаланған кезде ол Сіздің назарыңызды басқа нәрселерге аудармайтынына және қауіпсіз жүргізуіңізге кедергі келтірмейтініне көз жеткізу керек. Автокөлікті басқару кезіндегі басты нәрсе — қауіпсіздік. Жол қозғалысының барлық ережелерін бұлжытпай орындаңыз.
- > Автокөлікті жүргізу кезінде жүргізушіге аудиовизуалды жүйені басқаруға тыйым салынады. Дыбыс деңгейін дыбыс алаңдатпайтынды және қозғалыс қауіпсіздігіне әсер етпейтіндей етіп баптау керек.
- > Жүйені тек заңда рұқсат етілген аймақтарда пайдалануға болады. Кейбір елдер мен өңірлердің нормативтік актілерінде жүргізушінің көз алдында тұрған дисплейді пайдалануға тыйым салынған.
- > Жүйені бөлшектеуге немесе қайта орнатуға тыйым салынады.
- > Жүйеде ақаулар пайда болған жағдайда оны пайдалануды дереу тоқтатып, сервис орталығына хабарласыңыз. Оны өз бетіңізше жөндеуге үзілді-кесілді тыйым салынады.

Пайдалану

- > Автокөлік қозғала бастаған кезде кейбір функциялар қауіпсіздік мақсатында қолжетімді болмайды.
- > Тақтадағы түймелер мен реттеу дөңгелектерін күшпен баспаңыз.

- > Дисплейді баспаңыз және оны өткір заттармен сызбаңыз.
- > Дисплейді тазарту үшін абразивті тазартқыш заттарды және органикалық еріткіштері бар жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.
- > Кескін дірілдеп тұрса, дисплейді тықылдатпаңыз.

Радио

Автокөлік жүріп келе жатқанда әртүрлі жол, ауа райы шарттары және басқа жағдайлар кедергі келтіруі немесе радиосигналдар қабаттасуы мүмкін, сонымен қатар радиостанцияның бапталуына кедергі келтіруі мүмкін.

USB-жинақтағыштар

USB-жинақтағыштардың (флэшкарлдың) көптеген түрлері бар болғандықтан, жүйе олардың барлығымен үйлесімді болатынына кепілдік беру мүмкін емес.


Bluetooth

- > Әртүрлі функциялары бар мобильді телефондардың көптеген маркалары бар болғандықтан, жүйе олардың барлығымен үйлесімді болатынына кепілдік беру мүмкін емес.
- > Bluetooth құрылғыларын іздеу кезінде мобильді телефон аудиовизуалды жүйені таппаса, телефондағы Bluetooth қызметін қайта іске қосып, құрылғыны қайтадан іздеңіз.
- > Bluetooth қосылысын орнату мүмкін болмаса, телефонмен байланысқан Bluetooth құрылғылары тізіміндегі барлық құрылғыны алып тастап, әрекетті қайталаңыз.
- > Bluetooth қызметін пайдалану кезінде ақаулар пайда болса, оны өшіріп, қайта қосыңыз.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Арнайы конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдарды зерттеңіз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Рульдегі түймелер



6F5BC8E3892B

- (A) Алдыңғы радио/трек түймесі
- (B) Дыбыс деңгейі +
- (C) Келесі радио/трек түймесі
- (D) Дыбыс деңгейі -
- (E) «Мультимедианы ауыстырып қосу» түймесі
- (F) Дыбысты өшіру түймесі
- (G) Дауыс пәрменін енгізу түймесі
- (H) Bluetooth арқылы қоңырау шалу түймелері
- (I) Аспаптар тақтасының мәзір түймелері
- (J) Пайдаланушы түймесі

«Мультимедианы ауыстырып қосу» түймесі

Мультимедиа көзін ауыстырып қосу үшін [MODE] түймесін басыңыз.

Күту режиміне кіру және одан шығу үшін [MODE] түймесін басып тұрыңыз.

Дауыс пәрменін енгізу түймесі

AppleCarPlay қолданбасын қосқаннан кейін дауыс пәрменін енгізу түймесін басыңыз.

Bluetooth арқылы қоңырау шалу түймесі

Bluetooth арқылы қоңырау шалу интерфейсіне ауыстырып қосу үшін Bluetooth арқылы қоңырау шалу түймесін басыңыз.

Кіріс қоңырауы түскенде жауап беру үшін түймесін басыңыз; немесе қоңырауды қабылдамау үшін түймесін басып тұрыңыз.

Сөйлескен кезде қоңырауды аяқтау үшін түймесін басыңыз; немесе бәсең және қатты дыбысты байланыс режимдері арасында ауыстырып қосу үшін түймесін басып тұрыңыз.

Пайдаланушы түймесі

Берілген функцияны орындау үшін пайдаланушы түймесін басыңыз. Түйме функциясын баптау терезесіне кіру үшін осы түймені басып тұрыңыз.

[Жүйе баптаулары] → [Рульдегі түймелер] терезесінде бұл түйменің функциясын баптауға болады.

Жүйені қайта жүктеу

Жүйені қайта жүктеу үшін дыбысты өшіру түймесі мен аспаптар тақтасының мәзір түймесін бір мезгілде 10 секунд басып тұрыңыз.





Пайдалы ақпарат

- > Аудиовизуалды жүйе мен аспаптар тақтасының жүйесі бір мезгілде қайта жүктеледі.
- > Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатқаннан кейін жүйені қайта іске қосыңыз.

Басқару тақтасы



23D2B6469EAB

- > Күту режиміне өту үшін қуат беру түймесін  түртіңіз. Күту режимінен шығу үшін түймені тағы бір рет түртіңіз.
- > Дыбыс деңгейін реттеу үшін дыбыс деңгейін арттыру + немесе азайту түймесін - түртіңіз.
- > Дыбыссыз режимді қосу үшін дыбысты өшіру түймесін  түртіңіз. Дыбыссыз режимді өшіру үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

Сыртқы құрылғыларды қосу

USB-порт

Схемада көрсетілгендей, USB-порт аспаптар тақтасының ортасында орналасқан. Аудионы, бейнені және кескіндерді осы жүйе қолдайтын файлдар сақталатын USB құрылғысын қосқан кезде ойнатуға болады.



A11B8AE1776D

i Пайдалы ақпарат

- > Құрылғының USB-портқа сенімді қосылғанына көз жеткізіңіз.
- > Ойнату кезінде құрылғыны суырып алуға тыйым салынады. Бұл жүйенің құрылғыны танымауына, сондай-ақ басқа да қателерге әкелуі мүмкін.

Тасығыштардың техникалық деректері

Жүйе құрылғылардың келесі түрлерін қолдайды:

Тасығыш	Параметрлер
USB құрылғылары	Бөлім форматы — FAT16, FAT32, NTFS, ExFAT форматындағы флеш-жинақтағыш
Bluetooth арқылы аудио	Bluetooth 4.2 (Bluetooth 4.2, 2.1 және 3.0 нұсқаларымен үйлесімділік, Bluetooth Low Energy спецификациясын қолдай); A2DP1.3, AVRCP1.6, HFP 1.6, MAP1.1, PBAP 1.2 хаттамалары бар Android құрылғылары.

Файлдардың пішімі

Жүйе файлдардың келесі форматтарын қолдайды:

Файлдар	Пішім
Аудио	MP3, WMA, AAC, AACPlus, WAV/WAVE, FLAC, APE, OGG
Бейне	MP4, MOV, 3GP, WMV/VC-1, AVI, MPEG, MKV, WebM
Кескіндер	BMP, JPEG/JPG, PNG, GIF, TIFF

i Пайдалы ақпарат

Файлдардың қасиеттері (сапа, битрейт, кадрлар жиілігі, ажыратымдылық, қысу сапасы, зақымдардың болуы), ойнату шарттары, сақтау құрылғылары және өзге факторлар үшін жүйе файлдардың форматын қолдағанына қарамастан, олар ойнатылмауы мүмкін.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Арнайы конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдарды зерттеңіз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Дисплейді басқару








Орталық дисплейде тұрту, сырғыту және тасу арқылы нысанды таңдау, тізімді айналдыру немесе қолданбаны жылжыту сияқты әрекеттерді орындауға болады.

Қол қозғалысы	Әрекет	Нәтиже
	Тұрту	Қандай да бір функцияны таңдау немесе ашу
	Екі рет тұрту	Кескінді үлкейту
	Түймені басып тұру	Егжей-тегжейлі баптаулар терезесіне ауыстырып қосу
	Тұрту және тасу	Беттерді айналдыру немесе ауыстырып қосу
	Ұстап тұрту және тасу	Қолданбаны жылжыту

Қол қозғалысы	Әрекет	Нәтиже
	Тұрту және екі саусақпен бұру	Масштабты үлкейту
	Тұрту және екі саусақпен жылжыту	Масштабты кішірейту

Дисплей күйінің индикаторлары

Орталық дисплейдің үстіңгі бөлігінде түрлі функциялардың күйін білдіретін күй жолдарының белгішелері көрсетіледі. Күй жолындағы белгішелер функцияның сипаттамаларына, сигнал қарқынына, қосылым күйіне, ауыстырып-қосқыштардың жай-күйлеріне және т.б. қарай өзгереді.

Белгіше	Функция мәртебесі
	Уақытты көрсету
	«Дыбыссыз» режимі қосулы
	Дыбыс режимі қосулы
	Bluetooth қосылымы жоқ
	Bluetooth белсендірілген (цифрлар қосылған Bluetooth құрылғыларын білдіреді)
	Bluetooth 1 құрылғысының заряды
	Bluetooth 2 құрылғысының заряды

Белгіше	Функция мәртебесі
	Жіберілген қоңыраулар бар
	Оқылмаған хабарламалар бар
	Рульдi электрмен жылыту қосулы
	Кондиционердің үрлеу қарқыны
	Үрлеу режимі
	Бапталған температура
	Кондиционер компрессоры қосулы
	Кондиционер компрессоры өшірулі

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Арнайы конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдарды зерттеңіз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Бас бет



- (A) Жүру режимдері
- (B) Шиналардағы қысым және температура
- (C) Дифференциалды құлыптау күйі

Қолданба таңбасының терезесі бас бетте көрсетіледі. Терезеде функциялық түймелер, қолданбаның күйі, ақпараты және тікелей жұмыс істеуге немесе көруге болатын өзге мазмұны көрсетіледі. Беттерді аудару үшін саусағыңызды экран бойынша солға немесе оңға сырғытыңыз.






Терезе өлшемін баптау, қолданбалардың терезелерін жылжыту, жою немесе қосу сияқты операцияларды орындау үшін қолданбаның кез келген терезесін ұстап түртіңіз де, бас бетті редакциялау интерфейсіне ауыстырып қосыңыз.

Мәзір

Терезелердің көбісінде сол жақтағы мәзір түймесін  түрту арқылы мәзір экранына өтуге болады.



Жұмысты жеңілдету үшін терезелердің көбісінде көрсетілетін бекітілген түймелер сол жақта көрсетіледі.

- > Алдыңғы терезеге оралу үшін  түймесін түртіңіз.
- > Автокөлік экранына өту үшін автокөлік баптауларының түймесін  түртіңіз.
- > Мультимедиа экранына ауыстырып қосу үшін MEDIA түймесін  түртіңіз.
- > Мәзір экранына өту үшін мәзір түймесін  түртіңіз.
- > Бас бетке өту үшін «Бас бет» түймесін  түртіңіз.

AppleCarPlay

Мобильді телефоннан деректерді жіберу үшін Apple операциялық жүйесі орнатылған мобильді телефонды USB-кабель арқылы автокөліктің USB-портына қосыңыз (аспаптар тақтасының ортасында орналасқан). AppleCarPlay экранына өту үшін [AppleCarPlay] түймесін түртіңіз.

AppleCarPlay қолданбасынан шығу үшін USB-кабельді ажыратыңыз.

Пайдалы ақпарат

- > Телефондарда орнатылған операциялық жүйелердің және олардың нұсқаларының үйлесімділік сипаттамалары әртүрлі болғандықтан, Apple операциялық жүйесі орнатылған кейбір телефондар AppleCarPlay функциясын қолдамауы мүмкін.
- > AppleCarPlay жүйесі орнатылған телефонды қосқан кезде телефондағы Bluetooth арқылы сөйлесу функциясы қолжетімді болмайды. AppleCarPlay жүйесіндегі телефон функцияларын пайдаланыңыз.

Радио

Радио терезесіне ауыстырып қосу және радиобағдарламаларды тыңдау үшін [Радио] түймесін басыңыз.

Пайдалы ақпарат

Модельдердің конфигурациялары және елдер мен өңірлердің жергілікті талаптары әртүрлі болғандықтан, радио функциялары өзгеше болуы мүмкін. Автокөліктің нақты конфигурациясына қараңыз.

Мультимедиа

Жүйе қолдайтын файлдар сақталатын USB құрылғысын автокөліктің USB-портына (аспаптар тақтасының ортасында орналасқан) сала отырып, USB-жинақтағыштан бейне мен кескіндерді ойнатуға болады.

Жүйедегі Bluetooth басқа Bluetooth құрылғыларына қосылғаннан кейін Bluetooth арқылы музыка ойнатуға болады.

USB-жинақтағыштағы музыканы, бейнені және Bluetooth арқылы музыканы ойнату үшін [Мультимедиа] түймесін түртіңіз.

USB-жинақтағыштағы кескінді көру үшін [Кескін] түймесін түртіңіз.

Bluetooth арқылы қоңырау шалу

Bluetooth телефоны терезесіне ауыстырып қосу үшін [Bluetooth телефоны] түймесін түртіңіз. Егер басқа Bluetooth құрылғылары қосылмаған болса, алдымен оларды қосыңыз. Қосқаннан кейін телефон арқылы шығыс және кіріс қоңыраулары сияқты функциялар қолжетімді болады.

Жүйе баптаулары

Жүйе баптаулары терезесіне ауыстырып қосу үшін [Жүйе баптаулары] түймесін түртіңіз, онда аудиовизуалды жүйенің дыбысын, кескінін, уақытын, тілін баптауға болады.

Автокөлік баптаулары

Автокөлік баптаулары терезесіне ауыстырып қосу үшін [Автокөлік баптаулары] түймесін түртіңіз, онда түрлі функциялық элементтер мен қосылымды баптауға болады.

Тез реттеу тақтасы

Көптеген терезеде экранды жоғарыдан төменге қарай сырғыту арқылы тез реттеу тақтасын ашуға болады. Негізгі көрсету жүйесі тез реттеу ауыстырып-қосқыштарын баптауға арналған, бұл пайдаланушы баптауларын орнатуға, тез реттеу ауыстырып-қосқыштарын қосуға немесе жоюға мүмкіндік береді.



A54E907B1740

Тез реттеу ауыстырып қосқышы


Сол жақтағы үстіңгі бұрышта тез реттеу ауыстырып-қосқышы көрсетілген, тиісті функцияны орындау, қосу немесе өшіру үшін оны түртіңіз. Тиісті баптау терезесіне өту үшін ауыстырып-қосқышты түртіп, ұстап тұрыңыз.

Жарқындық пен дыбыс деңгейін реттеу

Жарқындық пен дыбыс деңгейін реттеу индикаторы сол жақ төменгі бұрышта көрсетіледі.

- > ☼ Жарқындық индикаторы: экран жарқындығын баптау орындалады.
- > 🔊 Дыбыс деңгейі индикаторы: дыбыс деңгейін баптау орындалады.

Функциялар

Функциялар оң жақта көрсетіледі. Тиісті функция интерфейстегі «Функция» түймесін түрту арқылы орындала алады. Мысалы, тиісті функцияны қосуға немесе өшіруге, тиісті функцияның терезесіне өтуге немесе тиісті функцияның баптаулар терезесін ашуға болады. Функцияны қосу немесе жою үшін «Редакциялау»  түймесін түртіңіз. Кейбір функциялар жойыла алмайды.

Bluetooth арқылы қоңырау шалу

Баптау терезесіне ауыстырып қосу үшін мәзір терезесінде [Bluetooth арқылы қоңырау шалу] түймесін түртіңіз



D220170598A1

- > [Bluetooth]: Bluetooth портын қосуға немесе өшіруге мүмкіндік береді.
- > [Менің құрылғым]: қосылған құрылғыларды және қосылым күйін көрсетеді. Қоңырау шалу функциясы бір мезгілде екі мобильді телефонға қосыла алады. Музыка және SMS функцияларына тек бір мобильді телефон қосыла алады.

i Пайдалы ақпарат

Байланысқан Bluetooth құрылғысын «Менің құрылғыларым» бөлімінде жоя аласыз, бұл ретте құрылғы сақтаған байланыстар, қоңыраулар мен SMS журналдары да жойылады.

- > [Басқа құрылғылар]: Bluetooth құрылғылары көрінуі үшін [Құрылғыларды іздеу] түймесін басыңыз, құрылғыны қосу өтініміне бастамашылық ету үшін кез келген Bluetooth құрылғысын басыңыз.

i Пайдалы ақпарат

> Байланыстар, қоңырауларды жазу және мәтіндік хабарламалар функцияларын пайдалану үшін байланысқан мобильді құрылғыда авторизациядан өту қажет. Әдетте байланысқан кезде телефонда қалқымалы авторизация терезесі пайда болады.

> Жүйе рұқсаттарының шектеулеріне байланысты кейбір құрылғылар SMS функциясын қолдамайды.


- > [Bluetooth аты]: жүйенің Bluetooth атын көрсетеді. Пайдаланушы атына өзгертуге болады.
- > [Анықталатын Bluetooth ауыстырып-қосқышы]: қосылғаннан кейін басқа құрылғыларға жүйенің Bluetooth анықтауға және қосылымды орындауға рұқсат береді. Кері санау аяқталғаннан кейін бұл функция автоматты түрде өшеді.
- > [Қоңыраудың дыбыс деңгейі]: Bluetooth телефон қоңырауының дыбыс деңгейін реттеуге мүмкіндік береді. Мобильді телефонмен байланыстырғаннан кейін қоңырау шалу және қабылдау, Bluetooth арқылы дыбыс ойнату және SMS пайдалану сияқты функциялар іске асырыла алады.

Жүйе баптаулары

Жүйе баптаулары интерфейсіне өту үшін мәзір интерфейсінде [Жүйе баптаулары] түймесін түртіңіз.

Дыбыс баптаулары

Дыбыс баптауларын ашу үшін жүйе баптаулары мәзірінде [Дыбыс баптаулары] түймесін түртіңіз.




82FEA58D13D2

- > [Дыбыстық әсерлерді баптау]: дыбыстық әсерлерді, эквалайзерді, тыңдау позициясын және өзге баптауларды баптауға мүмкіндік береді.
- > [Түймелер дыбысы]: функция қосылғаннан кейін түймені түрту немесе түймені басу дыбыстық әсер береді.
- > [Дыбыс деңгейін автоматты түрде реттеу]: дыбысты автокөліктің жылдамдығына қарай автоматты түрде реттейді. Бапталатын деңгейлер: жоғары, орташа, төмен және өшірулі.
- > [Кіріс қоңырауының әуені]: Bluetooth телефоны арқылы қоңырау түскенде ойнайтын әуенді орнатуға мүмкіндік береді.
- > [SMS туралы еске салу әуені]: функция қосылғаннан кейін мәтіндік хабарлама келіп түскенде әуен ойнатылады.
- > [Дыбыс деңгейін реттеу]: мультимедиа дыбысының деңгейін, Bluetooth арқылы қоңырау шалу дыбысының деңгейін, хабарламалар дыбысының деңгейін реттейді.
- > [Қосу кезіндегі максималды дыбыс деңгейі]: әдепкі бойынша қосу кезіндегі дыбыс деңгейін орнатуға мүмкіндік береді.
- > [Радио дыбысын әдепкі бойынша өшіру]: функция қосылғаннан кейін радио дыбысы қосқан сайын өшіріледі.

Дисплей баптаулары

Дисплей баптаулары терезесіне ауыстырып қосу үшін жүйе баптаулары терезесінде [Кескін баптаулары] түймесін түртіңіз.



- > [Экран баптаулары]: экранды көрсету режимін (күндізгі, түнгі немесе автоматты), экран жарқындығын (аспаптар тақтасының, аудио мен бейне экранының жарқындығы) баптауға мүмкіндік береді.
- > [Көлік жүргізу кезінде бейнені шектеу]: Кеңейтуден кейін өшіруді немесе жылдамдық шектеуін баптауды таңдауға болады. Қозғалыс кезінде, автокөлік белгіленген жылдамдықтан асып кеткенде, бейне көрген кезде ескерту пайда болады.

i Пайдалы ақпарат

Кейбір ұлттық немесе жергілікті қағидалар көлік жүргізу кезінде бейне көруге тыйым салады. Бұл баптаусыз көлік жүргізу кезінде бейне көруге әдепкі бойынша тыйым салынған.


- > [Күй жолын көрсету баптаулары]: үстіңгі күй жолында көрсетілетін мазмұнды баптауға мүмкіндік береді.
- > [Күту режиміндегі сағатты баптау]: күту режимінде интерфейсте көрсетілетін циферблаты бар сағатты немесе цифрлық сағатты баптауға мүмкіндік береді.

Құрылғылар тізімі

Құрылғылар тізімі терезесіне ауыстырып қосу үшін жүйе баптаулары терезесінде [Құрылғылар тізімі] түймесін түртіңіз. Bluetooth құрылғылары тізімін көруге мүмкіндік береді.

Уақыт пен күнді баптау

Уақыт пен күнді баптау терезесіне ауыстырып қосу үшін жүйе баптаулары терезесінде [Уақыт пен күн] түймесін түртіңіз.



2B1935889B89

- > [Уақытты қолмен баптау]: жүйе көрсететін уақытты қолмен баптауға мүмкіндік береді.
- > [Күнді қолмен баптау]: жүйе көрсететін күнді қолмен баптауға мүмкіндік береді.
- > [Уақыт форматын баптау]: уақыт 12 сағаттық немесе 24 сағаттық форматтарда орнатыла алады.
- > [Күн форматын баптау]: күнді көрсету форматын орнатуға мүмкіндік береді.
- > [Сағаттық белдеуді қолмен орнату]: сағаттық белдеуді таңдауға мүмкіндік береді.

Тілді баптау

Тілді баптау терезесіне ауыстырып қосу үшін жүйе баптаулары терезесінде [Тілді баптау] түймесін түртіңіз де, терезеде көрсетілетін тілді таңдаңыз.

Рульдегі түймелер

Рульдегі түймелер терезесіне ауыстырып қосу үшін жүйе баптаулары терезесінде * [Рульдегі түймелер] түймесін түртіңіз. Рульдегі түймелердің пайдаланушы функцияларын баптауға мүмкіндік береді.

Жад көлемі

Жад терезесіне өту үшін жүйе баптаулары экранында [Жад көлемі] түймесін басыңыз. Пайдаланылған жад көлемінің пайызын көруге және қоқыстан тазалауға мүмкіндік береді.

Зауыттық баптаулар

Зауыттық баптаулар экранына өту үшін жүйе баптаулары терезесінде [Зауыттық баптаулар] түймесін түртіңіз. Зауыттық баптауларды қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Жүйе туралы ақпарат

Жүйе туралы ақпарат терезесіне өту үшін жүйе баптаулары терезесінде [Жүйе туралы ақпарат] түймесін басыңыз.

Құрылғы атын көруге және өзгертуге, бағдарламалық құрал нұсқасының нөмірін көруге және жүйені USB арқылы жаңартуға мүмкіндік береді.

i Пайдалы ақпарат

Жүйені жаңарту үшін сервис орталығына хабарласыңыз, сондай-ақ келесіге назар аударыңыз:

- > Жаңарту процесі кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін автокөлікті қауіпсіз жерге орналастырыңыз.
- > Жаңартудың бірқалыпты жүруін қамтамасыз ету үшін оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде екеніне көз жеткізіңіз. Берілістерді ауыстыру иінтірегін P күйіне қойыңыз да, тұрақ тежегішін қосыңыз, қуаты көп электржабдықты (кондиционер, жарықтандыру, динамиктер) өшіріңіз.
- > Жаңарту процесінде автокөліктің барлық функциясы өшіріледі: қозғалтқышты, климат-контроль жүйесін, мультимедиалық жүйені, актив және пассив қауіпсіздік функцияларын іске қосу, есіктерді ашу/жабу мүмкін емес, аспаптар тақтасындағы барлық ақау индикаторы жанып тұрады. Жаңарту аяқталғаннан кейін барлық функциялық мүмкіндік қолжетімді болады.
- > Орнату кезінде автокөлік күйін өзгертпеңіз (оталдырмаңыз, жүйені өшірмеңіз).
- > Жаңарту процесінде экран қара болып, қайта жүктеледі. Бұл қалыпты жағдай, жай ғана бірнеше минут күте тұрыңыз. Жүйе қайта жүктеліп, орнату нәтижелері туралы хабарлама пайда болады.
- > Жаңарту сәтті аяқталғанына көз жеткізіңіз. Жаңарту процесінде қандай да бір ақау орын алса, сервис орталығына дереу хабарласыңыз.
- > Жаңартудан кейін жүйе элементтері, функциялар, терезелер және жүйені басқару тәсілдері осы нұсқаулықта берілген сипаттамадан өзгеше болуы мүмкін. Жүйе жаңарту процесінде көрсететін хабарламалардан жаңарту мазмұны туралы біле аласыз.

4

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік белбеулері	162
Қауіпсіздік жастықтары	165
Бала бекіту жүйесі	170
Автокөлікті айдап әкетуге қарсы жүйе	174
Соқтығысу кезінде отынның берілуін тоқтату жүйесі	175

Қауіпсіздік белбеулері

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Сақтық шаралары

- > Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағы мойнынның үстімен немесе қолтықтың астымен өтпеуі керек.
- > Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы дененің төменгі бөлігіне барынша нық жатуы тиіс.
- > Бір белбеуді тек бір адамға қолдануға болады. Бір белбеуді бірнеше адамға (соның ішінде балаларға) бірге тағуға тыйым салынады.
Егер бір белбеу екі немесе одан көп адамға тағылған болса, автокөлік соқтығысқан жағдайда белбеу соққы күшін бөле алмауымен қатар адамдардың бір-біріне соқтығысу қаупін де тудырады.
- > Қауіпсіздік белбеулерін шиыршықтауға немесе бастау етіп тағуға болмайды.
- > Қауіпсіздік белбеуіне үшкір қырлары мен бұрыштары бар заттарды айналдыра бекітуге болмайды, бұлай тағылған жағдайда апат кезінде белбеу үзіліп кетуі мүмкін.
- > ЖКО кезінде қатты соққының әсеріне ұшыраған, сондай-ақ зақымдалған белбеуді пайдалануға тыйым салынады.
- > Қауіпсіздік белбеулерін шешіп алуға, бөлшектеуге және қайта жабдықтауға тыйым салынады.
- > Құлпының ішінде бөгде заттар болған жағдайда қауіпсіздік белбеуін пайдалануға тыйым салынады.

> Қауіпсіздік белбеулері пайдалану кезінде жеңіл тартылуы және жиналуы үшін оларды таза күйде ұстауға және майлы немесе сулы негіздегі заттектерге, соның ішінде батпаққа, майға, суға, сусындарға, тампаққа және т.б. тиюден сақтағаныңыз жөн.

> Белбеулерді бензолдың, бензиннің және өзге де органикалық заттектердің көмегімен тазалауға, сондай-ақ оларды түссіздендіруге немесе бояуға тыйым салынады.

> Балаларға қауіпсіздік белбеулерімен ойнауға тыйым салынады.

Егер бала белбеумен ойнау кезінде абайсызда оны мойнына орап алатын болса, ауыр жарақат келуі және тіпті кісі өлімі орын алуы мүмкін. Егер бала белбеуді мойнына орап алған және оны бекітетін құлпынан шығару мүмкін болмаса, белбеуді қайшымен қию керек.

> Автокөліктің қауіпсіздік белбеулері ересектерге есептеліп жобаланған. Балалар үшін сәйкес келетін бала бекіту жүйелерін пайдаланған жөн.

Егер дұрыс тағылған алып тастау қауіпсіздік белбеуі баланың мойнына немесе иегіне жанасатын және денесінің төменгі бөлігін ұстамайтын болса, сәйкес келетін бала орындығын пайдаланған жөн.

Егер бала қауіпсіздік белбеуін тағып отыра алатындай ересек болса, белбеудің дұрыс тағылғанын қадағалау қажет.

> Жүкті әйелдерге арналған ерекше нұсқаулар.

Қауіпсіздік белбеуін пайдалануға кеңес береміз. Нақтырақ ұсыным алу үшін дәрігермен кеңесіңіз. Жүкті әйелдер қауіпсіздік белбеуін әдеттегідей тағады, алайда олар келесі жағдайларға назар аударуы қажет:

1. Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы іштің астынан барынша төмен өтіп тұруы тиіс.

2. Белбеудің иық тармағы иықтың үстімен өтуі және іштің емес, кеуденің үстінде орналасуы тиіс.

> Егер белбеу дұрыс тағылмаса, шұғыл

тежеу немесе соқтығысу жағдайында ол ішті қысып қалуы, ананың да, ұрықтың да ауыр жарақат алуына және тіпті өлім-жітімге алып келуі мүмкін.

- > Өртүрлі аурулары және мүгедектігі бар жолаушыларға да қауіпсіздік белбеуін пайдалануға кеңес береміз. Нақтырақ ұсыным алу үшін дәрігермен кеңесіңіз.
- > Қолданылмай тұрған кезде қауіпсіздік белбеулері толықтай ішке жиналып тұруы тиіс, олардың шиыршықталуына, қысылып қалуына және кез келген өткір заттарға тиюіне жол бермеу керек. Қауіпсіздік белбеуі құлпының корпусын бөгде заттар жауып тұрмауы керек, әйтпесе бұл құлып тілшігінің оның корпусына дұрыс бекітілуіне әсер етуі мүмкін.

Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағу

- > Орындық арқалығын реттеңіз, кеудеңізді тіктеңіз, орындық арқалығына сүйеніңіз.
- > Белбеу таспасы тегіс жатуы тиіс.
- > Белбеудің иық тармағы иықтың ортасына жанасып тұруы тиіс. Ол мойынның үстімен өтіп тұрмауы немесе иықтан сырғып түспеуі керек.
- > Белбеудің бел тармағы мүмкіндігінше дененің төменгі бөлігіне жанасып тұруы тиіс.

Ескерту

- > Автокөліктегі барлық адам қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағып отыруы тиіс. Жолаушы орындыққа дұрыс бекітілмеген жағдайда шұғыл тежеу немесе соқтығысу ауыр жарақаттар келтіруі және тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- > Бүкіл сапар уақытының барысында, тіпті ол қысқа болса да, автокөлікте отырғандардың бәрі қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы тиіс. Әйтпесе апат орын алғанда бұл жарақат алу қаупін арттырады немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Алдыңғы орындықтардың алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеулері

Соқтығысқан жағдайда алдын ала тартқыштар қауіпсіздік белбеулерін тартып қалып, автокөліктегі адамдардың ең дұрыс қорғалуын қамтамсыз етеді.

Қауіпсіздік белбеулерінің тартылуын шектегіш көкірек қуысына түсетін қысымды азайта отырып, белгіленген мәндер шегінде белбеуге түсетін жүктемені ұстап тұрады.

Іске қосылу шарттары

Алдын ала тартқыш автокөлікке күшті бетпе-бет соққы тиген жағдайда іске қосылады. Төмендегідей мардымсыз соққылар кезінде ол іске қосылмауы мүмкін.

- > Бетон қабырғаға 25 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен бетпе-бет соғылу және осыған ұқсас соқтығысулар.
- > ЭТЖ бағанына, ағашқа немесе өзге ауданы шағын нысанға 35 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен бетпе-бет соғылу.

Төмендегідей күшті соққылар кезінде алдын ала тартқыш өз функцияларын толық орындамауы мүмкін.

- > Автокөліктің 90° немесе 180°-қа аударылуы.
- > Бүйірден немесе арттан тиген соққы.

Ескерту

- > Алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуін қолданған кезде оны дұрыс тағыңыз, сондай-ақ орындықты автокөлікті басқаруға барынша ыңғайлы күйге келтіріңіз. Әйтпесе құрылғы өз функцияларын жеткілікті дәрежеде тиімді орындай алмайды, бұл ауыр жарақаттар келтіруі және тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- > Егер алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуін орнатқыңыз, шешіп алғыңыз немесе бөлшектегіңіз келсе, міндетті түрде сервис орталығына хабарласыңыз. Егер алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуі дұрыс қолданылмаса, ол дұрыс іске қосылмайды, нәтижесінде бұл ауыр жарақаттар келтіруі және тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

> Алдын ала тартқышты қайта қолдануға болмайды.

Соқтығысу кезінде бір рет іске қосылғаннан кейін ол өз функциясын қайтадан атқара алмайды. Оны ауыстыру үшін міндетті түрде сервис орталығына хабарласыңыз.

> Алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуінің іске қосылуымен бірге жарылыс дыбысы естіледі және ақ түсті түгін пайда болады. Бұдан өрт шықпайды және бұл жолаушылар үшін қауіпсіз.

> Егер алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуі жарамсыз болып қалса, міндетті түрде сервис орталығына хабарласыңыз. Алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуінің өздігінен іске қосылуынан жарақат келуі мүмкін.

реттеңіз. Соқтығысқан жағдайда соққы күші жамбас сүйектеріне тиеді, бұл жарақат алу ықтималдығын азайтады.

4. Иық тармағын көкірекке тиіп тұратындай және иықтың ортаңғы бөлігінен өтетіндей етіп реттеңіз. Бұл соққы күшін дененің жоғарғы бөлігінің мықты сүйектеріне бөлуге мүмкіндік береді.

5. Қауіпсіздік белбеуін шешу үшін құлып түймесін басыңыз. Құлыптан ағытқаннан кейін белбеу тартылып оралғанша, оның тілшігін ұстап тұрыңыз. Жолаушыларға немесе жақын тұрған заттарға тиіп кетпеуін қадағалаңыз.

Үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерін пайдалану

1. Қауіпсіздік белбеуін тілшігінен ұстап, шарғысынан тартып шығарыңыз. Белбеудің шиыршықталмағанына көз жеткізіңіз. Егер қауіпсіздік белбеуі шарғыдан тартып шығарылмаса, оны күшпен тартып, жібере салу қажет, осы кезде ол қайтадан оралады. Осылайша, қауіпсіздік белбеуін тартып орау құрылғысынан кедергісіз тартып шығаруға болады.

2. Металл тілшікті сырт еткен дыбыс естілгенше құлыпқа сұғыңыз.



53A6BA9F6480

3. Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағын жоғары қарай тартып, бел тармағын денені сенімді ұстап тұратындай етіп


Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Сақтық шаралары

- > Қауіпсіздік жастығы қайта қолданыла алмайды.
 - > Соқтығысу кезінде бір рет іске қосылғаннан кейін ол екінші соқтығысу кезінде қосылмайды. Оны ауыстыру үшін міндетті түрде сервис орталығына хабарласыңыз.
 - > Қауіпсіздік жастығы — бұл қауіпсіздік белбеуімен бірге жұмыс істейтін, жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған көмекші құрылғы. Қауіпсіздік жастықтары тиімді жұмыс істеуі үшін жүргізуші мен жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағуы және орындықтарда дұрыс отыру қалпын сақтауы тиіс.
 - > Дұрыс қолданған жағдайда қауіпсіздік жастықтары тиімді жұмыс істейді, алайда оларды дұрыс қолданбау салдарынан жастықтар өз қызметін дұрыс атқармайтынымен қатар, жарақат келтіруі де мүмкін.
 - > Қауіпсіздік жастықтары іске қосылғанда жарылыс дыбысы естіледі және ақ түсті түтін пайда болады. Бұл өрт тудырмайды. Бөлінген түтінмен тыныстаған кезде демікпесі және кеңірдегінің аурулары бар жүргізушіде және жолаушыларда тыныс алуына байланысты қиындықтар туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда олар автокөліктен дереу шығуы қажет. Егер бұл мүмкін болмаса, автокөліктің терезесін немесе есігін ашып, таза ауа кіргізу қажет.
 - > Егер қауіпсіздік жастығы іске қосылғаннан кейін қалған заттектер (газ және т.б.) көзге немесе теріге тиген болса, мүмкіндігінше тездетіп сумен жуу қажет. Әйтпесе аллергиялық реакция пайда болуы мүмкін.
 - > Іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік жастығының элементтерінен ұстауға тыйым салынады. Кейбір элементтер қатты қызатындықтан, бұдан күйік шалуы және өзге ауыр жарақаттар келтірілуі мүмкін.
 - > Қауіпсіздік жастықтарын белгіленген мақсатынан тыс қолдануға болмайды.
 - > Егер Сізге автокөлікке радиоаппаратура орнату қажет болса, сервис орталығына хабарласыңыз. Радиоаппаратурадан таралатын электрмагнитті толқындар қауіпсіздік жастықтарының басқару блогына елеулі әсер етеді.
 - > Қауіпсіздік жастықтарын және олардың айналасындағы аймақты соққылауға немесе қатты басуға тыйым салынады.
- Бұл қауіпсіздік жастықтарының жол апаты кезінде дұрыс іске қосылмауының және апат жоқ кезде өздігінен іске қосылып кетуінің алдын алады. Мұндай жағдайлар ауыр жарақаттарға және тіпті өлім-жітімге алып келуі мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтары



533FC588C72D

- (A) Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары келесі түрлерге бөлінеді:
Жүргізуші жағындағы қауіпсіздік жастығы
Алдыңғы қатардағы жолаушы жағының қауіпсіздік жастығы
- (B) Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары
- (C) Қауіпсіздік қалқалары

Алдыңғы қауіпсіздік жастығы

Жалпы мәліметтер

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары рульде және алдыңғы жолаушы орындығының алдындағы аспаптар тақтасының ішінде орналасқан. Рульде және аспаптар тақтасында тиісті белгілер бар. Күшті бетпе-бет соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеуі тартылады да, сонымен бір мезгілде жүргізушінің және алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары іске қосылады, бұл жүргізушінің және жолаушының басына әрі көкірегіне түсетін соққы күшін таратады және жұмсартады.

Жұмыс істеу принципі

Бетпе-бет соқтығысқан кезде орташа және ауыр соққы тигенде датчик автокөлік жылдамдығының кенеттен төмендеуін тіркейді, ал басқару блогы қауіпсіздік жастықтарын дереу іске қосады.

Айрықша нұсқаулар

- > Қауіпсіздік жастықтары автокөліктің түбіне төмендегідей күшті соққылар тиген жағдайда іске қосылуы мүмкін.
- 1) Жиектасқа соғылу.

- 2) Жолдың ойығына немесе орға түсіп кеткенде.

- 3) Кедергіден өткеннен кейін жолдың бетіне соғылу.

- > Автокөлік 90° және 180°-қа аударылған жағдайда қауіпсіздік жастықтары іске қосылуы, алайда өз функцияларын атқармауы мүмкін.

> Қауіпсіздік жастықтары төмендегідей күшті соққылар тиген жағдайда іске қосылмауы мүмкін:

- 1) Бетон қабырғаға 25 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен бетпе-бет соғылу және осыған ұқсас соқтығысулар.

- 2) ЭТЖ бағанына, ағашқа немесе өзге ауданы шағын нысанға 35 км/сағ-тан төмен жылдамдықпен бетпе-бет соғылу.

- > Егер соқтығысу орын алған нысан деформацияланатын немесе орнынан жылжитын болса, соққы күші азаяды. Мұндай жағдайда қауіпсіздік жастықтары іске қосылмауы мүмкін.

Жүк автокөлігінің артқы бөлігіне соғылған жағдайда автокөлігіңіз оның шанағының астына кіріп кетсе, датчик анықтайтын соққы күші салыстырмалы түрде әлсіз болып, қауіпсіздік жастықтары іске қосылмауы мүмкін.

- > Соққы бұрышы және бағыты секілді факторлар, тіпті соқтығысу жоғары жылдамдықпен орын алған жағдайда да, қауіпсіздік жастықтарының іске қосылмауына алып келуі мүмкін.

> Рульге немесе аспаптар тақтасының төменгі бөлігіне тым жақын отыруға тыйым салынады.

- 1) Әдеттегі жағдайларда жүргізуші рульде дұрыс қалпын сақтап, мүмкіндігінше одан алысырақ отыруы тиіс.

- 2) Алдыңғы орындықтар аспаптар тақтасынан мүмкіндігінше алысырақ орналасуы тиіс.

- 3) Автокөліктің жүргізушісі мен жолаушылары белбеулерді дұрыс тағып отыруы тиіс.

- > Автокөліктің қозғалысы кезінде орындықтың шетінде отыруға немесе аспаптар тақтасына сүйенуге тыйым салынады.

Алдыңғы қауіпсіздік жастығы жоғары жылдамдықпен және соққы күшімен

ашылады. Егер ол жолаушының немесе жүргізушінің жанында іске қосылса, бұл ауыр жарақаттарға және тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- > Балаларға қауіпсіздік жастықтарына қарсы отыруға тыйым салынады.

Алдыңғы орындықтардың қауіпсіздік жастықтарының іске қосылуы баланың ауыр жарақат алуына алып келуі немесе тіпті оны мерт қылуы мүмкін. Барлық бала артқы орындықтарда отыруы және белбеулерді дұрыс тағуы тиіс.

- > Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде жарақат алудан сақтану үшін келесі нұсқауларды орындаңыз.

- 1) Аспаптар тақтасына қандай да бір заттарды (қолшатырлар және т.с.с.) орналастыруға немесе оларды аспаптар тақтасына сүйеуге тыйым салынады.
- 2) Ұсақ-түйек тартпасына салынған заттар одан шығып тұрмауы тиіс.
- 3) Терезелерге және ішкі артқы көрініс айналарына қандай да бір сәндік заттар ілуге тыйым салынады.
- 4) Рульдегі дыбыс сигналының түймесіне қандай да бір сәндік заттар бекітуге тыйым салынады.
- 5) Қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының арасына жүктер, үй жануарларын және қандай да бір заттар орналастыруға тыйым салынады.

- > Автокөлік салонын сумен және жуғыш құралдармен жууға тыйым салынады.

Қауіпсіздік жастығы газгенератордың арқасында іске қосылады. Ылғалдану жастықтың жұмысына әсер етуі және ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлім жағдайына алып келуі мүмкін.

- > Қауіпсіздік жастығының қақпағына пломбалаушы балауыз жағуға, жабысқақ таспа және т.с.с. жабыстыруға тыйым салынады.

Бұл жастықтың іске қосылуына кедергі келтіруі мүмкін.

- > Қауіпсіздік жастығының қақпағын зақымдауға тыйым салынады.

Егер зақымдалатын болса, қауіпсіздік жастығы дұрыс іске қосыла алмайды. Сондықтан қауіпсіздік жастығының

қақпағын өз бетіңізше ашуға немесе оны зақымдауға тыйым салынады.

- > Қауіпсіздік жастықтарын, аспаптар тақтасын және рульді шешіп алуға, қайта жабдықтауға және қайта орнатуға тыйым салынады.

Олармен жасалған қате операциялар жастықтардың дұрыс істемеуіне немесе олардың өздігінен іске қосылып кетуіне алып келуі мүмкін, ал бұл ауыр жарақаттарға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- > Аспаны қайта жабдықтауға тыйым салынады.

Автокөліктің биіктігін немесе аспаның қаттылығын өзгерту қауіпсіздік жастықтарының іске қосылған жағдайда ауыр жарақаттарға және тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- > Автокөліктің алдыңғы бөлігіне молдингер немесе қаптамалар орнатқыңыз келсе, кеңес алу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Автокөліктің алдыңғы бөлігіндегі өзгертулер қауіпсіздік жастығының датчигіне жіберілетін импульске әсер етеді. Бұл жастықтардың кездейсоқ іске қосылу қаупіне және ауыр жарақаттарға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- > Автокөліктің алдыңғы бөлігін немесе жүргізуші орындығын жөндеген кезде кеңес алу үшін сервис орталығына жүгініңіз.

Дұрыс жүргізілмеген жөндеу жұмыстары қауіпсіздік жастығының датчигіне жіберілетін импульске әсер етуі мүмкін. Бұл жастықтардың дұрыс жұмыс істемеу қаупіне және ауыр жарақаттарға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Ескерту жапсырмалары



Бұл белгілер ортаңғы бағанда орналасқан әрі автокөліктің бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталғаны және тиісті нұсқауларға назар аудару қажеттігі туралы ақпарат беруге арналған.

Ескерту

> Қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының арасына жүктер, үй жануарларын және қандай да бір заттар орналастыруға тыйым салынады.

> Аяқтарды орындық көпшігіне қойып отыруға тыйым салынады.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары

Жалпы мәліметтер

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары алдыңғы орындықтардың арқалықтарының сырт жағындағы қапталындағы қаптауыш астында орналасқан. Орындықтардың арқалықтарында тиісті белгілер көрсетілген. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белбеулерін толықтырады. Бүйірден соққы тиген жағдайда олар жүргізушінің және жолаушылардың жарақат алу қаупін азайтады және оларды қайталама соққыдан қорғайды.

Жұмыс істеу принципі

Бүйірден соқтығысқан кезде датчик автокөліктің бүйірге қарай жылдамдықты үдетуінің кенеттен өзгерісін тіркейді және басқару блогына сигнал жібереді. Егер жағдай тиісті шарттарға сәйкес болса, жастық лезде іске қосылады.

Бүйірден соққы тиген жағдайда соққы тиген жақта орналасқан қауіпсіздік жастығы ғана іске қосылады. Егер соққы алдыңғы жолаушы орнының тұсына келсе, оның бүйірлік жастығы орындықта адам отырмағанына қарамастан іске қосылады.

Айрықша нұсқаулар

> Бүйірлік қауіпсіздік жастықтығы төмендегідей соққылар тиген жағдайда іске қосылмауы мүмкін:

- 1) Бетпе-бет соққы.
- 2) Нәтижесінде электрондық басқару блогына әлсіз сигнал берілетін күші шағын бүйірлік соққы.
- 3) Автокөліктің артқы бөлігіне тиетін соққы.

4) Автокөліктің төңкерілуі.

> Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарын қандай да бір заттармен жабуға тыйым салынады. Бұл олардың қалыпты жұмысын қиындатады.

> Бүйірлік жастықтардың ашылу аймағына қандай да бір заттарды орнатуға тыйым салынады. Орнатылған жағдайда жастық ашылғанда бұл заттар салон ішінде жан-жаққа шашырап ұшуы мүмкін.

> Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған орындықтарды, сондай-ақ бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының аймағында орналасқан бөлшектерді өз бетіңізше шешіп алуға, жөндеуге және қайта жабдықтауға тыйым салынады.

Қауіпсіздік қалқалары

Жалпы мәліметтер

Қауіпсіздік қалқалары төбенің астында орналасады. Тіреулерде тиісті белгілер көрсетілген. Қауіпсіздік қалқалары қауіпсіздік белбеулерін толықтырады. Бүйірден соққы тиген жағдайда олар жүргізушінің және жолаушылардың жарақат алу қаупін азайтады және оларды қайталама соққыдан қорғайды.

Жұмыс істеу принципі

Бүйірден соқтығысқан кезде датчик автокөліктің бүйірге қарай жылдамдықты үдетуінің кенеттен өзгерісін тіркейді және басқару блогына сигнал жібереді. Егер жағдай тиісті шарттарға сәйкес болса, қалқа лезде іске қосылады.

Айрықша нұсқаулар

> Қауіпсіздік қалқалары төмендегідей соққылар тиген жағдайда іске қосылмауы мүмкін:

- 1) Бетпе-бет соққы.
- 2) Нәтижесінде электрондық басқару блогына әлсіз сигнал берілетін күші шағын бүйірлік соққы.
- 3) Автокөліктің артқы бөлігіне тиетін соққы.

> Есіктерге, бағандарға және төбенің жиегіне сүйенуге, сондай-ақ алдыңғы жолаушы орындығына тізерлеп тұруға тыйым салынады. Әйтпесе қалқалар іске қосылған жағдайда басқа қатты соққы тиіп, ауыр жарақаттар келтіруі және тіпті кісі өлімі орын алу мүмкін. Балалардың

дұрыс отыруына ерекше назар аударыңыз.

- > Қалқалардың ашылу аймағына қандай да бір заттарды орнатуға тыйым салынады. Орнатылған жағдайда қалқа ашылғанда олар салон ішінде жан-жаққа шашырап ұшуы мүмкін.
- > Киімге арналған ілмектерге ауыр немесе өткір заттарды ілуге тыйым салынады. Ілмектерге киімділігіне ілінген киімді ілуге тыйым салынады. Ілмекке киімнің өзін ғана іліңіз. Әйтпесе қалқа ашылған кезде киімділігі серпіліп ұшуы мүмкін.
- > Қауіпсіздік қалқаларының ашылу аймағында орналасқан элементтерді өз бетіңізше шешіп алуға, жөндеуге және қайта жабдықтауға тыйым салынады.
Төбені, тұтқаларды, тұтқалардың қаңқаларын және бүйірлік төбе плафондарын өз бетіңізше қайта жабдықтауға тыйым салынады.

Аударылу датчигі бар қауіпсіздік жастығы

Бүйірге аударылған кезде датчик автокөліктің бойлық осінің бұрыштық жылдамдығының шұғыл өзгерісін тіркейді және басқару блогына сигнал жібереді. Егер жағдай тиісті шарттарға сәйкес болса, қалқа лезде іске қосылады.

i Пайдалы ақпарат

Кейбір модельдер аударылу датчигі бар қауіпсіздік жастығымен жабдықталмаған болуы мүмкін. Нақты автокөлікке бейімделу керек.

Бала бекіту жүйесі

Автокөліктің жабдықтыалуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Бала автоорындықтарының ұсынылатын модельдері

- > Артқа қаратылған бала орындығы, 0/0 + салмақ санаты.
- > Алдыға қаратылған бала орындығы, 1 салмақ санаты.
- > Кіріктірілген жастықтары бар бала орындығы, 2/3 салмақ санаты.

ISOFIX бекіту нүктелері

ISOFIX төменгі бекіту нүктелері



1DE4B67D3799

Артқы орындықтардың көпшігі мен арқалығының арасында төрт ISOFIX төменгі бекіту нүктесі орналасқан. Қолдану үшін алдымен бекіткіштің қақпағын шешіп алу қажет.

Бала автоорындығының сақтандыру белбеуін бекіту нүктелері



1BDF2AFFAA6D

Артқы орындықтардың арқалықтарының артқы жағында бала автоорындығының зәкірлі белбеуін бекітуге арналған екі нүкте орналасқан.

⚠ Ескерту

ISOFIX бекіткіштері дұрыс орнатылған бала орындықтарының жүктемесіне шыдайтындай етіп есептелген. Оларды ересектерге арналған қауіпсіздік белбеулерін орнату, аспалы таспаларды бекіту және қандай да бір заттарды немесе құрылғыларды автокөлікпен байланыстыру үшін қолдануға қатаң тыйым салынады.

Бала автоорындықтарын қолдану мүмкіндігі

Автокөлікте БҰҰ ЕЭК № 44 қағидаларына сәйкес келетін бала автоорындықтары ғана қолданыла алады.

БҰҰ ЕЭК № 44 қағидалары бала автоорындықтарын төмендегі бес санатқа бөледі.

- > 0 санаты: 10 кг-ға дейін (0-9 ай).
- > 0+ санаты: 13 кг-ға дейін (0-2 жас).
- > 1 санаты: 9 кг-нан 18 кг-ға дейін (9 ай – 4 жас).
- > 2 санаты: 15 кг-нан 25 кг-ға дейін (4 жас – 7 жас).
- > 3 санаты: 22 кг-нан 36 кг-ға дейін (6-12 жас).

Бала автоорындықтарының әртүрлі санаттарының орнатылатын орындары

Салмақ санаты	Орнату орны		
	Алдыңғы жолаушы жағындағы орындық	Артқы орындықтар	
		Артқы шеткі орындықтар	Артқы ортаңғы орындық
0 санаты	X	U	X
0+ санаты	X	U	X
1 санаты	X	U	X
2 санаты	X	U	X
3 санаты	X	U	X

Ескертпе: кестедегі белгілердің түсіндірмесі:

U — осы салмақ санаты үшін мақұлданған әмбебап бала бекіту жүйелеріне жарайды.

X — осы салмақ санаты үшін мақұлданған бала бекіту жүйелеріне жарамайды.

ISOFIX бекіткіштері бар бала орындықтарын орнатуға рұқсат етілетін жерлер

Салмақ санаты	Типтік өлшемі	Бекіткіш	ISOFIX бекіткіштерінің орналасқан жері
			Артқы шеткі орындықтар
Автобесік	F	ISO/L1	X
	G	ISO/L2	X
0 санаты	E	ISO/R1	IL
0+ санаты	E	ISO/R1	IL
	D	ISO/R2	IL
	C	ISO/R3	IL
1 санаты	D	ISO/R2	IL

Салмақ санаты	Типтік өлшемі	Бекіткіш	ISOFIX бекіткіштерінің орналасқан жері
			Артқы шеткі орындықтар
	C	ISO/R3	IL
	B	ISO/F2	IUF
	B1	ISO/F2X	IUF
	A	ISO/F3	IUF

Ескертпе: кестедегі белгілердің түсіндірмесі:

IUF — осы санат үшін мақұлданған және автокөліктің қозғалу бағытына қаратылған ISOFIX әмбебап бала бекіту жүйелеріне жарайды.

IL — тиісті тізімдемеге кіргізілген ISOFIX ерекше бала бекіту жүйелеріне жарайды. Бұл бала бекіту жүйелері арнайы көлік құралдарына арналған, белгілі шектеулері болуы немесе жартылай әмбебап санатына жатуы мүмкін.

X — ISOFIX бекіткіштерінің орналасуы осындай типтік өлшемі бар және (немесе) осы салмақ санатының ISOFIX бала бекіту жүйелеріне жарамайды.

Ескерту жапсырмалары



90A96F30A2E6

Бұл белгілер алдыңғы жолаушының күнқағарында орналасқан және автокөліктің алдыңғы қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталғанын және тиісті нұсқауларға назар аудару қажеттігін хабарлауға арналған.

Ескерту

Бала бекіту жүйесін (іске қосылған күйде) алдыңғы қауіпсіздік жастығымен қорғалған орындыққа орнатпаңыз, себебі бұл балаға ауыр жарақаттар келтіруі немесе оны мерт қылуы мүмкін.

Бала автоорындығын орнату Бала автоорындығын арнайы бекіткіштердің көмегімен орнату

ISOFIX және LATCH — бұл бала автоорындықтары үшін арнайы әзірленген стандартты қорғаныш жүйелері. Бала автоорындығын артқы орындықтардың арқалықтарына бекіту үшін ISOFIX жүйесін де, LATCH жүйесін де қолдануға болады.

1. Алдыңғы орындықты тірелгенше алға жылжытыңыз.
2. Бала автоорындығы орнатылатын орындықтың бассүйегішін реттеңіз немесе шешіп алыңыз.

Пайдалы ақпарат

- > Қозғалыс бағытына қарсы орнатылатын бала автоорындығын қолданған кезде бассүйегішті барынша төмен түсіру немесе шешіп алу қажет.
 - > Егер қозғалыс бағытына қаратып орнатылған бала автоорындығын пайдалану кезінде бассүйегіш автоорындықтың артқы орындық арқалығына тығыз жанасып тұруына мүмкіндік бермесе, оны шешіп алу қажет.
 - > Егер орындықты көтеруге арналған арнайы қыстырманы қолданатын болсаңыз, бассүйегішті шешіп алуға тыйым салынады. Бұл жағдайда бассүйегіштің ең биік нүктесі баланың төбесімен бір деңгейде немесе оған барынша жақын орналасуы тиіс.
3. Бала автоорындығының бекіткіштерін төменгі бекіту нүктелеріне сұғыңыз. ISOFIX бекіту механизмінің екеуінің де сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

4. Сақтандыру белбеуін тиісті бекіту нүктесіне бекітіңіз. Белбеудің шиыршықталмауын қадағалаңыз. Сақтандыру белбеуін бекіткен кезде оны бассүйегіштің астынан өткізу қажет. Бассүйегішті көтеруге немесе шешіп алуға болады.
5. Сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін бала орындығын абайлап ырғап көріңіз.

Бала автоорындығын қауіпсіздік белбеуінің көмегімен орнату

1. Алдыңғы орындықты тірелгенше алға жылжытыңыз.
2. Бала автоорындығы орнатылатын орындықтың бассүйегішін реттеңіз немесе шешіп алыңыз.

Пайдалы ақпарат

- > Қозғалыс бағытына қарсы орнатылатын бала автоорындығын қолданған кезде бассүйегішті барынша төмен түсіру немесе шешіп алу қажет.
 - > Егер қозғалыс бағытына қаратып орнатылған бала автоорындығын пайдалану кезінде бассүйегіш автоорындықтың артқы орындық арқалығына тығыз жанасып тұруына мүмкіндік бермесе, оны шешіп алу қажет.
 - > Егер орындықты көтеруге арналған арнайы қыстырманы қолданатын болсаңыз, бассүйегішті шешіп алуға тыйым салынады. Бұл жағдайда бассүйегіштің ең биік нүктесі баланың төбесімен бір деңгейде немесе оған барынша жақын орналасуы тиіс.
3. Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағын тартып шығарыңыз, оны бала автоорындығы арқылы өткізіңіз және қауіпсіздік белбеуінің металл тілшігін сырт еткен дыбыс естілгенше құлыпқа сұғыңыз.
 4. Бала автоорындығын өз салмағыңызбен орындыққа басыңыз және белбеу керіліп тұратындай әрі сенімді бекітуді қамтамасыз ететіндей етіп, иық тармағын шарғылы механизмге тартып орауға мүмкіндік беріңіз.

5. Егер бала автоорындығы қауіпсіздік белбеуінің бекіткішімен жабдықталмаған болса, белбеуді бекітуге арналған арнайы ілгешекті сатып алуыңызға болады.
6. Сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін бала орындығын абайлап ырғап көріңіз.

Бала автоорындығын орнатуға қатысты айрықша нұсқаулар

- > Егер артқы орындық арқалығының көлбеу бұрышы реттелетін болса, оны бала автоорындығының көпшігі мен арқалығы артқы орындыққа нық тиіп тұратындай күйге келтіріңіз.
- > Егер бала автоорындығын арнайы бекіткіштерді қолданбай орнататын болсаңыз, ол үшін қауіпсіздік белбеуін қолданыңыз. Автоорындыққа қосып берілген орнату нұсқаулығын орындаңыз.
- > Бала автоорындығы автокөлік орындығына дұрыс бекітілген болуы тиіс. Автоорындық дұрыс орнатылмаған жағдайда шұғыл тежеу немесе соқтығысу балаға ауыр жарақаттар келтіруі және тіпті өлімге алып келуі мүмкін.
- > Автокөлікке бекітілмеген баланы қорғау құрылғыларын орналастырмаңыз. Шұғыл тежеу немесе автокөлікке соққының тиюі құрылғының адамдарға және заттарға соғылуына алып келуі, салдарынан ауыр жарақат келуі және тіпті кісі өлімі орын алуы мүмкін.
- > Бала автоорындығын алдыңғы жолаушы орындығына орнатуға тыйым салынады. Өйткені бала қауіпсіздік жастығына тым жақын орналасатын болады. Соқтығысу жағдайында қауіпсіздік жастығының іске қосылуы балаға ауыр жарақат келтіруі және тіпті өлімге алып келуі мүмкін.
- > Бала автоорындығын баланың жасына және бойына сәйкес таңдап, артқы орындыққа орнату қажет. Қорғау құрылғылары дұрыс қолданылған жағдайда балаларды артқы орындықтарға орналастыру, алдыңғы орындықтармен салыстырғанда, көбірек қауіпсіздікке кепілдік береді. Қозғалыс кезінде баланы қолға алып отыруға жол берілмейді. Бұл бала

автоорындығын алмастыра алмайды. Апатқа ұшыраған жағдайда бала алдыңғы әйнекке соғылуы немесе Сіз бен салон қаптамасының арасына қысылып қалуы мүмкін.

- > Тіпті бала автоорындығында отырса да, балаға басын немесе денесінің басқа жерлерін есік тіреуіне немесе автокөлік төбесінің қаптал бөлігіне сүйеуіне жол беруге болмайды.

Қауіпсіздік қалқаларының іске қосылуы өте қауіпті болуы мүмкін. Олардың соққысы күрделі жарақаттарға және тіпті өлім-жітімге алып келуі мүмкін.

- > Бала автоорындықтарының түрлері көп болғандықтан, бала автоорындығын орнатар және шешіп алар кезде оның жабдықтау жиынтығындағы нұсқаулықты орындап, тиісті сақтық шараларын сақтаңыз.

- > Егер бала автоорындығы сақтандыру белбеуімен жабдықталған болса, оны бала автоорындығын орнату нұсқаулығын және тиісті сақтық шараларды орындай отырып бекіту қажет.

Олай болмаған жағдайда шұғыл тежеу немесе соқтығысу ауыр жарақат келтіруі және тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- > Егер бала автоорындығы зәкірлі белбеумен жабдықталған болса, ол бассүйегіштің астымен өтуі тиіс.

Әйтпесе бала автоорындығы бекітілмейді және шұғыл тежеу немесе соқтығысу салдары ауыр жарақатқа және тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- > Бала автоорындығының зәкірлі белбеуін тиісті бекіту нүктесіне бекіткеннен кейін бассүйегішті түсірмеген жөн.

Бассүйегіш сақтандыру белбеуіне жанасып тұрса, ол белбеудің керілуін босатуы және шұғыл тежеу немесе соқтығысу жағдайында бала автоорындығының аударылып кетуіне себеп болуы мүмкін, салдарынан ауыр жарақат алу немесе тіпті кісі өлімі қауіп туындайды.

Автокөлікті айдап әкетуден сақтау жүйесі

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Жүйе туралы жалпы мәлімет

Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесі автокөлікті айдап әкетуден және ондағы бағалы заттардың ұрлануынан сақтайды. Автокөлікке кіруге әрекет жасалған жағдайда жүйе дыбысты жарық сигналы беру жүйесін іске қосады.

⚠ Ескерту

Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесін қайта жабдықтауға тыйым салынады.

Жүйені қосу

1. Смарт-кілттің, автокөлікке кіру «ақылды» жүйесінің немесе механикалық кілттің көмегімен есіктерді құлыптағаннан кейін бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды және жүйе алдын ала күзету режиміне ауысады.

Алдын ала күзету режимінде бұрынғыша автокөлікпен кез келген манипуляцияларды орындауға болады, бұл ретте айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесі іске қосылмайды.

2. Бастапқы күзету режимінде шамамен 15 секунд тұрғаннан кейін автокөлік автоматты түрде күзету режиміне ауысады, жалпы айдап әкетуден қорғау функциясы қосулы.

Назар аударыңыз!

Автокөліктің барлық есігінің, жүксалғыш есігінің және капоттың жабық екеніне көз жеткізіңіз, себебі олар жабылмаса, автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесі іске қосылмайды.

i Пайдалы ақпарат

Айдап әкетуге қарсы жүйенің барлық жұмыс режимінде орталық басқару түймелері жұмыс істемейді.

Сигнал беру жүйесінің іске қосылу шарттары

Күзету режимінде келесі әрекеттер сигнал беру жүйесінің іске қосылуына алып келуі мүмкін:

- > Капот ашық.
- > Есіктің механикалық кілтпен ашылуы.
- > Автокөлік есігінің немесе жүксалғыш есігінің мәжбүрлеп ашылуы.

Сигнал беру жүйесін ажырату тәсілдері

Айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесі іске қосылған жағдайда оны келесі тәсілдермен өшіруге болады:

- > Оталдыру жүйесінің ажыратқышын ON күйіне ауыстырыңыз.
- > Қозғалтқышты қосыңыз.
- > Оталдыру жүйесі ажыратқышының LOCK режимінде кілт түймесінің немесе интеллектуалды кіру жүйесінің көмегімен көлік есіктерінің немесе жүксалғыш есігінің құлпын ашыңыз.

Жүйені ажырату

Автокөліктің есіктерінің немесе жүксалғыш есігінің құлыптарын смарт-кілттегі түйменің немесе интеллектуалды кіру жүйесінің көмегімен ашыңыз. Бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды және айдап әкетуден қорғау жүйесі өшеді.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Соқтығысу кезінде отынның берілуін тоқтату жүйесі

Апат орын алғанда қауіпсіздік жастықтары іске қосылатын болса, бұл жүйе отынның берілуін тоқтатады, осылайша отынның төгілуіне байланысты қауіпті азайтуға мүмкіндік туады.

Бұл жүйе іске қосылғаннан кейін қозғалтқышты қайта іске қосу қажет, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Оталдыру жүйесінің ажыратқышы LOCK күйіне ауыстырылған.
2. Қозғалтқышты қайта оталдырыңыз.

Ескерту

Қозғалтқышты оталдырар алдында автокөліктің астындағы жердің бетін қарап шығу қажет. Автокөлік түбінде отынның аққан іздері байқалса, автокөліктің отын жүйесінің зақымдалғанын білдіреді. Бұл жағдайда қозғалтқышты оталдырмаған жөн.

5

Апаттық жағдайлар

Жүргізуші құрал-саймандары ..	178
Қосалқы дөңгелек	179
Қосалқы дөңгелекті ауыстыру ..	181
Жол-көлік оқиғасы орын алған жағдайда.....	184
Автокөлікті сыртқы қуат көзінен оталдыру	185
Қозғалтқыштың қызып кетуі	187
Сүйреу	189
Төтенше шақыру жүйесі	193

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Жүргізуші құрал-саймандарын орналастыру

Жарық шағылыстыратын кеудеше мен ілеспе құжаттары бар пакет жолаушы жағындағы аспаптар панелінің ұсақ-түйек тартпасында орналасқан.

Домкрат, апаттық аялдау белгісі, борттық құрал-саймандар жиынтығы жүксалғыш қақпағының астында орналасқан. Оларды жүксалғыш қақпағын ашып табуға болады.

Назар аударыңыз!


- > Апаттық жағдайларда шаралар қолдану үшін жүргізуші борттық құрал-саймандардың қай жерде орналасқанын және оларды қалай қолдану қажеттігін білуі тиіс.
- > Қолданғаннан кейін құрал-саймандарды міндетті түрде орнына қою және сенімді етіп бекіту қажет. Құралдар тиісті жерде орналаспаса, апат немесе жазатайым оқиға орын алуы мүмкін.
- > Бірге берілген домкрат тек осы автокөлікке қолданылады. Сіздің автокөлігіңізді көтеру үшін басқа автокөліктердің жиынтықтарындағы домкратты және керісінше қолдануға тыйым салынады.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Қосалқы дөңгелектер туралы

Қосалқы дөңгелек артқы есіктің сыртқы жағында суретте көрсетілген орынға орналастырылған.



F503EC44FFF4


⚠ Назар аударыңыз!

> Қосалқы дөңгелек сирек қолданылатындықтан және оның протекторының тозуы кемірек болатындықтан, оны орнатқаннан кейін дөңгелектердің үйкелу коэффициенттерінің арасында біраз айырмашылық болады. Жүргізу кезінде абай болыңыз. Мүмкіндігінше тезірек стандартты дөңгелекті жөндеп алуға және қосалқы дөңгелектің орнына салуға кеңес береміз.

> Ақаулықтар жағдайында қолдануға болатынына көз жеткізу үшін қосалқы дөңгелектің күйін (шинадағы ауаның қысымын, жарықтары мен ісіктерінің болмауын) жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.


Шешіп алу және орнату

1. Жүксалғыш есігін жабыңыз, жаппақ ұшты бұрауышпен қосалқы дөңгелектің қақпағындағы люкті ашыңыз.



0E1C6DAE1653

2. Қосалқы дөңгелек қаптамасының сомын бұрағышын дөңгелек сомындарына арналған кілтке салыңыз



40C5EF183A2F


3. Құрастырылған кілттің көмегімен қаптаманың астындағы болттарды сағат тіліне қарсы бағытта босатыңыз және шешіп алыңыз, содан кейін қосалқы дөңгелектің қаптамасын шешіп алыңыз.



36AE0941C8AB


4. Механикалық кілтті қосалқы дөңгелек құлпының цилиндріне сұғыңыз, содан кейін цилиндрді шығарып алыңыз.

Механикалық кілтті алу тәсілдері туралы ақпарат алу үшін «Механикалық кілтті шығару» бөлімін қараңыз. (▷ 19-бет)



57C8D443B244

5. Дөңгелек сомындарына арналған кілтке алмалы төлкені сұғыңыз.



8F6444E093F3

6. Құрастырылған кілттің көмегімен сағат тіліне қарсы бағытта бұрау арқылы қосалқы дөңгелек құлпының цилиндріндегі сомындарды босатыңыз және шешіп алыңыз.



1D4F0F8AB5BE

7. Егер автокөлікке сомындардың сәндік қаптамалары орнатылған болса, алдымен оларды автокөлікпен бір жиынтықта жеткізілетін арнайы құралдың көмегімен шешіп алыңыз.



265F2B612461

8. Дөңгелек сомындарына арналған кілттің көмегімен сағат тіліне қарсы бағытта бұрай отырып, сомындарды босатып және шешіп алып, қосалқы дөңгелекті шешіп алыңыз.



8F03D08D0608

Қосалқы дөңгелекті бетке қойған кезде дөңгелек бетінде сызаттардың пайда болуына жол бермеу үшін қосалқы дөңгелектің сыртқы жағының жоғары қаратылып қойылуын қадағалаңыз.

9. Қосалқы дөңгелекті орнына қайтып қою үшін әрекеттерді кері тәртіппен орындаңыз.

i Пайдалы ақпарат

Қосалқы дөңгелекті орнына орнатқан кезде кілтті шығарар алдында орнатқаннан кейін құлып цилиндрін қолмен басу қажет, әйтпесе кілт ұсталып қалады.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Шина ақауларының белгісі

Төмендегі жағдайларда шиналардың бүтіндігін тексеру қажет:

- > Руль дірілдеген кезде.
- > Бөлшектердің немесе автокөлік шанағының ерекше дірілі болған жағдайда.
- > Автокөлік әдеттен тыс қисайған жағдайда.

▲ Назар аударыңыз!

- > Егер қозғалыс барысында шиналар зақымдалған болса, рульді мықтап ұстап, жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін ақырын басыңыз. Шұғыл тежеу әрекетін қолдануға және рульді шұғыл бұруға тыйым салынады. Бұл автокөлік тізгінін басқаруды жоғалтуға алып келуі мүмкін.
- > Шина жарылғаннан кейін қосалқы дөңгелекті дереу орнату керек. Тесілген шинамен жүрген кезде автокөліктің қозғалысы тұрақсыз болуы, оның салдары апатқа жетелеуі мүмкін. Оған қоса, дөңгелек дискілерін, дөңгелектерді, аспаны, автокөлік шанағын және т.б. оңай зақымдап алуыңыз ықтимал.

Қосалқы дөңгелекті ауыстыру алдындағы дайындық

1. Барлық жолаушы автокөліктен шығуы керек.

2. Көліктің қалыпты қозғалысына кедергі келтірмеу үшін автокөлікті қауіпсіз жердегі тегіс қатты бетке тұраққа қойыңыз.
3. Автокөлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз.
4. Қозғалтқыш өшіп тұр.
P берілісіне ауыстырыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз.

▲ Ескерту

Берілістер селекторы N күйінде тұрған кезде автокөлікті ұстап тұру үшін домкратты қолдануға тыйым салынады. Мұндай жағдайда домкраттың тұрақтылығы қамтамасыз етілмейді, бұл жазатайым жағдайға алып келеді.

5. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз және апаттық аялдау белгісін қойыңыз.
6. Қосалқы дөңгелекті, домкратты, домкратқа арналған иінтіректі, дөңгелек сомындарына арналған кілттерді және дөңгелек тіреуіштерін дайындап қойыңыз.

▲ Назар аударыңыз!

- > Домкратты қолданған жағдайда жылжып кетуден сақтайтын тіреулер қою қажет.
- > Оларды сатып алу үшін сервис орталығына жүгініңіз.
- > Дөңгелектерді бекітуге арналған тіреуіштер болмаған жағдайда ірі тастарды және осыған ұқсас заттарды қолдануға болады.

Дөңгелекті ауыстыру процедурасы

Зақымдалған дөңгелекті шешіп алу


1. Дөңгелекті бекітіп қойыңыз.
Міндетті түрде дөңгелектерді сәйкес келетін сырғытпайтын тіреуіштермен бекітіңіз. Сырғытпайтын тіреуіштерді ауыстырылуы тиіс дөңгелекке диагоналды бағытта дөңгелектің екі жағынан да орнатыңыз.
2. Дөңгелек сомындарының сәндік қалпақтарын шешіңіз.



E61DCF90D85A

Сомындары сәндік қалпақтармен жабдықталған автокөліктерде алдымен арнайы құралдың көмегімен реті бойынша дөңгелек сомындарындағы сәндік қалпақтарды шешіп алу қажет.


3. Дөңгелек сомындарын босатыңыз.



70B3D0335EE9

Дөңгелек сомындарына арналған кілттің көмегімен сомындарды суретте көрсетілген тәртіппен теріс бағытқа (шамамен 1 айналымға) бұраңыз.

4. Домкратты тіреу нүктесінің астына орналастырыңыз, домкраттың көтерілетін жерде сенімді бекітілуін қамтамасыз ету үшін домкраттың күйі мен биіктігін реттеңіз.



E59305D74AF7

⚠ Назар аударыңыз!

Домкратты пайдаланған кезде келесі талаптарды орындау керек. Әйтпесе автокөлікті зақымдап алуға немесе домкратты тайдырып алуға болады, бұл ауыр жарақаттарға алып келеді.

- > Қозғалтқышты міндетті түрде сөндіріңіз.
- > Егер автокөлік салонында жолаушылар болса, домкратты пайдаланбаңыз.
- > Домкрат тегіс және қатты жерге орнатылуы қажет.
- > Домкраттың астына немесе үстіне ешқандай заттар қоймаңыз.
- > Домкраттың көтеру биіктігі тым үлкен болмауы тиіс. Ол дөңгелекті ауыстыру үшін жеткілікті болуы керек.
- > Домкратпен көтерілген автокөліктің астына жатуға қатаң тыйым салынады.
- > Автокөлікті түсірген кезде ешкімді жарақаттап алмауды қадағалаңыз.

5. Автокөлікті көтеріңіз.



85AFEA289F39

Дөңгелек сомындарына арналған кілтті жоғарыдағы суретте көрсетілгендей домкраттың реттеу иінтірегіне қондырып, шина жерден көтерілгенше иінтіректі оң бағытқа бұраңыз.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Домкратты қолданған кезде домкраттың реттеу иінтірегін домкрат винтінің айналу ортасына сәйкес осьпен бұраңыз.
- > Алдымен автокөлікті сәл көтеріп, бәрінің дұрыс екеніне көз жеткізіп алу қажет. Осыдан кейін әрмен қарай көтеруге болады.


6. Барлық бекіткіш сомынды алып, одан кейін дөңгелекті шешіп алыңыз.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Егер дөңгелекті жерге жатқызып қоятын болсаңыз, зақымдануына жол бермеу үшін оны шабақтарын жоғары қаратып қойыңыз.
- > Қосалқы дөңгелекті орнатар алдында домкрат тайып кеткен күнде жазатайым жағдайларды болдырмау үшін шешіп алынған дөңгелекті автокөліктің түбінің астына қойған жөн.

Қосалқы дөңгелекті орнату

1. Дөңгелек күпшегінің бетін тазарту.
Қосалқы дөңгелекті орнатар алдында дөңгелек күпшегінің бетін тазарту керек, әйтпесе қозғалыс кезінде дөңгелек сомындары босап кетуі ықтимал, салдарынан дөңгелектен айырылып қалуыңыз мүмкін.
2. Қосалқы дөңгелекті орнатып, сомындар күпшекке толық тиетіндей күш сала отырып, сомындарды тартып бұраңыз.
3. Домкрат иінірегін теріс бағытқа бұрап, автокөлікті түсіріңіз.
4. Әрбір сомынды суретте көрсетілген тәртіппен 2-3 айналымға бұрап қатырыңыз.



Тартып бұрау моменті: 120±10 Н-м

i Пайдалы ақпарат

Қосалқы дөңгелекті ауыстырғаннан кейін динамометрлік сомын кілтін пайдаланып, сомындарды талап етілетін тартып бұрау моментіне дейін мүмкіндігінше тезірек тартыңыз. Әйтпесе дөңгелек сомындары оңай босап, түсіп қалуы ықтимал, бұл ауыр жарақатқа немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.

5. Сәндік қалпақтары бар сомындармен жабдықталған автокөліктерде сәндік қалпақтарды дөңгелек сомындарына орнатыңыз.
6. Ақаулы дөңгелекті орнатыңыз, барлық құрал-сайманды орындарына салыңыз және бекітіп қойыңыз.

⚠ Ескерту

Дөңгелек қаптарын өз бетінше өртеген кезде улы газ бөлінеді. Дөңгелек қаптарын қайта өңдеу үшін жеткізушіге өткізіңіз.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Бүлінген немесе деформацияланған сомындар мен дөңгелектерді қолданбаңыз.
- > Сомындарға арналған кілт сомынға тығыз жанасып тұруы тиіс, әйтпесе жұмыс кезінде ол шығып кетуі және жарақат келтіруі мүмкін.
- > Кілтті аяғыңызбен баспаңыз және сомындарды басқа құрылғылардың көмегімен тым қатты бұрап қатырмаңыз. Бұл сомындарды зақымдауы мүмкін.
- > Орнатқан кезде сомындарға майлағыштар мен майлар жақпаңыз. Бұрап қатыру кезінде шектен тыс күш салу сомынды және дөңгелекті зақымдауы мүмкін. Егер сомындар босатылған болса, қозғалыс кезінде дөңгелек шығып кетуі және апат орын алуы мүмкін.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Жол-көлік оқиғасына ұшыраған жағдайда

Егер ЖКО-ға немесе автокөліктің ақаулығына байланысты жолда аялдауға мәжбүр болсаңыз, басқа жүргізушілерге ескерту үшін келесі шараларды қолданыңыз:

- > Апаттық сигнал беру жүйесін қосыңыз.
- > Автокөлікпен бірге жеткізілетін жарық шағылыстыратын кеудешені киіңіз.
- > Жол қозғалысы ережелеріне сәйкес автокөліктің артына апаттық аялдау белгісін қойыңыз.

Автокөлікті сыртқы қуат көзінен оталдыру

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Аккумулятордың төмен зарядының белгілері

- > Стартер шыртылдайды және айналмайды немесе әлсіз айналады, бірақ қозғалтқыш оталмайды.
- > Алдыңғы фаралар әдеттегіден әлсізірек жанып тұрады.
- > Клаксон жұмыс істемейді немесе дыбысы жай шығады.


Қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясынан оталдыру

Егер автокөлік аккумулятор қуатының таусылуына байланысты оталмаса, қозғалтқышты басқа көліктен оталдыруға арналған кабельдерді пайдалануға болады. Жалғанатын оталдыру сымының минималды көлденең қимасы 25 мм² болуы тиіс.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Автокөлік аккумуляторларының бәрі бірдей бұған жарай бермейді. Сыртқы аккумулятор батареясынан оталдыру үшін тек номиналды кернеуі 12 В аккумуляторларды ғана пайдалануға болады.
- > Трейлерлер немесе автотіркемелер автокөлікті оталдыру үшін пайдаланыла алмайды.

1. Келесі тәртіпті сақтай отырып, оталдыру сымдарын жалғаңыз.



73D5606EC9ED

- (A) Автокөліктің заряды отырған аккумуляторының оң клеммасы ⊕
Жалғаған кезде аккумулятордың оң полюсінің қорғаныш қаппағын ашу қажет.
 - (B) Донор автокөліктің аккумуляторының оң клеммасы ⊕
 - (C) Донор автокөліктің аккумуляторының теріс клеммасы ⊖
 - (D) Автокөліктің заряды отырған аккумуляторының теріс клеммасы ⊖
2. Аккумуляторды зарядтаңыз.
Автокөлікті оталдыратын көлік құралын оталдырыңыз, қозғалтқыштың айналу жылдамдығын сәл арттырып, осы жылдамдықты шамамен 5 минут сақтаңыз, бұл автокөліктің қуаты таусылған аккумуляторын аздап қуаттауға мүмкіндік береді.
 3. Аккумуляторының қуаты таусылған автокөлікті оталдырыңыз.
Егер ол әлі де оталмай тұрса, оталдыру сымдарының дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз және аккумуляторды қайтадан зарядтаңыз.
 4. Оталдыру сымдарын ажыратыңыз.
Қозғалтқыш оталған кезде оталдыру сымдарын жалғау тәртібіне кері тәртіппен ажыратыңыз.

Ескерту

- > Аккумуляторды зарядтаған немесе қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясынан оталдырған кезде аккумулятордан газ бөлінуі мүмкін. Бұл ретте жарылыс қаупі бар. Аккумуляторды ұшқындардан, ашық оттан және басқа да жану көздерінен алшақ ұстаңыз.
- > Аккумулятор сұйықтығы күйдіргіштігімен ерекшеленеді және көз бен теріні зақымдауы мүмкін. Сұйықтық тиген жағдайда зақымдалған жерді судың көп мөлшерімен дереу жуу және дәрігерге жүгіну қажет.
- > Оталдыру сымдарын жалғаған және ағытып алған кезде олардың салқындату желдеткішіне тимеуін, белбеулерге және т.с.с. оралып қалмауын қадағалаңыз.
- > Оталдыру сымдарының дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз. Клеммалардың арасында олардың жанаспауын қамтамасыз ететін белгілі бір арақашықтық болуы тиіс.

Назар аударыңыз!

Аккумулятор қуаты жиі таусылған жағдайда тексерістен өткізу үшін жеткізушіге хабарласу керек.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Қозғалтқыштың қызып кетуі

Қызып кетуді болдырмау

Ойлы-қырлы жерде салқындату режимін мультимедиа дисплейінің көмегімен баптауға болады [Автокөлік баптаулары] → [Жүргізу баптаулары] → [Ойлы-қырлы жердегі салқындату режимі].

Қозғалтқыш ұзақ уақыт бойы жоғары жүктемемен жұмыс істеп тұрған кезде тез қызып кетуі мүмкін. Ойлы-қырлы жердегі салқындату режимін қосу қозғалтқыштың қызып кетуінің алдын алу немесе оны баяулату үшін қозғалтқышты салқындатуды ертерек қосуға мүмкіндік береді.

Қызып кету көрсеткіштері

i Пайдалы ақпарат

Төтенше пайдалану жағдайлары (мысалы, сүйреу, беткейге қарай көтерілу, артық жүктемелер және т.с.с.) қозғалтқыштың қызып кетуіне және автокөліктің жалпы қуатының төмендеуіне алып келуі мүмкін.

- > Салқындату сұйықтығының температура көрсеткіші қызыл аймақта.
- > Қозғалтқыш айналымдар санына жете алмай тұр.
- > Капот астынан бу шығып тұр.
- > Кондиционер компрессоры автоматты түрде өшуі мүмкін.

Түзеу тәсілдері

1. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, қозғалтқышты сөндіріңіз.
Егер кондиционер қосулы тұрса, оны өшіріңіз.
2. Капот астынан шығып тұрған будың бар-жоғын тексеріңіз.
 - > Егер бу шықпаса, капотты ашып, қозғалтқышты оталдырыңыз.
 - > Егер бу шықса, ол сөйілгенше күте тұрыңыз, одан кейін капотты ашып, қозғалтқышты оталдырыңыз.
3. Салқындату желдеткішінің айналып тұрғанын тексеріңіз.
 - > Егер ол істемей тұрса, қозғалтқышты сөндіріп, сервис орталығына хабарласыңыз.
 - > Егер ол қалыпты жұмыс істеп тұрса, су температурасының төмендеуін күтіңіз және қозғалтқышты өшіріңіз.
4. Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.
Егер деңгейі жеткіліксіз болса, қосымша құйыңыз. Сондай-ақ салқындату жүйесінің келте түтіктерінен сұйықтықтардың ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз. Ағып тұрса, ресми сервис орталығына жүгініңіз.
5. Радиаторға тұрып қалған басқа заттардың бар-жоғын тексеріңіз.

Жылудың берілуіне кедергі келтіретін заттар байқалған жағдайда оларды радиатордан алып тастаңыз.

Ескерту

- > Егер капот астынан бу шықса, оны бірден ашуға болмайды. Бұл күйік шалуға алып келуі мүмкін.
- > Егер радиатор қатты қызып тұрса, радиатор қақпағы мен кеңейткіш бактың тығынын ашпаңыз. Бұдың немесе салқындату сұйықтығының атқылап шығуынан бұл күйік шалуға және басқа да ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- > Радиатордың қақпағын немесе кеңейткіш бактың тығынын ашар кезде, салқындату желдеткішінен немесе оның белбеулерінен ұстамаңыз және оларға жақындамаңыз. Қақпақты матамен орап, оны абайлап ашыңыз.
- > Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде салқындату желдеткішінен және оның белбеулерінен ұстамаңыз және оларға жақындамаңыз. Қолдарыңыз бен киіміңіз ішіне оралып қалуы, ауыр жарақаттар келуі мүмкін.
- > Қызып тұрған қозғалтқышқа салқындату сұйықтығын құймаңыз. Салқындату сұйықтығы құйылатын болса, қозғалтқыш тез зақымдалады. Салқындату сұйықтығын қозғалтқыш толық суығаннан кейін ғана құюға болады.

Назар аударыңыз!

Егер автокөлік қозғалысы кезінде су температурасының индикаторы қайтадан қызыл түспен жанса, тексерістен өту үшін ең жақын сервис орталығына дереу хабарласу керек.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Арнайы техникамен сүйреу




Ескерту

Сүйреген кезде автотіркемелерді сүйреуге қатысты жергілікті заңдар мен қағидаларды сақтау қажет.

Автокөлікті сүйреу қажет болғанда, платформасы немесе көтергіші бар жүк автокөлігін пайдалануға және сүйреуді мүмкіндігінше жеткізушіге немесе көлік құралдарын сүйреумен айналысатын кәсіби компанияға сеніп тапсыруға кеңес беріледі.

Платформасы бар тиегішті пайдалану




04FD77FA04F8

Платформасы бар тиегішті пайдаланған кезде автокөлікті сенімді бекіту керек.

Көтергіші бар тиегішті пайдалану


Автокөліктің алдыңғы бөлігінен іліп сүйреу



0AF8FFF4F031

Жылжымалы сүйреу арбасын артқы дөңгелектердің астына орналастырыңыз және сенімді бекітіңіз.


Автокөліктің артқы бөлігінен іліп сүйреу



FFEE0CD03B9B

Сүйреу арбасын алдыңғы дөңгелектердің астына орналастырып, оны мықтап бекітіңіз.

Автокөлікті сүйреу үшін шығыры бар тиегішті пайдалануға тыйым салынады.



Сүйреу үшін шығыры бар тиегішті пайдалануға тыйым салынады, себебі автокөлік корпусы тез зақымдалуы мүмкін.


⚠ Назар аударыңыз!

Толық жетекті автокөліктер немесе артқы жетекті автокөліктер үшін сүйреу кезінде платформасы бар тиегішті немесе сүйреу арбаларын қолданыңыз. Жермен екі деңгелегімен сүйреу әдісін қолданбаңыз, әйтпесе автокөлікке күрделі зақым келеді.

Сүйреу құлақшасының көмегімен сүйрету


Сүйреу құлақшасы

Алдыңғы сүйреу құлақшасы



Алдыңғы сүйреу құлақшасы жүріс бөлігінің алдыңғы екі жағында орналасқан.

Артқы сүйреу құлақшасы



Артқы сүйреу құлақшасы жүріс бөлігінің артқы екі жағында орналасқан.

ℹ Пайдалы ақпарат

Конфигурациясына байланысты кейбір модельдер 1 алдыңғы/артқы сүйреу құлақшасымен жабдықталған болуы мүмкін. Автокөлігіңіздің нақты конфигурациясына қараңыз.

Сүйреу сымарқаны

Автокөлікті қорғау мақсатында сүйреу сымарқаны иілгіш болуы тиіс. Жасанды талшықтан немесе осыған ұқсас иілгіш материалдардан жасалған сымарқанды қолдануға кеңес беріледі. Сүйреу сымарқанын тек автокөлікке арналған сүйреу құлақшасына немесе «ілімек» түріндегі тарту-тіркеу құрылғысына ғана орнатуға болады.

Сүйреу сымарқанын орнатқан кезде шанақты зақымдап алмау үшін абай болыңыз. Сүйрейтін және сүйрелетін автокөліктің арақашықтығы 4 м-ден 10 м-ге дейін болуы тиіс.

Сүйреу сымарқанының ортасына кабельді демпфер бекітілген болуы тиіс. Тәуліктің қараңғы мезгілінде сүйреген жағдайда ескерту әсерін күшейту үшін мүмкіндігінше жарық шағылыстыратын материалдардан жасалған сүйреу сымарқанын қолданыңыз.

⚠ Назар аударыңыз!

- > Сүйреу сымарқанын өз бетіңізше сатып алуыңыз қажет.
- > Сүйреу үшін болат сымарқан қолданбаңыз. Ол бамперді зақымдауы мүмкін.

Ақаулық туындаған жағдайда

Ақаулық туындаған және сүйреуге арналған кәсіби техниканы пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда уақытша шара ретінде сүйреу құлақшасын пайдалануға болады. Мұндай тәсіл жабыны қатты жолдармен тек қысқа қашықтыққа және төмен жылдамдықпен сүйреуге мүмкіндік береді.

▲ Ескерту

Сүйреген кезде автотіркемелерді сүйреуге қатысты жергілікті заңдар мен қағидаларды сақтау қажет.

Автокөлікті сүйрету

Автокөлігіңізді сүйреген кезде жүргізуші руль мен тежегіш педалінің көмегімен басқару үшін автокөлікте отыруы тиіс. Оған қоса, дөңгелектер, автокөлік осьтері, руль, тежеу жүйесі, трансмиссия (беріліс қорабы және т.б.), жарықтандыру жүйесі (бұрылыс көрсеткіштері, стоп-сигналдар) жұмыс күйінде болуы керек.

Сүйреу тәсілі:

1. Қозғалтқышты оталдырыңыз, берілістерді ауыстырып, селекторын N күйіне келтіріңіз.

Егер ол оталмайтын болса, оталдыру жүйесінің құлпын ON күйіне бұраңыз. Автоматтық беріліс қорабы бар автокөліктерде берілістер селекторын апаттық жағдайда бұғаттан шығару құрылғысының көмегімен N күйіне ауыстыруға болады. (> 86-бет)

Толық жетекті автокөліктерде бір оське жетек күшін беру режимін іске қосу қажет.

▲ Назар аударыңыз!

> Егер иіңтірек N күйіне ауыстырылмаса, сүйреу құлақшасын қолдануға тыйым салынады.

> Автокөлік 4WD режимінде сүйреу үшін тарту-тіркеу құрылғыларын қолдануға тыйым салынады.

2. Апаттық сигнал беру жүйесін қосыңыз, тұрақ тежегішін жіберіп, сүйреудің басталуын күтіңіз.

Сүйреу жылдамдығы 30 км/сағ-тан аспауы тиіс. Беріліс қорабының қызмет

ету мерзімі тұрғысынан жол берілетін максималды сүйреу қашықтығы 50 км-ді құрайды.

▲ Назар аударыңыз!

> Егер қозғалтқыш қосылмаған болса, күшейткіш жүйелер жұмыс істемейді, және рульді бұраған және тежеген кезде көбірек күш салу қажет болады. Сондықтан сүйреу кезінде мүмкіндігінше баяуырақ жүру қажет.

> Сүйреу кезінде сүйреу сымарқанының салбырауына жол бермеу үшін алдыңғы автокөліктің стоп-сигналдарын қадағалап отырыңыз.

> Автокөлікті ұзақ ылдифа қарай сүйреу үшін сымарқан қолданбаңыз.

> Автокөлікті артқы жағын алға қаратып сүйреуге тыйым салынады.

Басқа ақаулы автокөліктерді сүйрету

1. Сүйреу кезінде апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз. Алайда бірінші кезекте өз еліңізде қабылданған тиісті заңнама талаптарын басшылыққа алу қажет.

2. Қозғалысты бастаңыз. Сүйреу сымарқаны керілгенше баяу қозғалыңыз, содан кейін жайымен жылдамдықты көбейтіңіз.

▲ Назар аударыңыз!

> Сүйреуші көлік құралынан ауыр тартатын автокөліктерді сүйреуге тыйым салынады. Бұл автокөлікке зақым келтіруі мүмкін.

> Шұғыл орыннан қозғалудан және бірқалыпсыз қозғалудан сақтаныңыз. Мұндай жағдайларда сүйреу құлақшасы мен сымарқаны тым үлкен жүктемеге ұшырайды.

> Автокөлікті ұзақ ылдифа қарай сүйреу үшін сымарқан қолданбаңыз.

> Автокөлікті артқы жағын алға қаратып сүйреуге тыйым салынады.

Егер автокөлік батып немесе тіреліп қалса

Қармен, балшықпен, құммен жүрген кезде автокөлік тұрып немесе батып қалуы мүмкін, сондықтан абай болуы қажет.

Автокөлік батып қалғанда келесі шараларды қолданып көруге болады:

1. Қозғалтқышты сөндіріңіз және автокөлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз.
2. Батып қалған дөңгелектердің айналасындағы батпақты, қарды немесе құмды тазалаңыз.
3. Шиналардың ілінісуін жақсарту үшін дөңгелектердің астына ағаш білеулер, тастар немесе өзге материалдар салыңыз.
4. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
5. Тұрақ тежегішін жіберіңіз және кедергіден өту үшін жылдамдықты жайымен көбейтіңіз.

Ескерту

Автокөлікті шұңқырдан итеріп шығару кезінде келесілерге назар аудару керек:

- > Басқа автокөліктерге, заттарға және адамдарға соғылуына жол бермеу үшін айналада бос кеңістіктің жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз.
- > Кедергіні еңсеру кезінде автокөлік кенеттен алға жұлқып шығуы немесе күтпеген жерден артқа жылжып кетуі мүмкін — сондықтан ерекше сақ болыңыз.

Егер автокөлік тіреліп немесе батып қалса, және оны жоғарыда көрсетілген тәсілдермен шығарып алу мүмкін болмаса, кәсіби құтқарушылардың көмегіне жүгініңіз немесе клиенттерге арналған шұғыл байланыс желісіне қоңырау шалыңыз. Кәсіби маман емес тұлғалардың көмегіне жүгінуге тыйым салынады.

Ескерту

Күрделі жағдайды жою және апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде төмендегі нұсқауларды басшылыққа алыңыз, олай етпесеңіз, автокөлікті зақымдап алуыңыз және тіпті адамдардың амандығына қауіп төндіруіңіз мүмкін.

1. Сүйреу үшін сүйреу құлақшасын қолданған кезде автокөлікті зақымдауы және адамдарға қауіп төндіруі мүмкін сүйреу құлақшасының немесе сымарқанының үзіліп кетіп, кері серпілуін болдырмау үшін сымарқанның ортаңғы бөлігіне жалаушалар байлануы тиіс.
2. Бүйірден немесе тік бұрышпен сүйреуге тыйым салынады. Сүйреу құлақшасын қолданған кездегі оңтайлы бұрыш тігінен 5° және көлденеңінен 25° диапазонын құрайды.
3. Жұлқи отырып сүйреуге тыйым салынады. Сүйреудің бастапқы жылдамдығы 5 км/сағ-тан аспауы тиіс (сымарқан керілгенге дейін қозғалыс баяу болуы тиіс).
4. Сүйреу құлақшасын қолданған кезде сүйреудің тарту күші 30 кН-нан аспауы керек.



Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Төтенше шақыру жүйесі

Тек полицияның немесе медициналық ұйымның көмегіне жүгіну қажет болған жағдайда ғана көмек туралы өтінішпен PSAP (қоғамдық қызмет көрсету орталығына) қоңырау шалу үшін осы жүйені қолдануға болады.

Түймелер мен индикаторлар (1-тип)

Төтенше шақыру түймесі  мен жүйенің өзіндік диагностика түймесі  кітап оқуға арналған шам панелінде орналасқан.



AE22B314AA7F

Пайдалы ақпарат

Жүйенің өзіндік диагностикалау түймесін сервис орталығы төтенше шақыру жүйесінің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін қолданады. Пайдаланушының араласуын қажет етпейді.


Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрған кезде төтенше шақыру түймесінің көмескі жарығы келесі режимдерде болуы мүмкін:

Жүйенің күйі	Түймені жарықтандыру режимі
Қосқан кезде жүйенің өзін-өзі тексеруі кезінде (оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде)	Қызыл жарық қосқаннан кейін бірнеше секундтан соң сөнеді
Жүйе күту режимінде тұр	Егер автокөліктің көмескі жарығы қосулы болса, түйме жасыл түспен жанады; егер автокөліктің жарығы өшіп тұрса, түйме жанбайды
Нөмір теріліп жатыр	Түйме қызыл түспен жыпылықтайды
Байланыс орнатылды	Көмескі жарық қызыл түспен жанып тұр
Жүйе ақаулы	Көмескі жарық қызыл түспен жанып тұр (алайда шақыру орындалмай жатыр)

Пайдалы ақпарат

Жүйенің ақаулары туындаған кезде тексерістен өту үшін сервис орталығына дереу хабарласыңыз.

Түймелер мен индикаторлар (2-тип)

Төтенше шақыру түймесі  кітап оқуға арналған шам панелінде орналасқан.



F8ED7735A591

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрған кезде түймедегі индикатор келесі режимдерде болуы мүмкін:

Жүйенің күйі	Индикатордың күйі
Қосқан кезде жүйенің өзін-өзі тексеруі кезінде (оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде)	Қызыл және жасыл жарық кезек-кезек бірнеше секундқа жанады және сөнеді
Жүйе күту режимінде тұр	Индикатор жанбай тұр
Нөмір теріліп жатыр	Түйме қызыл түспен жыпылықтайды
Байланыс орнатылды	Жасыл жарық жанады
Жүйе ақаулы	Көмескі жарық қызыл түспен жанып тұр

i Пайдалы ақпарат

Жүйенің ақаулары туындаған кезде тексерістен өту үшін сервис орталығына дереу хабарласыңыз.

Төтенше көмек шақыру

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрған кезде төтенше шақыру түймесін басып тұрыңыз (3 секундтан ұзақ), жүйе PSAP көмек шақыруды орындайды. Бұл ретте жүйе PSAP қызметіне автокөліктің орналасқан жері туралы ақпаратты және басқа да мәліметтерді жібереді. Егер шақыру кезінде (бұл кезде түйменің фондық көмескі жарығы қызыл түспен жыпылықтауы тиіс) сіз шақырудан бас тартуды шешсеңіз, түймені тағы бір рет басыңыз және кемінде екі секунд бойы ұстап тұрыңыз.

Автокөлік ауыр соқтығысқанда немесе төңкерілгенде, оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON күйінде тұрғанда жүйе көмек шақыру үшін сигналды автоматты түрде PSAP қызметіне жібереді. Бұл ретте жүйе PSAP қызметіне автокөліктің орналасқан жері туралы ақпаратты және басқа да мәліметтерді жібереді.

i Пайдалы ақпарат

Байланыс орнатылғаннан кейін қоңырау тек PSAP тарапынан ғана үзіле алады.

Қосалқы қоректендіру

Төтенше шақыру жүйесі қосалқы аккумулятор батареясымен жабдықталған. Егер автокөліктің аккумуляторы ЖКО кезінде істен шықса, ол жүйенің қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді.

Ақаулықтар болмаған жағдайда қосалқы аккумулятор батареясының заряды жеткіліксіз болса, қозғалтқышты оталдырғаннан кейін жүйе оны автоматты түрде зарядтайды.

i Пайдалы ақпарат

Қосалқы аккумулятор батареясының қызмет ету мерзімі үш жылды құрайды.

Қосалқы аккумулятор батареясының күйі туралы ақпарат алу үшін ресми сервис орталығына хабарласыңыз.

6

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау қажеттігі.....	196
Мотор бөлімі	197
Қауіпсіздік жапсырмалары мен белгілері	202
Бөлшектерді ауыстыру	204
Техникалық қызмет көрсету ...	209

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау қажеттілігі

Техникалық қызмет көрсету — бұл автокөлікті жөндеумен байланысты күрделі ақаулықтардың туындауының алдын алуға көмектесетін автокөлік күйін диагностикалау шарасы.

Пайдалану барысында автокөліктің құрамдас бөлшектері сөзсіз тозады. Басқару қауіпсіздігін кепілдендіру үшін жүйелі түрде жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өтіп отыру және автокөлікке жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл автокөліктің пайдалану сипаттамаларын барынша ұзақ сақтауға мүмкіндік береді.

Техникалық қызмет көрсетуден өту автокөлікті сенімді әрі уайымсыз пайдалануыңызға мүмкіндік береді.

Техникалық қызмет көрсету барысында автокөлік бөлшектерінің күйіне сәйкес алдын алу шаралары ретінде профилактикалық жөндеу жұмысын жүргізуге болады, бұл көлік құралын қауіпсіз жүргізе алуыңыз және келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін оның күйі туралы уайымдамауыңыз үшін қажет.

Автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзарту және пайдалану шығындарын азайту

Тежегіш қыспақтары, шиналар және өзге де бөлшектер пайдалану барысында біртіндеп тозады және олардың қызмет ету мерзімі шектеулі. Тозу шегінен асып кеткен бөлшектерді пайдалану автокөліктің бұзылуына алып келеді, тіпті жол-көлік оқиғасының орын алуына түрткі болуы мүмкін. Сондықтан жоспарлы техникалық қызмет көрсету — бұл қажеттілік.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Сақтық шаралары

Ескерту


- > Мотор бөлімінде жұмыс жүргізген кезде ерекше сақ болу қажет!
- > Майды тексеру және құю кезінде күйік шалудан немесе өрттің шығуынан сақтану үшін келесі қағидаларды сақтау қажет:
 - Автокөлікті жабыңыз.
 - Автокөлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз.
 - Қозғалтқыштың толық суығанын күтіңіз.
 - Мотор бөліміне балаларды жақындатпаңыз.
 - Ыстық қозғалтқыштың үстіне майдың төгілуіне жол бермеңіз.
 - Мотор бөліміне судың тиюіне жол бермеңіз.
- > Отын жүйесімен немесе электр жабдықтарымен жұмыс істегенде өрттің шығуынан сақтану үшін келесі қағидаларды сақтаңыз:
 - Аккумулятордың теріс клеммасын ағытыңыз.
 - Шылым шекпеңіз.
 - Жұмыстарды ашық оттың жанында жасамаңыз.

Назар аударыңыз!

Сұйықтықтарды қосымша құйған кезде олардың араласып кетпеуін қадағалаңыз, себебі бұл автокөліктің күрделі функционалдық ақауларына және тораптарының зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Майлар мен сұйықтықтар

Е20СВ қозғалтқышы бар автокөлік




AE9F060E8360

- A. Әйнеюжұғыш сұйықтығының бағы
- B. Май құю аузының тығыны
- C. Майөлшегіш сүңгі
- D. Тежегіш сұйықтығының бағы
- E. Радиатор қақпағы
- F. Кеңейткіш бак

Мотор майы

Тексеру



(A) Төменгі деңгей

(B) Жоғарғы деңгей

Автокөлікті тегіс көлденең алаңға тоқтатыңыз, қозғалтқышты қалыпты жұмыс температурасына дейін қыздырыңыз, содан кейін оталдыру жүйесінің құлпын LOCK күйіне бұраңыз, 10 минуттан кейін мотор майының деңгейін тексеріңіз.

Май деңгейі майөлшегіш сүңгінің төменгі және жоғарғы белгілерінің арасында орналасуы тиіс. Егер май деңгейі төменгі деңгей белгісіне жақын немесе одан төмен болса, деңгейді төменгі және жоғарғы деңгейдің арасындағы белгіге дейін көтеру үшін дер кезінде қосымша май құю қажет.

I Пайдалы ақпарат

- > Майөлшегіш сүңгінің пішіні қозғалтқыш түріне байланысты әртүрлі болады.
- > Автокөлікпен тік өрге қарай көтерілмес бұрын мотор майының деңгейінің майөлшегіш сүңгінің астыңғы және үстіңгі белгілерінің арақашықтығының кемінде 1/3 бөлігінде тұрғанына көз жеткізіңіз; егер май деңгейі жеткілікті болмаса, мотор майын құйыңыз.

▲ Ескерту

- > Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде белбеулерге, салқындату желдеткішіне және басқа да қозғалып тұратын бөлшектерге жақындатқан кезде қолдарыңызды, киіміңізді немесе құралдарды орап әкетуі ықтимал, бұл жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін.
- > Мотор майын тексергенде және

қосымша құйған кезде күйіктерден сақтану үшін абай болу қажет.

- > Мотор майы дұрыс сақталуы тиіс. Майдың топыраққа немесе суға тегілуі қоршаған ортаның ластануына алып келуі мүмкін.

Қосымша құю

Қозғалтқыштың май құятын аузының қақпағын ашыңыз да, майды ернеуден асып тегілуіне жол бермей, жайымен құйыңыз. Сыртына аққан жағдайда дереу сүртіп алыңыз. Сүртілмеген жағдайда мотор бөлімінің бөлшектері зақымдануы мүмкін.

Қозғалтқыштың жұмыстық сипаттамаларын қамтамасыз ету және қызмет ету мерзімін кепілдендіру үшін мотор майының маңызы зор, сондықтан жоғары сапалы тазартылған мотор майын пайдаланған жөн. Автокөліктің пайдаланушылық сипаттамаларын сақтау үшін көрсетілген май түрін ғана қолданыңыз.

Мотор майына қосылатын қоспалар

Автокөлік мотор майына қоспалар қосуды қажет етпейді. Олар қозғалтқыштың сипаттамаларын жақсартпайды және оның қызмет ету мерзімін ұзартпайды.

▲ Назар аударыңыз!

- > Қозғалтқыштағы мотор майын жүйелі түрде тексеріп және ауыстырып отырыңыз. Олай етпеген жағдайда майдың жеткіліксіз мөлшері немесе оның ескіруі қозғалтқыштың айналатын бөлшектерінің нашар майлануына алып келеді де, қозғалтқыштың қақтануы және зақымдалуы орын алады.
- > Мотор майы майлау және салқындату функциясын атқарады, тіпті қалыпты жүргізу мәнерінде де поршеньдер мен клапандарды майлап тұратын майдың бір бөлігі отынмен араласып, жану камерасында жанып кетеді, бұл қозғалыс кезінде май көлемінің азаюына алып келеді. Май көлемінің азаю дәрежесі қозғалыс жағдайларына байланысты.
- > Қозғалтқышқа қосымша май құйған кезде талап етілетін май көлемінен асырмау қажет.

Қозғалтқышты салқындату сұйықтығы

Тексеру

Кеңейткіш бақтағы салқындату сұйықтығының деңгейін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.

Ол жоғарғы және төменгі белгілер арасында болуы тиіс.

Егер салқындату сұйықтығының деңгейі төменгі белгіден төмен болса, ол төменгі және жоғарғы белгілер арасындағы деңгейге дейін көтерілгенше үстемелеп құю, сондай-ақ салқындату жүйесінде сұйықтықтың жылыстаған жерлерінің бар-жоғын тексеру қажет.

Қосымша құю

Қозғалтқыштың суығанын күтіңіз, содан кейін жайымен тығынын бұрап ашыңыз.

Егер салқындату сұйықтығы сыртқа ақса, бөлшектер мен бояуды зақымдамауы үшін оны дереу сүртіп алу қажет.

Салқындату сұйықтығының көрсетілген түрін ғана пайдаланыңыз.

I Пайдалы ақпарат

- > Салқындату сұйықтығын этиленгликольмен араластыру оның қату температурасын төмендетуге мүмкіндік береді. Сұйықтықты рұқсат етілмеген жерге төгуге тыйым салынады, төгілген жағдайда бұл суқоймалардың ластануына алып келуі мүмкін.
- > Салқындату сұйықтығын ауыстыру үшін сервистік компанияға жүгініңіз.

▲ Ескерту

- > Әлі суымаған қозғалтқыштың кеңейткіш бағының тығынын шешіп алуға тыйым салынады. Салқындату жүйесінде жоғары қысым болуы мүмкін. Қақпақты ашқан кезде ыстық салқындату сұйықтығы атқылап шығуы, бұл күйік шалуға немесе басқа жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- > Салқындату сұйықтығының құрамында зиянды заттектер бар. Салқындату сұйықтығының қандай да бір дене мүшеңізге тиюіне жол бермеңіз, ал

егер мұндай жағдай орын алса, көп мөлшерде сумен жуыңыз.

- > Салқындату сұйықтығын кездейсоқ жұтып қойған жағдайда кідірместен медициналық көмекке жүгініңіз.

Тежегіш сұйықтығы

Тексеру

Бақтағы тежегіш сұйықтығының деңгейін жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз.

Ол жоғарғы және төменгі белгілер арасында болуы тиіс.

Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі төменгі белгіден төмен болса, ол төменгі және жоғарғы белгілер арасындағы күйге дейін көтерілгенше үстемелеп құю, сондай-ақ тежеу жүйесінде сұйықтықтың жылыстайтын жерлерінің бар-жоғын тексеру қажет.

Қосымша құю

Тежегіш сұйықтығы бағының қақпағын бұрап ашыңыз және сыртына құйылуына жол бермей, сұйықтықты жайымен құйыңыз. Сыртына аққан жағдайда дереу сүртіп алыңыз. Сүртілмеген жағдайда мотор бөлімінің бөлшектері зақымдануы мүмкін.

Тежегіш сұйықтығының көрсетілген түрін ғана қолданыңыз.

▲ Ескерту

- > Тежегіш сұйықтығының жеткіліксіздігі тежеу тиімділігіне әсер етеді және апаттық жағдайдың орын алу қаупін тудырады.
- > Тежегіш сұйықтығы денсаулық үшін қауіпті болып табылады және коррозия тудыратын қасиеттерге ие. Тежегіш сұйықтығы теріге тиген жағдайда оны көп мөлшерде таза сумен жуып кетіріңіз. Жұтып қойған жағдайда дереу дәрігерге қаралыңыз.

Әйнеқжуғыш сұйықтығы

Қосымша құю

Бактың қақпағын бұрап ашыңыз және сыртына құйылуына жол бермей, сұйықтықты жайымен құйыңыз. Сыртына аққан жағдайда дереу сүртіп алыңыз.

Жуғыштың жоғары сапалы сұйықтығын қолданған жөн, ол тазарту қабілетін жоғарылатады және суық ауа райында қатып қалмайды.

1 Пайдалы ақпарат

Егер қоршаған орта температурасы 0°C-тан төмен болса, антифриздік қасиеттері бар сұйықтықты қолданған жөн. Сұйықтықты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Сұйықтық жеңіл тұтанады және от көздерінен алыс жерде сақталуы тиіс.

▲ Назар аударыңыз!

Әйнекжуғыш сұйықтығы ретінде сабынды суды немесе басқа сұйықтықтарды қолданбаңыз. Бұл шанақтың лак-бояу жабынының зақымдалуына алып келуі мүмкін.

▲ Ескерту

Қозғалтқыш қызып тұрған немесе жұмыс істеп тұрған кезде жуу сұйықтығын қосымша құюға тыйым салынады. Оның құрамында спирт бар және қозғалтқышқа тиген жағдайда өрт шығуы мүмкін.

Радиатор, желдеткіш

Радиаторды, желдеткішті және мотор бөліміндегі басқа да салқындату құрылғыларын жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Егер олар қатты ластанған болса, кідірместен тазалап алыңыз. Радиатордың қалыпты жұмыс істеп тұрғанын анықтай алмасаңыз, сервис орталығына жүгініңіз.

Төтенше жағдайларда әрбір жол жүргеннен кейін (мысалы, суды кешіп өту, құмның, қиыршық тастардың және т.с.с. үстімен жүру) радиатордың, желдеткіштің және мотор бөліміндегі басқа да салқындату құрылғыларының ластанбағанын тексеріңіз. Ластанған жағдайда қарап тексерту және тазалату үшін сервис орталығына жүгініңіз.

Аккумулятор батареясы

Бұл автокөлікте қызмет көрсетілмейтін аккумулятор батареясы қолданылады.

Аккумулятор батареясының заряды жеткіліксіз болған жағдайда оны зарядтаңыз немесе ауыстырыңыз. Ауыстырту үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Қауіпсіздік жапсырмалары мен белгілері

Мотор бөліміндегі ескертуші жапсырмалар



Жапсырмалар мотор бөлімінің алдыңғы қабырғасында немесе радиатор торының сәндік панелінде орналасады және келесілер туралы хабар береді:

- > Кондиционер жүйесіне арналған фреонның маркасы мен көлемі туралы.
- > Салқындату желдеткішінің кез келген сәтте қосылып кетуі мүмкін екені және желдеткіштің қорғаныш қаптамасының астына қол сұғуға қатаң түрде тыйым салынатыны туралы. Қол сұққан жағдайда желдеткіш күтпеген жерден қосылып кетіп, ауыр жарақат келтіруі мүмкін.

Радиатор қақпағындағы ескерту жапсырмасы

1-тип



2-тип



Бұл белгі радиатор қақпағында орналасқан. Ол қозғалтқыш қызып тұрған кезде радиатор қақпағын ашуға тыйым салынатынын ескертеді. Ашқан жағдайда күйіп қалу және салқындату сұйықтығының тегілу қаупі бар.

Аккумулятор батареясындағы ескертуші жапсырмалар

1-тип



2-тип



Бұл белгілер аккумуляторда орналасқан. Олар аккумуляторды орнатар, шешіп алар және тексерер алдында келесі қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттігін ескертеді.

- > Балаларға аккумуляторға жақындауға тыйым салынады.
- > Аккумуляторды қолданған немесе зарядтаған кезде жанғыш газ бөлінеді, сондықтан оны жылу көздерінен және ашық оттан алшақ ұстау қажет. Әйтпесе аккумулятор тұтануы немесе жарылуы мүмкін.
- > Аккумулятордың ішінде күйдіргіш сұйықтық бар.
- > Онымен жұмыс істеу кезінде қорғаныш көзілдірік кию және өзге де сақтық шараларын сақтау қажет.

Бөлшектерді ауыстыру

Автокөліктің жабдықталуы


Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Сақтандырғыштар

Егер қандай да бір электр тораптары істен шықса, оның себебі сақтандырғыштың күйіп кетуімен байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда төменде сипатталған тәртіпке сәйкес тексеру жүргізуге және қажет болса, сақтандырғышты ауыстыруға кеңес береміз:

1. Барлық электр құрылғысын өшіріңіз.
2. Оталдыру жүйесінің ажыратқышын LOCK күйіне ауыстырыңыз, автокөлікті тұрақ тежегішіне қойыңыз және аккумулятор батареясының теріс клеммасынан сымды ажыратыңыз.
3. Сақтандырғыштар келесі жерлерде орналасқан:

> Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогында



78F038BD6DF4

Сақтандырғыштар блогын ашу үшін сақтандырғыштар блогы қақпағының екі ілгішін басыңыз, содан кейін қақпақты жоғары қарай тартыңыз.

> Жоғары қарай тартыңыз, рульдің жанында тақтасында




7213BDF343C9

Сақтандырғышты ұсақ-түйекке арналған бөлімді суретте көрсетілгендей (сақтандырғыштар блогының қақпағын) шешіп алу арқылы көруге болады.

Ұсақ-түйекке арналған бөлімді шешіп алу және орнату туралы ақпаратты «Аспаптар тақтасындағы ұсақ-түйек бөлімін шешіп алу және орнату» бөлімінен қараңыз. (> 204-бет)

> Жүксалғыш қақпағының астында



E7288137AD2D


Жүксалғыш қақпағын ашыңыз, сақтандырғыштар блогының технологиялық саңылауының қақпағын шешіп алыңыз. Сақтандырғыштар блогын ашу үшін қақпақтың бекіткішін қысыңыз, содан кейін қақпақты жоғары қарай тартыңыз.

⚠ Назар аударыңыз!

> Электр компоненттеріне зақым келтірмеу үшін судың және өзге сұйықтықтардың сақтандырғыштар блогына кіруіне жол бермеңіз.

> Сақтандырғыштар блогының қақпағын орнатқаннан кейін оның дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе блокқа судың және балшықтың кіруі сақтандырғыштардың жұмысын бұзуы мүмкін.

4. Сақтандырғышты шығарып алу үшін автокөлікпен жиынтықта жеткізілетін арнайы ашаны қолданыңыз. Сақтандырғыштардағы белгілемелерге сәйкес ақаулы электр құралының сақтандырғышын табыңыз. Оны тексеріңіз.



569B84B04E08


⚠ Назар аударыңыз!

> Аша мен қосалқы сақтандырғыш мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогының қақпағында орналасқан.

> Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогының қақпағына және аспаптар тақтасындағы сақтандырғыштар блогының қақпағына жапсырмалар жабыстырылған. Жапсырмаға қарап, сақтандырғыштар мен электр компоненттерінің арасындағы сәйкестікті анықтауға болады.

> Ақаулық бірнеше сақтандырғыштан туындауы мүмкін болғандықтан, ақаулықты жоймас бұрын барлық сақтандырғышты тексеріп шығу қажет. Егер ақаулықты әлі де түзету мүмкін емес болса, сервис орталығына хабарласыңыз.

5. Егер сақтандырғыштың ішіндегі өткізгіш күйіп кеткен болса, оны дәл сондай номиналы бар қосалқы сақтандырғышпен алмастырыңыз.



8DC672024A26

(A) Істеп тұрған сақтандырғыш

(B) Күйіп кеткен сақтандырғыш

⚠ Ескерту

Күйіп кеткен сақтандырғышты жөндеуге немесе оны басқа түсті және ток күшінің мәні басқа сақтандырғышпен ауыстыруға тырыспаңыз. Бұл сымдарға түсетін шектен тыс жүктемеден тұтануға алып келуі мүмкін.

6. Электр тораптарының дұрыс жұмыс істейтінін тексеріңіз.

⚠ Назар аударыңыз!


Егер ток күшінің мәні дәл сондай қосалқы сақтандырғыш қайтадан күйіп кетсе немесе электр құрылғысы бұрынғыша ақаулы күйінде қалса, бұл автокөліктің электр жүйесінің күрделі ақаулығын білдіруі мүмкін. Бұл жағдайда кідірместен ресми сервис орталығына жүгіну қажет.

Аспаптар тақтасындағы ұсақ-түйектерге арналған бөлімді шешіп алу

Аспаптар тақтасындағы сақтандырғыштарды тексеру үшін аспаптар тақтасындағы ұсақ-түйектерге арналған бөлімді шешіп алу қажет. Шешіп алу тәртібі келесідей:

Шешіп алу

1. Ұсақ-түйекке арналған бөлімді ашыңыз және сол жақ қысқыш пен шектегіш штифтті аспаптар тақтасынан ажырату үшін оны көрсеткімен көрсетілген бағытқа қарай тартыңыз.



CD9F708FA9C3

(A) Сол жақ қысқыш

(B) Шектегіш штифт

2. Бөлімді суретте көрсетілгендей оң жақ қысқыш пен шектегіш штифт аспаптар тақтасынан ажыратыңдай етіп, көрсеткі бағытына қарай тартыңыз, содан кейін ұсақ-түйекке арналған бөлімді шешіп алуға болады.



B995C85D606B

Орнату

Алдымен бөлімнің екі жағынан қысқыштарды орнына орнатыңыз. Содан кейін штифт орнына түсуі үшін бөлімді жабыңыз.

Әйнектазартқыш щеткалары

Алдыңғы

әйнектазартқыштардың щеткаларын ауыстыру

Әйнектазартқыш щеткаларының күйін жүйелі түрде тексеріп отыру қажет. Щеткаларды келесі жағдайларда ауыстыру керек:

- > Әйнектазартқыш щеткаларының жарықтары немесе ішінара қатайып кетуі.
- > Әйнектазартқыштарды қолданған кезде әйнектің бетінде жолақтар немесе лас дақтар қалады.

⚠ Назар аударыңыз!

Әйнектазартқыштарды көтергенде және түсіргенде щеткалардың деформациялануын және бұзылуын болдырмау үшін оларды қатты тартуға тыйым салынады.

1. Әйнектазартқыштардың иінтіректерін алдыңғы әйнектен көтеріңіз.

⚠ Назар аударыңыз!


Әйнектазартқыштар көтерулі тұрғанда капотты ашпаңыз. Ашылған жағдайда капот пен әйнектазартқыштар зақымдалуы мүмкін.

2. Әйнектазартқыш щеткасы мен пластмасса қосқыштың арасындағы бұрышты барынша ұлғайту үшін щетканы суретте көрсетілгендей көрсеткі бағытында бұраңыз.



B26AF2BA18B2

3. Щетканы әйнектазартқыш иінтірегінен шешіп алыңыз.



70E1DDF744AB

- (A) Әйнектазартқыш щеткасы
(B) Бекіткіш

Бекіткішін басыңыз да, көрсеткімен көрсетілген бағытта тарту арқылы щетканы шешіп алыңыз.

▲ Назар аударыңыз!

Әйнектазартқыш щеткалары орнатылғанша әйнектазартқыш иінтіректерін алдыңғы әйнекке түсіруге тыйым салынады, түсірген жағдайда бұл әйнектің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

4. Әйнектазартқыштың жаңа щеткасын орнатыңыз және әйнектазартқышты қайтадан алдыңғы әйнектің бетіне түсіріңіз.

Орнату қолайлы болуы үшін 2-қадамды қараңыз және әйнектазартқыш щеткасы мен пластмасса қосқыштың арасындағы бұрышты барынша ұлғайтыңыз.

Орнату аяқталғаннан кейін сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін әйнектазартқышты жоғары-төмен жылжытып көріңіз.

Артқы әйнектазартқыш щеткасын ауыстыру

1. Әйнектазартқыштардың иінтіректерін алдыңғы әйнектен көтеріңіз.

▲ Назар аударыңыз!

Артқы әйнектазартқыштың иінтірегінің максималды көтерілу бұрышы шамамен 45°-ты құрайды. Бұзылуына жол бермеу үшін оны одан жоғары көтеруге тырыспаңыз және көп күш салмаңыз.

2. Щетканы суретте көрсетілген бағытта тартыңыз және иінтіректен шешіп алыңыз.



3AC3CEB9D50F

▲ Назар аударыңыз!

Әйнектазартқыш щеткалары орнатылғанша әйнектазартқыш иінтіректерін алдыңғы әйнекке түсіруге тыйым салынады, түсірген жағдайда бұл әйнектің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

3. Әйнектазартқыштың жаңа щеткасын орнатыңыз және әйнектазартқышты қайтадан алдыңғы әйнектің бетіне түсіріңіз.

Шамдар

Автокөлік зауыттан шығар алдында алдыңғы фаралар реттеуден өтеді. Егер автокөлікті жүк тасымалдауға жиі қолданатын болсаңыз, қайта реттеу қажет болуы мүмкін. Ол үшін ресми сервис орталығына жүгініңіз.

Шамдарды ауыстыру

Автокөліктің шамдарының бәрі жарықдиодты. Егер шам істен шықса және өз бетіңізше шеше немесе ауыстыра алмасаңыз, ресми сервис орталығына жүгінуге кеңес береміз.

▲ Ескерту

- > Сыртқы жарықтандыру құралдарының және сигналдық жабдықтардың құрылысын өзгертуге тыйым салынады.
- > Стандарттарға сәйкес келмейтін сыртқы жарық құралдары мен сигналдық жабдықтарды орнатуға тыйым салынады.

Автокөлік фараларының ішінен булануы

Жаңбырлы ауа райында көлік жүргізгенде немесе автокөлікті жуу кезінде фаралардың ішкі бөлігі булануы мүмкін. Бұл фараның ішіндегі және сыртындағы температуралардың айырмашылығынан орын алады. Бұл құбылыс жаңбырлы ауа райында автокөлік терезелерінің булануына ұқсас және шамның жұмысына әсер етпейді. Алайда егер әйнектердің астында немесе шамдарда су жиналатын болса, тексерту үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Назар аударыңыз!

Зақымдалуына жол бермеу үшін автокөлік фараларының әйнектеріне химиялық еріткіштер немесе күшті әсер ететін жуғыш құралдар қолдануға тыйым салынады.

Автокөліктің жабдықталуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Шиналарға күтім жасау

Көлік жүргізу қауіпсіздігі үшін дөңгелектердің түрі мен өлшемі автокөлігіңізге сәйкес келуі және шиналардың протекторы мен ауасының қысымы дұрыс келуі тиіс.

⚠ Ескерту

- > Тозу дәрежесі жоғары, зақымданған жерлері бар, ауасының қысымы жеткіліксіз немесе артық шиналарды пайдаланбаңыз, себебі бұл апат жағдайына және жарақат алуға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- > Осы нұсқаулықта келтірілген шиналарға ауа үрлеу және техникалық қызмет көрсету бойынша барлық нұсқауды сақтау қажет.
- > Дөңгелек қаптарын өз бетінше өртеген кезде улы газ бөлінеді. Дөңгелек қаптарын қайта өңдеу үшін жеткізушіге өткізіңіз.

Ойлы-қырлы жерлермен жүру

Ойлы-қырлы жерлермен жүрер алдында сапардың жағдайларына сәйкес келуі үшін шиналардағы қысымды азайтуға болады. Сапар аяқталғаннан кейін шиналарға міндетті түрде стандартты қысымға дейін ауа үрлеңіз. Шиналардағы қысымның жеткіліксіздігі сызаттар мен жарықтардың пайда болуының негізгі себебі болып табылады.

Ойлы-қырлы жерлермен жүрер алдында дөңгелектер мен шиналардың зақымданған жерлерінің бар-жоғын қарап тексеріңіз.

Ойлы-қырлы жермен жүру дөңгелектер мен шиналардың зақымдануына, көлікті тізгіндей алмай қалуға және жарақаттарға алып келуі мүмкін.

Шиналарды қарап тексеру

Шиналардағы қысымды тексерген сайын сондай-ақ зақымдарының, тесіктерінің жоқ екеніне көз жеткізу, олардың тозу дәрежесін және т.с.с. бағалау қажет.

Төмендегі жағдайлар туындаса, дереу шиналарды ауыстырыңыз:

- > Шиналардың протекторларында немесе бүйірінде зақымданған жерлері немесе ісіктері бар.
- > Протектордың шектен тыс тозуы.

Шиналардағы қысым

Берілген ауа қысымы бар шиналар автокөліктің басқарылу жеңілдігінің, шиналардың қызмет ету мерзімінің және жүргізу жайлылығының оңтайлы үйлесімін қамтамасыз етеді.

Шиналардағы жеткіліксіз қысым әрқелкі тозуға алып келеді, көліктің басқарылуына, отын шығынына (іштен жану қозғалтқышы бар автокөлікте), энергия тұтынуға (электрмобиль) әсер етеді, сондай-ақ шектен тыс қызу және ауасының жылыстау ықтималдығын тудырады.


Шиналардағы шектен тыс қысым автокөлікпен сапардың жайлылығын төмендетеді, сондай-ақ тегіс емес жол жабынында шиналардың зақымдалу ықтималдығын жоғарылатады және олардың әрқелкі тозуына алып келеді. Қосалқы дөңгелекті (бар болса) қоса алғанда, шиналардағы қысымды жүйелі түрде тексеріп отыруға кеңес беріледі.

Қысымды шиналардың салқын күйінде тексеру қажет. Ең дәл өлшеу деректерін автокөлік қозғалысыз 3 сағаттан көп уақыт тұрған кезде немесе жүріп өткен қашықтық 1,5 км-ден аспайтын жағдайда алуға болады. Егер шиналардағы қысымды ыстық күйінде (бірнеше километр жол жүргеннен кейін) өлшесеңіз, оның мәні салқын күймен салыстырғанда 30-40 кПа-ға жоғары болады. Бұл - қалыпты жағдай. Мұндай жағдайда қысымды салқын күйде болуы тиіс мәнге жеткенше азайтуға болмайды, себебі нәтижесінде ол нормадан кем болып қалады.

i Пайдалы ақпарат

Шиналар өте жақсы күйде болғанына қарамастан, олардағы қысым айына 10-20 кПа-ға төмендеп отыруы мүмкін, сондықтан жүйелі түрде тексеріп отыру қажет.

Шиналардың тозуы



- (A) Тозу индикаторы
(B) Тозу индикаторларының орналасу схемасы

i Пайдалы ақпарат

Тозу индикаторларының орналасу схемасы танысу мақсаттарына ғана арналған схемалық карта болып табылады. Автокөліктің нақты моделінің деректеріне сүйеніңіз.

Сыни тозу шегіне жеткен кезде шинаны мүмкіндігінше тездетіп ауыстыру қажет. Егер бедері терең емес немесе тозу белгілері бар шиналарды пайдалануды жалғастырсаңыз, бұл тежеу жолының ұлғаюына, рульдің бұзылуына және шинаның жарылуына алып келеді, нәтижесінде апат орын алуы мүмкін.

Егер шиналардың әркелкі тозуы байқалса немесе қозғалыс кезінде үздіксіз діріл сезілсе, тексерту үшін сервис орталығына хабарласыңыз. Сапарлардың жайлылығын арттыру және шиналардың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін жаңа шиналарды орнату кезінде міндетті түрде дөңгелектерге динамикалық теңгеру жүргізу қажет.

Шиналарды алмастыру

Шиналардың қызмет ету мерзімін ұзарту және олардың біркелкі тозуын қамтамасыз ету үшін алдыңғы және артқы

дөңгелектердің шиналарын жүйелі түрде алмастырып отыруға кеңес береміз.

Шиналарды алмастыру үшін сервис орталығына жүгініңіз.

Дөңгелектерді теңгеру

Теңгерілмеген дөңгелектер автокөліктің басқарылуын нашарлатады және шиналардың қызмет ету мерзімін қысқартады. Дөңгелектердің теңгерімінің жоғалуы тіпті қалыпты пайдалану барысында да орын алады. Сондықтан теңгеру параметрлеріне сәйкес жүйелі түрде теңгеру жүргізіп отыру қажет.

Шиналардың жалпаюына жол бермеңіз.

Жоғары температура жағдайларында автокөлік ұзақ уақыт тұрақта тұратын болса, шина жер бетімен жанасқан жерінде жеңіл деформацияға ұшырайды. Бұл «шинаың жалпаюы» деп аталады және қалыпты жағдай болып табылады. Әйтсе де жалпаю қозғалыс кезінде автокөліктің және рульдің діріліне алып келуі мүмкін. Шиналардың қозғалыс барысында қызып, бастапқы пішініне оралғанына қарай жалпаю белгісі жойылады.

Автокөлік ұзақ уақыт тұрақта тұрған жағдайда шиналардың жалпаюын келесі тәсілдердің бірімен барынша азайтуға болады:

- > Шиналардағы қысымды ұлғайту (шамамен 300 кПа). Мұндай қысымды қалыпты жүргізу жағдайында қолдануға болмайды. Автокөлікті пайдаланар алдында шиналардағы қысымды ұсынылған мәндерге дейін азайтып алу қажет.
- > Кемінде 30 күнде бір рет (ең дұрысы 15 күнде бір рет) қысым түсетін нүктесі 90°-қа бұрылатындай етіп, автокөлікті орнынан жылжыту.

Люкке күтім жасау

Қызмет көрсету жиілігі

Қызмет көрсету жиілігі автокөлікті жүргізу жағдайларына және люктің пайдаланылу жиілігіне байланысты.

Автокөлікті топырағы құмды немесе жауын-шашыны көп аймақтарда пайдаланған жағдайда техникалық қызмет көрсету жиілігін азайтуға кеңес беріледі.

▲ Назар аударыңыз!

Люкке уақтылы қызмет көрсетпеу төбеден жауын-шашын суының кіруіне немесе автокөлікке тән емес дыбыстардың пайда болуына алып келуі мүмкін. Өртүрлі пайдалану жағдайларына сәйкес қызмет көрсету жиілігін реттеңіз. Мысалы, күшті құмды дауылдары бар аймақтарда немесе жиі қолданылатын маусымдар кезінде қызмет көрсету жиілігін азайту қажет.

Жоспарлы қызмет көрсету тәртібі

Автокөлік люгінің тығыздауыш таспаларына, механикалық бөлшектеріне немесе бағыттауыштарының ішіне шаң-тозаң және кір-қоқыс жиналып қалуы мүмкін, бұл люкте әдеттен тыс дыбыстарының пайда болуына немесе оның ақаулығына, сондай-ақ дренаждық жүйенің бітеліп қалуына алып келуі мүмкін. Төбе люгін жүйелі түрде ашып тұрыңыз, шаң-тозаңнан және кір-қоқыстан тазалаңыз, люктің тығыздауыш таспаларының бетін дымқыл шүберекпен сүртіңіз, механикалық бөлшектерін жүйелі түрде маймен майлаңыз.

Люкті ашыңыз және пайдалану барысында оның механизмінің кептелмейтінін тексеріңіз. Люк механизмі кептеліп қалатын болса, сервис орталығына хабарласыңыз.

▲ Назар аударыңыз!

- > Люкте ақаулық пайда болса, сервис орталығына хабарласыңыз.
- > Қатты аяздарда бетіне мұз қатып тұрғанда люктің электр қозғалтқышы мен тығыздауыш таспасын зақымдап алмау үшін люкті күшпен ашуға тырыспаңыз. Люкті автокөлік ішіндегі температура люктің және оның тығыздауыш таспасының мұзын жібітуге мүмкіндік беретін болғанда ғана ашуға болады.
- > Автокөлікті аяз кезінде жуғаннан кейін люкті ашыңыз және тығыздауыштарды шүберекпен құрғатып сүртіңіз.

- > Автокөлікті жуар алдында міндетті түрде люктің тығыз жабылғанын тексеріңіз және ауа арынын оның тығыздауыштарына тікелей бағыттамаңыз. Егер жоғары қысымды жуғыштың арынымен тығыздауыштар деформацияланатын болса, олар жарамсыз болып қалады және салонға су кіретін болады.
- > Өте оқапты жолдармен немесе таулы жерде жүрген кезде люкті ұзақ уақытқа толық ашық күйінде қалдырмаңыз. Ашық қалдырылған жағдайда селкілдеудің себебінен люктің ішкі механизмі зақымдалуы мүмкін.
- > Люктің герметикалық тығыздығын қамтамасыз ету үшін жаңбырлы жыл мезгілінде тығыздауыштардың күйін мұқият қадағалап жүру, оларға қиыршық тастардың және шаң-тозаңның тиюін болдырмау және оларды жүйелі түрде сүртіп жүру қажет.

Шанаққа күтім жасау

Автокөлікті жуу

Жүйелі түрде жуып тұру автокөліктің сыртқы түрін жақсы күйінде ұстап отыруға көмектеседі. Шаң-тозаң мен қиыршық тас лак-бояу жабынын қырнауы мүмкін, ал жапырақтар мен құс саңғырығы оның бетінің тегістігін бұзуы ықтимал.

Автокөлікті жуу кезінде күннің тікелей түсуін болдырмаңыз, көлеңкелі, салқын жерлерді таңдаңыз. Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы күн көзіне тұраққа қойылған болса, алдымен оны көлеңкелі салқын жерге ауыстырып қойыңыз және шанағының сууын күтіңіз, содан кейін жууға кірісіңіз.

Жуу тәртібі

1. Шанақтың бетінде жапырақтардың және құс саңғырығының жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Мұндай ластану белгілері болған жағдайда шанақ бетінің тегістігін бұзып алмау үшін оларды шүберекпен немесе тазартқыш құралмен сүртіңіз, содан кейін таза сумен жуыңыз.
2. Шаңын кетіру үшін шанақты таза сумен мұқият шайыңыз. Шанақты жұмсақ щеткамен, жөкенің немесе жұмсақ шүберектің көмегімен тазартқыш құралы бар сумен жуып шығыңыз.

3. Шелекке су толтырыңыз, шанақты шаюға арналған арнайы құрал қосыңыз және төбедең төмен қарай қозғала отырып, бірнеше рет шайып шығыңыз.
4. Жуып және шайып болғаннан кейін шанақты арнайы күдері шүберектің немесе жұмсақ түкті сүлгінің көмегімен құрғатып сүртiңiз. Автокөлікті өздігінен кептіріп қалдырмаған жөн, бұл шанақтың көмескіленуіне және айғыз іздердің пайда болуына алып келуі мүмкін.

Назар аударыңыз!

- > Химиялық еріткіштер мен күшті тазартқыш құралдар шанақтың лак-бояу жабынын, сондай-ақ металл және пластик бөлшектерін зақымдауы мүмкін.
- > Жуған соң, сондай-ақ су басқан жол телімдерінен өткеннен кейін тежегіш педалін жеңіл басу арқылы тежеу жүйесінің дұрыс қалпын тексеру қажет.
- > Тығыздауыштарға немесе өзектерге мұздың қатып қалуын болдырмау үшін суық ауа райында құлып өзектерін, есіктердің саңылауларын және осыған ұқсас жерлерді сумен жумаған жөн.
- > Автокөлікті жуған кезде ішкі жағын жуу үшін отын құю аузының люгін ашуға тыйым салынады.

Жылтырату

Автокөлікті жылтырату автокөлікке күтім жасау және оған техникалық қызмет көрсету үшін профилактикалық мақсатта орындалады. Жылтырату әрекетін орындар алдында жақсы нәтиже алу үшін автокөлікті мұқият тазалап алу қажет.

Бүгінгі таңда нарықта автокөлік жылтыратқыштарының сипаттамалары әртүрлі көптеген түрлері бар, сондықтан оларды таңдауда мұқият болған жөн. Сәйкес келмейтін жылтыратқышты пайдалану автокөлік шанағын қорғауды қамтамасыз ете алмауымен қатар, лак-бояу жабынының түсінің өзгеруіне алып келеді.

Жылтыратқыш балауызды қолдану ерекшеліктері, автокөліктің жасы, лак-бояу жабынының түсі және автокөліктің пайдаланылу жағдайлары секілді факторларды есепке алу қажет. Нақты сұрақтар бойынша сервис орталығына немесе мамандарға хабарласыңыз.

Лак-бояу жабынын қалпына келтіру

Автокөлік шанағында сызаттардың немесе бояудың қатпарланып ажырау белгілерінің бар-жоғын жүйелі тексеріп отырыңыз. Сыртқы ақаулар пайда болған жағдайда зақымдалу орнында металл коррозиясының түзілуін болдырмау үшін дереу жөндеу жұмыстарын жүргізіңіз.

Лак-бояу жабынын қалпына келтіруді шанақтың тек бояуы қатпарланып ажыраған немесе сызаттары бар шағын аймақтарында ғана жүргізуге болады. Шанақтың үлкен аймақтарында бояу қатпарланып ажыраған жағдайда мамандандырылған сервис орталығына жүгініңіз.

Жылыстау белгілерінің бар-жоғын тексеру

Автокөлікті беті тегіс жерге тұраққа қойып, біршама уақытқа қалдырыңыз, артынан автокөлік орнында отынның, майдың және өзге де сұйықтықтардың аққан іздерінің бар-жоғын тексеріңіз. Аққан сұйықтық іздері байқалған жағдайда диагностика жасату және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін сервис орталығына жүгініңіз.

Салонға күтім жасау

Ескерту

Тазартқыш құралдардың құрамында денсаулыққа зиянды және қауіпті заттектер болуы мүмкін. Салонды тазалау кезінде есіктерді немесе терезелерді ашып қоюға кеңес береміз. Автокөлікті жууға арналған жуғыш құралдарды ғана пайдаланыңыз және қаптамасында көрсетілген талаптар мен нұсқауларды орындаңыз.

Пайдалы ақпарат

Автокөлік салонын тазалап жинаған кезде судың немесе басқа сұйықтықтардың аспаптар тақтасының саңылауларына, еденге немесе жанында орналасқан электр құрылғыларына тікелей тиюіне жол бермеңіз.

Шанақтың коррозияға ұшырауына жол бермеу үшін автокөлік еденін сумен жумаңыз.

Еден жабыны

Еден жабынының шаң-тозаңын шаңсорғыштың көмегімен жүйелі түрде тазалап отырыңыз. Шаң-тозаңның шектен тыс көп жиналуы еден жабынының мезгілінен бұрын тозуына алып келеді.

Жуғыш құралдардың көмегімен жабындарды жүйелі түрде тазалап отырыңыз. Кілем жабындар үшін көбіктенетін жуғыш құрал пайдалануға кеңес береміз. Жабын мүмкіндігінше құрғақ күйінде қалуы үшін көбіктенгіш жуғыш құралды сумен ерітпеңіз.

Мата жабындар

Мата жабындардың шаң-тозаңын кетіру үшін жүйелі түрде шаңсорғышты пайдаланыңыз.

Қарапайым тазалау үшін жылы сабынды су ерітіндісіне малынған таза жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Айғыздану іздерінің пайда болуының алдын алу үшін кепкеннен кейін таза ылғал шүберекпен сүртіңіз және қоршаған ортада кептіріңіз.

Тұрып қалған дақтарды кетіру қажет болса, матаны тазалауға арналған құралдарды пайдаланыңыз. Тазартқыш құралды пайдалану бойынша нұсқаулықты орындаңыз.

Былғары

Шаң-тозаңды және кір-қоқысты кетіру үшін, әсіресе қатпарланған және тігісі бар жерлерде жүйелі түрде шаңсорғышты пайдаланыңыз.

Былғарыны тазалау үшін таза суға малынған жұмсақ шүберекті қолдануға болады, содан кейін оны жұмсақ құрғақ шүберекпен жайымен жылтырағанша ысқылап сүрту керек. Қосымша тазалау қажет болған жағдайда былғарыға арналған арнайы тазартқыш құралды пайдалануға болады. Былғарыға арналған тазартқыш құралды пайдаланғаннан кейін бірден оны жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Былғарыға арналған тазартқыш құрал сіңірілген шүберекті автокөлік салонында ұзақ уақытқа қалдырмаңыз. Былғарыға арналған кейбір тазартқыш құралдар мата түсінің көмескіленуіне немесе талшықтарының бұзылуына алып келуі мүмкін.

Резеңке бөлшектер

Қоршаған ортаның әсерінен резеңке бөлшектердің бетіне кір-қоқыс жиналуы мүмкін, осының әсерінен бөлшектің беті көмескі болып көрінеді. Резеңке бөлшектерді, әсіресе тозған бөлшектерді осындай бұйымдарға күтім жасауға арналған құралдардың көмегімен тазалаңыз.

Шуыл оқшаулағыштың зақымдалуына немесе бұзылуына жол бермеу үшін күнделікті күтім жасау барысында резеңке тығыздауыштарға күтім жасауға арналған, құрамында силиконы бар құралдарды пайдаланбаңыз. Су мен сәйкес келетін құралдарды ғана қолданыңыз.

Пластик элементтер

i Пайдалы ақпарат

Құрамында спирті немесе еріткіші (мысалы, нитроеріткіш, салқындатқыш еріткіш, бензин, әтірлер және косметикалық құралдар) бар сұйықтықтар бөлшектердің бетін зақымдауы мүмкін. Тазалау үшін (суға жеңіл малынған) микрофибрадан жасалған жұмсақ мата қолдануға кеңес береміз.

Пластик элементтер келесілерді қамтиды: жасанды былғарыдан жасалған бет, төбенің қаптамасы, шамдардың плафондары, дефлекторлар, салонның боялған бөлшектері.

Терезелер

Автокөлік әйнектерінің ішкі және сыртқы беттерін әйнектерге арналған жуғыш құралдың көмегімен тазалаңыз және барлық әйнек және пластик бетті жұмсақ шүберекпен немесе қағаз сүлгімен сүртіңіз.

⚠ Назар аударыңыз!

Артқы әйнектің ішкі жағына қыздыратын жіп орнатылған болса, әйнекті сүрту кезінде қатты басу жіптің орнынан жылжып кетуіне немесе үзілуіне алып келуі мүмкін. Сондықтан мұқият болыңыз және әйнекті қыздыратын жіпке қарай бағытталған жеңіл қимылдармен сүртіңіз.

Қауіпсіздік белбеулері

1. Ластанған қауіпсіздік белбеуін жылы бейтарап сабын ерітіндісімен тазалауға болады. Құрамында хлоры бар құралдарды, бояғыштарды және

еріткіштерді қолданбаған жөн, себебі бұл қауіпсіздік белбеуінің сенімділігіне әсер етуі мүмкін.

Жол жүрер алдында қауіпсіздік белбеулерін ауада кептіру қажет.

2. Қауіпсіздік белбеуінің бағыттауыш сақинасына жиналып қалған шаң-тозаң оның тартылып оралуын баяулатуы мүмкін. Бұл жағдайда бағыттауыш сақинаның ішкі бетін жылы бейтарап сабын ерітіндісімен тазарту қажет.

Коррозияны болдырмауға бағытталған шаралар

Коррозияның пайда болуына әсер ететін факторлар

- > Шанақтың астыңғы бөлігінде балшықтың, шаңның немесе мұздың жиналуы коррозияны тездетеді.
- > Қиыршық тастардың немесе майда соқтығысулардың салдарынан лак-бояу жабынының және басқа да қорғаныш жабындардың бүтіндігінің бұзылуы.
- > Ауаның ылғалдылығы жоғары аймақтарда, сондай-ақ ауа температурасы нөлден төмен түспейтін аймақтарда коррозия тезірек пайда болады.
- > Өнеркәсіптік ластануы жоғары жерлерде және теңіз бойындағы аймақтарда ауада немесе жол жабынында болатын тұздардың әсерінен лак-бояу жабынының коррозиясы тезірек орын алады.
- > Жоғары температура нашар желдетілетін жерлерде коррозияны тездетеді.

Автокөлікті коррозиядан қорғау

- > Автокөлікті таза ұстаңыз, оны салқын сумен және бейтарап жуғыш құралдармен жиі жуып тұрыңыз.
- > Лак-бояу жабынының зақымдану белгілерін жүйелі түрде тексеріп және мүмкіндігінше тездетіп жөндеп отырыңыз.
- > Шанақтың астыңғы бөлігінде құмның, балшықтың немесе мұздың жиналуын тексеріңіз және қажетінше оларды сумен кетіріп отырыңыз.
- > Ішінде су жиналмауы үшін есіктердегі дренаждық саңылаулардың өткіштігін қамтамасыз етіңіз.
- > Егер шанаққа жәндіктер, асфальт, цемент және осыған ұқсас ластауыштар

жабысатын болса, оларды уақтылы кетіріп отырыңыз.

- > Тұз себілген жолдармен, сортаң топырақтың үстімен, су бойындағы аймақтармен және осыған ұқсас жерлермен жүрген кезде шанақтың астыңғы бөлігіндегі қақты кемінде айына бір рет жуып кетіріп отырыңыз.
- > Егер қиыршық тасты жолдармен жиі жүретін болсаңыз, дөңгелек аркаларына шашыратқыштар орнатуға кеңес береміз.

Автокөліктің ұзақ уақыт тұрақта тұруы

Автокөліктің тұрақ орны оның күйінің нашарлауынан сақтауы және оның қайтадан іске қосылуын жеңілдетуі тиіс. Мүмкіндігінше автокөлікті жабық тұраққа қойыңыз.

Автокөлікті ұзақ уақыт (бір айдан ұзақ) тұраққа қою қажет болса, дайындық шараларын жүргізіңіз:

- > Қосымша отын құйыңыз.
- > Автокөліктің шанағын мұқият жуыңыз және кептіріңіз.
- > Автокөлік салонын тазалаңыз.
- > Тұрақ тежегішін босатыңыз және дөңгелектердің астына стопорлар орнатыңыз.
- > Терезенің бір жағын сәл түсіріңіз (автокөлікті үй-жайдың ішіне қойған жағдайда).
- > Аккумулятордың теріс клеммасын ағытыңыз.
- > Әйнектазартқыш щеткаларының астына әйнектерге тимейтіндей етіп, бүктелген сүлгі немесе шүберек қыстырыңыз.
- > Жабысып қалуын болдырмау үшін автокөлік есіктерінің барлық тығыздауышына силиконды жағармай жағыңыз.
- > Автокөлік шанағының үстін кеуекті материалдан жасалған мақта матамен жабыңыз. Пластик үлдір секілді кеуекті емес материалдар ылғалды жинақтайды және автокөлік шанағының лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.
- > Мүмкіндігінше қозғалтқышты жүйелі түрде жұмыстық температураға дейін қызғанша біршама уақытқа оталдырып тұрыңыз.

7

Кепілді техникалық қызмет көрсету

Кепілдік міндеттемелері туралы мәліметтер	216
Шанақты тексеру	219
Кепілдік туралы нені білу керек	222
Автокөлік иесінің міндеттері ...	225
Автокөлікке техникалық қызмет көрсету	226
Жоспарлы техникалық қызмет көрсету кестесі	228
Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы қуәлік	232
Одометрді ауыстыру картасы ..	236
Көлік иесінің ауысқанын тіркеу картасы	238
Ерекше белгілер	240
Сату алдындағы дайындық	241

Кепілдік міндеттемелері жайлы ақпарат

Жалпы ережелер

Әрбір жаңа автокөлік оны иесіне берер алдында сату алдындағы дайындықтан өтеді және TANK компаниясы белгілеген процедураға сәйкес тексеріледі. Сатушы ұйым автокөлікті сатар алдында сервис кітапшасында міндетті түрде белгі қоя отырып, сату алдындағы дайындық бойынша кешенді жұмыстар жүргізгеннен кейін автокөлікті Сізге сатуға міндетті.

Автокөлігіңіздің ұзақ қызмет етуі сервис кітапшасында көзделген уақтылы қызмет көрсетуіге толықтай байланысты болады.

Кепілдік міндеттемелері жайлы ақпарат

TANK компаниясы ұсынатын кепілдік міндеттемелері өкілетті Дилерден сатып алған әрбір автокөлікке қолданылады. Кепілдік кезеңі автокөлікті бірінші сатып алушыға сатқан сәттен бастап есептеле бастайды. Автокөлік тиісінше қолданылған жағдайда төмендегі әр бөлімде көрсетілген мерзім немесе жүріп өткен қашықтық ішінде зауыттық ақау (автокөлікті өндіру кезінде сапасыз материалдарды қолдану немесе өндіру технологиясын бұзу) салдарынан жарамсыздық себептері туындаса, TANK компаниясының кез келген өкілетті Дилері осы бөлімде келісілген автокөліктің жарамсыз бөліктерін жөндеуге немесе ауыстыруға міндетті. Жөндеу немесе ауыстыру әдісін Дилер анықтайды. Кепілдік бойынша ауыстырылған бөлшектер және тораптар дайындаушы зауыттың меншігіне айналады.

Кепілдік мерзім түрінде белгіленсе, кепілдік кезеңі автокөлікті бірінші иесіне берген күннен бастап есептеледі. Автокөлікті бірінші иесіне беру күні осы сервис кітапшасында келтірілген автокөлікті тіркеу картасында көрсетіледі. Кепілдік жүріп өткен қашықтық түрінде белгілеген кезде жүріп өткен қашықтық сапа бойынша жүгіну күніндегі одометр көрсеткіштері бойынша анықталады.

Одометр істен шыққан жағдайда, арыз берілген күнгі жүрілген жолды анықтау мүмкін болмаған жағдайда жүрілген жол жеке, отбасылық, үй және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес өзге де қажеттіліктер үшін сатып алынған автокөліктер үшін — айына 4 000 км

есебімен, ал кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін сатып алынған автокөліктер үшін айына 10 000 км есебімен анықталады.

Одометр істен шықса, автокөліктің иесі одометрді ауыстыру үшін TANK компаниясының сервистік орталығына жүгінуі тиіс. TANK компаниясының өкілетті Дилері осы сервис кітапшасында келтірілген «Одометрді ауыстыру карточкасына» белгілер қоюы және өз мерін басуы тиіс.

TANK автокөлігінің қызмет ету мерзімі 6 жылды құрайды.

Назар аударыңыз!

Ақаулы автокөлікті пайдалануға қатаң тыйым салынады!

Жаңа автокөлікке кепілдік

Егер анықталған жарамсыздық зауыттық ақауға байланысты туындаса (автокөлікті өндірген кезде сапасыз материалдарды қолдану немесе өндіру технологиясын бұзу), кепілдік ресми Дилерден сатып алынған әрбір автокөліктің бөліктері мен бөлшектеріне қолданылады. Кепілдік кезеңі қайсысы ертерек туындайтынына байланысты 3 жылды немесе 150 000 км жүріп өткен қашықтықты құрайды (тез тозатын бөлшектерге арналған кепілдіктен басқа). Автокөлікті пайдалану нәтижесінде анықталған немесе туындаған барлық кепілдікке кіретін ақауларды TANK компаниясының ресми Дилері жояды.

Тез тозатын бөлшектерге кепілдік

Уақыт/жүріп өткен қашықтық (қайсысының ертерек болатынына байланысты)	Спецификация
1 ай/ 1000 км	Әйнектазартқыш щеткалары
2 айдан/ 3000 км-ден кейін	Шамдар (ерекшелік: жарықдиодты көмескі жарығы бар аспаптар, ксенон шамдар), әйнектер
12 ай/ 20 000 км	Аккумулятор батареялары (тиісті пайдаланылған және штаттан тыс жабдық болмаған кезде)
24 ай/ 50 000 км	Автокөліктің барлық хромдалған бөлшектері, сондай-ақ жылтыр металдандырылған жабыны (әртүрлі әдістермен жағылған) бар бөлшектер
Кепілдік мыналарға қолданылмайды	Барлық сақтандырығыштар, шиналар, сүзгілер (ауа сүзгісі, кондиционер сүзгісі), ауа шығару жүйесінің коррозиясы
6 ай /5000 км	Қашықтан басқару пультіне арналған қуат элементтері, май сүзгісі, отын сүзгісі, ілініс бөлшектері, білтелер, тежегіш қыспақтары, тежегіш дискілері, кәдімгі реле (басқару блогын қоспағанда)

Қосалқы бөлшектерге берілетін кепілдік

Түпнұсқа қосалқы бөлшектерге берілетін кепілдік мерзімі

Автокөлікке орнатылған немесе ресми Дилерлер сатқан барлық түпнұсқа қосалқы бөлшектерде ақаудың болмауына және олардың жарамдылығына кепілдік беріледі.

Автокөліктерге орнатылған немесе ресми Дилерлер орнатпай, сатып алушыларға сатқан барлық жаңа түпнұсқа қосалқы бөлшектер автокөлікке орнатылған күннен бастап немесе жүріп өту қашықтығы шектелмейтін сатылған күннен бастап есептелетін 12 айлық (тез тозатын бөлшектерден басқа) кепілдікпен қамтамасыз етіледі.

Бұл ретте түпнұсқа қосалқы бөлшек автокөлікке берілген кепілдік аясында ауыстырылса, онда ауыстырылған қосалқы бөлшек үшін кепілдік мерзімі автокөлікке берілген кепілдік мерзімімен бір уақытта аяқталады. Егер түпнұсқа қосалқы бөлшек түпнұсқа қосалқы бөлшекке берілген кепілдік аясында ауыстырылса, онда оның кепілдік мерзімі ауыстырылған түпнұсқа қосалқы бөлшекке берілген кепілдік мерзімімен бір уақытта аяқталады.

Шанаққа және лак-бояу жабынына қолданылатын коррозияға қарсы кепілдік

Лак-бояу жабынына берілетін кепілдік

Лак-бояу жабынына берілетін кепілдік беттің зақымдануы зауыттық кемшіліктерден (сапасыз материалдардың қолданылуы немесе өндіріс технологиясының бұзылуы) туындаған болса, автокөлік шанағының барлық боялған бөліктеріне (түбі мен түтін шығару жүйесін қоспағанда) таралады. Лак-бояу жабынына берілетін кепілдік мерзімі 36 айды немесе 150 000 км жүрілген жолды құрайды.

Көлік иесі пайдалану нұсқаулығында баяндалған автокөлікке күтім жасау жөніндегі ұсынымдарды орындаған жағдайда.

Өтпелі коррозияға қарсы кепілдік

Өтпелі коррозияға қарсы кепілдік, өтпелі коррозия сапасыз материалдарды пайдалану немесе өндіріс технологиясын бұзу салдарынан туындаса да, барлық металл панельдерге қолданылады. Өтпелі коррозияға қарсы кепілдік мерзімі жүріп өткен жолына қарамастан, 6 жылды құрайды.

Ресми дилерлердің сервис орталықтарына барған кезде шанақты жыл сайын тексеру өтпелі коррозияға қарсы кепілдік міндеттемелерін орындаудың міндетті шарты болып табылады. Бұл ретте дилер Сервис кітапшасында тиісті жазбалар жасауы тиіс. Автокөлікті тексеру барысында дилерлік желінің мамандары шанақтың күйін және тиісті жұмыстарды орындау қажеттілігін анықтайды. Олар көлік иесіне сыртқы әсерден (сызаттар, жарықтар және бояудың жарықшақтары) туындаған, коррозияның болашақ ошағына айналуы мүмкін анықталған ақаулар туралы хабарлайды және Сервис кітапшасына тиісті жазбалар енгізеді.

Өтпелі коррозияға қарсы кепілдік құқығын сақтау үшін Автокөлік иесі тексеруден кейін 3 апта ішінде түпнұсқа бөлшектер мен материалдарды пайдалана отырып, TANK белгілеген технологияға сәйкес өз есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін ресми дилердің шанақты жөндеу мамандарына жүгінуі керек.

Егер осы нұсқаулар орындалмаса, Автокөлік иесі өтпелі коррозияға қарсы кепілдік құқығын жоғалтады.

i Пайдалы ақпарат

«Өтпелі коррозия» термині шанақта материалдың немесе өндірістің бастапқы ақауына байланысты қорғаныш жабынының астында шанақ металының коррозиясы нәтижесінде пайда болған шанақтағы өтпелі саңылаудың барын білдіреді. «Шанақ» анықтамасында дөңгелек дискілері мен жылтыратылған сәндік бөлшектер, бамперлер, қалыптар және ілмектер сияқты бөліктер жоқ.

Шанақты тексеру

Графикалық кескін барлық модельдерге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып, тексеру нәтижесін белгілеу

- құмағынша, тас ұнтағы
- ішіне қарай майысу, дөңестік
- ✚ сызат
- шанақ зақымдалған
- ## ЛБЖ зақымдалған
- ▶ автокөліктің түбі зақымдалған

Шанақтың жыл сайынғы тексерісі

Автокөліктің жалпы күйі

- өте жақсы
 - жақсы
 - қанағаттандырарлық
 - нашар
- Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- иә
- жоқ

Пікір

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Графикалық кескін барлық модельдерге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып, тексеру нәтижесін белгілеу

- құмағынша, тас ұнтағы
- ішіне қарай майысу, дөңестік
- ✚ сызат
- шанақ зақымдалған
- ## ЛБЖ зақымдалған
- ▶ автокөліктің түбі зақымдалған

Шанақтың жыл сайынғы тексерісі

Автокөліктің жалпы күйі

- өте жақсы
 - жақсы
 - қанағаттандырарлық
 - нашар
- Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- иә
- жоқ

Пікір

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Графикалық кескін барлық модельдерге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып, тексеру нәтижесін белгілеу

- құмағынша, тас ұнтағы
- шанақ зақымдалған
- ішіне қарай майысу, дөңестік
- ## ЛБЖ зақымдалған
- + сызат
- ▶ автокөліктің түбі зақымдалған

Шанақтың жыл сайынғы тексерісі

Автокөліктің жалпы күйі

- өте жақсы
- жақсы
- қанағаттандырарлық
- нашар

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- иә
- жоқ

Пікір

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Графикалық кескін барлық модельдерге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып, тексеру нәтижесін белгілеу

- құмағынша, тас ұнтағы
- шанақ зақымдалған
- ішіне қарай майысу, дөңестік
- ## ЛБЖ зақымдалған
- + сызат
- ▶ автокөліктің түбі зақымдалған

Шанақтың жыл сайынғы тексерісі

Автокөліктің жалпы күйі

- өте жақсы
- жақсы
- қанағаттандырарлық
- нашар

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- иә
- жоқ

Пікір

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Графикалық кескін барлық модельдерге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып, тексеру нәтижесін белгілеу

- құмағынша, тас ұнтағы
- ішіне қарай майысу, дөңестік
- ✚ сызат
- шанақ зақымдалған
- ## ЛБЖ зақымдалған
- ▶ автокөліктің түбі зақымдалған

Шанақтың жыл сайынғы тексерісі

Автокөліктің жалпы күйі

- өте жақсы
 - жақсы
 - қанағаттандырарлық
 - нашар
- Бұрын анықталған зақымдар түзетілді
- иә
 - жоқ

Пікір

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Графикалық кескін барлық модельдерге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып, тексеру нәтижесін белгілеу

- құмағынша, тас ұнтағы
- ішіне қарай майысу, дөңестік
- ✚ сызат
- шанақ зақымдалған
- ## ЛБЖ зақымдалған
- ▶ автокөліктің түбі зақымдалған

Шанақтың жыл сайынғы тексерісі

Автокөліктің жалпы күйі

- өте жақсы
 - жақсы
 - қанағаттандырарлық
 - нашар
- Бұрын анықталған зақымдар түзетілді
- иә
 - жоқ

Пікір

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Кепілдік туралы нені білу керек

Шиналар

Жаңа автокөлікке бастапқыда орнатылған шиналарға берілетін кепілдікті шина өндірушісі ұсынады.

Мерзімді техникалық қызмет көрсету

Ресми дилерден мерзімді техникалық қызмет көрсету кепілдік берудің міндетті талабы және TANK компаниясы белгілейтін және осы сервис кітапшасында көрсетілген талаптарға сәйкес орындалуы тиіс.

Түпнұсқа қосалқы бөлшектер

Түпнұсқа қосалқы бөлшектер бұл – сапа тексерісінен өткен, тікелей ұсынылатын немесе TANK компаниясы бекіткен қосалқы бөлшектер. Тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалану қауіпсіздік мақсатында қатаң міндетті болып табылады және автокөліктің жалпы пайдалану шығындарын азайтуға көмектеседі. Кепілдік тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерге қолданылады.

Конструкцияны өзгерту

TANK компаниясы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін автокөліктерді қайтарып алу науқанын жүргізу, шығарылған автокөліктердің конструкциясы мен спецификацияларына өзгерістер енгізу немесе сатылған автокөліктерге өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдік төмендегі жағдайлардан туындаған мына кемшіліктерге қолданылмайды:

- 1) Автокөлікті басқа мақсаттарда, мысалы, жарыстар, ралли, уақытқа тексеру үшін қолдану, сондай-ақ автокөліктің толық рұқсат етілген салмағынан асып кету, тиісті жабдықтары жоқ тіркемені және рұқсат берілген салмақтан асатын тіркемені сүйреу үшін қолдану;
- 2) жол-көлік оқиғалары;
- 3) автокөліктің бақылау жүйелері дилердің өкілетті сервистік станцияларына бару қажеттілігі туралы нұсқауларына қарамастан, Клиенттің жарамсыз

автокөлікті өкілетті дилерге жөндеуге кешіктіріп беруі немесе бермеуі;

- 4) TANK компаниясының алдын ала келісімін алмай, автокөлікті толық/қайта жабдықтау, автокөліктің жинақтамасына өзгерістер енгізу;
- 5) жылыстауды уақыты анықтамау немесе отынды артық шығындауға байланысты немесе TANK компаниясы ұсынбаған пайдалану материалдары мен отынды қолдану нәтижесінде, пайдалану материалдары жетіспеген кезде (мысалы, тежегіш немесе салқындату сұйықтығы, май немесе жағармай) автокөліктің қозғалысы кезінде зақымдалуы;
- 6) «Сервис кітапшасында» және «Пайдалану нұсқаулығында» сипатталғандай, тиісті техникалық қызмет көрсетпеу;
- 7) сапасыз жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету, тиісінше күтім жасамау және сақтамау;
- 8) автокөлік қуатының немесе түрінің өзгеруі;
- 9) оське түсетін жүктеменің рұқсат берілген мөндерінің, сүйретілетін жүктің ең көп салмағының асып кетуі;
- 10) сапасыз отынды, техникалық сұйықтықтар мен майларды қолдану;
- 11) арнайы құралды қолданбай, бөлшектеу кезіндегі сыртқы әсер ету (мысалы, былғары рөлі тырналған), рульдің механикалық бұғаттауышынан былғарыдағы майысқан жерлер, соққыдан немесе механикалық әсер етуден ағаш элементтердегі зақымдалу іздері;
- 12) мыналардың нәтижесінде туындаған ақауларға, жарамсыздықтарға немесе коррозияға:
 - > қышқылдардың немесе сілтілердің әсері;
 - > өнеркәсіптік немесе химиялық шығарындылардың, ауаның қышқылды немесе сілтілі ластануының, өсімдік шырынының, құстардың саңғырығы мен жануарлардың тезек қалдықтарының, ағаш шайырының, тұздардың (оның

- ішінде жол тұзының), мұзға қарсы реагенттердің, бұршақтың, жаңбырдың, желдің және өзге де табиғи құбылыстардың, қиыршық тастардың, тастардың, металл бөлшектердің немесе басқа да нысандардың әсері;
- 13) сервис кітапшасының нұсқауларына сәйкес техникалық қызмет көрсетудің белгіленген регламентін сақтамау;
 - 14) автокөліктерді такси, жеткізу, оқыту қызметі және т.б. ретінде қолдану;
 - 15) түпнұсқа емес аксессуарлар мен қосалқы бөлшектерді пайдаланудан туындаған зақым (түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерге (аксессуарларға) және осындай қосалқы бөлшектерді (аксессуарларды) пайдалану нәтижесінде келген зақымдарға кепілдік қолданылмайды);
 - 16) сату алдындағы дайындыққа кіретін операциялар;
 - 17) «Пайдалану нұсқаулығында» және «Көлік иесінің міндеттері» бөлімінде келтірілген автокөлікке күтім жасау ережелерін бұзу;
 - 18) форс-мажор жағдайлары (найзағай, өрт, табиғат апаттары, жер сілкінісі, әскери іс-қимылдар, тәртіпсіздіктер, лаңкестік әрекет және т.б.);
 - 19) автокөлік пен оның элементтерінің сипаттамалары мен жұмысқа қабілетіне ықпал етпейтін әлсіз бетен дыбыстар, шу, діріл, нығыздауыштар мен тығыздамалар аймақтарында майлы дақтардың түзілуі;
 - 20) сыртқы және ішкі әрлеу бөлшектерінің, лак-бояу жабынының табиғи тозуы;
 - 21) кез келген жанама зақым: автокөлікті қолданудың мүмкін болмауы, ыңғайсыздықтар және қаржылық шығындар;
 - 22) көлік иесі жазбаша түрде алдын ала хабардар болған ақауы бар автокөліктер;
 - 23) кепілдік климаттық және физикалық жағдайлардың нәтижесінде туындаған жарықтандыру аспаптарында ылғалдың конденсациялануына таралмайды;

24) аспа, руль, трансмиссия бөлшектерінің және басқа да бөлшектердің автокөлікті оның бөлшектеріне соққылы жүктемелердің түсірілуіне алып келетін тегіс емес жол жабынымен басқарудың, соның ішінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес пайдаланушылық күйіне қойылатын талаптарға сай келмейтін жолдармен және көшелермен пайдаланудың нәтижесінде туындаған бетен дыбыстар, ақаулықтар және зақымдар;

Мыналарға да назар аударыңыз:

1. Автокөліктерді пайдалану кезеңінде оларға техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ төмендегі әрекеттерді орындау, автокөлікке тиісінше күтім жасамау, апаттар, тозу, сыртқы және өзге де факторлардың әсері салдарынан туындайтын ақауларды жою, төменде көрсетілген бөлшектерді жөндеу және ауыстыру кепілдік міндеттемелерге кірмейді және автокөлік иелері үшін ақылы түрде жүргізіледі:

- > отын жүйесін тазалау;
- > ілінісу механизмін реттеу;
- > дөңгелектерді орнату бұрыштарын реттеу;
- > қозғалтқыштың компьютерлік диагностикасы;
- > шиналарды ауыстыру жұмыстарын жүргізу;
- > дөңгелектерді теңгеру;
- > фаралар жарығының бағытын реттеу;

сондай-ақ төмендегілер кепілдік міндеттемелерге кірмейді және автокөлік иелері үшін ақылы түрде жүргізіледі: шығыс материалдарын, қалыпты пайдалану кезінде пайдаланылатын немесе тозуға және бұзылуға ұшырайтын басқа элементтерді ауыстыру, жөндеу немесе қалпына келтіру, оның ішінде:

- > сүзгілер;
- > оталдыру және қыздыру бітелелері;
- > бүрікіш форсункалар;

- > балқығыш сақтандырғыштар;
- > жетек белдіктері;
- > шамдар және олардың функциясын атқаратын элементтер;
- > электрқозғалтқыштардың, генераторлардың, стартердің щеткалы тораптары;
- > тежегіш қыспақтары;
- > майлар;
- > салқындату сұйықтығы;
- > ілінісу мен тежегіш гидрожетегінің сұйықтығы;
- > консистенттік жағармайлар;
- > электролит;
- > салқындатқыш агент;
- > әйнектер мен фара жуғышқа арналған сұйықтық;
- > отын;
- > әйнектер;
- > салон қаптамасы мен ішкі әрлеу;
- > гальванизацияланған бөлшектер;
- > амортизаторлар;
- > серіппелер;
- > орындықтар;
- > дөңгелек дискілері, шиналар;
- > әйнектазартқыш щеткалары;
- > тежегіш қосылыстары немесе қалыптары, дискілері;
- > ілінісу дискілері;
- > резеңке бөлшектер: құбырлар, белдіктер, тығыздағыштар, құбыршалар, тұрақтандырғыш төлкелер, сайлент-блоктар, манжеттер, тозаңдықтар және т. б.

2. Арнайы мақсаттағы автокөліктерге кепілдікті қызмет көрсетілмейді.

Өндірушінің кепілдігі көлік құралдарының келесі санаттарына таралмайды:

Арнайы мақсаттағы автокөліктер;

Такси ретінде, жарыстарда, сынақтарда немесе көлік жүргізуге оқыту мақсатында немесе жалға беру үшін қолданылатын көлік құралы;

Өндірушінің мақұлдауынсыз қайта жабдықталған және модификацияланған және көлік құралының типін мақұлдау (КҚТМ) сертификатына сәйкес келмейтін көлік құралы;

Заңды тұлғаға тиесілі және жалпы пайдалану жолдарынан тыс жерде қолданылатын көлік құралы.

3. Реттеу, бақылау-диагностика жұмыстары автокөлік иесінің есебінен жүргізіледі.

4. Автокөлікке кепілді қызмет көрсету оның иесі «АВТОКӨЛІК ИЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ» бөлімінде көрсетілген міндеттерін тиісінше орындаған жағдайда жүргізіледі.

5. Көлік құралын жеткізу бойынша шығыстар автокөлікке эвакуатордың жету мүмкіндігі болмаған жағдайда, атап айтқанда, автокөлік жолының және/немесе қатты жабыны бар жолдың болмауына байланысты, сондай-ақ т/ж көлігімен жеткізу, су кедергісінен өткізіп жеткізу (паром), әуе жолымен жеткізу және өткіштігі жоғары арнайы техникамен жеткізу тікелей Көлік иесі (сенім білдірілген тұлғасы) тарапынан жеткізу бойынша қызметтерді орындаушыға төленеді.

Автокөлік иесінің міндеттері:

1. Осы сервис кітапшасында және «Пайдалану нұсқаулығында» сипатталған автокөлікті пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша ұсыныстарды сақтау.
2. Кепілдік бойынша жөндеу үшін автокөлікті ресми Дилерге ұсыну.
3. Осы сервис кітапшасының «Техникалық қызмет көрсету» бөлімінде сипатталған талаптарға сәйкес автокөлікке техникалық қызмет көрсету. Дилерге қажет болған жағдайда автокөлікке техникалық қызмет көрсетілгені туралы жазбаларды сақтау. Қосалқы бөлшектерге кепілдік оларды орнатуға тиісті құжаттар болған кезде ғана қолданылады.
4. «Пайдалану нұсқаулығында» көрсетілген барлық ұсыныстарды мұқият орындау;
5. Автокөлікті үнемі жуып, шанақты қорғағыш құралдармен өңдеу;
6. Шанақта жол тұзының, құмның, асфальттың, гудронның, ағаш шайырының және лак-бояу жабынына зақым келтіруі мүмкін басқа да заттардың қалдықтары табылған жағдайда оларды дереу алып тастап, уақтылы және өз есебінен шанақтың лак-бояу жабынының жоғарыда аталған кез келген зақымдарын жою.
7. Автокөлік иесі ауысқан жағдайда, сондай-ақ автокөлік және/немесе оның иесі туралы ақпарат өзгерген кезде осы сервис кітапшасында келтірілген Көлік иесінің ауысқанын тіркеу карточкасында көрсетілген ақпаратты тіркеу үшін TANK компаниясының өкілетті дилеріне дереу хабарласу.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

Техникалық қызмет көрсету қажеттілігі:

- > Техникалық қызмет көрсету автокөлігіңіздің ағымдағы күйін диагностикалауға мүмкіндік береді.

Жұмыс барысында автокөліктің барлық бөлшектері тозатыны сөзсіз.

Автокөлікті жүргізу қауіпсіздігіне кепілдік беру үшін жоспарлы техникалық байқаулардан уақтылы өту, тиісінше қызмет көрсету және жөндеу жүргізу қажет. Бұл Сіздің автокөлігіңізге пайдалану сипаттамаларын барынша ұзақ сақтауға мүмкіндік береді.

- > Техникалық қызмет көрсету Сізге автокөлікті сенімді әрі уайымсыз пайдалануға мүмкіндік береді.

Техникалық қызмет көрсету кезінде құрамдас бөлшектердің күйін бағалауға және қажетті профилактикалық жөндеуін жүзеге асыруға және сол арқылы ықтимал ауыр күрделі мәселелердің алдын алуға болады. Бұл Сізге автокөлікке қызмет көрсету орталығына келесі жоспарлы сапарға дейін автокөлікті сенімді пайдалануға мүмкіндік береді.

- > Техникалық қызмет көрсету автокөлікті пайдалану шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.
- > Техникалық қызмет көрсету автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

Тежегіш қыспақтары, шиналар, сондай-ақ автокөліктің кейбір басқа бөлшектері жұмыс кезінде тозып, пайдалану қасиеттерін жоғалтады. Тозу шегіне жеткен бөлшектер мен құрамдас бөліктерді одан әрі пайдалану ақаулардың туындауына себеп болып, тіпті жол-көлік апатына әкелуі мүмкін. Сондықтан жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден уақтылы өту қажет. Техникалық қызмет көрсету автокөлікті жөндеуге қатысты мәселелерді азайтуға мүмкіндік береді.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету түрлері

Күнделікті тексеріс және күтім

Автокөлікті күнде пайдаланған кезде оның иесі автокөлікті тексеріп, оған күтім жасауы тиіс. Автокөлікті тексеру және оған күтім жасау ауқымын және жиілігін автокөлік

жүріп өткен жол мен пайдалану уақыты негізінде, сондай-ақ оның қозғалыс кезіндегі жағдайын бағалау арқылы көлік иесі анықтайды. Автокөлікпен ұзақ жолға шығар алдында, сондай-ақ автокөлікті жуу немесе отын құю кезінде оны тексеруге және күтім жасауға кеңес беріледі.

Автокөлікті техникалық тексерістен өткізуге дайындық кезіндегі қауіпсіздік шаралары және тексеріс жүргізілетін орынға қойылатын талаптар:

- > Жаяу жүргіншілердің немесе автокөліктің қозғалысына кедергі келтіретін жерлерде тексеру жүргізуге тыйым салынады.
- > Көлбеу жерлерде тексеруді жүргізбеңіз, себебі автокөлік орнынан қозғалып кетіп, жарақат келтіру қаупі туындайды.
- > Абайсызда жарақаттанып қалмау үшін тексеруді деңгелектер толығымен айналып болғаннан кейін және автокөлікті тұрақ тежегішіне қойғаннан кейін ғана бастаңыз.

Автокөліктің мотор бөлімін тексеру кезіндегі қауіпсіздік шаралары:

- > Қозғалтқыш оталып тұрғанда байқауды жүргізуге болмайды — бұл өте қауіпті.
- > Оталдыру жүйесі қосылып тұрған кезде тексеруді жүргізуге тыйым салынады, бұның салдарынан жарақаттануыңыз мүмкін.
- > Күйіп қалмас үшін қозғалтқыш өше салысымен бірден газ шығаратын түтік пен радиаторға қол тигізбеңіз.
- > Өрт шықпауы үшін мотор бөліміне бөгде заттарды, әсіресе қағазды, матаны және басқа да тез тұтанатын материалдарды салуға тыйым салынады.
- > Ақаулар туындамауы үшін құбыршектер мен сымдарды ажыратуға тыйым салынады.

Тексеру нысандары мен тексеріс тәртібі

1. Капотты (қозғалтқыш бөлімін) ашыңыз

- > тежегіш сұйықтығының деңгейі
- > қозғалтқыштағы майдың деңгейі
- > салқындату сұйықтығының деңгейі
- > жуу сұйықтығының деңгейі

2. Автокөліктің сыртын қарап тексеру

-
- > шиналардағы қысым
 - > шиналардың жарықтары, зақымдары
 - > шина протекторының тереңдігі, шамадан тыс тозу
 - > жарықтандыру аспаптарының ластануы, зақымдалуы

3. Жүргізушінің орнында

- > тұрақ тежегішінің жұмысы
- > қозғалтқыштың жұмысы
- > тежегіш педалінің жұмысы
- > жуу сұйықтығының берілуі
- > әйнектазартқыштардың жұмысы
- > жарықтандыру жүйесі мен бұрылыс көрсеткіштерінің жұмысы

4. Қозғалыс кезінде

- > тежеу жүйесінің жұмысы
- > қозғалтқыштың төмен жылдамдықта және үдеу кезіндегі жұмысы
- > алдыңғы күні анықталған ақауларды тексеру

Автокөлікке жоспарлы техникалық қызмет көрсету

Автокөлік иесі автокөлікке жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді төмендегі сервис кітапшасында келтірілген «Жоспарлы техникалық қызмет көрсету кестесінде» көрсетілген мерзімдерге және көлемге сәйкес қатаң жүргізуі керек. Күтпеген залал туындамауы үшін, сондай-ақ жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту үшін автокөлікке кепілді қызмет көрсету мүмкіндігін сақтау мақсатында тек TANK компаниясының сервис орталықтарына хабарласыңыз.

Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден кейін TANK компаниясының сервис орталығының қызметкерлері техникалық қызмет көрсету талонына тиісті белгі қойып, оны TANK компаниясының сервис орталығының мөрімен куәландыруы тиіс.

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету кестесі

Уақыт	Айы	12	24	36	48	60	72	84	96	108	120	132	144	156	168	180	192	204	
Жүрілген жолы	км*1000	10	25	40	55	70	85	100	115	130	145	160	175	190	205	220	235	250	
Мотор майы		R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	
Құйып алу тығынының төсемі		R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	
Май сүзгісі		R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	
Отын сүзгісі			R		R		R		R		R		R		R		R		
Дроссель жапқышы			C		C		C		C		C		C		C		C		
Интеркулер келте түтіктері			C		C		C		C		C		C		C		C		
Оталдыру білтесі				R			R			R			R			R			
Аспа агрегаттардың жетекті белдігі		I	I	I	I	I	I	R	I	I	I	I	I	I	R	I	I	I	
РК майы				R			R			R			R			R			
Дифференциалдардың майы				R						R						R			
		Бірінші май ауыстыру – 40 000 км-ден немесе 3 жылдан кейін, келесі ауыстыру – 90 000 км-ден немесе 3 жылдан кешіктірмей																	
АБАҚ майы				I			R			I			R			I			
Негізгі бекіткіштердің (қозғалтқыштың, қораптың, аспаның) бұралып қатырылуын тексеру		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	
Шиналардың қысымы мен тозуын тексеру		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	
Дөңгелектерді орындарын ауыстырып салу		R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	
Дөңгелектерді орнату бұрыштарын тексеру			I		I		I		I		I		I		I		I		
Шарлы қосылыстар мен тозандықтарды тексеру			I		I		I		I		I		I		I		I		
Ауа сүзгісін тексеру/ауыстыру		R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	
Салон сүзгісін тексеру/ауыстыру		R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	R	
Салқындату радиаторының сыртқы күйін тексеру		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	
Интеркулердің сыртқы күйін тексеру		I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	I	
Адсорберді тексеру/ауыстыру		C	I/R	C	I/R	C	I/R	C	I/R	C	I/R	C	I/R	C	I/R	C	I/R	C	
Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығын бақылау/ауыстыру		I	I	I	I	I	I	R	I	I	I	I	I	I	R	I	I	I	
		Салқындату сұйықтығын әр 100 000 км немесе 5 жыл сайын ауыстыру																	
Тежегіш сұйықтығын бақылау/ауыстыру		I	I	R	I	I	R	I	I	R	I	I	R	I	I	R	I	I	

Уақыт	Айы	12	24	36	48	60	72	84	96	108	120	132	144	156	168	180	192	204
Жүрілген жолы	км*1000	10	25	40	55	70	85	100	115	130	145	160	175	190	205	220	235	250
Төбедегі люктің дренажды түтікшесін тексеру																		
Аккумулятордың күйін тексеру																		
Ағып/жылыстап тұрған жерлерінің жоқтығын тексеру (май/су/электр кернеуі/ауа)																		
ЛБЖ күйін тексеру																		
Тежегіш дискілері мен қыспақтарының күйін тексеру																		
Тұрақ тежегішін тексеру																		
Тежегіш педалінің еркін жүрісін тексеру																		
Салқындату жүйесінің келте түтіктерінің күйін тексеру																		
Аспаның күйін тексеру																		
Рульді тексеру																		
Кондиционер жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін тексеру																		
Люк жұмысын тексеру																		
Электр жабдықтарының жұмысын тексеру																		
Ақау кодтарын оқу																		
Жетек біліктері мен тозаңдықтардың күйін тексеру																		
Отын магистральдері мен отын бағының тығынын тексеру																		

Ескертпе:

«R» — ауыстыру, «C» — тазалау, «I» — тексеру, «I/R» — тексеру және қажет болғанда ауыстыру

Техникалық сұйықтықтарды тексеру пункттері

1. Май деңгейін тексеру:

Мотор майының деңгейін үнемі тексеріңіз және оны регламентке сәйкес ауыстырыңыз. Тексеруді елемеу қозғалтқыштың айналу бөліктерін нашар майлауға, ақаулардың туындауына және майдың жетіспеуі немесе оның ескіруі себебінен қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

2. Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру

Бактағы сұйықтық деңгейін жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Ол жоғарғы және төменгі белгілер арасында болуы тиіс. Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі төменгі белгіден төмен болса, ол төменгі және жоғарғы белгілер арасындағы күйге дейін көтерілгенше үстемелеп құю, сондай-ақ тежеу жүйесінде сұйықтықтың жылыстайтын жерлерінің бар-жоғын тексеру қажет.

3. Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру

Бактағы сұйықтық деңгейін жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Ол жоғарғы және төменгі белгілер арасында болуы тиіс. Егер салқындату сұйықтығының деңгейі төменгі белгіден төмен болса, ол төменгі және жоғарғы белгілер арасындағы күйге дейін көтерілгенше үстемелеп құю, сондай-ақ салқындату жүйесінде сұйықтықтың жылыстаған жерлерінің бар-жоғын тексеру қажет.

Ауыр пайдалану жағдайлары

Автокөлікті ауыр жағдайларда пайдаланғанда сервистік қызмет көрсету интервалдарын 7500 км-ге дейін қысқарту қажет.

Сондай-ақ әрбір 1000-2000 км сайын барлық техникалық сұйықтықтарды тексеріп отыруға кеңес беріледі.

Ауыр пайдалану шарттарына мыналар жатады:

1. Жоғары жүктемелермен сапар шегу.
2. Тіркеме сүйреу.
3. Автокөлікті шаң-тозаңды жолдармен және ойлы-қырлы жерлермен (соның ішінде шахта/құрылыс алаңдарының жолдары және топырақ жолдар) пайдалану.
4. Қозғалтқыштың бос айналымдармен ұзақ уақыт жұмыс істеуі немесе төмен айналымдармен ұзақ қашықтықтарға жол жүру.
5. Теңіз деңгейінен 2000 м-ден жоғары биіктікте жиі пайдалану.
6. 8 км-ден кем қашықтықтарға жиі жол жүру.
7. Жоғары жылдамдықпен (автокөліктің максималды жылдамдығының 70%-ынан көп) 2 сағаттан артық үздіксіз қозғалу.
8. Оқапты немесе су басқан жолдармен, жоталы немесе таулы жерлермен жүру.

Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік

Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік

Бірінші техникалық қызмет көрсету – 10 000 км жүрілген жолдан кейін немесе 12 ай сайын. Ары қарай әр 15 000 км жол жүргеннен кейін немесе пайдаланудың әр 12 айы сайын техникалық байқаудан және қызмет көрсетуден өту үшін TANK компаниясының сервистік орталығына уақтылы бару қажет.

<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>
<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>
<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>
<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>

Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік

Бірінші техникалық қызмет көрсету – 10 000 км жүрілген жолдан кейін немесе 12 ай сайын. Ары қарай әр 15 000 км жол жүргеннен кейін немесе пайдаланудың әр 12 айы сайын техникалық байқаудан және қызмет көрсетуден өту үшін TANK компаниясының сервистік орталығына уақтылы бару қажет.

<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>
<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>
<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>
<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>

Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік

Бірінші техникалық қызмет көрсету – 10 000 км жүрілген жолдан кейін немесе 12 ай сайын. Ары қарай әр 15 000 км жол жүргеннен кейін немесе пайдаланудың әр 12 айы сайын техникалық байқаудан және қызмет көрсетуден өту үшін TANK компаниясының сервистік орталығына уақтылы бару қажет.

<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>
<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>
<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>
<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>

Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік

Бірінші техникалық қызмет көрсету – 10 000 км жүрілген жолдан кейін немесе 12 ай сайын. Ары қарай әр 15 000 км жол жүргеннен кейін немесе пайдаланудың әр 12 айы сайын техникалық байқаудан және қызмет көрсетуден өту үшін TANK компаниясының сервистік орталығына уақтылы бару қажет.

<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>
<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>
<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>
<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>	<p>Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі</p> <p>Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні: Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық; Сервис орталығының өкілі: Сервис орталығының мөрі:</p>

Одометрді ауыстыру картасы

Одометрді ауыстыру картасы

Одометр жарамсыз болған кезде TANK компаниясының сервис орталықтарына оны ауыстыру үшін жүгініңіз.

Одометрді ауыстыру туралы жазба

Ауыстырылған күні:

Ескі одометрдің көрсеткіштері (км):

Жаңа одометрдің көрсеткіштері (км):

Сервис орталығының атауы:

Сервис орталығының мөрі:

Одометрді ауыстыру картасы

Одометр жарамсыз болған кезде TANK компаниясының сервис орталықтарына оны ауыстыру үшін жүгініңіз.

Одометрді ауыстыру туралы жазба

Ауыстырылған күні:

Ескі одометрдің көрсеткіштері (км):

Жаңа одометрдің көрсеткіштері (км):

Сервис орталығының атауы:

Сервис орталығының мөрі:

Көлік иесінің ауысқанын тіркеу карточкасы

Көліктің жаңа иесі туралы ақпарат

Көлік иесінің ТАӘ/компанияның атауы:

Төлқұжат нөмірі/компанияның тіркеу нөмірі:

Қалалық телефон:

Ұялы телефон:

E-mail:

Пошта индексі:

Толық мекенжайы:

Автокөлік туралы ақпарат:

Моделі:

Сәйкестендіру нөмірі (VIN-код):

Қозғалтқыштың нөмірі:

Түсі:

Нөмірлік белгісі:

Жүрген жолы:

Көлік иесінің өзгеруі Пошталық мекенжайдың өзгеруі Қосымша берілді

Көлік иесінің қолы

Сервис орталығы өкілінің қолы:

Көліктің бұрынғы иесінің қолы:

Сервис орталығы (мөр):

Көліктің жаңа иесінің қолы:

Күні: жылы айы күні

Күні: жылы айы күні

Көліктің жаңа иесі туралы ақпарат

Көлік иесінің ТАӘ/компанияның атауы:

Төлқұжат нөмірі/компанияның тіркеу нөмірі:

Қалалық телефон:

Ұялы телефон:

E-mail:

Пошта индексі:

Толық мекенжайы:

Автокөлік туралы ақпарат:

Моделі:

Сәйкестендіру нөмірі (VIN-код):

Қозғалтқыштың нөмірі:

Түсі:

Нөмірлік белгісі:

Жүрген жолы:

Көлік иесінің өзгеруі Пошталық мекенжайдың өзгеруі Қосымша берілді

Көлік иесінің қолы

Сервис орталығы өкілінің қолы:

Көліктің бұрынғы
иесінің қолы:

Сервис орталығы
(мөр):

Көліктің жаңа иесінің
қолы:

Күні: жылы айы күні

Күні: жылы айы күні

Сату алдындағы дайындық

Автокөлікті иесіне берер алдында сатуға дейінгі дайындық жүргізілді.

TANK компаниясының ресми дилерінің
мәрі мен қолы

8

Техникалық параметрлер

Автокөлікті сәйкестендіру 244

Автокөлік параметрлері 246

Автокөлікті сәйкестендіру


Автокөліктің жабдықтылуы

Бұл Нұсқаулықта стандартты жабдықтардың, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтардың, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтардың сипатталғанына назар аударыңыз. Осы Нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары Сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Нақты конфигурация туралы ақпарат алу үшін тиісті материалдармен танысыңыз немесе ақпаратты өкілетті дилерден сұраңыз.

Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі


Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі (VIN) — бұл автокөліктің келесі жерлеріне басылатын бірегей сәйкестендіру коды:

> сол жақта аспаптар тақтасының үстіңгі жағында;




0895C0199C60

> шаңақтың ортаңғы бағанында құлыптың астында автокөлік деректері көрсетілген тақтайшада.



3DD93246F2BС

> оң жақ лонжеронның алдыңғы бөлігінде.




77E19ABC9995

i Пайдалы ақпарат

Диагностикалық аспап борттық диагностикалық интерфейске қосылғаннан кейін электрондық басқару блогында сақталатын автокөліктің сәйкестендіру нөмірі туралы ақпаратты оқып алуға болады.

Қозғалтқыш нөмірі E20CV



D020F4A00CD1

Қозғалтқыш нөмірі стартердің үстіңгі жағындағы цилиндрлер блогының суретте көрсетілген жерінде нақышталған.

i Пайдалы ақпарат

Қолайлылық үшін пайдаланылған газдарды шығару жағында цилиндрлер блогы басының қақпағында да қозғалтқыштың моделі мен нөмірі көрсетілген жапсырма бар.

Автокөлік параметрлері

Негізгі параметрлер

Автокөліктің өлшемдері, салмағы, отын шығыны, шығарындылар нормасы және максималды жылдамдығы сияқты негізгі параметрлер автокөлік жиынтығында бірге жеткізілетін ресми құжаттарда берілген.

⚠ Назар аударыңыз!

Арнайы ескертілген және жеке көрсетілген параметрлерді қоспағанда, осы нұсқаулықта көрсетілген барлық параметр автокөліктің стандартты жинақтамасына қатысты қолдануға жарамды. Арнайы жинақтамасы бар автокөліктер немесе басқа елдер үшін өндірілген автокөліктер үшін кейбір параметрлер өзгеше болуы мүмкін. Нақты автокөліктің ресми құжаттарында көрсетілген параметрлерге қарай бейімделген жөн.

Динамикалық параметрлер

Қозғалтқыш

Моделі	Түрі	Максималды пайдалы қуаты/ айналымдар (кВт/айн/мин)	Максималды пайдалы айналдыру моменті/ айналымдар (Н•м / айн/мин)	Еңсерілетін максималды ер [%]
E20CB	Турбоурлегіші бар бензин қозғалтқышы	162/5500	380/1800-3600	50

Шиналардың техникалық сипаттамалары

Параметр		Деректер
Параметрлер	Стандартты шиналар	265/65R17112H, 265/65R17116H
	Қосалқы дөңгелек	
Шиналардағы қысым		Шиналардағы қысым туралы ақпараты бар тақтайшаны орталық тіреуден қараңыз.
Сырғытпайтын шынжырлар	Параметрлер	TRU жасалған сырғытпайтын шынжырлар, моделі T150
	Орнату орны	Артқы дөңгелектер

Дөңгелек параметрлері

Параметр		Деректер	
Динамикалық теңгеру параметрлері	Біржақты (г)	≤8	
	Екіжақты (г)	≤15	
Позициялық параметрлер	Артқы дөңгелектер	Артқы дөңгелектердің орнату бұрышы	0°±30' (бүйірлік ауытқу ≤ 30')
		Артқы дөңгелектердің түйісу бұрышы	0°±30' (бүйірлік ауытқу ≤ 30')
	Алдыңғы дөңгелектер	Шүберіннің бойлық көлбеулігі	4°±30' (бүйірлік ауытқу ≤ 30')
		Алдыңғы дөңгелектердің орнату бұрышы	11'±30" (бүйірлік ауытқу ≤ 30')
		Алдыңғы дөңгелектердің түйісу бұрышы	5'±5' (ауытқу ≤ 2')
		Шүберіннің көлденең көлбеулігі	12,3°±30' (бүйірлік ауытқу ≤ 30')

Тежеу жүйесінің параметрлері

Параметр		Деректер
Тежегіш педалі	Еркін жүріс (мм)	10,3±1
Алдыңғы тежегіш қыспақтары (үйкелетін материал)	Минималды рұқсат етілетін қалыңдық (мм)	2
Артқы тежегіш қыспақтары (үйкелетін материал)	Минималды рұқсат етілетін қалыңдық (мм)	2
Алдыңғы тежегіш дискілері	Минималды рұқсат етілетін қалыңдық (мм)	29
Артқы тежегіш дискілері	Минималды рұқсат етілетін қалыңдық (мм)	20

Орындық параметрлері

Параметр		Деректер
Орындық бағыттауыштарының жобалық күйі		Артқы шеткі күйден алға 40 мм
Орындық арқалығының жобалық еңкейту бұрышы	Алдыңғы орындықтар	22°
	Артқы орындықтар	25°
Орындық арқалығының стандартты еңкейту бұрышы	Алдыңғы орындықтар	22-25°
	Артқы орындықтар	25° немесе 29°

Майлар мен сұйықтықтардың параметрлері

Мотор майы

E20CB мотор майының техникалық сипаттамалары

Егер Сіз API (Америка мұнай институты) стандартына сай майды қолдансаңыз, толық синтетикалық мотор майын пайдаланғаныңыз жөн:

Параметр	Деректер	
Қоршаған орта температурасы	-30 °C-тан бастап	Аса төмен температура
Сапа дәрежесі	SN	SN
Тұтқырлық дәрежесі	5W-30	0W-30

Егер ACEA (Еуропалық автокөлік өндірушілерінің қауымдастығы) стандартының майын қолдансаңыз, келесі параметрлерге кеңес беріледі:

- > Егер тұратын аймағыңыздағы ауа температурасы -30 °C-тан төмен түспейтін болса, S25W-30 толық синтетикалық мотор майын қолдануға кеңес беріледі.
- > Егер өңіріңздегі ауа температурасы одан төменірек болса, S20W-30 толық синтетикалық мотор майын қолдануға кеңес беріледі.

Мотор майының көлемі

Қозғалтқыш түрі	Көлемі [л] (анықтамалық мәні)	
	Мотор майы мен май сүзгісін ауыстырған кезде	Тек мотор майын ауыстырған кезде
E20CB	5,5±0,1	5,0±0,1

Басқа да майлар мен сұйықтықтар

Майлар мен сұйықтықтардың түрлері	Параметрлер	Көлемі [л] (анықтамалық мәні)
Алдыңғы негізгі редуктор және дифференциал бір жинақта	TRANSMISSIONDUAL9FE75W-90	1,05±0,05
Артқы негізгі редуктор және дифференциал бір жинақта	TRANSMISSIONDUAL9FE75W-90	2,4±0,1
Үлестіруші қорапқа арналған май	DexronIII	1,5±0,05
Салқындату сұйықтығы	Этиленгликоль-35 (температурасы өте төмен аймақтардан өзге) Этиленгликоль-45 (температурасы өте төмен аймақтар үшін)	7,9±0,5
Тежегіш сұйықтығы	DOT4 синтетикалық тежегіш сұйықтығы	0,95±0,1
Әйнекжуғыш сұйықтығы	—	2,0±0,1
АБАҚ майы	ZF-Lifeguardfluid8	8,98

i Пайдалы ақпарат

Жоғарыда келтірілген көлемдер есептік көлемдер болып табылады. Нақты қолданылуында өнімге, жабдыққа және климатқа байланысты азын-аулақ айырмашылық болуы мүмкін.

9

Көрсеткіш

Өліпбилік көрсеткіш 250

А

Автокөлікті айдап әкетуге қарсы жүйе 174

Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі 244

Автоматтық беріліс қорабы

Берілістерді ауыстырып қосу 85

Аккумулятор батареясы 201

Аспаптар тақтасы

Виртуалды аспаптар тақтасы 130

Аспаптар тақтасы көмескі жарығының реттегіші 46

Б

Бала бекітпесі 25

Бала бекіту жүйесі

Бала автоорындықтарының ұсынылатын модельдері 170

ISOFIX бекіту нүктелері 170

Бассүйегіштер 34

Бейнежазғыш 176

Бензиндік күйе сүзгісі 128

Борттық диагностика жүйесі 128

Бөтелке орны 61

Д

Динамикалық параметрлер 246

Дифференциалды бұғаттау 95

Е

Есік құлыптары

Апаттық құлыптау 22

Орталық құлып түймесімен құлыптау және құлыпты ашу 21

Кілт түймесімен құлыптау және құлыпты ашу 21

Механикалық кілтпен құлыптау және құлыпты ашу 22

Интеллектуалды автокөлікке кіру жүйесінің көмегімен құлыптау және құлыпты ашу 21

Ішкі тұтқамен құлыпты ашу 22

Ә

Әйнекжуғыш сұйықтығы 200

Әйнектазартқыштарды басқару

Автоматты әйнектазартқыш 48

Алдыңғы әйнектазартқыш бүріккішін жылыту функциясы 50

Ж

Жарық индикаторлары 134

Жарықты басқару

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі 45

Алдыңғы тұман фараларымен қосымша жарықтандыру 45

Күндізгі жүріс жарықтары 45

Жарықты басқаратын құрамдасқан қосқыш 42

Кітап оқуға арналған шам 46

Фаралардың жарық шоғының биіктігін реттеу 45

Фараларды кешіктіріп өшіру функциясы 45

Орталық төбе плафоны 46

Жол төсемін бақылау жүйесі 90

Жұқсалғыш есігі

Апаттық жағдайда құлыпты ашу 24

Жұқсалғыш есігін қолмен ашу/жабу 23

Жүргізу кезіндегі шаршау туралы ескерту жүйесі 108

Жылдамдықты белсенді шектеу функциясы 109

И

Индикаторлар 134

Интеллектуалды «старт-стоп» жүйесі 98

Ішкі артқы көрініс айнасы

Қараңғылау функциясын қолмен басқаратын ішкі артқы көрініс айнасы 38

К

Капот 31

Картер газдарының шығарылуын бақылау құрылғысы 127

Каталиттік бейтараптандырғыш 127

Кілт 18

Клаксон 40

Кондиционер жүйесі 51

Косметикалық айна 58

Көзілдірікке арналған футляр 59

Круз-контроль көмекші жүйесі 111

Күнқағар 58

Қайталап соқтығысуларды жұмсарту жүйесі 125

Қауіпсіздік белбеулері 162

Қауіпсіздік жастықтары

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары 168

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары 166

Қауіпсіздік қалқалары 168

Қозғалтқышты оталдыру және өшіру 81

Қозғалтқышты салқындату сұйықтығы 200

Қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясынан оталдыру 185

Қозғалтқыштың қызып кетуі 187

Қозғалыс бағытын динамикалық тұрақтандыру көмекші жүйесі 126

Қоректендіруді басқару жүйесі 140

Қосалқы дөңгелек 179

Қосалқы дөңгелекті ауыстыру 181

Қуат көздерінің ағытпалары 63

Л

Люк

Люкті ашу және жабу 29

Күнқағар қалқаны ашу және жабу 29

Люкке күтім жасау 210

М

Май мен сұйықтықтар 198

Майлар мен сұйықтықтардың параметрлері 247

Мотор бөлімі 197

Мотор майы 199

О

Орындық параметрлері 247

Орындықтар

Алдыңғы орындықтардың желдеткіші/жылытқышы 35

Артқы орындықтардың шынтақтаянышы 37

Артқы қатар орындықтарының жылытқышы 37

Артқы қатар орындықтарын реттеу 36

Алдыңғы қатар орындықтарын реттеу 34

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы 80

Оттегі датчигі 127

Отын құю 32

Ө

Өрде орнынан қозғалуға көмектесетін жүйелер 125

Өрден түсуге көмектесетін жүйе 123

Р

Радиатор, желдеткіш 201

Руль 40

Рульдің электркүшейткіші 125

Руль күшейткішінің режимі 89

С

Салон күтімі 212

Сақтандырғыштар 204

Соқтығысу кезінде отынның берілуін тоқтату жүйесі 175

Сүйреу 189

Сынап тексеру кезеңі 79

Сыртқы артқы көрініс айналары 38

Т

- Тарту күшін бақылау жүйесі 125
- Тежегіш сұйықтығы 200
- Тежегішті блоктау жүйесі 114
- Тежеуге көмектесетін жүйе 125
- Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе 124
- Терезелер 27
- Тіркемемен жүру 142
- Төңкерілуден сақтау жүйесі 125
- Төтенше шақыру жүйесі 193
- Турбокомпрессор 127
- Тұраққа қою көмекші жүйесі
 - Соқтығысуды ескерту радары 101
 - Айнала шолу жүйесі 102

Ш

- Шанаққа күтім жасау 211
- Шина қысымын бақылау жүйесі 106
- Шиналарға күтім жасау 209

Ә

- Электрлі тұрақ тежегіші 83
- Электрондық тұрақтандыру жүйесі 125